Тұрсынбек
Кәкішұлы

ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ СЫНЫНЫҢ ТАРИХЫ

I-бөлім

Түрсынбек Кәкішұлы

ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ СЫНЫНЫҢ ТАРИХЫ

I-бөлім

Университет «Сы[illegible]ИЯ»
КІТАПХАНА
Инв. № 19146(4)

Алматы "Білім" 2003

ББК 83.3 Қаз. я 7
К 24

К 24 Кәкішұлы Т.
Қазақ әдебиеті сынының тарихы. I-бөлім. (Оқу құралы) — Алматы: "Білім", 2002. -188 бет

ISBN 9965-09-106-4

Оқу құралында қазақ әдебиеті сынының тарихына, жанрлардың сипаттамасына баса назар аударылып, сыни ой-пікірлердің шығу, даму, қалыптасу кезеңдеріне жан-жақты талдау жасалған. Әдеби сынның эстетикалық мұраты, оның әдебиеттану ғылымымен байланысы, әдеби мұраны игеру мәселелері туралы парасатты тұжырымдар айтылған.

Кітап жоғары оқу орындарының студенттеріне, сондай-ақ әдебиетшілерге арналған.

К $\frac{4603020000 - 008}{412(05) - 03}$ 2003

ББК 83.3 Қаз. я 7

ISBN 9965-09-106-4

© Кәкішұлы Т., 2003
© "Білім" баспасы, 2003

Кіріспе

Қазақ әдебиеттануы нақты мәселелерді зерттеуде әдебиеттің ішкі даму заңдылықтарын, жанрлардың ерекшеліктері мен туу, қалыптасу жолдарын анықтауға батыл қадам жасап отыр. Әдебиетімізде зерттеліп жүрген проза, поэзия, драматургия жанрлары сияқты әдебиет сынының да тарихы мен қалыптасу процестері, өзіне тән шығармашылық, ғылыми мәселелері арнайы зерттеуді талап етеді.

Бұл мәселе тек ғылымдық тұрғыдан ғана емес, практикалық, тұрғыдан айрықша қажеттілікке айналып отыр. Сондықтан әдебиеттің басқа жанрларының ішкі түрі, нақыштары тарамдала зерттеліп жатқан уақытта сол игі істі жүзеге асырып отырған сын жанрының өзі тасада қалып қоюы орынсыз болар еді. Оның да басқа жанрлар сияқты өзіне тән творчестволық, ғылыми проблемалары, тарихы бар.

Қазақ әдебиеті сыны мен ғылымының тарихи белестерінен үш кезеңді анық байқаймыз. Бірінші кезең — қазақ әдебиеті сынының туу дәуірі. Қазақ әдебиеті сынының туу процесі Қазан төңкерісіне дейін созылған. Екінші кезең — қазақ әдебиеті сынының жанр ретінде қалыптасу және әдебиеттану ғылымының туу дәуірі. Бұл процесс 1917—1937 жылдардың арасын қамтиды. Үшінші кезең — қазақ әдебиеті сынының өсіп-өркендеу және әдебиеттану ғылымының қалыптасу дәуірі 1938— 1985 жылдар аралығы.

Қазақ әдебиеті сыны мен ғылымының өсіп-өркендеуінің соңғы екі кезеңі пәлендей дау тудырмайды. Ал бірінші кезең, яғни Қазан төңкерісіне дейін қазақ әдебиеті сынының туу дәуірі жайлы әр қилы сиырқұйымшақ ой-пікірлер бар.

Бұл жөнінде европацентристік кейбір ой-пікірлерді сөз етудің қажеттігі шамалы. Қоғамдық сананың әрбір саласын, әсіресе қазақ, әдебиеті жанрларының ғана емес, тіпті ешбір шұбә тудырмайтын, тарихи желісі үзілмеген мәселелердің өзі төңкерістен кейін сапалық жаңа қасиеттермен толысқанын тілге тиек етіп, бұрынғыны мансұқтайтын, міне түпнайтын кезіміз аз болмайды. Соны әдебиет жанрларына жақындатқанда, әсіресе қазақтың әдебиет сыны туралы шолақ ішіп, ығырта айтуды мақұл көріп келдік. Мұның өзі аксиома түрінде тұжырымдалды. "Қазақ әдебиетінде сынның белгілі орын алуға ұмтылуы тек кеңес өкіметі тұсында, айналасы осы 10—15 жылдың ішінде. Қазанға дейін бізде сын атаулының болмауы тіпті заңды нәрсе" (М.Қаратаев) деп таптық, ойланбадық, ізденбедік.

Халық болған жерде өнер бар, оған деген көзқарас,

эстетикалық талғам бар. Халық ауыз әдебиетінен тартылған жайлар жазба әдебиет туындыларына ұласып, өзінше бір көркемдік әлем жасағаны даусыз. Қазіргі қазақ әдебиеті сыны мен әдебиеттану ғылымы дүниеге келген әрбір көркем туындының идеясын, айтар ойын, эстетикалық өреге көл созғанын, қандай әлеуметтік мәселені көтергенін, нені насихаттайтынын саралап алуға міндетті. Әдеби сынның туу, қалыптасу проблемалары тек творчестволық қана емес, саяси-әлеуметтік мәселелермен де тікелей байланысты болғандықтан әдебиет сыны тарихында оны орағытып өту мүмкін емес. Сынның социологиялық және эстетикалық дәрежесі көркем әдебиеттің шыққан биігіне тәуелді.

Әдебиет сыны көркем әдебиетпен үзеңгілес дүниеге келеді. Көркемдік даму мен эстетикалық талап-талғамның өркендеу процесі уақыт жағынан бір-бірінің ілгері-кейінділігіне қарамастан, өзара байланысты болады. Бұл заңды да. Ал енді көркем әдебиетпен үзеңгілес дүниеге келген сынның дәрежесі қандай болмақ деген мәселеге келгенде, екі себепке, атап айтқанда, субъективтік және объективтік себептерге тоқтала кеткен жөн. Түптеп келгенде, сынның эстетикалық дәрежесі көркем әдебиеттің шыққан биігімен өлшенеді. Сынның кейде социологиялық, кейде эстетикалық таңдауларға ден қоюының өзі де әдебиеттің қамтыған өмір шындығына белгілі дәрежеде тәуелді болатын кезін естен шығармау қажет.

Субъективтік себепті сөз еткендер, ең алдымен, сыншының білім деңгейі мен эстетикалық талғамының молаздығын еске алуы керек. Қай кез болмасын, әдебиеттің өрлеу кезінде де, оның кейде көркемдік жағынан да, қоғамдық пікірді ұйымдастыру жағынан да биік деңгейден табылмай қалатын шағында да сыншының білім-парасаты мен эстетикалық талғамы санаттан шығып қалған емес. Мұның өзі сын дәрежесін аңғартуға қажетті субъективтік себеп.

Екінші, объективтік себеп — көбіне әдебиеттің жалпы дәрежесіне тәуелді. Егер көркем шығармалар өзінің қоғамдық мәні жағынан көркем бейнелер жасау типтік жағдайларды көріністен суреттеу, тіл байлығын игеру, оқушыны ілгері ұмтылдыратын эстетикалық идеяларды белгілеу жағынан биік деңгейден табылып жатса, онда сынның өресі биік болғаны. Сыншы әрқашан көркемлік дамудың кезекті асуларында ойын өрбітуге қажетті дәлелдерді әдебиеттің күнделікті шындығынан ала отырып, келешекте шығар биіктерді бағдарлайды, әдебиеттің өркендер арнасын анықтайды, әдеби процеске белсене араласады.

Сын жанрының арнайы зерттелуінде бұрынғы одақтас республикалардың қал-жағдайы бізбен қатарлас. Екі томдық

"Орыс сынының тарихының" жарық көргеніне біраз болды. Ол тарих орыс сыны кеңес дәуіріне дейін қамтиды. В.Кулишев жазған оқулық та осы кезеңді әңгімелейді. Ал кеңес әдебиеті дәуіріндегі сын туралы бірталай ізденістер мен зерттеулер бар болғанымен әлі оқулық жазыла қойған жоқ. Сондай-ақ К.Талыбзаде бастаған әзірбайжан әдебиет сыны мен ғылымының зерттелуі едәуір биікте. Өзбек әдебиетшілері де соңе дәуірге бағышталған жинақ шығарып үлгерді.

Қазақ сынының ғылыми негіздері туралы Д.Ысқақов, әдебиеттану ғылымының туын, қалыптасуы хақында Ж.Смағұлов докторлық, атақты сыншы-ғалымдар жайында 6-7 кандидаттық диссертациялар қорғалды. Қазақстанда сынтанудың негізі қаланды.

1972 жылы "Әдеби-көркем сын туралы" қаулы алынғанды. Эстетикалық, ойды тереңдетудің бір жолы — сыншы кадрлар даярлау мәселесіне айрықша назар аударылып, ол міндеттің негізгі салмағы университеттерге жүктелді. Оқу жоспарларында әрбір ұлт әдебиеті сынының, тарихы жалпы ісіне айналды. Оған қоса, ыждаһат білдіргендерге арнайы семинар, яғни нақты тәжірибеге негізделген сабақ өткізу де ескерілген.

Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік ұлттық университетінде "Қазақ әдебиеті сынының тарихы" 1967 жылдан бастап арнайы, 1974 жылдан бері жалпы курс ретінде оқытылып келеді. Оның бағдарламасы 1982 жылы жасалып, гуманитарлық оқу орындарында басшылыққа алынуда. Енді студенттерді оқулық зәрулігінен құтқару қажеттігі туып отыр.

ҚАЗАҚТЫҢ СЫНИ ОЙ-ПІКІРІНІҢ ОЯНУЫ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТ СЫНЫНЫҢ ТУУЫ

Бірінші тарау
ӘДЕБИ СЫН АРНАЛАРЫ

1. ХАЛЫҚТЫҚ ЭСТЕТИКА

Сынның жазба әдебиетке тән жанр екені, онымен үзеңгі қағыса тарихи-эстетикалық сахнаға шығатыны, көркем әдебиеттің бүгінгісіне назар аударып, келешегіне барлау жасайтыны, алынбаған шеберлік қамалдарын нұсқайтыны, жаңалықтың жаршысы болып, қалың жұртшылыққа әдебиеттің әлеуметтік мәнін түсіндіретіні, насихаттайтыны теориялық тұрғыдан анық тұжырымдалған шындықтар.

Алайда әсемдікті танып-білу, оны ардақтау, сұлулықтың сырын ашып, ажарсыздық пен келіссіздікті мінеу сияқты эстетикалық түсініктер халық творчествосына, оның ауыз әдебиетіне жат па? Әрине, жоқ. Жазба әдебиетке дейінгі немесе жазба әдебиетпен қатар дамыған, күні бүгінге дейін өркендеп келе жатқан ауыз әдебиетінде, оның озық үлгі-өрнектерінде эстетикалық талап-талғамның элементтері молынан кездеседі. Мұның бәрі де оқушы мен тыңдаушыны ажарлылықты ардақтауға, көркемдікті танып-білуге, ләззат алуға, сұлулықты қастерлеуге үйретеді де, халықтық эстетиканың негізін қалыптастырады.

Әдебиеттану ғылымы ауыз әдебиетінің өсіп-өркендеу заңдылығын зерттеп, оның әлеуметтік-эстетикалық нәріне айрықша мән беруде. Сын жанрының туу, даму жолдарына назар ауларсақ, халықтық эстетиканы сыни ойдың бастауы деп танып, халықтық көркемдік түсінік-танымы мен талап-талғамының оресін байқауға болады.

Талай ғасырдан бері халықтың рухани азығы болып келген ауыз әдебиеті эстетикалық мұратты қалыптастыру барысында елдік пен ерлікті, әсемдік пен сұлулықты, әділдік пен имандылықты ардақтауды, қадірлеуді, жалғандық пен жамандықтан, зорлық пен зомбылықтан, ажарсыз бен көріксіздіктен жиренуді үйрету, ұғындыру арқылы жұртшың көркемдік талап-талғамын жетілдіруде озық үлгі-онегесі бар ауыз әдебиеті көне дәуірде де, бүгінгі заманда да өзінің ықпалынан арылған жоқ.

Мысалға ертегілерді алайық. Одан керемет поэзияның желі еседі, көркемдік шеберліктің тамаша үлгісі көрінеді. Халық ертегілері әрқашанда адамды тәрбиелеудің тамаша құралы болып, әділдік жолына бас байлатып, зұлымдықтан жиреңтеді. Пушкинді еске түсіріңіздерші, ол балалық шағында ғана емес, атақты ақын аталған соң да Арина Родионованың айтқан ертегілерін құмарта тыңдаған той. Осы ойды қазақтың халық батыры, жазушы Бауыржан Момышұлының: "Менің осы күнгі келіндерім бесік жырын айта білмейді. Бесікте жатқанда құлағына анасының әлди үні сіңбеген баланың көкірегі кейін керең болып қала ма деп қорқамын" — деп қоюлата түскені тағы бар.

Халық даналығынан туып, тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін білдіретін мақал мен мәтелдердің өміршеңдігін, жиі қолданылатындығын, оның эстетикалық қуаты мен қаукары, әсері мен ықпалының молдығын кім жоққа шығара алмақ? Ой әуені естілген жерде қуаныш-шаттықтың желі еседі. Халықтың өнер сайысына, ақындар айтысына айрықша ілтипат білдіруі де тегіннен-тегін болмаса керек. Бұл күнде тұрмыс-салт жырлары той-томалағымыздың сәніне айналуда.

Ата мұрасы, халық өнері әлі күнге дейін қазақ әдебиеттану ғылымында социологиялық және эстетикалық тұрғыдан терең зерттеле қойған жоқ. Халықтық эстетиканың көп мәселелері қаға берісте қалып келе жатыр. Біз соның бір ғана саласына, атап айтқанда, халықтық эстетиканың ауыз әдебиеті үлгілерінен көрінуіне назар аударып, сыншылық ойдың бастауын аңғартпақпыз.

Басқа халықтар сияқты, қазақ елі де көне заманнан бері сұлулық пен әсемдікті айрықша ардақтай білген. Оны сөз өнерімен қастерлеген. Көрік пен келбеттің, шынайы сұлулық пен табиғи әсемдіктің тамаша белгісі "Қыз Жібек" жырындағы көп суретінен аңғарылады. Қыз Жібекті іздеп келе жатқан Төлегеннің талай көшке жетіп, қыз дидары мен қылығына көз салған тұстарында қаншама көркемдік таным жатқанына әрдайым мән бере бермейміз. Әйтпесе, Көш алдына қараса

Бір қыз кетіп барады,
Шытырма көйлек етінде,
Нұр сәулесі бетінде,
Бұралып кетіп барады
Перінің қызы секілді.

Бұл сипаттаудағы әсем де ажарлы суреттер эстетикалық әсер тұғызатыны даусыз.

Толған айдай толықсып,
Ақ сазандай бұлықсып,
Алтынды камшы колға алып,
Әбжыландай толғанып,
Бұралып кетіп барады,
Жын соққандай теңселіп, —

дегендегі сөз бояулары нақты портрет жасауға қажетті қимыл мен детальдарды аңғартады. Он бір көштен өткен Төлеген:

Орта бойлы дембелше,
Алтын шыны кеседей,
Екі көздің шарасы.
Бейшіте жанған шамшырақ
Көзінің тауһар қарасы
Туған айдай иілген.
Екі кастың арасы -
Сымға тартқан күмістей
Он саусақтың саласы.
Сондай-ақ боп туар-ау,
Адамзаттың баласы, —

дегенде сөз бояуы кірігіп, ажарлы ару портреті көлеңдейді. Бұдан да аскан сулу бар ма екен деген ой қылаң бере бастағанда жаңа бір көшке жетеді. Жыр әуені өз тыңдаушысын әсемдік пен сұлулықтың буына әбден жығып алған соң, әсіреледудің биік шегіне жетеді де, кілт бұрылады. Бұдан әрі суреттеу қиындап, сөз бояуы таусыла бастаған шақта көркемдік "құлыққа" көшеді. Тыңдаушысын тәнті еткен ақын енді өзінің поэтикалық мүмкіндігінің азайып қалғанын сезген соң, көш алдындағы келбетті бәйбішені, яғни Жібектің анасын суреттеуден басқа амалы қалмайды. Салдығы мен серілігі қыздардан асып түсетіндігін жыр өрнегіне қосып өріп, әсемдікті ардақтау, одан ләззат алу сезімін эстетикалық танымға айналдырады.

Осындай ажарлы көрініс пен шынайы әсемдіктің әр алуан құбылысын түсіне білген оқушы енді өз қиялына ерік беріп, Қыз Жібектің сұлулығын көңіл көзінен өткізеді. Бір ғажабы — жырда Қыз Жібектің бейнесі жасалмайды. Ақынның осалдығынан емес, киял жүзіндегі сұлулықтың әсері күшті екендігін ескергендіктен туған көркемдік тәсіл. Сондықтан тыңдаушы, оқушы өзінің көркемдік танымында әсемдік пен сұлулықтың келісті ажарын енді өзі кестелейді. Әркім өз сұлуын таңдайды, құшады. Міне, осындай жыр маржандары халықтың көркемдік таным-түсінігін, эстетикалық талап-тілегін қалыптастырмады дегенге кім сенбек.

Ол ол ма, халықтың керемет қиялы тек адамның ажар, көрік, сұлулықты тану-сезінумен шектелмей, қимыл әсемдігін, іс-әрекет жарастығын да келістіріп айта білген. Оны шын поэзияға айналдырған, көзге көрсеткен.

Шырағым Бурыл, шу, — деді,
Құбылып Бурыл гуледі.
Табаны жерге тимеді
Тау мен тасты өрледі..
Көлденең жатқан көк тасты
Тіктен тиген түяғы
Саз балшықтай иледі...

Осы суреттегі әсем қимылды әсірелеудің күштілігі мен нанымдылығы сонша, болмайтынды болдырады да, халықтың эстетикалық талғамын оятады. Сөзбен жасалған осындай тамаша суреттер, көрікті келбеттер, ажарлы әсемдіктер, талай үрпақтың көркемдік танымын тәрбиелеп, сезімін жетілдірді, түсінік өрісін биіктетті.

Сынның негізгі мақсаттарының бірі — ажарсыз бен келіссізді мінеу емес, ең алдымен адамның жан дүниесін, талап-талғамын әсемдік пен сұлулыққа, ізгілікке тәрбиелеу. Ендеше ауыз әдебиетіндегі талай тамаша көркемдік тәсілдерді қадірлеп, оның шын мән-мағынасын ашуға тиіспіз.

Қазақ ауыз әдебиетінде ерлік пен ездік, адамшылық пен зұлымдық, жақсылық пен жамандық, достық пен қастық, адалдық пен опасыздық, баяндылық пен тұрақсыздық, саналық пен санасыздық бір-бірімен қапаннан бері арпалысып келе жатқан құбылыс екенін саралайтын ғибратты шығармалар көп. Халық әшейін ермек үшін емес, оны өмірде пайдалану үшін шығарған, керегарлықтың ақ-қарасын айыра отырып, өзінің көзқарасын білдірген. Халықтық эстетиканың, әдеби сынның бастауы, қайнар көзі болып табылады.

Фольклордың қай туындысын алсақ та ғибрат айтарлық, жөн-жоба мен үлгі-өнеге көрсетерлік қасиеті мол. Мұның бәрі де халық пікірі, келешек үрпақты тәрбиелеудің эстетикалық құралы деп тануды қажет етеді. Тіпті тұрмыс-салт жырының бір саласы — беташардың мәніне назар аударыңызшы. Қайын жұрттың бар адамын мінездей, сипаттай келіп, жас келінге олардың әрқайсысына қандай сый-құрмет көрсетуді айтқанда ибалы тәрбиенің қағидаларымен қатар тіршілікке қажетті іс-әрекеттерді түсіндіруі басым жатады. Демек, мұның өзі тек дидактикалық сипат алып қана қоймай, ғасырлар бойғы тәжірибеде шыңдалған шындықтарды іріктеп, сұрыптап айтуға

негізделеді де, эстетикалық мәнге ие болады. Творчестволық саралаудан өткен осындай көзқарастан халықтың сыншылық ой-пікірі көрінеді.

Қазақ әдебиетінде адамның жас мөлшеріне байланысты шығармалар көп. Адамның тууы, өсуі — табиғат заңы. Бірақ халық санасы адам өмірінің әр кезеңіне әр қилы сипаттама беріп, сәбилікке мәз болады, жігіттікті айрықша қадірлеп, көрілікті сықақтайды.

Он бес жас күйын кұған желменен тең,
Жиырма бес лауыл ұрған перімен тең,
Отыз бес ағып жатқан селменен тең,
Қырық бес аю аспас белменен тең,
Жетпіс бесте көнілің жерменен тең,
Сексенде селкілдеген шал боларсың...

деген тәжірибе түйіні өлең өрнегіне талай өріліп, тыңдаушысына ғибрат дарытқаны сөзсіз.

Сонымен ауыз әдебиетінің қай үлгісі болмасын халықтық эстетиканы, халықтың сыншылдық көзқарасы мен парасатын танытып отырады. Өйткені көркемдіктен ләззат алу, әсемдік пен сұлулықты ардақтау, озық үлгі-өнегеге бастап, жамандықтан жиреңдіріп отыру — халықтың талап-талғамының жемісі, сыншылдық көзқарастың нышандары.

Қазақ ауыз әдебиетінің ең көне түрлерінің бірі — айтыс жанры. М.Әуезовтің сөзімен айтқанда, "өлең жарысы, өнер жарысы" ретінде "ақынның сынға түсетін майданына" (Е. Ысмайылов) айналады. Демек өнердің қадір-қасиетін айқын тану үшін белгілі бір эстетикалық критерийлер жасалады. "Ақындар айтысы тыңдаушы, сыншы жұрттың көз алдында туып, орындалады. Мұнда тыңдаушы жұрт құр естуші ғана емес, айтысушылардың сөздерін сынаушы, қорытушы болып отырады. Ақындардың бірі жеңіп, бірінің жеңілгеніне төрелік айтушы да сол жиынның өзі болады" ("Қазақ әдебиетінің тарихы" I том, 1-кітап, 1961, 673-бет).

Қызу айтыс үстінде туған ағыл-тегіл өлең шумақтары ақындық қиял-шабыттың жемісі ғана емес, әлеуметтік шындықтың сыртқа шыққан көрінісі. Міне, осы кезде творчестволық саралау принципі бой көрсетіп, көркемдік ажар табады. Сондықтан да ақындықтың сыр-сымбаты мен психологиясын арнайы зерттеген Е. С. Ысмайылов: "Ақын өмір шындығын қайшылық көркемдік бейнемен қабылдап танитын болса да, оның түпкі реалдық негізі ақынның саналы ойынан мықтап орын алады. Сондықтан шашпақ айтыс, суырып салып жырлау үстінде түйдек-түйдегімен айтылатын өлең, жыр санадан тыс, тек сезімнің, шабыттың ғана жемісі

емес, ақынның саналы образды ойының түйінді, жинақты көрінісі" деп айтыс жанрының ішкі сырын ашып, соны эмоциялық тұрғыдан түсіне білген халықтың эстетикалық талап-талғамының жетілгендігін аңғартады ("Ақындар, 1956, 32-б.). Халықтық эстетиканың мәнді принциптері ақындар айтысынан, айшықты сын пікірлерінен анық байқалып отырады. Ақындар тек сұлулық пен асқақ сана-сезімді ғана кәстерлемей, әлеуметтік қиястық пен ожарлықты, қоғамдық жорлық-зомбылықты, кем-кетіктерді айтып, өздерінің өнерін өрелендіріп отырады. Ажарлы сөз, танқыр образ, өткір теңеулерге айрықша мән береді. Әуелінде тілек айту, ықылас білдіру сияқты эстетикалық сөттер үшырасқанмен шабыт шалқары алысты шалар кезде сатыр-сұтыр сөз найзасы сұңғыласып жатады.

"Жүз толқытып жібектей өлеңіңді айт",

немесе

"Сусындайық өлеңнің тұнығынан" —

деген сияқты тілек білдіру айтыстың алғашқы сәтінде аңысын аңду, ақынның дарын қуатын аңғару үшін қолданылатын өнерпаздық амалдар. Ал озық өнерімен, ән думанымен қадірлі болған ақын өз басын асыра бағалап, қарсы ақынды кішірейте сөйлеп, мысын басып алуға ұмтылуы да эстетикалық заңдылыққа бағынады. Өйткені сөз өнерінің сипаты туралы халықтық түсінік айқындалып, талап-талғамның қалыптасуына жағдай жасалады.

Өлеңге бейсауат сөз қосамын деп,
Қалтыран топ ішінде пақыр болдың, —

не болмаса:

Қосілген көмекейің ақын емес,
Суындай сөзің нәрсіз шалшық көлдің, —

дегенде бірін-бірі сынап, мысын басу ниеті басым жатқанын көреміз. Жамбыл мен Құлмағамбет айтысындағы:

Болғанда мен — ақ сұңқар, сен — бір тауық,
Сен Әтеш - айқайлағыш ауық-ауық.
Болмаса аты шыққан Сүйінбайың
Баскасын қою керек жылы жауын.
Ажал түртіп жүрмісің аңдамастай
Октаулы ақ беренге қарсы шауып.
Әсет пен Ырысжан айтысындағы:
Айыр көмей, жез таңдай, қаусырма жақ,
Алты арыска білінген әкең менмін.
Сөз тамырын байқарсыз тартысқанда, -

Жығылмай түзу кетсең, ақын дермін,—

дегеннің бәрі де қарсылас ақынның сағын сындыру мақсатын көздеумен қатар, сөз өнерінің күдіретіне қанша мән берілетінін айқындайды. Осының классикалық үлгілерін Біржан мен Сараның айтысынан анық көреміз. Бұл айтыста от шашып, найзағайдай жарқылдаған сөз өрнектері мен бедерлері өзінің образдылығымен ғана емес, эстетикалық нәрімен асқақтай түседі. Сондықтан олардың өнер тартысы халықтық эстетиканың негізгі талаптарын анғартып отырады. Әрбір ақын өзін көтере сөйлеген уақытта ойлы, ажарлы сөзге халықтың қаншалықты мән беретінін ескеріп:

Сайраған Орта жүздің бүлбұлымын,
Арғынның Алтай, Қарпық ақтан кері.
Барабар сөзі теңдес адам болса
Көңілімнің тарқаушы еді қайғы-шері...
Алтын менен, күмістің нақысындай
Міні жоқ бізден шыған сөз бедері,—

дегенде, бейпелі сөзді көркемдік талғам деңгейінде түсіну жағы басым. Осындай сөз күдіретіне табынған, оны аспанға көтерген Біржанға Сара оңтайлы жауап бермесе, мұндай айтыс та болмас еді. Сара:

Данышпан білгіш қой деп ойлаушы едім,
Арғын да айтады екен жоқты мақтап.
Найманда екі жүзді наркескенмін
Желкеңді қимақ үшін қойған сақтап.
Тозаңың анда-санда бір бүрк етер
Саулатсам қызыл тілді екі жақтап, —

деп жауап қайтарғанда, Біржан қарсыласының тегін еместігін, сөзден түзақ құра алатындығын сезеді де үлкен өнер тартысына жетектейді. Сара да бөтен сөзбен айтыс шырқын бұзбай, өнер еліне беттеп:

Сөзбенен жеңемін деп ойламаңыз
Бір жерде мүлірер деп, көңіл бөліп,—
Жүз Жанақ, он Орынбай жолдас алсаң,
Мен кеніл сен жеңілмей тұрмасыңа.
Санаң болса осымен тоқта, Біржан
Арғынды бос каздырмай ұрғанына,—

дегенді естіген соң, Біржан Сараны шын өнердің өзегіне тартып, айтысты өрелендіре түседі.

Барынша өнеріңді аямбай сал,
Көңілімді көтермей-ақ сөзбен жуып,—

деп алады да, соны әуенмен өзінің өнерімен таныстырады.

Ой желке, қамыс құлақ, қаракөкпін,
Түнықтан жүзін ішпей қанбайтұғын...
Әнімді он екі взвод жіберейін
Есіңнен өле-өлгенше қалмайтұғын.

деп, Сара бұрынғыдан да өрлеп, қолға оңай түспейтін бүлбүл екенін аңғартады. Соны сезген Біржан:

Шіркін-ай, мұндай жүйрік туармысың,
Сөйлейсің алтындай қып сөздің жезін,—

деп, айрықша ардақтап, өнеріне тәнті болады. Енді "мақтамен бауызламаса" алдырмайтындығына көзі жеткен Біржан шырайлы шындыққа дақ салатын өмір өткелін іздейді. Бұл әуелінде сүріндірудің тәсілі болғанмен, Сараның жүрек жарасына айналған Жиенкүл сұлу өмірге жасаған қастандықтан көрініп, жалындаған сөз тартысы, өнер тартысын біртіндеп қайғы-мұң торлайды. Ақындық интонация да өмір шындығына оралып, Сараның мысын күртады. Сөйтіп екі ақын "екі жақсы бір жерге қосылмайды" деген халық даналығын растайды, өнердің қор болғанын паш етеді. Бірін-бірі жеңу, мұқату ойы енді екінші қатарға шығып, халықтың жанын жадырататын өнерпаздың қор болып бара жатқанын көрген Біржан Сараның ақындық дарынына бас иіп:

Садаға тырнағыңнан кетсін, Сара,
Сан жүйрік көріп едім мен нелерді! -

деп алады да, халыққа, ел-жұртқа қарап:

Қылайын көп үзатпай сөзді қысқа
Өлеңге жан көрмедім мұнан үста.
Аты ұрғашы демесең, қарындасым,
Ламның артығы екен осы тұста.
Шынымен бақтан күнде дауға салса
Ілеспес ақын түгіл, үшқан құс та,—

деп мараттауының өзі өнерді тану, оны қадірлеудің эстетикалық астарын аңғартып, сыншылық ой-пікірмен

сабақтасып кете барады. Біржан мен Саранын айтысы — ақындар айтысының классикалық үлгісі және өнер қасиетін айрықша ардақтаған тамаша туынды ғана болып қалмай, күні бүгінге дейін ел жалында өнерді құрметтеу, өнерпазды қадірлеуді өнеге тұтар халықтық эстетиканың шыңына айналды. Ақындық дарынның қоғамдық мәнін айқындау арқылы көркем сөздің қадір-қасиеті, өнерпаздардың абыройы, елге тигізер әсер-ықпалы еселене түсіп, халықтық эстетиканың мәнді принциптері қалыптасады.

Қазақтың ақындар айтысындағы сыншыл ой-пікірлер мен көзқарастың жаңа бір соны сілемдері Сыр бойы ақындарының айтысынан көрінеді. Олар көбіне жазып айтысатындықтан және екеу ара емес, бірнеше адам сөз сайысына түскендіктен жазба поэзияның сілемдері, эстетикалық сынның элементтері байқалады. Шығыс дәстүрінің ықпалдары, көбіне сюжетті әңгіме-аңыздары, жұмбақтары араласып, оның шешуін іздеу де, сондай-ақ өздерінің өмірін сынауы да, айтысушыларға төрелік айту да айтыстың жаңа бір түрі ғана емес, халықтық эстетиканың бір парасы болып көрінеді. Ол айтыстар тарихта аты қалған Шораяқтың Омары, Істілеудің Түрмағанбеті, Кете Жүсіп, Таубай Жүсіп, Қаңлы Жүсіптердің өзара сөз жарыстыруынан тұтанып, әлеуметтік-эстетикалық мәселелерді қозғап отырған.

Шораяқтың Омары Боғабайдың Әбішіне мін тағып, басшы болсаң ақылды бол, сөздің наркына түсін дегенде Таубайдың Жүсібі Әбіштің "намысын" қорғап, Омарға тиіседі:

Болды ғой шайырлығың халыққа мәлім
Жүйріктей заманында озған топтан,
Ұялмай үйқас сөзге мәз болатын
Отпеген бала емессің балиғаттан.

Бұған "шамданған" Ыбырай Ержанұлы Омарды жақтап жауап жазады. Оның ақындық өнеріне көңілі толмаған Таубай Жүсіп:

Әбият, назым, ғәзел, бәйіт, мұхаммас*
Мазмұнын көріп едім бірталайдың.
Кітаптың, не қазақтың ұйқасына
Келмеген екісі боп бір ыңғайдың.
Шарлапсың, соз көшесін шамадан сырт

* Шығыс поэзиясындағы өлең түрлері

Қырық құран қиыпдысын қикымдардың.
Термесі ия олеңіне ұқсамайды
Қырғыз бен қарақалпақ, сарт, ноғайдың.
Білмеймін орыс назымы бола қойса
Ұзынды-қысқалысы осындайдың, —

деп Ыбырай өлеңін сынап, оның ешбір жөн-жобаға келмейтінін, өзінің әр ел поэзиясынан хабары барын ашартады. Мұндай шумақтан сынның элементтерін бірқыдыру мол кездестіреміз. Кете Жүсіп, Қаңлы Жүсіп, Накып Қожаның жазбаша айтысы бірнеше жылға, яғни 1908 жылдан 1915 жылға дейін созылып, айтысушы үш ақынға кейде жарастыру, кейде от беріп тұтату, кейде билік айту мақсатымен Кенесбай Сүйінішбайұлы, Аппаз Жарасбайұлы, ақын Түрмаганбет Керейіт Даңмұрын, Мықан Балтекейұлы, Мансұр Бегежанұлы араласқанда екі Жүсіпті Түрмаганбет титуластырып, айтысты тоқтатқан екен. Мәселе олардың ұзақ айтысуында, көп ақынның араласуында ғана емес. Осы айтыста бір-бірінің өлеңін сынау тенденциясының айқындығында. Кете Жүсіп өзінің бір жауабында:

Екі "ұят" бір орында қате түсіп,
Сөзімді халық сынапты болған алжас.
"Гүл" мен "бақ" бір орында төрт айтылып,
Кеткен жоқ кенесінен келмей үйқас.
Тоқа айтып мұнан былай мін тақтырма,
Ағаның сөзі болса жазған оған, —

деп өз өлеңінің кемшілігін мойындайды. Бірақ Қаңлы Жүсіптің шақпа тілі, әсіресе менсінбеу ниеті жанына батқанын жасырмай айтқанда, айтыс тағы да үлен сала береді. Бір сүріндіріп алғанына мәз болған Қаңлы Жүсіп енді дыбыс үндестігін, үйқасын, жүйесін сақтауды талап етеді, сөзді мәнге қарай қолдану қажеттігін ескертеді.

Сыныменен сирағымнан соққа басып,
Емлесі келмегендей басқа үйқастың.
Түспей-ақ біздің ізге, өз бетіңмен
Білікті емес не едің аласпастың, —

деп тың тыныс, өзіндік өрнек таба алмаған ақынды сынайды.

Осы ұзақ-сонар айтыстың негізгі арқауы — екі ақын бір-бірінің өнерін, ақындық арының мінеп-сынаудан өрбиді де, шын өнердің қадір-қасиетін ардақтауға, өнерпаздардың тату болып, ел мұңын жырлауға, өнеге боларлық сөз тудыруға

үндеген. Ал көркемдік жағынан болымды-болымсыз айтылуы екінші мәселе.

Ақындық өнерге қойылар талап жайында Нүриланың Үмбетәліге айтқанынан анық көреміз:

Бұл Үмбет ақын емес, анық шатпақ,
Ежелден ескі мінез сөзге тақпақ.
Ойлы ақын болсаң ел мақтайтын
Сөзіңді сөйлесеңші екі жақтап.
Әйтеуір ақынмын деп әуектейсің
Білмейсің не айтқаныңды қылжалақтап.
Белгісі өлеңшінің олай емес,
Жақсының сөзі балдай сырлы кеңес.
Майда тіл, жүмсақ көңіл болмайынша
Ақындық адамзатқа оңай емес, —

деген ойлар сыншылдық ауылының алыс еместігінің, ақындық дарынға қандай талап қойылатындығының дәлелі.

Ақындар айтысы — өнер жарысы, сөз сайысы. Ол халықтық эстетиканың ең мәнді де құнарлы принциптерін белгілейді. Осындай озық дәстүрден нәр алған халықтың сөз қадірін білуге, оған айрықша мән беруге ұмтылуы — мақтаныш. Ақындар айтысы бір жағынан эстетикалық мән-мағынасымен елдің көркемдік талап-талғамын тәрбиелесе, екіншіден, тарихи деректерге толы. Көптеген тарихи мағлұматтар хатқа түспегенімен, мүлдем ұмыт болып кетпегенін ақындар айтысынан көреміз. Көпшілік айтыста ең әуелі ақынның қай елден, қай рудан екені, оның қандай өнерпаздары болғаны, тарихтан өткен билері мен батырлары жайлы айтылады. Осы айтыстардан талай ақынның өмірбаянын суыртпақтап, тіпті қай жерде болғанын, кіммен кездескенін, қандай ақынмен сөз сайысына түскенін, нендей олжа, абырой-атақ алғанын білуге әбден болады. Ата-бабаларының шежіресін шертетіні қаншама. Сонымен қатар, айтыс барысында әр өлкенің кәсібін, шаруашылығын, әдет-ғұрпын, этнографиялық ерекшелігін, аймақтық айырмашылығын аңғару қиын емес.

Қарақалпақтың классик ақыны Әжініяз бен Мецет қыздың, молда Мұса мен Манат қыздың, Түбек пен Құлмағанбеттің, Орынбай мен Шортанбайдың, тағы басқа айтыстардың бәрі дерлік тарихи, әдеби, этнографиялық деректерге толы. Ақын өмірлігі кезеңдік оқиғаны әдейі қалай айтатын сөз көп. Мәселен, Акан серінің:

Омбыда патша келіп болған жиын
Қалдырмай бәрін тегіс болыс, биін.
Министр, губернатор, советниктер
Бас қосып, мәжіліс болған ұлы дүйім.
Николай император күзіретіне
Сөйледім бұл қазақтың жайы-күйін,—

деген дерегін архивтерден ізлеп тауып, "қазақтың жай-күйі" туралы не айтқанын біліп алу тарих үшін айрықша қажет. Демек, қазақтың ақындар айтысына тек эстетикалық қана емес, тарихи-этнографиялық тұрғыдан қарап, арнайы зерттеу — қазақ әдебиеттану ғылымының кезектегі өзекті проблемасы.

Халықтық эстетиканы сөз еткенде оның ең мәнді де айшықты көрінісін ақындар айтысынан кездестіреміз дегенде, халық творчествосының басқа саласына назар аударудың қажеттігі жоқ деген пікір тумаса керек. Ауыз әдебиеті өмірдің алуан саласын қамтитындықтан халықтың ой-арманы мен тілегі, дүниеге көзқарасы, көркемдікті тану процесі, оған өз ойын білдіру әрқашан көрініс беріп отырады. Халықтық эстетиканың сілемдері юмор мен сықақтан, әзіл-оспақ өлеңдерден, әжуалағыш сатиралардан, сондай-ақ лирикалық толғаулардан да аңғарылады.

Халықтың эстетикалық танымы мен сыншылдық ой-пікірі ауыз әдебиетінің қай саласынан болса да кездесетіні туралы сөз болғанда, бірер жайға назар аударған жөн. "Қазақ ауыз әдебиетінде жерге, елге, малға айтылатын шешендік сынның алуан түрі бар. Түйенің қомы, аттың жалында өскен малшы, аңшы қазақ аса сыншы келеді. Жүйрік ат, қыран құсты шаңпай, үшпай танитын саяткер, күсбегілер болған, ішке қарап түйенің түсін айтатын, қозыға қарап қоралы қойдан епесін тауып салатын, жоғалған биенің ізіне кеткен құлынын ат болғанда танып алатын сыншылар туралы аңыздар көп" ("Қазақ әдебиетінің тарихы", I том, 146-бет).

Сол сияқты, "ата балаға, көпті көрген көне жаңа талап жасқа сын айтып, болашағына болжал жасау — қазақ елінде ежелден келе жатқан дәстүрлердің бірі" (бұ да сонда, 147-бет) екендігін еске алғанда, қазақтың билер және шешендік сөздерінен нелер шұрайлы ойларды кездестіреміз. Қазақ халқының бай ауыз әдебиетінің эстетикасын терең зерттеп, мән-мағынасын жарқырата түсіндірсек, әр халық өзінің дүниетанымының шама-шарқына қарай адамзат мәдениетіне үлес қоса алатындығын, түйінді ойлар мен қомақты пікірлер айта алатындығын байқаймыз. Сонымен қазақ ауыз әдебиетінің тамаша үлгілерінде, әсіресе ақындар айтысында

Университет кітапханасы
КІТАПХАНА
Инв. № 19146/4

халықтық эстетиканың таным-түсінігін қалыптастыратын шұрайлы өрнектер мол, жиі кездеседі. Айтылар ой, қорытар пікір, берер баға өнердің, әсіресе сөз өнерінің қадір-қасиетін, өнерпаздың дарын қуатын айқындайтын халықтық эстетиканың әр алуан принциптері бой көрсетеді. Нақты дәлелдер, жүйелі талдау-анализдермен тұжырымдала бермесе де, халықтың сыншылдық ой-пікірінің, эстетикалық таным-білігінің айшықтары анық көрініп жатады. Оны сыншылық ой жүйесінің бастауы, қайнар көзі деп білің, әрбір көркемдік құбылысқа жіті назар аударған абзал.

2. КӨНЕ ДӘУІРДЕГІ СҮБЕЛІ ОЙЛАР

Бағзы замандардан өнер мен талғам қатар жүрген. Талғам тек тамсанудан, қоштаудан ғана тумайды. Жақсы мен жаманның, ізгілік пен зұлымдықтың, сұлулық пен ажарсыздықтың ара жігін ажырататын таным-білік, парасат, түсінік әрқашан әділдік туын тіккен. Бұл процесс халықтық эстетикада ғана емес, көне замандағы түркі ескерткіштерінде, ортағасырлық жазбаларда, мұсылман, қараханит, Алтын Орда замандарындағы, қазақ хандығы тұсындағы жыраулардың, шешен-билердің туындыларында, мемлекет қайраткерлері мен ғұламалардың тарихи зерттеулерінде, жарғыларында кездеседі.

Қазақстанның кең өлкесін жайлаған тайпалардан қалған ескерткіштер ежелгі мәдениет үшін де, оның әр қилы салалары үшін де айрықша құнды. Сондықтан V-XV ғасырларда жасалған рухани байлықты бүкіл түркі тілдес халықтардың ортақ мұрасынан бөлмей, әр халық өзіне қатысы барларын жалпының бөлшегі ретінде зерттеп, өзіндік таным-білікке пайдалануға тиіс. Сондықтан қазақ әдебиет сынының қайнар көзі, мәнді бір арнасы ретінде сонау көне заман ескерткіштерінен бастау алғаны жөн.

Көне дәуірдегі туындылардың көркемдік сипатына Б.Кенжебаев пен Ә.Марғұлан Ұлы Отан соғысына дейінгі кезеңде-ақ көңіл аударды. Ал "V—VIII ғасырлардағы халық фольклорында эпостық поэзияның Орхон ескерткіштерінде жазылып қалған ең ертедегі ақындық тәсілдері мен дәстүрлері белгілене бастаған. Бұл поэзияның элементтерін Күлтегін мен Білге ханның басына қойылған құлпытастардағы жазулардан көруге болады. Бұл жазулардың тексі эпостық әңгіме стилінде жазылған" ("Қазақ ССР тарихы", А.,1957, I том,117-бет). Көркемдік танымның алғашқы элементтеріне

жататын пікірлер мен бейнелі ойлар Орхон-Енисей, Талас-Шу ескерткіштерінде көптеп кездеседі. Мәселен, "Табғаш халқының сөзі тәтті, бұйымы асыл еді. Тәтті сөз, асыл дүниесіне қол алданып, түркі халқы қырылдың, түркі халқы жойылдың" (М. Жолдасбеков, "Асыл арналар", А., 1991. 44-бет) дегендерді де немесе "Қол қосылса — күш өсер", "Жұқаны таптау — оңай, жіңішкені үзу — оңай" деген мақал-мәтелмен қатар "Орхон" ескерткіштерінде шешендік арнаудың, келісімді ырғақтың, ойлы мақалдың, азалы жоқтаудың" (сонда, 76-бет) үлгілері көп ұшырасуы халықтың эстетикалық таным-білігін, сайын келгенде, көркемдік түсінігін қалыптастыра беруге септігін тигізді. М.Әуезов сол жазуларда "эпостық аңыздардың шағын да ықшам фабулалық желілері бар" деп танқан болатын.

Қорқыт әфсаналары мен "Оғызнамадан" біз талай үлгілерлі көреміз. Қорқыттың Желмаямен желіп жүріп жерүйық іздегенде әр өлке-аймаққа берген бағаларында сыни көзқарас басым жатады. Шешендік нақыл, өсиет сөздерде "Ат тұяқты келеді, ақын тілді келеді", "Ескі темір біз болмас, ескі дүшпан дос болмас", "Күйің үшін өлейін, тілің үшін өлейін, құлыным", "Тізгінсіз тіл бас жұтқызар", "Ақын тілі қақсауық", дегендерде сыни көзқараспен қатар пәлсафалық ой ағыны күшті екенін көреміз ("Жалған сөздің дүниеге келмегені мақұл. Адам ішпес ашы судың ақпағаны мақұл").

Көне әдебиетіміздің мұсылмандық дәуірі ғылыми-әлеуметтік ой-пікірлерімен қатар эстетикалық таным-біліктің қайнар көзін бұрынғыдан да кеңірек ашып, адамзаттық мәдениетке үлес болып қосылатын үлгілерді мол тастап кетті. Өзгелерді былай қойғанда, Әл-Фарабидің қолынан жүзден аса еңбек шыққан. Оның социология, этика, әсіресе эстетика мәселелерін қамтитын күрделі де қомақты еңбектері, атап айтқанда "Ақылдың мәні туралы трактат", "Мемлекет қайраткерлерінің афоризмдері", "Қайырымдық мағынасы хақында", "Ғылымды меңгеру және оның мақсатын түсіндіру", "Ғылымдардың шығуы", "Сөз ғылымын классификациялау", "Аристотель еңбектеріне түсіндірме (поэтика; риторика, софистика)", "Музыканың үлы кітабы", "Өлең кітабы", "Өлең өнерінің қағидалары туралы трактат"; "Поэзия туралы" әлі күнге дейін таптырмай келе жатқан "Өлең ырғағы туралы", "Ырғақ пен өлең туралы трактат", "Поэзия өнерінің негіздері туралы", "Өлең және үйқас туралы сөз" атты еңбектері әдебиеттанудың өзекті салаларына арналған, әдебиет теориясын жан-жақты зерттеген.

"Сөз өнері дертпен тең" екенін Әл-Фарабидің ғылымдарды жүйелегенде бірінші орынға қоюынан-ақ анық байқаймыз. Бар ғылымды бес салаға жіктеп, бірінші кезекте тіл туралы ғылым және оның бөлімдеріне назар аударады. Тіл туралы ғылым әр халықта жеті ірі бөлшектен тұрады дей келіп, сөз құрастыру ғылымының ең өзекті саласы — өлең құрастыру өнері екенін айтады. Атақты шешендер, ақындар мен сөзуарлардың артында қалдырған мұраларын зерттеу амалына, поэтика заңдылықтарына тоқталады. Ал ол өз кезегінде буын-бунақ, сөз әуезділігі мен үйқас жүйелеріне бөлінетіндігін айтып, теориялық толғамдар жасайды.

Аристотельге қанша сыйынып отырғанмен, Әл-Фараби риторика мен поэтика жайындағы ойларын таза эстетикалық тұрғыдан: "Сәннің кілті — сәйкестікте, сәйкестік жоқ жерде сұлулық аз", "Сұлулық сүйсіндірсе, ұсқынсыздық жиіркентеді" деп табады да, осының ішкі заңдылықтарына үңіледі. Әл-Фараби поэтиканы үшке бөліп қарайды:

1. Өлең құрылысы мен оның өлшем түрлері.
2. Үйқас.
3. Әуезділік.

Поэзияның алғашқы негізгі элементі — фонема — сөз болса, музыканікі — тон, әуен, ал живописьтікі (жанды жазу) —бояу екенін айтып, оқығанда да, тыңдағанда да, көргенге де олардың үндестігі сезілмей, адамды қуаныш сезіміне батыруы керек. Сондықтан әуен мен сөздің, бояудың үйлесімі мен пропорциясы қатаң сақталуы тиіс.

"Поэтика (көркем ой) және оған қатысты нәрселер сезіммен, қиялмен және санамен бірдей байланыста болады. Өлең біздің сезімімізге, қиялымызға, ақыл-санамызға әсер ететін сыртқы, дүниенің көрінісін қайта еске түсіре білу" деп таңқан Әл-Фараби ("Философиялық трактаттар" А., 1973-бет) одан шығатын салдарларды, оны жазушыларды, әсіресе ақындарды өз ерекшеліктеріне қарай жіктейді.

Кейбір ақындарда, елестету, қиялдау қабілеті күшті болса, әуен ырғағына көбірек ден қойып, дарын қуаты дараланады. Қайсыбір ақында түйсіну қабілеті басым болса, сезімге сүйенбей-ақ өлең шығара береді. Осы қабілеттер тұтастық тауып, кемелденсе, ақын өзінің қиялын да, елестету қабілетін де, сезім түсінігін де ақыл-санаға бағындырып, көркемдік шеберліктің биігіне көтеріледі деген тұжырымдар жасайды.

Әбу Нәсір әл-Фараби "Өлең өнерінің қағидалары туралы трактатында" көне грек өнерін Аристотельдің, түйіндегендерінен гөрі тарамдата баяндап, трагедия, дифирамба, комедия, ямба, драма, диаграмма, сатира, поэма,

эпос, риторика, амфигенезис (космогония), акустика деп әрқайсысына анықтама береді. Әрине бұның бәрі бүгінгі жанрлық жіктеулерге қабыса бермесі өзінен-өзі түсінікті. Бұлар — көркем шығарманың жанрлық сыртқы көрінісі. "Поэзия туралы" деген еңбегінде араб поэзиясының сыр-сымбаты, әсіресе бәйіт жазудың он бір шартын атаған. Мұның негізгі принциптері адамзаттық шығармашылыққа жанасымды болғандықтан, сонау көне заманның өзінде өлеңнің сыртқы көрінісіне ғана емес, ішкі заңдылықтарына көңіл бөлген ғұламалықтан ғибрат алуға тиістіміз.

Әл-Фараби араб ақындары шығарма жазғанда міндетті түрде қалыптасқан ережелерді басшылыққа алғандарын айтады. Олар:

1. Бәйіт шумағы дәстүрлі, бұрыннан белгілі не мүлдем тың образдармен түйықталады. Бәйітті түйіндеуге арабтар айрықша мән бергендіктен өлең өрнегі әрі ажарлы, әрі көркем болады.
2. Образды сөз үқсатылған затын көзге елестетуі керек.
3. Үйқас міндетті түрде сақталуға тиіс.
4. Сөз ағыны бунаққа бөлінеді.
5. Ырғақ, бунақ бөлшектері бірыңғай болуы шарт.
6. Сөздер белгілі жүйемен орналасады.
7. Сөздердің әуезділігі бірдей болуы шарт.
8. Буын сандары бірдей болмақ.
9. Әрбір тармақтың үйқасы әрқашан бірдей.
10. Үқсатылған заттың сыр-сипаты сөз әуенінен аңғарылуы шарт.
11. Сөздердің ішкі үйқасы мықты сақталмағаны жөн деп табады ("Логические трактаты" А., 1975, 545—546-беттер).

Сонымен әл-Фараби "ежелгі дәуірдегі араб, парсы және грек позиясының тарихы, тақырыбы, композициялық құрылысы, үйқасы, түр-тұлғасы т. б. мәселелерін әдебиеттің ғалым ретінде жан-жақты зерттеді", (Н. Келімбетов, "Қазақ әдебиетінің ежелгі дәуірі". А., 1986, 114-бет).

Әл-Фараби көне түркі заманы мен келесі кезең бастау алар өліарада өмір сүргендіктен оның осы екі этапқа да қатысы бар екенін естен шығармау керек. X—XIII ғасырларда араб тілі жалпы қолданыстан шеттетілгенімен алфавиті (жазуы) сақталды. Ал Орта Азия мен Қазақстанда түркі тілінің өз алдында қалыптасу процестері зор қарқынмен жүріп жатты. Өйткені "Қыпшақ, оғыз, қарлұқ және үйғыр тайпалары мен халықтарының тілдері негізінде X—XII ғасырларда араб графикасындағы түркі жазуы қалыптасты. Әдебиеттің көптеген ескерткіштері аралас қарлұқ-үйғыр және қыпшақ-оғыз тілдерінде жазылды" (Қазақ ССР

тарихы. А., 1983, 2-том, 113-бет). Ол тіл осы аймақты мекендеушілердің ортақ қарым-қатынас құралы, эстетикалық арнасы болды. Түркі тілінің ең кесек және әлемдік мәні бар бір туындысы — Жүсіп Баласағұнның "Құтты білігі" (XIғ.). Бұл шығармада сол кездегі түркі халықтарының, оның ішінде қазақ халқының құрамына кірген ру-тайпалар тілдерінің тұтастық танқаны сонпама, әр ел, әр жұрт өзімдікі деп иемденуге хақылы болды және шығарманың тілін түсіну жағынан оңға қинала .бермеді. Сондықтан талай ғасырлық тәжірибесінен туған даналық, шешендік сөздер, мақал-мәтелдер, қанатты танқыр орамдар, жыр-толғамдар өзінің тол дүниедей сезіледі. "Құтты білік"— бүтін бір тарихи кезеңнің көркемдік, саяси-әлеуметтік арқауын жипақтаған рухани қазына. "Бүкіл тіл орамдары, тарихи мекен-жайлар, сөз толғамдары туысқан халықтармен қатар қазіргі қазақ тіліне де үлес. Поэтикалық, қоғамдық-әлеуметтік мәні жағынан, философиялық терең тұжырымдарымен туған еліміздің рухани, моральдық-этикалық тұлғасын, Қазақстан мәдениеті мен әдебиетінің бай тарихы мен дәстүрін көреміз". (А. Егеубаев, "Жақсының аты, ғалымның хаты өлмейді". Жүсіп Баласағұнның "Құтты білік" кітабына жазылған алғы сөзден. А., 1986, 21-бет).

Халықтың көркемдік таным-білігін ақтартатын толып жатқан арналарлың біреуін ғана, яғни тілдің қоғамдық-әлеуметтік, эстетикалық мәнін айқындайтын бөліктерге назар аударсақ, қазақ жағдайында бір ауыз сөзбен адам тағдырын шешіп беретін дәстүрдің алғашқы бастауын көріп өткенімізде қаншама рухани байлық жатқанын аңғарамыз. Шынында да "ақыл көркі — тіл, тілдің көркі — сөз", "таяқ еттен, сөз сүйектен өтеді, сөз қалады, таяқ табы кетеді" сияқты нақылдардың тек ғибраттық қана мәні бар деуге болмайды.

Тілімізде қашпалықты күш-қуат, ызғар-айбат, үлгі-өнеге, аталы сөздер бар екенін мақал-мәтелдерден көреміз: "Тілінді бақ, басың аман болады. Сөзді қысқарт, жасың ұзақ болады", "Ақылдың тілі қылыштан өткір, қылдан жіңішке", "Сөз — ойдың көрінісі", "Тіл — елдің қылышы", "Тіл мен сөз — көңілдің айнасы", "Ақыл мен білімнің тілмәші — тіл", "Қылыш елді күзейді. Қалам ерлі түзейді". "Білім кадірін оқыған білер, зер кадірін тоқыған білер". "Жамандық озбайды, жақсылық тозбайды". "Айтылмаған асыл сөз ауыздан шыкса бақыр болар", "Басыңа саулық тілесең, тіліңе мықтап кісен сал", "Адамның көңіл күйі бейне ай секілді: бірде семіреді, бірде азады". Бұларға ақыл-парасатпен қатар сыни ойдың тән екенін жоққа шығара алмаймыз.

Тілді мәнерін, сөзді үксатудың, оны эстетикалық тұрғыдан сипаттаудың бір амалы поэтикалық оралымға айналдыру болса, осы көркем ескерткішті қазақ тіліне аударып, ғылыми жерттеу жасаған А.Егеубаевтың "Құтты біліктің" өлең өлшемі — қазақ өлеңдерінде ықылым заманнан келе жатқан 11 буынды қара өлең өлшемі. Поэма негізінен тұтасқан осы өлшеммен, бір тыныспен жазылған. Әрине, бұнақ пен ырғақ тараулардың мазмұнына, тынысына қарай өзгеріп, ауысып отырады. Поэманың поэтикасындағы бір ерекшелік — қазіргі қазақ өлеңінің тол қасиеті болып табылатын аттамалы үйқаспен жазылуы. Бұл, көбіне, Абай поэмасынан, XV—XXғ. аралығындағы қазақ ақындарының шығармашылығынан кеңінен таныс түр. "Терме, толғауларда дәстүрге айналған аттама үйқаспен де сайма-сай, әдіптес" (бұл да сонда, 31-бет) дегендерінде мән бар. Өйткені өлеңнің үлгі-бітімі он-оңай және тез өзгеріске ұшырай бермейтін, жеңіл-желпіге құбыла салмайтын, көбіне баянды өрнек екенін естен шығармаған абзал.

"Құтты білік" кітабының сын саласына айрықша жақындасар тұсы — тұңғыш рет карасөзбен де, өлеңмен де алғы сөз жазылуы. Әрине, әл-Фараби ғалым ретінде қай сөзіне болмасын түсіндірме беріп, талдау жасап отырады. Ал поэма жазып отырғандардың қысқаша кіріспемен өз шығармасының қалай туғандығын айтып, оқушы назарын белгілі арнаға бұруы керектігін тамаша ескерткен.

Алла тағалаға арналар дәстүрлі мінәжатты орындағаннан кейін "бұл бір бек әзіз кітап" деп алады да, оның мұндай қасиетке ие болуы Шынның мысал-хикматтарымен, Машһүрдың өлең-жырларымен безендірілгенін ескертіп, оны пасихаттаған пенделердің игі де ізгі іс атқаратынына назар аударады. Түркістан елдерінде, яғни бүтін түркі халқы жасаған жерлерде Бұғрахана "түркі сөзімен бұл кітапқан жастырақ кітапты ешкім ешқашан жазған емес" (сонда 38-бет).

"Шынтыс елі, күллі түркі ішінде,
Дүниеде — кітап жоқ бұл пішінде" —

деген ой-пікірін айтып (41-бет), әр елде жоғары бағаланғанын дәлелге келтіреді. Шындықтар "Шәһәрдың өуен кәмілдары", Машһүрдықтар, "Мемлекеттің дәстүрі", Машырықтар "Өмір зейнеті", Ираңдықтар "Түркі шаһнамасы", енді біреулер "Іладиналарға насихат" десе, Түрәндықтар "Құтадғу білік" деп атағанын, өмірді терең парықтап пайымдағаны үшін, керемет көркемдігі үшін сол

елдердің хакімдері мен ғалымдары ықыласпен қабыл алып, жоғары бағалағанының өзі кітаптың қаншалықты мәнмаңызының болғандығын аңғартып, уақыт пен әр ел сынынан өткендігін көрсетеді.

Кіріспе мен алғы сөзге тән баяндау мен түсіндіру принципі де қатаң сақталған. "Бұл кітапты Баласағұнда туған бір сахаба, тақуа кісі жазып шығарған. Әмма бұл кітапты Қашғарда тамамдап, Машырық мәлігі Табғаш Бұғраханның құзырына ұсынған. Мәлік оның еңбегін қадірлеп, жарылқап әрі ұлықлап Хас Хажыб деген атақ беріп, ерекше ілтифат білдірген" (39-бет) дегеннің де айтары анық сыни түсіндірменің бір түрі. Алғы сөзде жазылған кітаптың қысқаша сюжеті, ұзын-ырғасы, тобықтай түйіні айтылатын сәт жиі кездеседі. Осы "Құтадғу біліктің" композициялық ерекшелігі былай баяндалған: "Бұл әзіз кітап төрт ұлы ұғым, төрт қымбат қасиеттердің сұхбатынан құрылған: бірі — әділ (әділет), екіншісі — Дәулет (Бақыт), үшіншісі — Ақыл, төртіншісі — қанағат" деп алады да, оларға түрікше ат қояды. Әділге — Күнтуды деген айдар тағып, хан мағынасын аңғартады, ал Дәулетке — Айтолды — уәзір, Ақылға — Өгдүлміш — уәзірдің ұлы, Қанағатқа — Одғұрмыш — уәзірдің туысы мағынасын дарытады. Поэма негізінен монолог, пікірлесу, сұрақ-жауап түрінде жазылғанын баяндайды.

Осындай ой-пікірді енді поэтикалық өрнекпен оқушыға жеткізерде Жүсіп Хас Хажыб-Баласағұн:

Кітабында талай жайды айтады ол,
Бұл төрт ұлық сөздерінен байқалар:
Бірі оның — шындық жолы — Әділет,
Екіншісі — құт пен ырыс, Дәулет
Үшіншісі — ақыл менен парасат
Төртіншісі — ұстамдылық, қанағат, —

деп (44-бет) түсіндіріп алады да, "Әзіз кітап — бұл ұлылық негізі" екенін, оның құнын тек парасатты ғана біледі деп санайды. Сөз соңын "Кітаптар көп арабша да тәжікше, Біздің тілде бұл жалғыз-ақ әзірше", деп хабарлаған Хас Хажыбтың 85 бабтан, он шақты өсиеттен тұратын еңбегінің әрбір тарауында "Тіл өнерінің қасиет-сипаты мен пайда-зияны айтылады", "Білім, ақыллың қасиеттерін, пайласын айтады", "Сөздің қадір-қасиеті және тұрашылдығы, шыншылдығы жайында", "Ұл-қыз туса, оларды қалай тәрбиелеу айтылады", "Сөз сиқыры туралы", "Ақындар туралы" деген айдармен беріліп, оқушы ойын негізгі мұдде мен тақырыпқа ауларуы сыни пікірден аулақ емес. "Өлең сөзді күдірет тұтқан

халайық, енді ақынға біраз назар салайық" деп бастайды да:

Олар шебер мақтауға да даттауға,
Сөзі ынғайлы жұрт жадына сақтауға.
Еркін ұста, ақын жанын ұғын да
Сыйла бәрін, көтер қайғы, мұңын да,—

деп ақындық дарынның негізгі сипаттарын тізіп өтеді. Өйткені сәулелі сөз "шаштай нәзік, өткір алмас қылыштан" деп біледі. "Өлең — теңіздегі лағыл, маржан, оны терең сүңгімей қолыңа түсіре алмайсың, шын сөзге бөбегіңді бөле, ақындарды үк әуелі, кір тигізбей ұста, ойының өресін", — деген сияқты ғибраттардың бәрі де сыни ой-пікірдің көне заманда да қадірлі болғанын көрсетеді.

Біздің қазақ әдебиеттану ғылымында күні бүгінге дейін арылмай келе жатқан бір жаман әдет бар. Ол — өлең жолдарымен айтылған ой-пікірлер эстетикалық, пәлсапалық трактат ретінде қаралатынын бұдан былай ескерер болсақ, онда қазақ халқының көркемдік, тарихи таным-біліктерінің өресі биіктен көрінеді. Сонда ғана оның басқа халықтардан деңгейінің төмен болмағанын анық байқаймыз. Өйткені қазақтың мақтанары, тіпті моральдық та, материалдық байлығы, көзге көрсетіп, қолға ұстатары да — сөз, сондықтан сөз өнерінің әрбір кезегін қалт жібермей, жіті бақылап, халқымыздың терең рухани өресін басқаларға танытуға тиіспіз.

Түркі әдебиетінің өзіндік ерекшелігімен тарих сахнасына шығып, Әліпер Науаиға дейін тартылған желісінде екі кезең жатыр. Онда әдеби құбылыстармен қатар сөз-лұғаттар және тарихи құжаттар аз емес. Махмуд Қашғаридің "Диуани лұғат-ат-түрк" сынды еңбегі тек тілдік, сөздік тұрғыдан да тексерілгені абзал. Соңғы кезде бұған көңіл ауларыла бастады. Өйткені "Диуани лұғат-ат-түркте" әрбір "әдеби шығармалар мен халықтық фольклордан алынған үзінділерді Махмуд Қашғари осы сөздіктегі әрбір сөздің мағынасын оқушысына тереңірек түсіндіру үшін" (Н. Келімбетов, "Қазақ әдебиетінің ежелгі дәуірі". А., 1986, 138-бет) түсіндірме, талдауларды қарасөзбен де; өлеңмен де беріп отырған болатын.

"Мен түріктер, түрікмендер, оғыздар, шігілдер, ямалар, қырғыздардың шаһарларын, қыстақ пен жайлауларын көп жылдар кезіп шықтым, сөздерін жинадым, түрлі сөз қасиеттерін үйреніп, анықтап шықтым" деген кіріспе түсіндірмесінің өзі талай өлең-жыр, ертегі-аңыз, мақал-мәтел, қанатты сөз сияқты көркем үлгілермен жарқырата түскенін көріп отырмыз. Олардың ішінде "Жақсы адамға сөз ереді",

"Ағаш басына жел үйір, жақсы адамға сөз үйір", "Тілмен түйенді тіспен шешпейді", "Тәрбие басы — тіл", "Ауыз көркі — тіл, тілдің көркі — сөз", "Күндестердің күліне дейін жау", "Ұшынған істі пара шешер", "Кең киім тозбайды, кеңескен білім азбайды", "Күш есіктен кірсе, әділдік түндіктен шығады", "Жаза тимес мерген болмас, жаңылмас көрсеген болмас" ("Сөз атасы", жинақты құрастырған Ә.Құрышжанов, А., 1987) деген даналық сөздер мен мақал-мәтелдерді іріктеу, сөз жоқ, үлкен ғұламалықтың жемісі, кемел де саналы ойдың олжасы.

Я болмаса Махмуд Қашғаридың сөздігінде өлең шумақтары мен жырларды көбірек жинағанын, олардың композициялық құрылысы, өлеңдік жүйесі, ырғақ, үйқастары түркі қалпымен сақталғаны белгілі. Оны қазақ тіліне аударған Ф.Оңғарсынованың: "Ата-бабаларымыздың бұдан тоғыз жүз жылдан астам бұрынғы жыр үлгілерінің ерекшеліктерін байқадым. Біріншіден, түпнұсқада жыр жолдары көбінесе етістікті үйқастар болып келеді. Екіншіден, әр шумақтың алғашқы үш жолы үйқасады да, төртінші жолы келесі шумақтың төртінші жолымен үндеседі" (М. Қашғари, "Жаз бен қыстың айтысы". А., 1985. 3-бет) деген сияқты бақылауларын айтуы әрине біздің эстетикалық таным-білігіміздің бір арнасы осы жақта жатқанын аңғартады.

Түркі тілдес классикалық әдебиеттің ішінде Қожа Ахмет Иассауидің орны ала бөтен. Көркем туындыға таптық тұрғыдан қарап, алла-құдай араласып кеткендерін ліни мерездер деп тапқан кезде ең зор теперішті көрген дарын — Иассауи. Тіпті үріккеніміз, шошығанымыз сонша, өмір бойы Түркістанда жасап, өзінің бар шығармасын сонда жазғанын ескермедік. Мәйіті сонда жатқанын ғана емес, Әзірет Сұлтандай әлемдік мәні бар кесенесі тұрғанын да көзімізге ілмедік. Небір зиялыларымыздың өздері оның "Хикмет" деген еңбегінің атынан шошып, қадір-қасиетіне жетпеді. Насыреддин Рабғузи, Сүлеймен Бақырғанилар оның жолын құды деп тұлан түттық. Соның салдарынан жалғыз түркі тіліндегі әдебиетте ғана емес, бүкіл Шығыста, жалпы адамзат әдебиетінде софылықты өркендетушілердің бірі болғандығы қазақ жұртына орасан зор абырой екенін енді-енді түсінгендейміз.

Көркемдік дүниесінде өзінің даралығын таныту көбінесе дарын қуатына байланысты. Оның тек табиғаттың бергенімен ғана емес, зор еңбек, ауыр бейнетпен қанаттанатынын XII ғасырда айрықша көрінген софылық әдебиеттің өкілдері дәлелледі. Әсіресе, Қожа Ахметтің пәни тірлігі мен шығармашылығы айрықша құбылыс еді. Өз елінен алған

білімді араб, парсы тіліндегі шығыстың мәдени орталықтарында толықтырып, өлеңдерін таза түркі үлгісінде шығарғаны қандай ғанибет. Даналығы, шешендігі, әділдігі, насихат ғибраттары елге танылған түста "Пайғамбар жасына жеттім" деген желеумен өмір шындығынан іргесін аулақ салып, тақуалық-софылық жолға түседі де, жер астында он жыл өмір сүріп, атақты "Диуани Хикметті" жазады.

Меніңше, дүниеуи сөзден безіп, софылыққа көшкенде Қожа Ахмет өзі бастаған жолды мистикалық деңгейге көтеру үшін емес, өмір бойғы өз уағыздарын жүйелеу үшін, көлемді де арналы салаға айналдыру үшін әдейі жасаған тақуалығы сияқты. Бұған төрт жүз шумақтан тұратын, негізгі мазмұны адамгершілік қасиеттерді дәріптеп әділдікке, адал еңбекке шақыратын, жетім-жесір, мүгедектерге қамқоршы болуға үндейтін, әкімдердің зорлығына, жемқор-паракорлығына қарсы тұруға, әсіресе ислам шариғатын өрескел бұрмалайтын, халықты сұлықтей сорып қараңғылықта ұстаған сопы, молда, ишандарды әшкерелеуге шақырған "Диуани Хикмет" бір күшің жемісі емес, ұзақ жылғы ой-толғаудың түйіндісі екені сөзсіз.

"Ағаш бесіктен жер бесікке" дейінгі аралықта адамға қажетті сабыр, инабат, қажыр, іждаһат, өнер-білім, өрелі мақсатты уағыздау әрине жаманшылыққа, мистикаға бастау емес. Құранның сүрелерін ғибратты афоризмге айналдыру да үлкен саналы көзқарастың жемісі. Әл-ғымыран сүресінің 200-аятын былай түсіндіруінде қандай айып бар: "Расул алла ғалым адамнан тәрбие алғандарда әділдік болады, ал топас адамдардан тәрбие алғандарда әділдік болмайды",— деп жалпы моралистік сипатқа беріліп, "ақылды, білімді адамдардан үйренуден қашқандарды оттан жасалған жүгенмен ноқталау керек, өйткені біліммен іс қылу — тұңғиық, білімсіз іс қылу — шұғанақ" дейді. Мұнда ғұламалық, әрі сыншылық ой бар екені анық.

Сондай-ақ Ирранмен сүресінің 78 аятын "Расул алла тек ғылым арқылы бәрі жасалады" дегенін әрі қарай сұрыптақтағанда әділдіктен кетпеу үшін ынсапқа шақырады, бұрмалаудан аулақ болуға үндейді. Құран сөздерін осылай түсіндіріп, адамгершілікке, білікке шақырады. Оны өзінің "Хикметінде" — "Өсиетінде" жасырмайды:

Менің хикметім фәрмән-сұбхан,
Оқып білсек мағынасы құран.
Менің хикметім әлемге Сұлтан,
Сусын болар шөлде дастан.
(Ауд. Хамит Зейнелұлы Иманжанов).

Құранның аят-хадистерін оз еңбегінің озегіне айналдырғанын айтып-түсіндіруі, сөз жоқ, алғы сөздің, кіріспенің әуселесі. 109 хикметтен тұратын даналық өсиеттердің ішінде:

Түрлі пәле халыққа түсті достар,
Ақыр заман ғалымы зәлім болар.
Сұмы — сопы, куы — молда болар.
Дұрысын айтқандарға қарсы болар, —

деген өмірдің ащы шындықтарының сыни тұрғыдан айтылып отырғаны даусыз.

Көне дәуір әдебиетінде әр қилы діннің ықпал-әсері болмауы мүмкін емес. Сондықтан олардан бұрынғыдай ірікпей, ізгі адамгершілікті насихаттауға бағытталған уағыздарын да, бүгінгі өмір шындығынан туған кемеңгер ойларын да, жасаған ғибратты тұжырымдарын да санатқа алып, жүйемен баяндауға тиіспіз.

Егер Қожа Ахмет Иассауи өмір шындығы софылық, тақуалық жамылғымен көмкерілсе, Ахмет Жүйнекиде дала табиғатына лайық ой-пікір ашық та ажарлы айтылады. Тіпті ақындық қуаты, көркемдік шеберлігі жағынан Ахмет Жүйнекидің басқалардан ерекшелене түсетін жайлары көп. Оның "Хибатул-хақайық" —"Ақиқат сыйы" еңбегі дидактикалық сарында жазылғандықтан қазақ тіліндегі қарасөзбен немесе поэзиялық аудармасында адамның оқу-білімге құмарлығын оятып, ар-ожданды ажарлай түсетін ұнамды мінез-құлық дарытатынын көп мысалмен дәлелдеуге болады. Заңғип ақын қомақты тұжырым жасап, әр өлеңнің шумағын ақылмен оюлап, әр сөзге мақал-мәтелге татырлық қасиет дарытады.

Ей достым, жаздым кітап түркішелеп,
Мейлің сөк, мейлің қала ерекшелеп.
Артымда ат қалсын деп жаздым мұны,
Ғажайып таңсық сөзбен ерекшелеп, —

дегені әшейінгі ақындық лепіру, астам сөйлеу емес. Өзінің поэзиялық сипатымен, әуез-интонациясымен, сөз қолдану машығымен, буын-бунақ жүйесімен қазақ өлеңіне етене жақын келетін шумақтар Жүйнекиде өте көп.

"Білімнің пайдасы мен надандықтың зияны жайында" деп аталатын жырларында:

Білімді — алтын көзі ашылатын,
Надан жан — қара бақыр шашылатын.

немесе:

Білікті білім айтар сөзін ұтар,
Ол емес бос сөзінді бедел тұтар.
Білімсіз не айтса да білмей айтар,
Өз тілі өзінің кеп басын жұтар, —

дегендерінде, сөз жоқ, шендестіру арқылы ненің артық, ненің кем екендігін баяндаудан гөрі, дүниені сарапқа салар сыншылық көзқарас басым.

Ә.Құрышжановтың мәнерлі аудармасы Ахметтің түпнұсқасынан өрбігендіктен әрине жалпы дидактикалық жол-шумақтардың өзінен ғұламалық талғамды, толғақты ойларды, түйінді пікірлерді кездестіреміз және көне дәуір кемеңгерлерінің жалпы әлеуметтік-эстетикалық танымдарының өресін байқаймыз. "Өнерлінің қапасы жоқ, өнерсіздің өкініші көп", "Кедейдің кертіп жейтін малы—білім", "Атақпен білген өтер ірі жүріп, білместі "өлген" дей бер тірі жүріп", "Біліммен ғалым өсіп, көкке жетер, адамды надандық төмен етер", "Оқ жарасы жазылады, тіл жарасы жазылмайды", "Не келсе де тілден келер бір басқа, осы тілге табынбайды күр боска", "Тіл мен жақтың көркі — шындық, сөз", "Қайырсыз адам жеміссіз ағаш сияқты", "Сараң дүниенің малын жиса да тоймайды", "Өз ашуын баса білген адам — күшті адам", "Өзі білмейтіннің "білем" дегені айып", "Ор қасіреттің соңында қуаныш бар", "Он дәруіш бір кілемге сияды, екі әкім бір елге сыймайды" ("Сөз атасы", А., 1987) секілді мақал-мәтелге, афоризмге оп-оңай айналып кетер сөз орамдарында, әрине, өмір құбылысын саралай білетін сыни көзқарас бар. Әдеби эстетикалық трактат кездеспейді деп қам жемей, осындай ой-пікірдің жаңғырығы, бастауы деп есептеуге тиіспіз.

Моңғол шапқыншылығы және онан кейінгі кезеңдер түркі тілдес халықтардың әдебиеті үшін ақтаңдақ болды деп есептемеуіміз керек. Әрине европоцентристік қысас көзқарас бұл дәуірді түгелдей саралап, іліп алары жоқ деп есептегені шындықтан алыс. Біз тілейік-тілемейік, қазақ халқының құрамына кірген ру-тайпалар қарулы да найзалы моңғол қолын бірге жасақтап, абырой-атаққа да, жеңіліс мазаққа да ортақ болғаны тарихи шындық. Сондықтан ат үстінде, майдан өтінде жүрген елдің ойын-сауығы, қайғы-қасіреті, әдебиеті мен мәдениеті болмайды деген қисын ең рабайға келмейді. Ол өзінің тұрмыс-тіршілігіне қарай жаңа түр тауып алғаны даусыз. Қазақ эпосының осы кезде айрықша дамуы бұл пікірдің оңтайлылығына, шындықтан тұғандығына мықты

лелел. Олай болса, атты жалынды, түйсінің комынла жасалған рухани байлықтың мән-мағынасы да, қорытылған ой, түйінделген пікір атаулының бәрі де бізге асылдың сынығындай болуға тиіс.

Алтын Орда дәуіріне біз түгелдей ортақпыз. Ал оның негізгі әдеби тілі — қыпшақ тілі болса, онда қазақ даласы мен тілі жетекшілік сипатқа ие болғанынан қашсақ та құтыла алмаймыз. Парықсыздықпен "монғол-татар езгісі" дегендерді орынды-орынсыз даттаудың нәтижесінде тарихи жалымыздан айрылдық, қыпшақтың мөлдір де көркем сөздерін естімейік деп құлағымызды тығындап, бітеткенге мәз болып, жалғанның жартысындай сахараның рухани дүниесінен азар да безер болдық. Қазір ондай пигыл тас-талқан болып жатқандай Сайф Сарай, Хорезми, Кули Гали, Дүрбек, Лутфи, Әли Атай, Рабғузилердің шығармалары "түркі тілдес халықтардың тарихын ғылыми дәлдікпен, көркем әдебиетке тән бейнелі сөздермен баяндайтын Мұхаммед Салихтың "Шайбанинаме", Захариддин Бабырдың "Бабырнамс" Мұхаммед Хайдар Дулатидің "Тарихи-и-Рашиди", Бейбарыс пен Халдун жазған "Қыпшақ шежіресі", Усман Кухистанидің "Тарихи-и-Әбілхаир-хани", Әбілғазының "Шежіре-и-түрік", Ұлықбектің "Сұлтандар шежіресі" сияқты" (Н.Келімбетов. "Қазақ әдебиетінің ежелгі дәуірі" А., 1986, 193-бет) ғылыми-зерттеу еңбектері бізге жат еместігін мықтап ұғынуымыз керек. Осылардан көркемдік таным-білікпен қатар ғылымның әр тарауына ыңғайы бар тұжырымдар мен ой-пікірлерді сұыртпақтап алып отыру — ендігі міндет.

Қазақ әдебиеті сынының арғы көздерін ашып, кәусәр ой, толымды пікір айтып кеткендерін азды-көпті үзінділермен-ақ дәлелдеуге болады. Ол үшін V-XVII ғасырлардағы жазба ескерткіштердің материалдары негізінде құрастырылған "Сөз атасы" жинағына ойлана көз жіберудің өзі-ақ жеткілікті. "Ауыздың көркі — тіл, тілдің көркі — сөз", "Жанжалдың шоғы қызарса — ақылдың суын сеп", "Білім — адамның байлығы, ердің дәулеті", "Надан тілін безесе, ақылды аңырып қалады" (С. Сарай), "Ойлай білген ер көзсіз батырдан мың есе қымбат", "Ізгі оймен ашатын есікті катты жаппа", "Біреуден күнә іздегенше, өнерізде", "Бакка кірсең, тікен тергенше, гүл жина" (Құтб), "Данышпанның тілеті де карапайым келеді" (М. Әли), "Аз-аздан үйреніп дана болар" (Ә. Науаи), "Әр үйдің өз ханы бар", "Бір торге екі торе сыймайды" (Әбілғазы), "Өз жүрегін тазарта білген бүкіл елді ұры-қарадан қорғай біледі" (Рашид-Әд-дин) сияқты ойлы да өрнекті сөз орамдарын молынан кездестіреміз.

Қай елдің әдебиеті болса да әрқашан карапайым ұғым-

түсініктен жетіле бедерленеді, көркем образ жасау дәрежесіне көтеріледі. Міне, осы кезеңдерде бейнелі сөздер мен кемел ой, кем-кетікті байқағыш сыншылдық көзқарас катарласа жүріп жатады. Сәті түссе, әсіресе әл-Фараби мысалын еске алсақ, ғылымға айналып, шын мәніндегі эстетикалық таным-білік қалыптасады. Осылардың бәрі аспаннан даяр түседі деп есептемей, аузымызды құр шөппен сүртіп, "Жоқ еді, болмаған да, надан едік" дегенді өзіміз айта бермей, басқалардың белгілі мақсат үшін пайдалануына жол бермей, көне дәуірдің көрікті ойларына айрықша мән беріп, өз табиғатымыздан туындаған кемеңгерлік екенін әрқашан қадай айтуға тиіспіз.

Бір мәселеге назар аударған жөн. Біз осы уақытқа дейін Абайға дейінгі көркем дүниеміздің бәрі ауыз әдебиеті — фольклор деп келдік. Осы қағиданың шындықтан алыс екенін Мырзабек Дүйсенов 70-жылдары "Қазақ әдебиеті" газетінде көтеріп, ақын-жыраулардың өз алдына бөліп шығару идеясын айтқанымен, дабыра атақ-данқ іздегендер тоқырау жылдарында шын ғылыми арнадан сырт қалды, парасатымыздың өрлеу бағытын адастырып, жәреуке күйге түсірді. Қате қағидаға айналған көзқарас, яғни "қазақ әдебиеті Бұқарға дейін болған жоқ" деген жалған тұжырымнан аса алмадық. ҚазМУ-дың профессоры Б. Кенжебаев бастаған әдебиеттанудың тарихи мектебі, оның ғұламалары Х. Сүйіншалиев, М. Жолдасбеков, А. Қыраубаеваларға қосыла Мұхтар Мағауиннің қазақ хандығы тұсындағы рухани байлығымыздың сыр-күпиясын анықтауы, әдебиет ғылымын едәуір ілгері жылжытқаны, шындыққа жақындатқаны рас. Алайда талай өнімді ойлар, оның ішінде М. Дүйсенов көтерген проблема әзірге тиянақты шешімін таба қойған жоқ. Өз әдебиетіміздің ұлттық дәстүріне енді селкос қарауға болмайды. Ауыз әдебиетінің табиғатын айқындау арқылы тарихта аты қалған ақын-жыраулардың кол-көсір мұрасын көшпелі тұрмыс шындығы туғызған қазақ әдебиетінің өзіндік ерекшелігі ретінде көрсету қажет.

Ауызекі тараған дүниенің бәрі бірдей фольклор емесін қазақ әдебиеті көрсетіп отыр. Халықта жазу болмаса құйма құлақ болған, сөз қадірін түсінетін таным-білік болған. Оны шашау етпейтін тарихи-көркемдік жады болған.

Бір дәуірде өзінің жазуы, сол негізінде өскен әдебиеті мен мәдениеті бар елдердің әр қилы тарихи тауқыметтерге байланысты өз дәстүрінен айырылып қалып, сахнадан шығуы не басқа бір мықты мәдениеттің шылауында кетуі болып жатқан процесс. Оған кішігірім халық-этностардың 70 жыл ішінде жұтылып кетуінің өзі-ақ дәлел. Ал қазақ халқының

құрамына кірген ру-тайпалар қошіп-қонып жүргенде өздерінің көне алфавитінен көз жазып, монғол жаугершілігі тұсында қол үзіп алғандығының өзі жаттан алу қабілетін дамытқанын, "құйма құлақтарды" көбейткенін, сөйтіп көркем әдебиетті ғана емес, бүкіл тарихи түжырымдарды, өмірлік тәжірибелерді ауызекі сөзге айналдырып жібергенін енді аңғармау әбестік болар еді. Өнгені былай қойғанда, халықаралық қатынаста елшінің бар ақыл-парасаты ғана емес, үстап барған сөзі, бекітер түйіні, пәтуаға келген мәселелер ауызекі айтылып, өмір қажетіне айналғанда, онер арнасы кең ашылып, шешендік жанр, билер сөзі көркемдік сахнаға шыққан жоқ па? Шынайы өнер екені айрықша қадірлеуімен-ақ дәлелденген той.

Ал қазақтың әншілігі жайынан да осындай ой толғауға болады. Мал соңында айдалада оңаша жүру, арасы алшақ ауылға барып-келу машығы әр адамнан ой теңізінде жүзуімен қатар өзінің вокалдық дарынын ягни даусын байқап алуына мол мүмкіндік бергендігін кім жоққа шығармақ. Сегіз сері, Біржан салдардың ғажап композиторлығы өріс алуына, әнші-ақындардың көп шығуына негіз болғандығын ескеріп, "профессионалдық театры, өнері, мектебі, консерваториясы болмаған, бәрі де Қазаннан кейін туды" деген жәреуке жалғандықтан іргені аулақ салу керек.

Мәдениеттің екі үлы арнасынан шыққан рухани қуат айтыс жанрында басы бірігіп, бір халықтың көркемдік талап-талғамынан қайталанбайтын дәстүріне айналып кеткеніне дұрыстап мән бермегендіктен, талай парасатсыздық жасағанымыз бүгін көрініп отыр.

Қазақ өнері, оның ішінде сөз өнері әдемілік пен сұлулықтың, эстетикалық ләззаттың қайнар бұлағы болумен қатар үлкен мемлекеттік, қоғамдық-әлеуметтік деңгейге көтерілгенін естен шығармаған абзал. С.Мұқанов: "Сыпыра жырау, Асан қайғы, Бұқар жыраулар XIX ғасырға дейінгі қазақ ақындарының символы. Олар хан қасында отырып, батырларды жырлаумен қатар, сол кездегі мемлекет мәселесін шешуге қатысқан. Абылай хан мемлекет мәселесін шешерде Бұқар жыраумен үнемі ақылдасып отырған" ("Айтыс", I том, 1942, 11—12-бет) деген идеяны 1942 жылы айтса да, біз оған дұрыстап мән бермедік. Өйткені хан дегеннен, би дегеннен зәремиз ұшты да, әдебиеттің қоғамдық парыз-міндетін естен шығарып алдық. Ал ақыл-сана жүрген жерде сыншылық көзқарас еріксіз араласып отаратыны табиғи процесс. Олай болса біз сонау қазақ хандығы құрылған заманнан әбден бодан болғанға дейінгі, ягни XIX ғасырға дейінгі жыраулық поэзиямызды дейміз бе, әлде ауызекі әдебиетімізде дейміз

бе, әйтеуір бүкіл қазақ қауымының кереғі, шындығы жыр шумағына өрілгендігі тарихи құбылыс. Біз басқа елдердің мәдениетінде болғанды сол күйінде, сол пішінде қазақ әдебиетінің үлгілерінен іздемей, өзіміздің тұрмыс-тіршілігіміз, эстетикалық ортамыз үшін жасалған туындылардың ерекшеліктерінен, қадір-қасиетінен тауып, мән-мағынасын аша алсақ, сонда қазақ деген халықтың өзіндік сана-сезімі, ақыл-есі ғана емес, көркемдік таным-түйсігі, сыни ой-пікірі болғандығын айна қатесіз дәлелдейміз.

Қазақ халқының тарихи сахнаға шығып, өз қалауымен өмір сүрген заманында, ягни бодандыққа дейінгі кезеңде қандай сана-сезім биігіне көтерілгенін сөз өнерінен анық байқаймыз.

К. Маркс "Тіл мен ойлау — еңбектің жемісі. Тіл ойдың сыртқа шыққан көрінісі" дейтін болса, оны Асан қайғы "таза мәнсіз сөз — ой түбінде жатады, ой түбінде жатқан сөз — шер толқытса шығады" деп, поэзиямен бейнелеп жеткізгенін, керемет даналық түйін жасағанын байқаймыз. Ақтамбердінің: "Білімді туған жақсылар — аз да болса көппен тең. Жақсысы кеткен ауылың — өртеніп кеткен жермен тең" немесе Бұқардың "Үлгісіз сөз болмайды, мақтасыз бөз болмайды", қазақтың азаттық жолындағы күресінің алғашқы жыршысы Махамбеттің:

Жаманнан туған жақсы бар
Атасын айтса нанғысыз.
Жақсыдан туған жаман бар
Күндердің күні болғанда,
Жарамды бір теріге алғысыз,—

дегендерінің бәрін тек моралистік шумақтар деп қойсақ, онда қазақ кемеңгерлігінің көп сырын аңғармай қаламыз.

Қазақ халқы көркем сөзді өз тірлігінің түтқасы деп білген, күрес құралы еткен. Ол тек көңіл көтерудің, ойын-сауықтың ермегі емес, ел мен елді табыстырған елшінің тілі, ру мен руды татуластырған бұғалық, мемлекет басқарған хандарға әлеуметтік ақыл-кеңес, көпшілік мәдениеттің сырт көзге көрінген сахнасы, өткенмен қордаланып, бүгінгімен жарқыраған тарихи жады, көркемдік әлеміндегі өзіндік таным-біліктің әсем де ажарлы қоржыны екені даусыз. Өйткені "Асан қайғы, Қазтуған, Шалкиіз, Бұқарлар айтқан толғауларға қарап отырсақ, терең ойлардың толқынында жүргендей сезінеміз. Олар өмір, тарих, адам жөнінде ғажайып тұжырымдаулар, толғау-түюлер айтады" (Ә.Тәжібаев, Қазақ драматургиясының дамуы мен қалыптасуы, 1971, 20-бет).

Жалпы адамзат тірлігінде жақсы мен жаманды, сұлу мен ажарсызды, ізгілік пен зұлымдықты қарсы қойып суреттеу, көрсету мықты дәстүрге айналған болса, сол машық қазақтың, әсіресе, ауызекі әдебиетінде, яғни жыраулар поэзиясында классикалық биікке көтерілді. Дүниені салыстыру, теңестіру, қарама-қарсы көрсету, әсіресе, күлакпен естіп отырғанды көзге елестетіп, санаға қүюдың ең төте жолы болса керек.

Сонымен қалыптасып қалған қате түсініктен, жетесіздіктен құтылғанда ғана өз тарихымыздан өзекті арналар табамыз. Қазақтың сыни ой-пікірін зерттеген уақытта европалық тұрғыдан қарау, соған бейімдеу қатерлі де қате. Әр халық өзінің көркемдік таным-білігінен өнікті ой тапқанда ғана адамзат әлеміне бекер келмегендігін түсінеді, ұғады. Міне, сондықтан көне заманда туған көркті ойларды қазақ әдебиеті сыны тууының бір қайнар көзі ретінде қарастыру ғылыми жағынан дұрыс, эстетикалық тұрғыдан өнімді жол болмақ.

3. ҚАЗАҚТЫҢ ҰЛЫ АҒАРТУШЫ-ДЕМОКРАТТАРЫНЫҢ СЫНИ ОЙЛАРЫ

Өз заманының саяси-әлеуметтік мәселелері жайында талай толғанған Шоқан, Ыбырай, Абай көркем әдебиет туралы көптеген соны ойлар мен тың пікірлер айтқан. Ұлы ағартушы-демократтар қазақтың сыншылық ойын оятып, құнарлы арнаға асыл дәндер екті. Көркем сөзге эстетикалық талап қою, оған тиісті баға беру, насихаттау, ұғындыру, түсіндіру мақсатындағы ой-пікірлер қазақ әдебиет сынының туа бастауының белгісі.

Қазақтың тұңғыш ғалымы Шоқан Уәлихановтың еңбектерінің қайсысы болса да әрі қызықты, әрі тартымды жазылып, көркемдік бояулары ажарлы, публицистикалық сазы қалың болғандығы Т. Н. Потанинге "қазақ халқы оның жазғандарын оқыса, Шоқан өз халқының данышпаны болар еді және өз елінің әдебиетін өркендетуге негіз сала алар еді" деген пікір айтқызған болатын. "Жоңғария очеркі", "Ыстықкөл сапарының күнделігі", "Шығыс Түркістан", "XVIII ғасырдың батырлары туралы тарихи аңыздар", "Қырғыздың ататегі" және т.б. еңбектері ғылыми тереңдігімен қатар, оқушыны бауран алатын көркемдік қасиеттерімен де құнды. Қоғамдық ғылымдардың саласы

туралы жазған еңбектерінде Шоқанның оқымыстылық парасаты мен сыни көзқарасы ажырамас бірлік тауып, үлкен әлеуметтік мәнге ие болды. В. Г. Белинскийдің: "Сумароковтың жазған мақалаларында сол замандағы қоғамның күйі мен рухының көп сыры бар. Сол шығармаларымен өзінің нағыз сыншы екенін танытты, тек өнер мен әдебиеттің ғана емес, сол дәуірдегі сана-сезім, ақыл-ойдың да, әдет-ғұрыптың да сыншысы екенін танытты" (Үш томдық 1948, II том, 377-бет) дегенін түгелдей Шоқанға бағыштаған орынды.

Шоқан қазақ ауыз әдебиетінің үлгілерін көп жинады және қажетті кезінде пікір айтып отырды. Қырғыз халқының ұлы дастаны "Манас" туралы ғылыми қорытындылар жасап, орыс тіліне аударды. "Қазақтың халық өлеңінің түрлері туралы" ғылыми еңбек жазды. Өзінің басқа шығармаларында әр елдің әдебиеті, аңыз-жырлары жөнінде тамаша ойлар айтып, көзқарасын білдіріп отырды. Сөйтіп Шоқан әдебиет туралы талай құнды пікірлер айтып, өзінің белгілі көзқарасы болғаны Ш.Сәтбаеваның "Шоқан - әдебиетші" монографиясында кең айтылған.

Шоқанның әдеби-эстетикалық көзқарасының дәйектілігі мен құнарлылығын дәлелдейтін еңбектері өте мол. Өзгенің бәрін былай қойғанда, қырғыз халқының "Манас" эпосы туралы айтқандары күні бүгінге дейін ғылыми мәнін жоймай, дүние жүзіндегі ең үлкен эпосты зерттеушілердің аттанар өрісі болып отырғаны осының айғақты дәлелі. Шоқан — "Манасты" бірінші жинаушы ғана емес, оның қоғамдық-әлеуметтік мәніне, көркемдік құнына тұңғыш рет дұрыс ғылыми анықтама жасаған ғалым. "Сөз жоқ, қара қырғыздардың халықтың кемеңгерлігінің ең басты және бірден-бір шығармасы —"Манас". Ол өлеңмен шығарылған эпос. "Манас"—белгілі бір дәуірге және бір адамның, атап айтқанда, Манас батырдың төңірегінде бүкіл қырғыз мифтарын, ертек, аңыздарын топтастырған энциклопедия. Бұл — дала Илиадасы. Қырғыздардың тұрмысы, әдет-ғұрпы, тіршілік жайы, діни және медициналық түсініктері, олардың басқа елдермен қарым-қатынасы осы ұлан-ғайыр эпопеядан анық байқалады. Бұл поэма, біздің ойымызша, соны қосналар мен өзгерістерге ұшыраған тәрізді. Мүмкін, прозалық жұмықтардан (яғни ертегілерден —Т.К.) өлең түріне аударылуы, біртұтас қалыпқа келуі кейінгі заманның ісі болар. Манас біртұтас болып көрінгенмен, әр түрлі эпизодтардан құралған. "Семетей" эпосы — "Манастың" жалғасы — дала "Одиссеясы" (Бес томдық, I том, 1961, 490-бет. Бұдан былай томы, беті көрсетіледі — Т. К.) Сондықтан

ол "халықтық эпос" деп бұдан бір ғасыр бұрын ғылыми қорытынды жасау Шоқанның шын мәніндегі ғалымдық көрегендігін, асқан ғұламалығын танытады.

Шоқанның "Манас" эпосы туралы айтқан пікірлері мен тұжырымдары эстетикалық талап-талғамы әбден қалыптасқан, социологиялық талдау-анализі мейлінше жетілген, оқымыстық парасаты айрықша мол әдебиеттің ғалымның сипатын анық аңғартады. Шоқанның ұлан-ғайыр еңбектерінен қазақ халқының өнерпаздық дарыны жайындағы пікірлерді, әсем үн, келісті мақам, үйлесімді ырғаққа құмарлығын, құлақ құрышын қандыратын өлең-жырлардың қандайлық поэтикалық қасиеті бары туралы шұрайлы ойларды молынан кездестіреміз.

Қазақ халқының ақынжандылығын, көркем сөздік қасиетін қадірлей білетіндігін Шоқан шығысты зерттеуші ғалымдардан көп бұрын айтқан және сөз өнерінің сыртқы көрінісіне ішкі маңызын қабыстыра, терең зерттеп айтқан. "Оңтүстік сібір тайпаларының тарихы жайында" деген еңбегінде Европаның халықтары мен оның зиялыларының көшпелі тайпалар мен елдерді әлі күнге дейін тағылық деңгейіндегі надан халықтар деп түсініп келе жатқандығына Шоқан қарсы шығып: "Бұл тағылардың басым көпшілігінің жазбаша да, ауызша да әдебиеті мен аңыз-жырлары бар. Жазба әдебиеті барлар — моңғолдар мен жоңғарлар, ал ауыз әдебиеті барлар — моңғол-түрік тұқымдас көшпелілер. Дала халқы — қазақтар өзінің моральдық жағынан да, ой-санасы жағынан да отырықшы қара шекпендерден, татар, түріктен әлдеқайда биік. Поэзияға құмарлығы, әсіресе, өленді шығарып айтуға құмарлығы — көшпенділердің айқын бір белгісі" (I том, 390-бет) деп пікір айтты да, мұның негізгі себебіне назар аударды. "Дала көшпелілерінің поэзия мен шынайы сезімділікке бейім болуына өмір бойы табиғат құшағында жүруі, жасыл желекті даланың, ашық аспанның көріністері мен көшпенділік тұрмысы әсер етпесіне кім кепіл" деген оңтайлы ой айтып, осының сырын түсінуге үндеді.

Жалпы көшпелі елдерге, әсіресе, Оңтүстік Сібір тайпаларына тән осы қасиетті айта келіп, Шоқан "өзінің поэтикалық дарындылығы жағынан қазақтар бірінші орынға ие екеніне дау айту қиын" деп білді. Мұндай пікірді көптеген ориенталистер, әсіресе, В. Радлов пен Г. Потанин ашық айтты. Тіпті олардан бұрын, А. Левшиннің 1832 жылы "Кез келген қазақ — суырып салма ақын, көзіне түскеннің бәрін өзінің ақыл-ой, сезіміне лайықты суреттейді". (Описание... III бөлім, 136-бет),— деп ой түюі Шоқан тұжырымын дәлелдей түседі. Шоқан қазақ халқының поэтикалық

қуатына, оның әрбір өлең-жырының тарихи оқиғалардан туып, кейінгі ұрпаққа мұра болып қалып келе жатқандығына және бір тамашасы, ешбір бұрмасыз, қоспасыз тарихи шындығына сай жетік отыратындығына ерекше мән берді. Тарихи шежіре деп те санады. Әр кезеңде жасаған ақындар өз заманындағы ұлы оқиғаларды жырға қосып, халықтың жүрегінде қалдыра білді, соның нәтижесінде шежіреге айналды, елдің әдет-ғұрпы, мақал-мәтелдері, әсиет-нақылдары дастандар арқылы бүкіл бір халықтың әлеуметтік және өнерпаздық тіршілігінің толық картинасын жасап берді деп түйіндеді.

Шоқанның: "Қазақтардың көне ауыз-ертегілерді таза қалпында сақтай білгендігі қайран қалдырады, ол ол ма, өлең түрінде таралған дастандардың қазақ даласының қай түкпірінде болса да егіз қозыдай болуы, яғни бір кітаптың көп данасындай бір-бірінен айнымайтын бірлейлігі мүлде қайран қалдырады. Көшпелі, сауатсыз халықтың ауызша таратқан шығармаларының осынша дәлме-дәл болуы таңғажайын" (I том, 391-бет) деп ой түюі шығыстану ғылымында бірінші рет тұжырымдалған пікір болуының үстіне, сырттай тон пішіп, долбарлай салатын ориенталистерге қарсы бағытталды. Г. Потанин қостап, "қазақ халқы өтірік айта білмейді, ақындық жанынан туған шығармалардың бәрі де тарихи шындыққа сай нақты деректермен дәлелденеді" деп айрықша бағалаған болатын. Демек, халық творчествосының арғы негізі қазақ елінің басынан өткен тарихи оқиғалардан туып, кейін шежірелік сипатқа ие болды деген Шоқан тұжырымы әдебиеттің әлеуметтік мәнін жете түсінуге бағытталған тұңғыш ғылыми қадам екенін ешуақыт естен шығармауымыз керек. Осы тұрғыдан алғанда, күні бүгінге дейін мәнін жоймаған тамаша бір тұжырымы, яғни "Жазу дәстүрі болмаған көшпелі халықтар мен тайпалар тарихының ең негізгі қайнар бұлағы олардың шындыққа жанасымы бар аңыз-ертегілері және қарым-қатынас жасаған мәдениетті елдердің жылнамаларында ізін қалдырған үзінді деректер болды және бола бермек" (I том, 346-бет),—деп ескерткенін естен шығаруға болмайды, өйткені біздің тарихи өткеніміз ғана емес, бүкіл көркемдік-эстетикалық, этика-педагогикалық, тіпті саяси-әлеуметтік таным-біліктеріміз жалғаны жоқ сөз өнеріне тікелей байланысты. Олай болса XVIII ғасырға дейін өмір сүрген ақын-жыраулардың толғаулары ғана емес, Алтын Орда заманында туған батырлар жырының, аңыз-ертектердің ел тарихы үшін айрықша мәні бар. Сондықтан Шоқан өзінің осы көзқарасын бар еңбектерінде әдейі қолданып отырды.

Аполон Майковқа 1862 жылы жазған бір хатында: "Қазақтың өлең-жыры көп, ақылды бабаларымыз шығарып кеткен мақал-мәтелдер мен нақылдары телегей-теңіз" екенін айтып, қазақ жырлары жайындағы зерттеуін жолдамақ ниеті барын хабарлайды. Шоқанның бұл еңбегі әзірге бізге беймәлім. Алайда қазақ поэзиясының өсіп-өркендеу және ішкей жіктелуі жайындағы алғашқы еңбектерінің бірі — "Қазақтың халықтық поэзиясының түрлері туралы" деген зерттеуіне айрықша назар аудару қажет. Өйткені бұл еңбекте өлең-жырлардың жалпы мән-мақсаты ғана емес, олардың қалың тыңдаушыға қалай әсер ететіні, қай формада жететіні сөз болады да, Шоқанның эстетикалық талап-талғамы мен білігінің биік өресі айқындалады. Үлкен бір зерттеудің үзіндісі іспетті осы еңбегінде Шоқан өз тұсындағы қазақ поэзиясын бес түрге (формаға) бөледі. Бұл — поэзияның ішкі ерекшеліктерін ескере отырып айтылған тұңғыш эстетикалық пікір.

Қазақ әдебиеттану ғылымы Абайға дейінгі поэзиясында екі түр — жыр мен қара өлең түрі — болған деген тұжырым жасағанымен, ойланатын мәселелер жоқ емес. Шоқан өз тұсындағы қазақ поэзиясының сыртқы көрінісін, ішкі мән-мазмұнын үйқас, ырғақ жүйесін бес түрге бөледі. Олардың тууы, жетілуі, қолданылуы жайынан қызықты мәліметтер мен деректер келтірді. Шоқан "Жыр" мен "Өлең" түрлеріне мол тоқтап, "жылау", "қайым", "қара өлеңдердің" мәні мен ерекшелігін қысқа қайырған. Қазақ өлеңінің "жыр" түрі көбіне белгілі бір батырдың өмірі мен ерлігін баяндауға қолданылатындығын айтады да, "жыр дегеніміз — рапсодия. Жыр-ламақ етістігі үйқастырып айту деген мағынаны білдіреді. Дала жырларының бәрі де қобыздың сүйемелдеуімен айтылады... Жыр әдетте көне заманның атақты батырларының өмірі мен ерлігіне арналады. Батыр өмірінің бел-белесі, оның ерлігі, не керек, баяндауды тілейтін оқиғалардың бәрі де прозамен әңгімеленеді. Ал поэманың қаһарманы не басқа негізгі кейіпкерлері сөйлеуге тиіс болған кезде ғана өлеңмен жырланады" (I том, 196-бет) деген анықтама береді.

Батырлар жырынан нақты мысал алып, оның өлеңдік құрылысын талдамағанмен, Шоқан жырда әуен мен ойдың үйлесімді ("полная гармония азбуков и мыслей") шығатындығын атап көрсетеді. Шоқанның ерекше назар аударғаны — жырдың тарихи тағдыры. Жанақ, Орынбай, Шөже, Арыстанбайлардан бірқыдыру батырлар жырын естіп, жазып алған Шоқан қазақ поэзиясында жыр формасы ескіре бастады деп пікір айтып, "көне жырлар жаңа ұрпаққа

түсініксіз болғандықтан, жылдан-жылға айтылуы кеміп барады және оны білетіндердің өзі мүлде азайып келеді. Қобыздың сүйемелдеуімен жыр айту атақты ақын-импровизатор Жанақ өлгеннен кейін модадан шығып қалды" (1-том, 199-бет) деп жазды.

Тарихи деректер мен кейінгі даму барысы Шоқанның бұл пікірін қостамайды. «Өйткені Шоқанның аяғы жеткен өлкелерде жыр дәстүрі Батыстағыдай терең тамыр жая қоймағаны, Орта жүзде батырлар жыры онша жырлана бермеген соң, қазақтың басқа өлкесінде де жағдай осылай шығар деп жорамалдауы ықтимал. Сондықтан да "Домбыра мен соңғы шыққан өлеңдер қобыз бен жырды мүлдем ығыстырып тастады" деген пікірді тарихи шындық деп қабылдау қиын. Жырдан кейін Шоқан қазақ поэзиясында жиі кездесетін жоқтауға тоқталып, оның кімге, қалай арналатындығын баяндаған. Шоқан жоқтауды "жылау" — "надгробная песня" деп түсіндірме берген. Айғаным мен атастырылған 14 жасар қыздың жоқтауы жыр үлгісімен жырланатын адамның жан-жүйесін босататын әсерлі, қайғылы шумақтар екендігін хабарлайды.

Шоқан қайым өленді: "Үйлену тойы кезінде жігіттер мен қыздардың сұрақ-жауап түрінде айтатын өлеңі... Бұл өлеңдер кейде жұмбақ, арнау, кейде қалжың-қағытпа боп келеді, кейде тым анайылау кететіні де бар",— деп түсіндірме беріп, қазақ поэзиясының бір түрі деп тапқан. Содан кейін Шоқан қара өлеңнің төрт жолдан құралып, белгілі мағынаны білдіретіндігін, көбіне үнге салып айтылатындығын айқындайды. Ал Шоқанның қазақ поэзиясын жіктеуінде бесінші түр — "Өлең" деп аталады. "Бұл түр қазақ поэзиясына соңғы елу жылдың ішінде енді, қазіргі ақындар оны шығарып айтуға да, ұзақ сонарлы дастанды жырлауға да қолданады. Бұл түрдің қазақ поэзиясына сіңісіп кетуіне Орынбай мен Шөже көп еңбек сіңірді. Бұл түр бізге татар поэзиясынан ауысты деген пікір айтып, оған дәлелдер келтіреді де ақындар өлең формасын өлең шығаруға ыңғайлы деп импровизацияға қолданады, бұл түрге олар қазір әбден машықтанып алды" (1-том, 211-бет) деп тұжырым жасаған. Шоқанның осы мәлімдемесін ескеріп, он бір буынды өлең қазақ поэзиясының ең көне түрі деген мәселеге ойлана қараған жөн сияқты. Өйткені қазақ поэзиясының бар дәуірлегі, әсіресе XVIII, XIX ғасырдың алғашқы ширегіндегі ақындардың өлеңдерінің басым көпшілігі (тіпті барлығы) жыр үлгісімен келетіндігін ұмытпайық. Ал XIX ғасырдың екінші жартысынан былай қарай ақындардың шығармаларында он бір буынды өленнің белең алып, біркылыру мол кездесуі

Шоқанның жыр формасы ескіріп бара жатыр деп пікір айтуына негіз бола алғандай.

Шоқан "өлең" түрінің құрылысын басқа түрлерге қарағанда ашығырақ талдайды. "Өлең төрт жолдан құралады, алдыңғы екі жолы мен төртінші жолы силлабикалық жүйемен бір ырғаққа үйқастырылады, үшінші жол үйқаспайды" деп анықтама береді де, қазақ поэзиясының үлгілеріне араб поэзиясының мөлшері сай келе бермейтінін", әр поэзияның өзіндік ерекшелігі болатынын ғылыми тұрғыдан дәлелдейді.

Шоқан осы еңбегінде қазақ поэзиясын туындыратын, оны ұрпақтан ұрпаққа- жеткізетін өнерпаздарды сала-салаға ажырата жіктейді. "Өлеңші" "ақын" деген атаулардың Шоқан талдауында біраз жігі ашылды. "Өлеңші" дегенді "жыршы" - мағынасында түсіндіріп, кейінгіге мұра болып келе жатқан шығармаларға олар өз тарапынан тек кіріспе мен соңғы сөз қоса алатындығын хабарлады. Ал "ақын" деген сөзді өз жанынан өлең шығаратындарға лайықтайды, бірақ кейде оларды да "өлеңші" деп кететін кезі жоқ емес. Бұл топтау процессі Е.Ысмайыловтың "Ақындар" атты монографиясында оңтайлы шешімін тапты.

Сыни ойдың таң шапағында осындай эстетикалық категорияларға Шоқанның ой жүгіртуі, зерттеу жұмысын жүргізе беру қажеттігін ескертуі игі бастама екені айдан-анық. Әрине, Шоқан тек қазақ поэзиясының табиғатын зерттеумен ғана шұғылданса, талай соны ойлар мен пікірлер айтары хақ еді. Жол-жөнекей айтқан пікірінде осындай эстетикалық жүйелерге көз тастауы, мәнді де жаңа тұжырымдар жасауы оның сыншылық көзқарасының терендігі мен молдығын аңғартып, профессионал әдебиетші деңгейіне көтерілгенін көрсетеді. Сонымен Шоқанның әдебиет туралы айтқан шұрайлы ойлары мен зерттеулері қазақтың сыншылық ойын ғылыми өнірден өрбітіп, кең арнаға басталы. Қазақ халқының рухани байлығын ғылыми тұрғыдан зерттеп, тұжырымды пікірлер айтқан Шоқанның тарихи еңбегі қазақтың сыни ойы мен әдебиеттану ғылымының қарлығашы болды.

Қазақ мәдениетінің ұлы өкілдерінің бірі — Ыбырай Алтынсарин ілгерішіл ой-сананы ғана емес, эстетикалық талап-талғамды да қалыптастыруға зор үлесін қосқан дарын. 1879 жылы "Қырғыз (қазақ) хрестоматиясын" жасауының тарихи мәні айрықша зор. Өйткені "дарындылық қасиеттерімен көзге түсіп, бүкіл адамдық өмір майданында ақындық қабілеттік, таза және қуатты ойлардың таусылмас асыл қазынасымен көрінген халықтың әдебиетіне негіз болуға мүмкіндігі бар қазақ тіліндегі бірінші кітаптың" әрине, жөні ала-бөтен ("Оренбургский листок" газеті, 12.12.1879).

Ы.Алтынсарин мұрасын зерттеушілер хрестоматияның әдебиеттік және педагогикалық мәнін ашып, мәдениет тарихындағы орасан зор орнын анықтаған уақытта, оның бір қырына назар аударлмай келді. Хрестоматияға енетін шығармалардың бәрі өзінің педагогикалық, мақсаты жағынан да, оқушыларды көркем сөзге баулуы, эстетикалық талап-талғамдарын қанағаттандыруы, қалыптастыруы жағынан да құрастырушыға үлкен міндет артады. Осы міндетті анық түсіну және ойдағыдай орындан шығарудың өзі барынша талғампаздықты, жүйелі білімдарлықты, неғін артық, неғін кем екенін аңғара алатын сыни көзқарасты талап етеді, яғни әрі педагог, әрі әдебиетші, әрі сыншы-ғалым болуы керек. Осы қасиет Ыбырайдың творчестволық тұлғасынан түгел табылады да, талап-талғамы әбден жетілген әдебиетші екендігін танытты, әдебиеттану ғылымының алғашқы ақсақалына құнарлы дән екті.

"Қазақ хрестоматиясы" негізінен Ыбырайдың төл шығармаларынан "құралып", педагог Ыбырай — ақын Ыбырайға, жазушы Ыбырайға айналып қана қоймай, сыншы-ғалым ретінде бой көрсетті. Өзінің төл шығармаларын, ауыз әдебиеті үлгілері мен аудармаларды белгілі жүйемен орналастыра білген Ыбырай сыншылық ой мен оқымыстылықтан кенде емес. Міне, осы қасиеттер "Қазақ хрестоматиясын" әдебиеттану ғылымының сонау XIX ғасырдағы үлкен көрінісі етті.

Ал Ыбырай Алтынсариннің "Қазақтарға орыс тілін үйретудің алғашқы нұсқасы" және араб әрпімен басылған "Мақтубат", мұсылман дінінің аят-хадисі негізінде жазған "Шарият-әл-ислам" атты оқулықтары "Қазақ хрестоматиясының" ғылымдық, педагогикалық және әдебиеттік өресінен көтеріле алмағанымен, сыни-оқымыстылық тәжірибені молайта түскені даусыз.

Ыбырай Алтынсарин- оқу құралдарын жасау, құрастырумен ғана шектелмей, өзінің қарауындағы мектептерде орыс мектептеріне арналған оқулықтардың қайсысын оқыту-оқытпау жөнінде пікір айтып отырған. Өйткені қазақ балаларына қандай кітаптарды оқытқан жөн, қайсысы пайдалы деген мәселеге творчестволық тұрғыдан қарай білудің өзі де сыни ойдан бастау алады. Демек, Ыбырайдың озық педагогикалық көзқарасы оның сыни ой-пікірімен бірлік тауып, утилитарлық мақсатқа жетудің жолын жеңілдетті. Ыбырай қазақтың әдет-ғұрпына байланысты бірнеше мақала жазғанмен, әдебиетке тікелей байланысты онша көп пікір айта қойған жоқ. Жора-жолдастарына жазған хаттарына қарағанда, ауыз әдебиетінің үлгілерін жинап,

бастырмақ ойда жүргендігі, бірақ жүйелі желіге түспей, игі ниет болып қалғандығы байқалады.

"Қазақ хрестоматиясын" жасау кезінде Н.Ильминскийге жолдаған хатында "Мысалдарды (басни) енгізгім келмейді, өйткені қатаң тұрмыста өскен қазақтарға бұдан гөрі мәнділерек әңгімелер керек. Мысалдарды қазақ балалары оқығысы келмейтінін, оқыса оған күлетінін, ал олардың ата-аналары: балаларымызға сауысқан мен қарға сөйлеседі деген сияқты жоқ нәрсені үйретеді деп ренжитінін тәжірибемнен білемін. Қазақ балаларына меніңше, мағыналы әзіл-қалжыңдар, жұмбақтар, ойына ой қосатын әңгімелер немесе оларды қызықтыратын, мысалы, жібек құрты көбелектерінің өзгерулері сияқты, құндыздың өзіне үй салып алатыны сияқты әпсаналар тәуірірек болады. Өлең жағын мен мүмкін болғанынша, қазақ өлеңдерінің арасынан іріктеп аламын" (Избранное, 1957, 87—89-бет) деп жазды. Оның бұл пікірі Л.Н.Толстойдың "Балаларды формамен алдауға болса да, мазмұнмен алдауға ешболмайды. Шын мәнділікті, көркемдікті немесе гибраттылықты талап ету бізден гөрі балаларда күшті болады" дегенін еріксіз еске түсіреді.

Алтынсариннің қай еңбегі, қай шығармасы болса да оның утилитарлық көзқарасын айқындап отырады. Неніңпайдалы, неніңзиянды екендігін әрқашан сыншылық електен өткізіп отырады. Қазақ тілінің тазалық сақтау мәселесіне Ыбырай айрықша мән берді. Қазанда басылатын кітаптарда да, әкімшілік жолымен қазақ еліне жіберілетін хат-хабарлар мен жарлықтарда да қазақ тілінің тазалығын сақтау қажеттігін ескертіп отырды. 1862 жылы Н.И. Ильминскийге жазған бір хатында Ыбырай "Қазақтың табиғи тілін бұзатын татаризмге өте қарсы екенсіз, ал мен де көптен бері осы пікірде болатынмын" (Таңдамалы, 1955, 270-бет) деп жазып, прогрессивті мәні бар пікірлерге ойысты. Ы. Алтынсарин "Татарша жазу қазақ тілінің тазалығына және бүтіндігіне зиян келтіретінін" (сонда, 279-бет) айқын айтып, саналы түрде күрес жүргізді.

Қазақ тілінің тазалығын сақтау жолындағы күрес Ыбырай Алтынсариннен басталған. Шоқанның да бұл жайлы жазғандары бар, бірақ Ыбырайдай принциптік деңгейге жеткізбей, жол-жөнекей ғана айтқан. Бұл мәселенің Қазан революциясына, тіпті бүгінгі күнге дейінгі қазақ қоғамының ең бір түбегейлі проблемасы болғаны Абай мен Сұлтанмахмұттың сыншылық ойларынан, газет-журналдарда жарияланған материалдардан анық байқалады.

Ана тілінің тазалығын сақтауды Ыбырай тек жалпылама түрде көтереді, араб, парсы, татар тілінің сөзі болса, оның

пайда-зиянына назар аудармайды деп үғуға ешболмайды. Тілдің шұбарлануына қарсы күрес ашқан уақытта Ыбырай ұтыс пен ұтылысты түгелдей ескеріп, аса сақтықпен пікір айтқан. "Қазақтың төл тілінде қажетті сөз табылмай қалған жағдайда, кейбір парсы немесе араб сөздерін" (сонда, 271-бет) пайдаланудың еш сөкеттігі жоқ", деген пікірінің ғылыми тұжырымға негізделгенін байқаймыз. Демек, Ыбырай Алтынсарин тілдің сөздік қорын байытатын, түбінде қазақ тілі жатсынбайтын, лексикалық байлығын арттыратын "қажетті" сөздерден безбеу керек, пайдалану керек деп бірден-бір дұрыс пікір түйген. Мәселе — тілді орынсыз шұбарландыратын шала сөздер мен тіркестер, тілдік грамматикалық құрылысында жаттығы сезіліп тұратын орамдар, баламасы бар сөздердің орнына қайдағы бір түсініксіз сөздерді тықпалаудың зиянды екендігі жайында болып отырғаны өзінен-өзі түсінікті. Ал сол дәуірде мұндай пікірді айтып, насихаттаудың өзі үлкен прогрессивті құбылыс еді.

Сонымен Ыбырай Алтынсарин ең алдымен әйгілі "Қазақ хрестоматиясын" ғылыми жүйемен жасап, ана тілінің тазалығын сақтау жолында саналы күрес ашу арқылы қазақтың қанат қаға бастаған сыни ойына үлкен олжа салды.

Қазақ халқының әлеуметтік ой-пікірінің оянуы ғалымдық, педагогтік тұрғыдан ғана емес, эстетикалық тұрғыдан басталғаны да белгілі. Шоқан мен Ыбырай қоғамдық ой-санасының әр саласына лайықты құнарлы ой, тұжырымды пікірлер айтқан уақытта Шоқан өзінің асқан ғалымдығымен, Ыбырай тамаша педагогтігімен жарқырап көрінеді. Ал Абай өзінің эстетикалық арнамен көркемдік дүниесін тапты да, "көңілдегі көрікті ойдың ауыздан шыққанда өңі қашпауына" күш салды.

Қазақтың жаңа жазба әдебиетінің негізін қалаған, әдеби тілді қалыптастыруда орасан зор еңбек сіңірген ұлы Абай тұңғыш рет реалистік әдісті өзінің шығармаларында бар сыр-сипатымен, мән-мақсатымен жүзеге асырды. Адамның жан жүрегін тербейтін, ұлан-ғайыр әдемілік пен сұлулық күндағына бөлейтін, сана-сезімді әлдилеп ұятатын Абай поэзиясы — ермек таба алмаған жарым көңілдің ызың емес, өз заманының кем-кетігін жетік білген, оны түзетейін деп өлек болған ұлы ойшылдық күрес құралы. Сондықтан да ол өлеңге де, үнге де, оны шығарушы өнерпаздарға да қатаң эстетикалық талаптар қойды. Данышпан Абай ақындық сөздің әлеуметтік мағынасына және ақын-жазушының қоғам алдындағы міндеті мен парызына айрықша мән берді. Көркем

сөздің зор әлеуметтік-қоғамдық маңызын үккан кемеңгер ақын өзіне де, өзгеге де өрелі талап қойды.

Абай — қазақ әдебиетінде сыншыл реализм әдісінің негізін салған дарын. Оның шығармалары жеке адамның қара басындағы кемшілікті әжуалаудан гөрі қоғамдық құрылыстың кем-кетігін сынау-мінеу дәрежесіне көтерілген. Дидактикалық, моралистік әуендерден гөрі Абай шығармаларында сатиралық шенеу басым. Сатираны өз өнерінің ең қуатты арнасына айналдырған Абай қоғамдық мәселеге сын көзімен қарап, өз үкімін шығарып отырды. Демек, оның сатирасы мен сыншылық ойы бір өңірден өрбіп, әрқашанда бірін-бірі толықтырып отырды да, үлкен әлеуметтік мәнге ие болды.

Абайдың эстетикалық ойлары мен сыншылық пікірі алдымен өнер иесі — ақын, композиторлар кім, олардың қоғамдағы орны қандай деген түбегейлі мәселеден өрбіді.

Ескі бише отырман бос мақалдап,
Ескі ақынша мал үшін тұрман зарлап,—

деген уақытта Абай ең әуелі өнердің саудаға түспеуін, оны кәсіпке айналдырмау керектігін айрықша ескертеді. Егер өнерпаз кәсіпқорлықты көздесе, онда оның қадір-қасиеті болмайды ("қазаққа өлең деген бір қалірсіз, былжырақ көрінеді бірі дандақ"), ол өзінің негізгі қоғамдық нысанасын орындай алмайды деп білді. Мұндай "өнерге" ден қоюшыларды аянына әшкереледі де:

Сый дәметпе, берсе алма ешадамнан,
Нең кетеді жақсы өлең, сөз айтқаннан.
Сүйінерлік адамды құрмет қыл,
Аулақ бол жіп сатып, нәрсе алғаннан,—

деп өзінің сөзіне құлақ салатын шын өнерпаз — дарындарға ақыл айтады, тіпті:

Өлеңі бар өнерлі інім сізге
Жалынамын, мұндай сөз айтпа бізге.
Өзге түгіл өзіңе пайдасы жоқ,
Есіл өнер кор болып кетер түзге,—

деп жалынғанын жалымыздан шығара алмаймыз. Өйткені Абайдың өнерпаз жастарға айтқан ақылы, жалбарына өтінгені — есіл өнерді кор қылмай, игі мақсатқа, халық қажетіне

жұмсау ниетінен туған. Мұны ол өзінің үлгісімен де көрсетпек болды.

Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін.
Жоқ-барды, ертегіні термек үшін.
Көкіректі сезімді, тілі орамды
Жаздым үлгі жастарға бермек үшін,—

деп анық айтып, өзінің негізгі көздеген эстетикалық идеалы:

Мақсатым-тіл ұстартып, өнер шашпақ,
Наданның көзін қойып, көңілін ашпақ, —

екенін халыққа да, оның тілеуін тілеген өнерпаз-дарындарға да жар салды.

Бұл шумақтардың негізгі эстетикалық арқауы - ақын-жазушылардың орны қандай болуы керектігін, өнердің халыққа қаншалықты қажетті екендігін айқындау. Міне, сондықтан да Абай поэзиясының азаматтық үні мұддесінен туып, оған қызмет еткісі келген өнерпаздардың орнын қазақ әдебиетінде бұрын-сонды болмаған биікке көтереді. Демек, өнерді өнегелі іспен, әлеуметтік мәнмен, үлкен мақсат-арманмен сабақтастыру, оған қатаң эстетикалық талаптар қою — Абайдың сыншылық ойының өрелі биігі. Ақынның қоғам алдындағы борышын, көркем сөздің әлеуметтік маңызын айқындаған Абай енді шын өнердің қандай болуына назар аударады. Оны өзінің тамаша творчествосымен бір көрсетсе, екінші жағынан, өзіне дейінгі жыраулар мен замандас ақындардың өлең-жырларын сынауы арқылы тағы да анықтайды. Өзіне дейінгі ақын-жырауларды Абайдың қатты сынауы қазақ әдебиетін жаңа арнамен өркендетуді көздеген эстетикалық талабынан туғанын аңғармаска болмайды.

Абайдың кемеңгерлігі оның данышпандығында ғана емес. Жаңа қоғамдық-әлеуметтік жағдайды, яғни Қазақстанның Ресей қол астына мықтап кіргенін түсіне білген және оның озық үлгілерін, әсіресе, әдебиетін бойына сіңіре білген таным-білігінде жатыр. Ұлттық мәдениет зорлық жолымен келген жаңалықты қабылдауға тиісті болды. Абай осыны қатты ұқты. Сондықтан оның

Бұрынғы ескі биді түрсам барлап,
Мақалдап айтады екен, сөз қосарлап.
Ақындары ақылсыз, надан келіп
Кор-жерді өлең қыпты жоқтан карман,—

дегені немесе әдебиет тарихында өздеріне лайықты орны бар дарындарды:

Шортанбай, Дулат пенен Бұқар жырау,
Өлеңі бірі жамау, бірі құрау.
Әттең дүние-ай, сөз таныр кісі болса,
Кемшілігі әр жерде-ақ көрініп тұр-ау! —

дегені де өскен эстетикалық талап деңгейінен айтылған сын екенін аңғармасқа болмайды. Абайдың бұл пікірі қаншама қатты үкім болғанымен, нигилистік ой емес. Қарқынды қуатпен келе жатқан жаңалық әрқашанда өзіне дейінгіге сын көзімен қарайды. Одан кем-кетіктер тауып, жұрттың назарын озық та өрелі өнірге, прогресті бағытқа сілтеп отырады. Бұл — диалектика заңы. Осы тұрғыдан алғанда өзіне дейінгі ақындардың өнерін қатты сынауы тек көркемдік жағынан ғана емес, эстетикалық мұрат тұрғысынан да қажет болғанын көреміз.

Кемеңгер Абай әдебиеттің қоғамдық рөлін, еңбегін жоғары бағалаған уақытта, өзінің ағартушылық-демократтық идеалына сүйенген болатын. Сондықтан ол халықтың эстетикалық талап-талғамына, көркемдіктің ендігі даму барысына ненің сай келетінін, көркем сөзге нендей міндет жүктелетіндігін айқын түсінді. Абайдың "Заманды түзетпек болған" өр идеалы "Өткірдің жүзі, кестенің бізіне" теңелген өлең өрнегімен сыртқа шығып, көркемдік шеберлікті үндеген зор эстетикалық талап болып қалыптасты.

Өлең — сөздің патшасы, сөз сарасы
Қиыннан қиыстырар ер данасы.
Тілге жеңіл, жүрекке жылы тиіп,
Теп-тегіс жұмыр келсін айналасы -

дегенде Абай қазақтың жаңа жазба әдебиетінің ендігі шығар биігі осы өнірден өріс алуына, тұр мен мазмұнның тұтасуына назар аударады да, "іші — алтын, сырты — күміс сөз жақсысын" жасай алмағандарды, көркем сөздің қасиеті мен идеялық нысанасын бір деңгейден шығармағандарды "ол — ақынның білімсіз бипарасы" деп табады.

Сөйтіп Абайдың көркем сөзге қояр талап-талғамы қазақ әдебиетін өркендету жолындағы эстетикалық жаңа норма болып қалыптасты. Абай өзіне дейінгіні де, қатарласын да сынап қоймай, халықтың ғасырлық тәжірибесінен қорытылып бұзылмас ереже-қағидаға айналғандарын да тезден өткізу керек деп білді. Халық даналығының асыл

қазынасы — мақал-мәтелдерді түсіну, тындаушыны тәрбиелеу, өнерді қадірлеу мәселелері төңірегінде Абайдың сыншылық ой-пікірі айрықша қомақты болғандығы да осыдан.

Халықтың ғасырлар бойғы өмірлік тәжірибесінен туған аз сөзді, терең мағыналы мақал-мәтелдерге Абай әрқашан идеялық өнерпаздық тұрғыдан қарап отырған. Мақал-мәтелдердің мәнділерін, өзінің озық ойына сай келгендерін Абай кейде сол қалпында, кейде өзгеріске ұшырата пайдаланып, реті келгенде өз жайынан жаңа мақал-мәтелдер шығарғаны әмбеге аян. Сондықтан Абай мақал-мәтелдердің мәніне айрықша назар аударып, өзінің сыни ой-пікірін білдіруден тартынған жоқ. Абайдың "Жиырма тоғызыншы сөзі" осының айқын айғағы. Кейбір мақал-мәтелдерді сынағанда Абай өзінің идеялық-эстетикалық талап-тілегін ашық танытып отырды. Ол "қазақтың мақалдарының көбінің іске татырлығы да бар, іске татымақ түгіл, не құдайшылыққа, не адамшылыққа жарамайтұғыны да бар" деп білген. Абай үшін қатып қалған қағида, сын тезіне түспейтін нәрсе шамалы. Ол әрқашан "іске татырлық" пен "іске татымайтындардың" арасын ажырата білді де, өзінің эстетикалық-утилитарлық түсінігіне сай өктем үкімін шығарып отырды. Абай ақын, әнші, молда, ишандардың сөзі түгілі кейде пайғамбардың сөздерінің өзіне де күдікпен қарап, терең ой толғайды. Міне, мұның бәрі де Абайдың сыншылық ойының әбден ұшталғандығының көрінісі.

Абайдың қаһарына ең алдымен "жарлы болсаң арлы болма" деген мақал ілігеді. "Ардан кеткен соң, тірі болып жүргені құрысын" деп шорт кеседі Абай. Адамгершілікті қорлауға үндеген мақалдың мәнсіздігін, идеясыздығын дәлелдеп, харекетке қарсы айтылған нақыл екендігін анады. "Егер онысы жалға жүргенде жаныңды қинап, еңбекпенен мал тап деген сөз болса, ол — ар кететін іс емес, тыныш жатып, көзін сатып, біреуден тіленбей, жанын қарманып, адал еңбекпен мал іздемек — ол адамның ісі" деп еңбекші адамның жанашырына, адамгершіліктің қоғаушысына айналады Абай. Өйткені Абайдың негізгі идеалы — еңбекті сүю, еңбек адамын қадірлеу.

Еңбек қылсаң ерінбей —
Тояды қарның тіленбей, -

деп, өзі мақал шығарған, осы идеяны өз творчествосының өзегіне айналдырған Абайға бұл мақал жат, оның эстетикалық идеалына мүлдем қарсы. Өйткені еңбекші халық өзін осынша жәбірлейтін мақалды өзіне-өзі арнамаса керек.

"Қалауын тапса, қар жаналы", сұрауын тапса адам баласының бермейтіні жоқ деген — ең барып түрған құдай ұрған сөз. "Сұрауын табамын, қалауын табамын деп жүріп қорлықпенен өмір өткізгенше, малды не жерден сұрау керек, не терден сұрау керек қой" — дейді Абай. Сондай-ақ Абай "Атың шықпаса — жер өрте", "Алпыс күн атан болғанша, алты күн бура бол", "Алтын көрсе періште жолдан таяды", "Атадан мал тәтті, алтынды үйден жан тәтті" деген мақал-мәтелдердің моральдық негізін өшкереле, өзінің сыншылық көзқарасының әбден қалыптасқанын, эстетикалық ойының өрелі биікке көтерілгенін танытады.

Ендігі бір мәселе — Абайдың оқушы, тыңдаушы қауым ізлеуі, оны тәрбиелеуі. Ақын-жазушы мен оқушы-тыңдаушының арақатынасы жәй мәселе емес. "Жазушы жазады, оқушы оқиды" деген өкінішті тезисті "Шәкіртсіз — ұстаз тұл" деген қазақ мақалы ұшықтыра түседі. Сондықтан бұл мәселе үнемі эстетикалық талап-тілекпен қабысып жатады. Абайға дейін бұл мәселеге назар аударып, айрықша мән берушілер болған емес. Абай шығармаларында оқушы мен тыңдаушыны жөн сөзге құлақ қоюға шақыру, түсінуге талаптандыру, пайдалыны зияндыдан айыра білу, жетесіздікті сөгу, надандықты ашына сынау жиі кездеседі. Бұл мәнді, мағыналы көркем сөзді ұғына, түсіне алатын оқушы мен тыңдаушыны тәрбиелеу, олардың эстетикалық талғамын қалыптастыру мақсатымен айтылған сөздер. Мұның өзі Абайдың көркем әдебиетті қоғамдық сана-сезімнің бір мәнді арнасы деп түсінуінен туған. Сондықтан да:

Жұртым-ай, шалқақтамай сөзге түсін,
Ойланшы, сыртын қойып сөздің ішін.
Ыржаңдамай тыңдасаң нең кетеді,
Шығарған сөз емес қой әңгіме үшін,—

деп назалануында үлкен мән, утилитарлық мақсат бар. "Сыртын қойып, сөздің ішіне үңілуге үндеген уақытта Абай әйтеуір ауыздан шыққан сөзге құлағынды тоса бер демейді.

Білімділен шыққан сөз,
Талаптыға болсын кез.
Нұрын, сырын көруге
Көкіректіңде болсын көз,—

деп өзіне пайдасы тиер "білімді сөзге" үндейді.

Абай өз оқушыларының көңілі соқыр екендігін көбірек

айтқанмен, сөз қадірін түсіне білетіндер жоқ деп әсте есептемейді. Сондықтан көпшілікке үлгі ететіндері де бар.

Жақсыға айтсаң, жаны еріп,
Ұғар көңіл шын беріп,
Дертті ішіне ем көріп,
Неге алтынды десін жез, —

деп табады да, ақын-жыршыларға үлкен талап қояды. Білгішсінің көрінген жерде әңгіме шерте бермей сөз жақсысын танитындар кездескенде ғана мағыналы сөзі айт және тартынбай, ағынан жарыла айт:

Қадірін жақсы сөздің білер жанға,
Таппай айтпа оған да айтар кезді, —

деп ақыл-кеңес беріп, көркем сөздің әлеуметтік-эстетикалық қуатын күшейте түсуге үндейді. Көкірегі ояу, көңілі ашық оқушы мен тыңдаушының қаншалықты қадірлі екендігін, оған "көр-жерді шатып-бұтып айта бермей" мәнді, мағыналы, ғибратты сөз лайық екенін Абай айрықша ескертіп, білімділен шыққан сөздің қасиетін надандардың қолы жетпейтін биікке көтерді. Сөйтіп, оқушы мен тыңдаушыны да ел үшін еңбек етіп жүрген ақын-жырау, өнерпаздарды да тәрбиелеу мақсатының тізгінін тең ұстады.

Абай "қазақтың құлағының түсері мен кесері" барын жасырмай, қанатын қомдап алыс сапарға аттанғалы отырған жаңа әдебиеттің идеялық нысанасы айқын, көркемдік қасиеті нұрлы де әсем болсын, "халықты тәрбиелейтін анық ұстаздық сөз өзіне бөлек, бір алуан болсын. Онда терең оймен, ашық шындықпен аралас үлкен. Тәрбиелік мән-мағына болсын" ("Қазақ әдебиетінің тарихы", 1961, 2-том, 1-кітап, 402-бет) деп ұран салды. Сондықтан Абай өзінің көздегеніне жету үшін, яғни жұртшылықтың ынтасын жаңа әдебиет үлгісіне аудару үшін "сөз түзелді, енді сен де түзел" деп оптимистік пікір айтты.

Оқушы мен тыңдаушы қамын ойлау, оларды тәрбиелеу проблемасы көркем сөздің әлеуметтік мәні мен қуатын арттыра түсудің практикалық шарасы болғандықтан, сыни ойдың кең арнасынан табылады да, эстетикалық категорияға айналады. Осыны өзгеден бұрын аңғарып, ойлы өлеңмен өнегелі пікір айтқан Абайдың эстетикалық танымы сан-салалы қазақ әдебиетіндегі ғажайып құбылыс.

Сонымен, көркем сөздің қоғамдық мәнін ұғып, қадірлеу, ақын-жазушылардың тарихи еңбегін жоғары бағалау,

халықтың бай рухани мұрасын игеріп еңбекші елге жеткізу, оқушы мен тыңдаушыны тәрбиелеу проблемалары жөнінде өзінің айтар ойы, түжырымдар пікірі бар Абай қазақ әдебиеті тарихында жаңа эстетикалық норма жасап қоймай, қалыптасқан көзқарасы бар сыншы екенін де таныта алды. Оның эстетикалық түжырым-қағидалары қазақтың реалистік әдебиетінің өркендеу барысында ақын-жазушыларға зор ықпал жасап, социологиялық-эстетикалық сынның жанрлық ретінде туып-өсуіне игі әсерін тигізді.

Қазақтың ұлы ағартушы-демократының сыншылық ой-пікірлерін шола баяндаған уақытта үшеуіне тән үш ерекшелік анық бой көрсетеді де, олардың ой-пікіріне арна болған сөз өнерінің үлкен сілемі көрінеді. Қазақтың сыншылық ойының оянып, туа бастау шағында Шоқан, Ыбырай, Абай қоғамдық сананың үш мәнді саласы бойынша ой өрбітті. Шоқан Уәлиханов өзінің әдебиет жайындағы ойларын ғылыми арнамен, Ыбырай Алтынсарин педагогикалық жүйемен баяндаса, Абай Құнанбаев эстетикалық танымменен түжырымдап отырды. Демек, қанатын қомдап үшуға талпынған сәби сынға бұл үш сала, яғни ғылыми, педагогикалық және эстетикалық танымдар мен түсініктер үлкен таяныш болып, оның алар қамаллары мен асар асуларын бірсыдырғы дәл белгіледі. «Келешекте айтылар социологиялық-эстетикалық ойлардың озықтығы мен жарқындығы ғана емес, өрелі де биік болуы әдебиеттің өркендеуіне, өркен жаяр кейінгі ұрпақтың көркемдік таным-біліміне тәуелді байланысты екені анық аңғарылды.

Мұның өзі тарихи, сондай-ақ әдеби-мәдени даму барысында қазақтың ағартушы-демократтары нәр алған ұлы арналардың үлгі-өнегесін ардақтап қана қоймай, барынша терең игере білуге, тиімді насихаттай білуге, жаңа деңгейге сай жаңалық нышандарын өркендетіп, салаландыра түсуге үндейтіні сөзсіз.

Қазақтың әлеуметтік ойын ояту жолында тарихи ұлы еңбек сіңірген Шоқан, Ыбырай, Абайлар сыншылық ой-пікірдің алымын молайтып, айтарын нақтылай түсті. Сөйтіп жаңа заман тудырған қазақтың үш данышпаны ғылыми, педагогикалық, эстетикалық тұрғыдан сыншылық өнердің қарлығашын ұшырып, мәнді өнеге көрсетті.

Екінші тарау
БАСПАСӨЗ ЖӘНЕ СЫН

1. ОЯНҒАН ОЙҒА КЕҢ ӨРІС

XIX ғасырдың соңғы ширегінде "Түркістан уәлаятының газеті" (1870—82) мен "Дала уәлаятының газеті" (1888—1902) патша өкіметінің отарлық саясаты мүддесінен ғана емес, сонымен қатар қоғамдық ойдың тегеурінді дүмпуінің әсерінен де шыққан еді. Сондықтан патша өкіметі "Қазақ оқығандарының ұлт баспасөзі жөнінде қойған талаптарын өз мүддесіне орай шешуге тырысты" (Қ. Бекхожин, "Дала уәлаяты" және мәдениет мәселелері.—"Қазақ тілі мен әдебиеті" журналы, 1958. №10).

"Түркістан уәлаятының газеті" мен "Дала уәлаятының газеті" қаншама ресмиліктің қыспағына түссе де, қазақтың қоғамдық ой-пікірін оятуға себепші болды. Осы газеттердің өркендеп кетуіне тілектес болғандар хат-хабарлар мен мақалалар жазып, ресмиліктің тар шеңберінің өзін әлеуметтік ой-пікірді таратып отыруға пайдалана білді. Осыны анық аңғарған патша шенеуніктері бұл газеттерді қазақ еліне тек өкімет хабарларын таратушы жарнама органға айналдырмаққа тырысты. Мұны дәлелдеу үшін надан, дөрекі шенеуніктердің арыз-өтініштерін былай қойып, миссионер, профессор Н.Ильминскийдің 1892 жылдың 16 желтоқсанында қасиетті Синодқа жазған хатын дәлелге келтірудің өзі жеткілікті.

"Дала уәлаяты газеті" бір жылға толған күнде Н. Ильминский "бұл газеттің тек ресми бөлімін ғана қалдырып, ресми емес бөлімін мүлде жауып тастау керек деп әлдеқашан жазған едім, өйткені қатаң бақылауы мен тығырық басшылықты талап ететін тәжірибесіз және білімсіз тілмәштарға сену, оның үстіне күрделі; ғылыми және саяси мақалаларды жариялау өте қауіпті" (М.И.Фетисов "Зарождение казахской публицистики", 44-бет) деп шағым жазды. Бұдан кейін 1894 жылы жазған бір мақаласында "Дала уәлаятының газеті" "мән-маңызы жоқ көк мылжың" деп даттады. Әрине, мұндай пікірлер қазақ баспасөзінің тез өркендеп кетуін көздемегені өзінен-өзі белгілі. Қазақ мәдениетінің көгінде дүниеге келген газет-журналдардың қай-қайсысы болса да осындай қиыншылықтар мен қарсылықтарды басынан өткеріп, әлеуметтік ой-пікірді қалыптастыруға өзінің септігін тигізді.

Қазақтың мәдени-әлеуметтік өміріндегі зор оқиға "Түркістан уәлаятының газетінің" 12 жыл бойына шығып тұруы. Бұл газетте саяси-экономикалық мәселелермен қатар, оқу-ағарту жұмысының жай-күйін, өнер-білімнің пайдасы, орыс ғылымы мен мәдениетінің жетістігі туралы біркыдыру мақалалар жарияланған. Қазақ елінің өнегелі үлдарының ісі мен қызметі де орайын тауып әңгімеленген. Қазақтың мәдени өмірінде тұңғыш рет жарық көрген "Түркістан уәлаятының газеті" алғашқы санынан бастап өзінің еліне, отанына адал қызмет етіп, еңбек сіңірген адамдарды қадірлеп, оған сый-құрмет көрсету қажеттігін ескертіп отырды.

"Түркістан уәлаятының газеті" бетінде қазақтың мақал-мәтелдері мен жұмбақтары, ақындардың өлең-жырлары, айтыстары, батыс пен шығыстың көптеген аңыз әңгімелері мен ертектері біршама мол жарияланған. Олардың ішінде "Мың бір түннің" хикаялары, араб, иран, орыс ертектері, аңыздар бар.

Газет редакциясының айрықша іздағат салғаны — қазақтың төл әдебиеті. Халық әдебиетін сөз етерден бұрын, газеттің қай үлгі-нұсқаларға мән бергендігін аңғартып алған жөн. Өйткені бұдан газетті шығарушылардың көзқарасы мен позициясы да, сонымен қатар сыншылдық ой-пікірлері де айқын аңғарылып қалады.

1876 жылы Қазан қаласында "Қисса Қожа Ғафан һәм Сәдуақас деген кітап басылып шықты. Оны Мүқаметжан Муфтахиддинов өз ақшасына бастырғанын хабарлай келіп: "өзіңіз оқып көріңіз, қазақша жазылған деп айтып болмайды. Сөзінің бәрі сол қалыпта. қазақ тілін бұзып басып шығарыпты. Енді бұл кітапты оқыған адам қазақ тілі осы деп ойласа керек. Қазақ тілі қандай жарасып, бір-біріне жабысып тұрғанын білгіңіз келсе, біз бір-екі ауыз сөз жазалық" (N29, 10.11.1876) деп, қазақ тілінің тазалығын сақтау, оны бөтен, түсініксіз сөздермен шұбарламау жөніндегі Ы.Алтынсарин бастаған идеяны жалғастыра түскен.

Қазақ тілінің қандай ырғақты, әуенді, жүйелі келетінін, сөздері "бір-біріне жабысып" тұратынын көрсету үшін Абайдолла ханның Сібірден қайтып келгенінде Орынбай ақынның шығарған өлеңінің алғашқы екі шумағын келтіреді.

Хан келді Абайдолла он жыл жатып,
Бұл тәңірінің бұйырған дәмін татып,
Орта жүздің ханы еді бұл мезгілде,
Мен келдім он күннен соң күн-түн қатып,

Ханымды айдап келді құдай делім,

Жүртқа қуаныш болар ма мұндай дедім.
Төре, қара жиылып отыр екен
Мен ханға келген жерде былай дедім,—

деген шумақтарды тілдің тазалығы мен мәқамдылығына үлгі етеді. Өздерінің осы бағытына бекем болғанын талай материалдардан айқын көреміз.

Демек, "Түркістан уәлаятының газеті" қазақ тілінің тазалығын сақтау, оны орынсыз шұбарландырмау жайында берік көзқарасты ұстаған. Онда жарияланған әдеби шығармалардың дені ертегі, аңыз әңгімелер болғанмен, қазақ ауыз әдебиетінен жұмбақтар мен мақал-мәтелдердің "базары" қызу болып, газеттің бірнеше санында көптеп басылды.

Редакция ауыз әдебиеті үлгілерін іріктеп, жүйелеп құндыларын басуға назар аударды. Газетте басылған мақалдар мен мәтелдердің, жұмбақтардың мән-маңызына назар аударсақ, көбіне-көп халықтың ақыл-ойы әсер ететіндерін, ғибраты айқын, насихаттары мәнді, үлгі-өнегесі ашықтарын іріктеп, саралап басқанын, қолдарына түскенге мәз бола бермегенін байқаймыз. "Түркістан уәлаятының газеті" шыға бастаған кезде Орта Азияны Ресей империясының отарлауы әлі де болса аяқтала қоймаған-ды. Сондықтан материалдардың басым көпшілігі Орта Азияның оңтүстігі мен Таяу Шығысқа және Қытай еліне байланысты болды. Осы мәселені тек ресми түрде ғана емес, "поэтикалық көрікпен" жеткізу жөнінде генерал-губернатор тарапынан белгілі бір нұсқау болуы да ғажап емес. Қазақ және өзбек тілінде аз уақыт ішінде арнайы газет шығарудың арғы мақсатының бір сыры да осында. Сондықтан орыс қаруының, патша ағзам әмірінің мықтылығын насихаттау, тіпті мадақтау қажет болды.

Осы тұрғыдан алғанда, Шымкент уезіне қараған Мәделіқожа деген ақынның Сырдария облысының әскери губернаторы Головачевтың Хивға барғаны тақырыпты шығарған өлеңін (1875) бірнеше санға жариялануының негізгі идеялық себебі де сондықтан.

Қаратып түрікменді алмақ үшін,
Тәртіпті Хивадай қылып салмақ үшін.
Головачев губернатор өзі аттанды,
Кауфманнан бөлініп бармақ үшін.
Түрікмен қарсылықты қылып жатыр,
О лағы сансыз әскер жиып жатыр.
Қияметтей майданды бір қылсам деп,

Бұл әскерлің келерін білін жатыр, —

деген шумақтың айтары көп.

Газеттегі осы тенденцияны Құрама үезіне караған Досанбай ақынның өлеңі дәлелдей түседі. Орыс өнерін мадақтау арқылы жарамсақтану ниеті байқалады.

Үшқан құс арқасынан ілеспейді,
Қарсы келсе адамдар тілдеспейді.
Кетіп барған арбаға қарасаңыз
Көзіңіз арбасына ілеспейді,—

деген өленнің сыры белгілі. Осымен қатар, "Түркістан уәлаятының газетінде" жарияланған өлеңдердің ішінен бүгінгі шындықты жырлаған, түйінді ойын қара дүрсінлеу баяндаған өленнің екі шумағын келтірейік.

Бір жан жоқ болыстыққа талас емес,
Бір-бірінен көңілі аласа емес.
Бір құдайдан басқаға сенбегін,
Біздің Қожа үш жүздің баласы емес.
Басынан бұлт кетпейді күн жайланып,
Сақау озды, шолжаңдаған тіл байланып,
Түлпардан есек озды, бәйге алып жүр,
Бұ күнде заман кеткен теріс айналып,—

дегенді (N12, 19.10.1878) газет редакциясы "өлең тәуір жазылған" деп танқанда, оның мазмұнына мән бергені сезіледі. Ел арасында болыс, старшын сайлаулары еңдеп кіріп, бірін-бірімен қырқыстырып кою, ара жігін алшақтата беру сияқты құбылыстарды отаршылдар іштей де, сыртгай да тілеген болатын. Осыны әшкерелеуге бағытталған мұндай өлеңдер бұдан кейін газет бетінен мүлде көрінбей кетті, тыйым салынды.

"Түркістан уәлаятының газеті" әдебиетке, оның ішінде сыншылдық ой-пікірге қатысы бар материалдарды 1875—1878 жылдар аралығында бірқылыру жариялады. Олардың көркемдік сапасынан гөрі мән-маңызы газеттің ресми бағытына тәуелді болды. Әр қилы айқыш-ұйқыш, кейде қарама-қарсы ой-пікірлердің айтылуы сыни ойлың оянуға бет алғандығын аңғартқандай еді. Газет қаншама ресмиліктің қыспағында жасаса да халықтың әлеуметтік, эстетикалық ойына қозғау салды, қазақ тілінің тазалығын сақтау жолындағы игі идеяны жалғастырды, қазақтың үлы азаматтарын, әсіресе, Шоқан Уәлихановты күрмет тұтып,

оның өмірі мен өнерін насихаттады, мәнді де ажарлы шығармаларға орын беріп, әдебиетке жанашырлық көрсете білді деп танқан орынды.

"Түркістан уәлаятының газеті" 12 жыл бойында қалыптастырмақ, айтпақ болғандарының эстафетасы "Дала уәлаятының газетіне" ауысты. Әсіресе, қазақ тілінің тазалығын сақтау, оны өркендете беру идеясы тек сыншылық ой-пікірмен ғана емес, бүкіл әлеуметтік санамен жалғасып жатқаны "Дала уәлаятының газетінде" жарияланған материалдардан анық көрінеді. "Түркістан уәлаятының газеті" бұл мәселеге игі тілек тұрғысынан келсе, "Дала уәлаятының газеті" оны қоғамдық дамудың заңдылығына жанастыра баяндауға зер салды. Сондықтан әдебиет пен тілге байланысты арнайы жариялаған материалдарында да, тіпті басқа мәселелерге арналған мақалаларында да тілдің таза болуын, шұбарланбауын үнемі ескертіп отырды. Бұл жөнінен қазақтың алғашқы публицистері Мәшһүр Жүсіп Көпеев, Әлихан Бөкейханов, Асылқожа Құрманбаев, Отыншы Әлжанов, Шоқанның немере інісі Дінмұхамет Сұлтангазин, Рақымжан Дүйсенбаевтың еңбектерін айрықша атау керек. Өлеңдер мен аңыз-ертегілерді, тарихи шежірелерді жазып, газеттің гүлденс өркендеуіне үлес қосқан Иманбазар Қазанғанұлы, Бөкен Адықов, М.Миропиев, Ташмамбет Хасенұлы Сейфуллин, Көкбай Жаңатайұлы, Жәке Сақатайұлы Тұрапов, Шахзеңде Исім-ұлы Шорманов, Мәтен Ботбаев, Мұхаметқали Төлебайұлы, Н.Жетпісбаев, Әбдірахман Қылышбаев, Ысқақ Шүленбаев, Бейбіт Дауылбайұлы, Қалмақ Болатов, Дүйсембай Тұрапов, поручик Бекметов, Жағыпар Айманов, Қорабай Жапанұлы, Мейрам Жанайдарұлы Нұржанов, А.Нөгербеков сынды дарынды қаламгер азаматтарды естен шығармаған абзал.

Бұл авторлар ауыз әдебиетінің үлгілері, тарихи сипаты бар шежірелерді батыс, шығыс, орыс ертегілері мен хикаяларын, ақындардың өлеңдерін үнемі жариялап, кейде түсіндірме беріп отырған.

"Дала уәлаятының газеті" әдебиет пен өнерге, аңыз бен жырға, тарихи шежірелерге байланысты орасан көп материалдар жариялап, елдің санасын ояту бағытында үлкен еңбек сіңірді. Патшаның халық ағарту министрлігі 1870 жылғы жарлығында Ресейдегі бұратаналарды мүмкін қадерінше оқытпау, қараңғылықта ұстау, ал алда-жалда әлерменлікпен оқи қалатын болса, онда "бұратаналарды оқытудың түпкі мақсаты, соз жоқ, оларды орыстандыру және орыс халқына сіңіріп жіберу" болуға тиіс деп бұйырып жатқанда, "Дала уәлаятының газеті" объективті түрде қазақ

халқының санасын оятып отырғанын Н.Ильминский сияқтылар көріп, талай қиястық жасады.

"Дала уәлаяты газетінде" әдебиет пен тіл мәселелеріне арналған материалдар жарияланды. Оларда терең эстетикалық талдаулар аздау болғанмен, әдебиет пен тілдің жалпы мәселелері оңтайлы әңгімеленеді. Қазақ елін өркендету, мәдениетін көркейту жөнінде А.Құрманбаев пен Д.Сұлтанғазин бірпама айқын көзқарас ұстап, Шоқан, Ыбырай, Абай салған даңғыл жолдан айрылмау керектігін насихаттады.

"Дала уәлаяты газеті" қазақ тілінің тазалығын сақтау жайында жариялаған материалдарында Ы.Алтынсарин идеясын дәйекті қорғап, әрі дамытқан. Асылқожа Құрманбаев өзінің "қазақ тілі хақында" деген үлкен мақаласында қазақ тілін араб, парсы, татар сөздерімен шұбарлауға қарсы шығып, "тек өзінің ана тілін ғана емес, сонымен қатар көптеген шығыс тілдерін білген, демек оларды бір-бірімен салыстыруға күдіреті жеткен әйгілі Алтынсарин қазақ тілін мейлінше өте бай тіл деген, ол тілде қандай кітап болса да жазып шығуға болады деген" (N27,11.07.1894) деп, Ыбырайдың өнегелі ойын дәлелге келтіреді. Өз пікірін әбден нығыздай түсу үшін автор "Алтынсарин қазақ тілінің қасиетін сөзбен ғана сімес, іс жүзінде дәлелдеді. Ол мысалы, таза қазақ тілінде үп-үлкен "Қазақ хрестоматиясын" (орыс әрпімен) жазды» деп қарсыластарына тұзақ құрып, "қазақ халқын және оның тілін сүюшілер марқұм Алтынсарин салып кеткен жолмен жүрулері керек және ол бастап кеткен істі, қазақ тілінің ережелерін жүйелеп, тәртіпке келтіру ісін жүргізе берулері керек" деп өз пікірін айтып тұжырымдады.

Осы автордың мақаласынан, ең алдымен, Ыбырайды аса қадірлейтінін, оның тарихи еңбегін жоғары бағалайтынын аңғарсақ, екінші жағынан, өз пікірін дәлелдеу үшін мәнді деректерді барынша ұтымды пайдалана білгенін көреміз. Пікір таласы — сыншылық ойды өркендетер мәнді арна екені осындай мақаладан анық байқалып, нақтылана түседі. А.Құрманбаев өзінің пікірін дәлелдеу үшін көркем сөз саласына да көз салған. Ы.Алтынсариннің "Сөз басы" (кейінгі кезде "Кел, балалар, оқылық" аталып жүрген өлеңі —Т.К.) "Түлкі мен қарға", "Жаз" және басқа өлеңдері бөтен тілдерден құлан тазалығымен ғана қадірлі емес, оның үстіне қазақ тілінің, қазақ өлеңі мен поэзиясының тамаша үлгісі болуымен де қадірлі, ел қазіргі сахарада жайылған және қазақтар құмартып оқитын өлеңдерді, мысалы, "Сал-сал", "Заркүм" және басқаларды қазақ тілін әлдекалай білген

татарлар жартылай қазақша, жартылай татарша құрастырған" (бұ да сонда—Т.К.) деп өз ойын білімдарлықпен түйіндеген.

Әдебиеттің ерекшелігін нақты әңгімелей қоймағанымен, автор қазақ хақының сана-сезіміне, эстетикалық таным-талғамына қандай шығарманың қадірлі екендігін айтып, шала сауатты, тілі шұбар, мағынасы тұманды кітаптарды сынаған. Құрманбаев басқа мәселелер жайында жазған мақалаларында да өзінің осы ойына айнала соғып, әрқашан өрбіте дамытып отырды. "Қазақ тілін қолдау және өркендету үшін, орыс оқуын-жазуын тарату, менің ойымша, қазақ халқының оқыған азаматтарының адамгершілік борышы болуға тиіс» (N27 10.07.1894) деген пікірі осыны айғақтай түседі.

Осы мәселелерді әдебиет сынына "құлағынан тартып" жақындатып отырғанымызға А.В.Луначарскийдің "Ломоносовтан Белинскийге дейінгі орыс сыны" деген еңбегінде әдеби сынның әдеттегі қарапайым түрінің өзі әдебиеттің алғашқы адымына, сөз қолдану амалына жанаса туады, сөздің мәнін дұрыс жеткізу жөніндегі ойдың өзінде сыни таным жатады дегені нақты дәлел. Қазақтың әдебиет сынының бастау алар кезеңіндегі материалдарда сыншылық ой көбіне тіл мәселесіне сабақтаса айтылса, бұдан кейінгі уақытта да олардың үзеңгі қағысып, жанаса жүретіндігін, жаңа сапалық қасиеттерге ие болатындығын анық байқаймыз. Сондықтан да тілге байланысты өрбіген пікірлерді сынға сабақтастырып отыру, алғашқы нышан ретінде сыр-сипатын ашып отыру әбден орынды болмақ.

"Дала уәлаятының газетінде" тіл мен әдебиет жайында құнды пікір айтқандардың бірі — Дінмұхаммет Сұлтанғазин. Сұлтанғазин газеттің ресми редакторы мен аудармашысы ғана емес, қазақтың алғашқы публицистерінің бірі екендігі оның жазған мақалалары мен өлеңдерінен айқын байқалады. Оның "Жазғытұрым", "Қырдағы жазғытұрымғы уақыт" деген өлеңдері Абай поэзиясымен үндесіп, ақындықтан да күр алақан еместігін танытады. Ал қазақ тілі жайында жазған мақалаларында, әсіресе, "Біздің қазақ тілі туралы бес-алты ауыз сөз", "Қазақ тілінде жазу турасында" деген еңбектерінде қазақ тілінің ережесін жасау, жазу мәдениетін көтеру, басқа тілдердің сөздерін мүмкіндігінше аз қолдану, ал бұрыннан сіңісіп кеткен сөздерді қазақ әуеніне бағындыру, яғни қалай сөйлесе, солай жазу керек деп біледі де, өзінің ойын былайша түйіндейді: "Қазақ тілін таза сақтаймыз деп оны қатқан қалпында қалдырудың еш мәні жоқ және бұл біздің қолымыздан келмейді. Өйткені тіл — халықтың өзі сияқты өзгеріп, дамып, жетіліп отыратын организм. Бұған мәдениетті халықтардың әдеби тілінің тарихы дәлел болады. Бұл жалпыға

бірдей лексикологиялық заң өз дамуының алғашқы фазасын басынан кешіп отырған қазақ тіліне де тән" (N32, 11.08.1896) деп ғылыми дұрыс қорытынды жасады.

Д.Сұлтангазин қазақ тілін өркендету қажеттігіне назар аударған уақытта қай әліпбені таңдау мәселесін де қоса әңгімелейді. А.Құрманбаев екеуі Ы.Алтынсариннің хрестоматияны орыс алфавитімен шығарғанын, миссионерлік қоғам онан басқа да көп кітаптар бастырғанын, бөтен сөздерді әлейі сіңдірмекке талаптанғандарын айтқанда, араб әліпбесін баяғыдан бері қолданып келе жатқанымызды көлденең тартады. Алыс-түйісті екіге бөліп, ертелен сіңіп кеткендерін естілу күйінде, ал соңғы кезде енгендердің түбірін сақтай жазуға шақырады да, негізгі ойын "қазақ тіліне қай жұрттың тілінен болса да сөз қосуға қарсы келгеніміздің орны жоқ және мүмкін емес, не себептен десеңіз, сөз көбейсе халықтың пайымын ұлғайтып, зейінін арттыруға себеп болады және ақыл да молаяды» ("Дала уәлаятының газеті", Әдеби нұсқалар. Құрастырушы Ү.Сүбханбердина, Алматы, 1990, 317-бет. Бұдан былай басылым ДУГ деп қысқартылып, жылы, беті көрсетіледі) деп түйінлейді. Және оны әдеби мысалдармен дәлелдеп, жол-жөнекей сыни ой-пікірлер айтып отырған.

"Қазақтың өз тілінің де бөтен жұрттардың тіліндей өзгергенін байқауға қазақтың бұрынғы заманда шығарған өлең-жырға осы соңғы замандағы жыр-өлеңдермен салыстырса көрінеді. Мәселен, бұрынғы "Едіге", "Тоқтамыс хан" жырларын байқап қарағанда һәм соңғы уақыттағы Шортанбай ақынның "Зар заманын" қарағанда "Едігенің" жырларының сөзі тым аз, өңкей қысқа-қысқа, бағзы жырларының сөздері жырға да келмейді. Жырменен осы күнде қазақтар көп өлең шығармайды (Шоқан ойының сілемі бар — Т.К.) мұнлы-зарлы нәрселер турасында болмаса. Осы күні ақындар жырды менсініп көп айта қоймайды (көтеруге қысқа болып келмейтін болған соң). Осы күнгі өлеңдердің көбі ұзақ болып әнге келеді. Шортанбайдың сөздерінің көбі толық, ұзақ келеді және өлеңдерінде араб-парсы сөздері де көп һәм орыс сөздері де бар (318-бет).

Д.Сұлтангазин мәнді де ғылыми мақаласының соңында толық аударма мәселесіне, әсіресе, ресми бүйрық-жарлықтарды, заң-заңдарды "келістіріп, ұғымды, анық қылып переуаттау бір зор жұмыс. Қиын сөздер келгенде қазақша балама сөздер болмаса да қазаққа ұғымды болса, орыс сөздерінің өзін қалдыру керек, я қазақша екі-үш сөзбенен айту керек. Сол себептен орысшадан переуат

қылғанда түп-тура сөз қалдырмай орысша ретіменен переуат қыламын деп әуре болу жарамайды" (321-бет) деп ең бір оңтайлы принцип ұсынады. Халыққа түсінікті болу жағын қарастырады. Осындай дұрыс үлгілерден ауытқығандықтан қазір сөзбе-сөз аудару етек алып, оны оқу азабынен пара-пар болып отыр.

Прогресті жақтаған қазақ ақындары, әсіресе осы газеттің төңірегіндегі көңілі ояу, көзі ашық публицистер Қазақ әдебиетінің даму жолын замана талабына сай оңға бұрып, әдеби шығарманың тілі мен стилі ғана емес, мазмұны да айқын әрі түсінікті болуы керек деген көзқараста болды.

1889 жыл әдеби тұрғыдан алғанда газет өміріндегі ең бір елеулі жыл болды. Абайдың екі өлеңі ("Жазды күні шілде болғанда", "Күлембайға") тұңғыш рет баспасөз бетінде жарияланып, әдебиет тарихындағы елеулі оқиғаға айналды. Бірінші өлеңі "кісіден үйреніп жаздым, Көкбай Жантайұлы" деп қол қойылып, "Семей уезі Шыңғыс елінің қазағы Ибраһим Құнанбайұлы аулының Бақанас өзенінің Көкбейіт деген жерге қонып жатқандағы түрі", ал екінші өлеңі — "1888 жылы май айында Ақтау деген жерде Семей облысы мен Жетісу облысының чрезвычайный съездегі түрі" деп ешкімнің аты-жөні көрсетілмей жарияланған. "Дала уәлаятының газетін" зерттеуші-ғалым Қайыржан Бекхожиннің құнды диссертациясында және баспасөз тарихына арналған еңбектерінде Абай өлеңдерінің жариялану жайы, оның ықпалы және цензураның қандай қиянат жасағандығы туралы қызғылықты деректер, толымды ойлар бар. Өлең жарияланғаннан кейін оны өзінің қазақтар туралы библиографиялық көрсеткішінде А.Алекторов Абайдың "Күлембайға" деген өлеңі патша чиновниктерінің жандайшабы болып кеткен болыстарды масқаралап мазақтайтынын, парақорлығын ажуалағанын атап өтудің өзі-ақ сатираның елеусіз қалмайтынын аңғартады.

Абай өлеңінен кейін басқа авторлардың бірқыдыру өлеңдері жарияланды. Қапал уезі Арасан болысының ауылнайы Демеубай Итжемесовтің: "Найманның жеті атасынан билік үзілмегендерін баян қыламыз" деген жәреуке өлеңі, Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің болыстар мен жатақтарды сынаған өлеңіне қарсы Мәтен Бөтбаевтың өлеңмен қайтарған жауабы әр қилы ақындық өнермен, әр алуан идеялық мағынамен жарияланып, қазақ поэзиясы баспасөз бетіне үйір бола бастағанын аңғартады. "Дала уәлаятының газеті" өлең-жырларға едәуір орын берді.

Абай өлеңі жарияланғаннан кейін "Қыр баласы" деген бүркеншік атпен А.Бөкейхановтың хаты басылды. Онда

Шортанбай, Шернияз, Құнанбайлардың қазақтың ескі билерінің сөзі мен өлеңдерін жариялау керек (г24, 16.06.1889) деген ұсыныс жасады. Ауыз әдебиеті үлгілерін жинау, жариялау қажеттігі сөз болды. Алайда кейбір оқығандар бұл пікірге қарсы шығып, қазіргі тұрмысты реалистік тұрғыда суреттейтін шығармалардан безбеу керек, қазақ халқының рухани дүниесін байыта түсетін тарихи, ғылыми деректерді мол насихаттап, көршілес елдердің өнерімен таныстырып отыру керек деп тапты. Абдолла Шонаевты Қорған елінің қазағы Ешмұхаммет Жаңбыршаұлы Наурызбаев қолдады да, "Қазақ" газетінің 24 санында басылған "Қыр баласының" жазған хатын көріп, Шортанбай, Шөже һәм ғайриларының (басқалардың —Т.К.) өлеңдерін сұрап жатқанын көрдім. Мен білдіріп тұрамын: ол ақындардың өлеңдері газет оқушыларына еш пайдасы жоқ. Себебі олар, менің байқауымша, өлеңді сый алу үшін айтты, өсиет емес,— деп жазды да, Абдолла Шонаевтың "Айрықша қосымшаның" 26 санында халыққа тарихи, ғылыми пайдалы мағлұматтар мен басқа елдердің тұрмыс-тіршілігімен таныстыратын шығармалар болу керек дегенін әбден орынды және әділетті деп есептеймін,—деп ой түйді. Осы пікір қақтығысын ұмытпаушылар да табылды. Мұхаметқали Төлеубайұлы "Шонаев пен Наурызбаевтың сөзі бас алғаннан бұзылып еді, әлі түзелмей келеді" (N19, 1890) деп түсінді.

Осы азғана деректің өзі бір жағынан, қазақ әдебиеті туралы әр қилы ойлайтындар, көркем шығарманың танымдық, сипатын қалайтындар бар екенін көрсетсе, екінші жағынан, қазақтың әдеби сынының қылаң бере бастағанын, әр автор өз ойын дәлелдеп айтуға тырысқанын анық байқатады.

Уақыт өткен сайын қазақ авторларының қаламдары үшталып, айтарлары нақтылана түсті. Қаркаралыдан жазылған хатта газеттің шыққанына қуана келіп, "Баянауладан екі кісінің сөзі ұнамды тиіп, көңілденіп отырмыз. Бірі — Сәдуақас Мұсаұлы Шорманов дегеннің сөзі, атасы жақсы болған адам еді. Бірі — Жүсіп Көпеев деген. Сөзі қарасөзбен болса да, өлеңмен болса да дәмді болып көрінеді. Көпеевтің сөзінен сөз тануыларға ғибрат көп табылып тұр. Сол кісінің қай түрлі жазған сөзі газетпен келсе, оқып көңіліңіз ашыла берер еді. Және естуші елік Сүйіндікте Мәшһүр ақын бар деп, оның өзін көрмесек те, өлеңі жұртқа жайылып еді" (N19, 1890) дегендерде баға беру, өзіне ұнағанын айту ниеті бар, халықтың таным-біліктің сыртқа шыққан бір түрі екенін көреміз. Газет сөзі, айтар ой-пікірі, түйінлер, тұжырымдар осылайша жетіле, толыса берді.

Сондықтан сол кезеңде жарияланған әдеби процестің ішкі сыры мен дамуына эстетикалық талдау жасаған сынды саф алтындай тұтас кездестіре қою қиын болғанымен, әдеби сынның элементтері бар материалдар көбінесе әлеуметтік-саяси мәселелерге қосарланып, аралас айтылып отырылғаны анық.

Осы реттен алғанда, "Дала уәлаятының газетіне" бес жылдай тілші болып, алғашқы жазғандарын жұрт ұната бастаған, көптеген мақалалары мен өлеңдерін жариялап өз пікірін ортаға салған, әлеуметтік ойды оятуға үлкен үлесін қосқан Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің бір мақаласына айрықша тоқтала кету қажет. Бұл мақаланың бізге екі тұрғыдан мәні бар: бірінші — қазақ әдебиеті тарихында тұңғыш рет Абайдың аты аталып, оған ілтипат білдірілуі болса, екінші — қазақ әдебиеті сынының "таза күйінде" кездеспей, әлеуметтік-қоғамдық мәселелермен араласып, анда-санда бой көрсетіп қоятындығы.

Мәшһүр Жүсіп Көпеев өзінің осы мақаласында "Дала уәлаятының газетінде" жарияланған өлеңдерге сын айту мақсатын көздеген.

Мәселенің құнды және бізге айрықша қажетті жағы — Абай өлеңінің тұңғыш рет оқушылардан, оның ішінде Мәшһүр Жүсіптей көзі ашық адамдардан көтеріңкі бағасын алуы. Абайдың поэзиясына алғаш рет зор ілтипат көрсеткен және оның атын тұңғыш ауызға алған Көпеев екені тарихи шындық. Құнанбайға ас бермедің деп Абайға мін таққанмен, оның ақындық өнеріне әбден ден қойған. Газетте "басылған бір тақпақ өлең Құнанбай баласынікі деп естіген едік: Біз Ыбырай мырзаның өнерін Құнанбайдан артық деп естіген едік. Артында байлығы һәм келісті болып өлеңге қосылып тұрған соң, өлеңіне өнерін муафик қылып сөйлесе керек қой деп айтып жатырмын" ((г48) деп жазған болатын. Абайдың Көкбай атынан 1889 жылы жарияланған екі өлеңінен шын поэзияның үшқынын көріп, оған ынтасы ауған жұрттың Абай шығармасын "аңсап, іздей бастауын, алайда жұртқан бұрын іздеген кісі —Мәшһүр Жүсіп" болғандығын Қ.Бекхожин тұңғыш айтқан-ды. Қай уақытта, қашан болса да адамның сөзі мен ісінің бір жерден шығуын қалаған еді. Сондықтан да Мәшһүр Жүсіптің "Почтенному Ибраю, как стоящему во главе своего общества и имеющему большое состояние, удостоенное даже предметом поэтического творчества, следовало бы согласовать свои поступки и деяния с той репутацией и мнениями, которые распространяют о ней молва, печать и пр" (N48, 1889) дегенінің ізгі тілектен туғандығын аңғармасқа болмайды.

Абайдың жарияланған екі өлеңі оны қай сөзден болса да арашалап алуға жарағанын омбылық Хасен Көкеновтің редакцияға жазған мына хатынан байқаймыз: "Ыбырайдың өзі, Көпеев оппа мақтамаса да, біз алыстан естиміз, мейліншe құрметтеу қазақ—байлығымен емес, өзінің ақылымен. Сондай ақылымен халыққа құрметті, сүйкімді һәм сенімді, бір оз төңірегіне емес, бүтін уезге" (N1, 1890) деп жазуы Абай даңқының сол кездің өзінде көп елге мәлім болғанын аңғартып қана қоймайды, сонымен қатар, оның поэзиясының мәнділігін де, оқушыларға әсерлі болғандығын да көрсетеді.

Сонымен "Дала уәлаятының" газеті бір жылда, яғни 1889 жылы әдеби-мәдени құбылыстарға жанастыра өнімді ойлар, талас пікір айтқанын секерсек, онда халықтың қоғамдық және эстетикалық таным-талғамдары мен түсініктері қаулап кетерін анық байқаймыз. Н.Ильминскийдің "шырылдауы" осыдан болатын. Әрине, газет шыққан 14 жылдың ішінде әкімшіліктің қас-қабағына қарап, редактордың ынтасына, күш-жігеріне қарай, әр килы сипат алып отырғаны байқалғанмен, қай сөзі, қай материалы болмасын құнарлы топыраққа, яғни қазақтың әсершіл де қызыққыш зердесіне түсіп, әлеуметтік сипат ала берді. Соны эстетикалық-мәдени жайларға жақындатсақ талай қызықты жайларға кездесеміз. Кітап шығару, ғылыми бағдарлама жасау, экспедицияға шығу, мүшелтойлар қызықтары, қазақтың түрлі әдет-ғұрыптары мен тарихына қатысты дүниелер мейлінше көп жарияланды.

Мәселен "Ғылыми хабарлар" деген материалла Петри деген оқымыстының Петербургте жасаған баяндамасында Ресейге тараған "қазақтың қисабы екі жарым миллиондай" (Түркістан өлкесін қоспағанда, түгел алғанда екі жарым миллиондай еркек кіндікті болған—Т.К. "Ана тілі", 13.02. 1992) екені, "Орынбор округіндегі 8236 қазақ балалары 251 қазақ медреселерінде" оқып жатқаны, "қазақтардың өнерлі, білімді, ғылымды болатын белгісі бар.. Айтылмыш Петри сөйлегенде Петерборда тұратын қазақтардың көбі келіп тыңдап, білімдінің сөзін қостап, дуылдасып тұрды" деуіне қарағанда (N5, 1890) сонау солтүстіктегі астанада өзгені былай қойғанда едәуір қазақ болғанға ұқсайды. И.Н.Березин. Ғылым хабарлары (N7). "Жаңа кітаптар" (N30, "Ташкенттің күншығыс халқының жазулары" (N32), "Қазақ ақыны Үлкенбайлың өлгені" (N52, 1890), Минакиб Н.И.Ильминский (N2), "Халықтардың мақалы" (N20,21), "Қазақтардың естерінен кетпей жүрген бір сөз" (29,40 сандары "Ендік-Кебек" пен "Қалқаман-Мамыр" жайында) "Кім тұрар сөз сөйлемей көңіл қызса" (N47, 1892).

"Қазақтарға пайдалы кітаптар" (N39, 1894), "Г.Н.Потанинның Ақмола облысындағы Көкшетау оязына баратұғыны тұрасынан" (N24), "Бір әйел адамның тірлігінде ғылым үшін мехнат шеккен турасына" (N 26, 1895)" "Дорджи Банзарұтлы" (N22) "Торғай газетінің бір нөмірінде" (N30)— "Қазақтың тәуір адамдарының қылар ісі — задачи киргизской интеллигенции" (N43, 1896), "Асан қайғы" (47), "Басылып шыққан кітап туралы" (N51, 1897) сияқты көптеген сын мен ғылымға байланысты материалдар жарияланды.

Қазақ әдебиеті сынының алғашқы қарлығаштарын газет бетінде библиография түрғысынан берілген материалдардан көруге болады. Олардың қайсыбірі рецензия дәрежесіне дейін көтерілгенін аңғару қиын емес. Қазақтың алғашқы публицистерінің бірі және осы газеттің белсенді авторы Отыншы Әлжанов бірнеше қазақ мұғалімдері Орынбор оқу округінің инспекторы Катаринскийдің ақылымен "Практические уроки для киргизов", "Жазуға үйрететін кітап", "Первоначальный учебник руссокого языка для киргиз" "Орыс тілінің әуелгі оқитұғын білімі", "Краткий русско-казахский словарь" ("Қысқа ғана орыс һәм қазақ переуаты") деген кітаптар шығарғанына айрықша құрмет көрсетіп, "бұл кітаптар орыс тілін үйренеміз деген қазақтар түгіл, қазақ тілін үйренеміз деген орыстарға көп пайда келтіреді" деп табады да, кітаптардың құрылымын педагогикалық талаптарға жауап беруі түрғысынан талдайды. "Бұл кітаптың басында орысша әліпби бар. Қазақтардың сөйлеген даусына қарай қосымшасы бар. Бұдан соң оңай болып, қиын болып айтылатұғын әріптердің қосылғаны келеді. Одан әрі екі бөлікті, үш бөлікті қазақ сөздері келеді. Осы сөздерді оқыған соң балалармен әңгімелесіп сөйлесуге болады... әр бөлегі әр түрлі жөні басқа сөздерден тұрады (егерде жөні бір сөздерден жазылса, балалардың оқығанда іші пысар еді)" деп (ДУГ, 1989, 607—608-беттер) кітапқа орналасқан материалдардың мән-маңызына көз салады. Өз ойын "Қазақ медреселері үшін бұл кітаптан жақсы кітап болмаска керек" деп түйіндейді.

1897 жылы Орынборда "Қазақша-орысша сөздік" шықты. Оны Сұлтан Бақтығерейұлы, Балғынбайұлы, Бейсенұлы Сарбатырұлы, Жұмалығұлы жасаған. Сөздікті әңгімелерден бұрын қазақтардың оқуға ықыласы соңғы кезде күшті ауғандығын, ауылда медреселердің көптен ашылып жатқанын, әсіресе, "орыс тілін білу үлкен қажет болып" отырғанын, одан түсер пайданың көп екендігін шалқып айтып алады да, "орыстың тілінің шатағы көп, қиын. Соңысына қарамай орыстың өз балаларынан қалыспай,

жараткерлігі мен зеректік һәм ізденгендігімен қайсы уақытта орыс балаларынан артық та біліп кететін болып жүр (ДУГ, 1900, 514-бет) дейді де, сөздіктің дұрыс жасалғанын айта келіп, "жалғыз-ақ сынауға тұратыны мынау: өзі орыс әрпімен жазылған, араб әрпімен переуат қылып, басына жазбаған екен. Сондай басына әліпби басып һәм бұл кітапты қалай оқуын айтып жазса, кімге болса да пайдалануға өңкей жақсы болар еді" (сонда, 516-бет) деп, осындай пайдалы кітаптар шығара берулеріне тілектестік білдіреді.

"Бір жаңа кітап турасынан" деген мақалада Неклюдовтың "Өзі үйретеді" (самоучитель) деген кітабы қатты сыналады. "Қазақша тілдерді өздігінен үйретуге" тіпті жарамды емес һәм ноғайша тілдерді тәуір қылып үйретуге де онша мәнісі көрінбейді. Осы Неклюдов деген адамның переуат кітабын сатып алып ақшаларыңды шығарып, уақыттарыңды өткізіп, бейнеттенің оқып әуре болмай-ақ қойыңыздар" (ДУГ, 1900, 41—42-беттер) деп ақыл-кеңес берсе, А. В. Василевтің "Исторический очерк русского образования в Тургайской области" деген кітабының кемшілігін каза айтады. Оны әсіресе Д.Сұлтангазин ғылыми тұрғыдан дәлелдеп жазып, қазақ фонетикасын білмей тұрып кітап жазудан сақтандырды.

Кітаптар жайынан осындай азды-көпті сыни ой-пікірлер айтылғанда үнемі қосарлана жүретін бір күрделі мәселе бар. Ол — кітапты қай әріппен, әліппемен басу мәселесі. Отыншы Әлжанов өзінің рецензиясында орыс алфавитін қолданған адам — Ыбырай Алтынсарин еді деген пікір айтқанда, редакция өз тарапынан "әуелі араб әрпін тастап, орыс әрпімен қазақ тілінде сөз жазған ғалым Ильминский еді" деп түзету жасайды да, "Алтынсарин Ильминскийдің шәкірті еді. Бұл қазақ бек зерек, жұмыскер адам еді һәм әр ғылымды өзі оқып біліп еді. Алтынсарин марқұм қазақтарға ғылым, өнер үйретуді жиһат етіп жүруші еді. 1879 жылы Алтынсарин қазақтардың әр түрлі терме өлеңдерін һәм әңгімелерін жиып, кітап қылып шығарып һәм қазақтарға орыс тілін үйренуге тағы бір кітап шығарып еді. Бұл кітапта бұл адам араб әріптерін тастап, қазақ сөздерін анық қылып орыс әріптерімен жазып еді" (ДУГ, 1899, 619-бет) деп Ыбырай және әдебиет жанрлары жайында иман жүзді пікір айтқанымен, соңғы ойына, яғни орыс әрпімен кітап шығару жайында салмақ сала, назар аудара айтуы өшейінгі жай әңгіме емес еді.

Бұл жайында қазақ тілінің тазалығын сақтау, жазу емлесін дұрыстап жүйелеу жөнінде Асылқожа Құрмантаев, әсіресе, Дінмұхамет Сұлтангазин сақтана, бұландата айтқанын да

естен шығармайық. "Қазақтар араб әріптерімен жазады, оқып жаза білетіндері недәуір. Осы уақытта қырда қазақ арасында жазба уақ кітаптар толып жатыр, араб әрпімен жазған уақ басма кітаптар да бар" (ДУГ, 1900, 314—315-беттер) дегендері орыс алфавитіне ашық қарсы шыға алмағанының нышаны еді. Ал қазақтарды орыс графикасына көшіру идеясы ерте басталғанымен кейінгі оқиғалар, әсіресе, интернационалдық қызыл тудың пәрменімен 1940 жылы еншіммен ақылдаспай-келіспей отаршылардың көкten тілегенін жерден тауып беріп қазақ халқының мәдениетін, дәстүрін түп тамырынан солдыру, тарихи негізін талқандау арқылы мәңгүрттендірудің шарасы болғанын енді сезіп-біліп отырмыз.

Сонымен, XIX ғасырдың соңғы ширегі мен XX ғасырдың бас кезінде өмір сүрген "Дала уәлаятының газеті" қазақтың түмшаланып келген қоғамдық-әлеуметтік ой-пікірін оятып қана қоймай, кең өріс бергенін айрықша атау орынды. Оңымыз бен солымызды, өткеніміз бен болашағымызды бағдарлаған материалдардың бәрі де өркениетті елдердің қатарына қосылу тенденциясын туғызды. Соның нәтижесінде бір халықтың күш-қуаты мен рухани тірегі — қазақ тілі мен әдебиетінің дамуына жағдай жасалып, тілдің тазалығы, шұбарланбауы, көркем шығарманың ажарлы да көрікті, түсінікті болуы, кітап шығару ісін жандандыру, елге ұтымды саналы басылым беру, сөз өнерінің сыр-күпиясына үңілу, кімнің қандай іс тындырып кеткенін анықтап, олардың есімдерін қадірлеу, құрметтеу, ұлттық дүниетанымымен білім-біліктi баспасөз базарында бағалату, пікір таластыру, ой айту рәсімдері, сөз жоқ, қазақ әдебиеті сынының кең арна тауып кетуге мүмкіндігі барын көрсетті.

Өкінішке орай, XX ғасырдың басындағы аумалы-төкпелі кезең қазақ баспасөзінің үздіксіз дамуына мүмкіндік бермеді. Анда-санда үздік-создық шыққандардың "Дала уәлаяты газетінің" эстафетасын іліп әкетуге мүршасы болмады. Сондықтан 1907 жылы Петербург қаласында Шаһмардан Қосшығұлов, М.Дулатовтар алғашқы санын шығарып, екіншісінде тұтқындалған "Серке" газеті, Троицкий шаһарында бір ғана саны шығып, тоқтап қалған "Қазақ газеті" кетікке жамау бола алмады. Ал 1911—1913 жылдары Орал қаласында шығып тұрған "Қазақстан" газеті көбіне-көп саяси-әлеуметтік, экономикалық мәселелерге назар аударып, қоғамдық ойды ояту бағытында біраз еңбек сіңірсе де әдебиет-мәдениет саласына жөнделмді көңіл бөле алмады. Рас, "Қазақстан" газетінде "Әдебиет таңы" (N3, 1911) деген мақала басылды. Онда әдебиетіміздің жалпы жай-күйі,

әсіресе, тілімізге бөтен сөздердің омыраулап еніп жатқаны айтылып, тек ақындарға ғана емес, бүкіл елге:

Әсемпаз болма әрнеге
Өнерпаз болсаң арқалан.
Сен де бір кірпіш дүниеге
Кетігін тап та бар қалан, —

деген Абай сөзін үлгі етті. Осындай кемеңгерлік пікір айтқан ақынды әдебиетіміздің таңы деп орынды пікір түйді.

Сонымен қазақтың қоғамдық өмірінде пайда болған баспасөз орындары, әсіресе, "Түркістан уәлаятының газеті" мен "Дала уәлаятының газеті" халықтың әлеуметтік сана-сезімін ояту бағытында біркыдыру үлкен еңбек сіңірсе, екінші жағынан, қазақ әдебиеті сынының тууына дайындық жасады. Бұл кезеңдегі әдеби сын элементтері, әлі де болса жалпы саяси-экономикалық, тарихи-әлеуметтік мәселелермен қабаттаса айтылып, мәнді арна табуға ыңғайы бар екенін аңғартты. Қазақ әдебиеті сынының эстетикалық дәрежесі мен өрісі онша биік талапқа жауап беріп, алқалы өнірден көріне қоймағанымен ел-жұртты елең еткізер екпінін аңғартып, өзінің жанрлық сипатын "Айқап" журналы мен "Қазақ" газетінде айқын таныты.

2. "АЙҚАП" ЖУРНАЛЫ МЕН "ҚАЗАҚ" ГАЗЕТІНІҢ ӘДЕБИЕТ СЫНЫН ТУДЫРУДАҒЫ ТАРИХИ МАҢЫЗЫ

1905 жылғы орыс революциясы Ресейдің өзін де, оның айуандық езгісінде зар илеген бодан елдерді де дүр сілкіндірді. Ептеп болса да ойлағанынды айтар, көздегеніңе қол созар, армандағанына талпынар мүмкіндіктерге қоғамдық-әлеуметтік жіктердің, әсіресе жұмысшылар мен кедей-кепшіктердің қозғалысы жеткізді. Ресей әкімшілігінің іштей іруі, берекесіздіктің күшеюі, майдандарда жеңіліске ұшырап, өзгенің жерін ожарлықпен отарлап, сыртқай қампайғанымен, іштей ешқандай жігер-қайраты, береке-бірлігі жоқтығы әмбеге аян болған уақытта қоғамдық-әлеуметтік ойдың базары кіпірейіп, әркім өзінің қам-қарекетін жасай бастады. Халықтардың ұлттық сана-сезімі шығар арна, бағыт-бағдар іздеді. Міне, осыны әбден жыға түсінген Мұхаметжан Сералин Тройцк қаласында қазақтың тұңғыш

демократиялық журналы "Айқапты" (1911—1915), Ахмет Байтұрсынов Орынборда қазақтың жалпыұлттық газеті "Қазақты" (1913—1918) шығарып, қазақтың қоғамдық-әлеуметтік, саяси, мәдени, әдеби ой-пікірінің базарын қыздырды. Осы екі басылым қазақ қауымының құлағы мен тілі болып үгіт-насихатшылықпен шектеліп қалмай, қазақ "көзі жоқ соқыр, құлағы жоқ керең, тілі жоқ мақау болар да отырар, бұған көз, құлақ, тіл болғандай нәрсе қажет деп газет шығарғанын" (А.Байтұрсынов. "Ақ жол", 1991, 264-бет), ұйымдастырушылық міндетін атқара білгендігін енді қысылмай айту парыз.

Әрине, ауызбірліктері күшті болып, қоғамның жоқ-жітігін, кем-кетігін бірлесе, қосыла іздесе олардың тарихтағы істері бұдан да қомақты, зор болатын еді. Әр қилы әлеуметтік мәселеде, әсіресе, отырықшылыққа көшу, съезд шақырып бас қосу, ел ісіне араласу, ұлт-азаттық күресіне бағыт сілтеу жайындағы сүбелі мәселелерде әр қилы пікірде болмай, ауызбірлік тапқан шақта қазақ қауымының жалпы ұжымы бір бағыттан табылып, 1917 жылдың төңкерістерін өз пайдасына ыңғайлай, пайдаланар ма еді деген ой да қылаңдап қояды. Соның өзінде де істеп кеткендері, жазып жариялағандары, армандаған тілек-мұраттары буырқанған XX ғасырда жасап жатқан халықтардың ешқайсысынан, тіпті метрополиямын деп кеуде соққандардың бірде-бірінен кем емес. Соның ішінде көркемдік түсінік пен эстетикалық таным-білік қосарлана жүргені шындық. Қазақ қоғамының сана-сезімі мен парасаты бүкіл ресейлік дамудың деңгейінде көрінуін Қазақстанның географиялық жағдайының әсері аз еместігін де естен шығаруға болмайды. Алым-берім, әсер-ықпал XX ғасыр басында мейлінше күшейді.

Қазақ қауымына атар таң, шыққан күн болуға талаптанған "Айқап" журналы саяси-әлеуметтік, шаруашылық, жер-су, оқу-ағарту, өнер-білім мәселелерімен қатар әдеби шығармаларға — әңгіме, өлең, оқпау сөздерге, сыншылық пікірі бар материалдарға үнемі орын беріп отырды. Мұхаметжан Сералиннің, Ахмет Байтұрсыновтың, Міржақып Дулатовтың, Шәкәрім Құдайбердиевтің, Сұлтанмахмұт Торайғыровтың, Сәбит Дөнентаевтың, Бейімбет Майлиннің, Сәкен Сейфуллиннің, Самат Нұржановтың т.б. шығармалары "Айқап" журналында үздік-создық жарияланып тұрды. Бұлардың шығармалары қазақтың жазба әдебиетінің даму тенденциясын аңғартып қана қоймай, қандай арнамен өркендеу бағытын да белгілеген болатын. Осы тұрғыдан алғанда "Айқап", әсіресе, тарихи сахнаға шыққаннан кейінгі

"Қазақ" газеті айрықша сүбек сіңірді де, қазақ әдебиетіне үлкен олжа салды.

Қазақ әдебиетінің сол дәуірдегі творчестволық проблемаларын мүмкін қадерінше сарапқа салып, жүртшың эстетикалық талап-талғамын қалыптастыруға алғашқы қадам жасаған да "Айқап" журналы мен "Қазақ" газеті. Сондықтан бұлардың қазақ әдебиеті сынын тудырудағы тарихи орны ерекше.

"Айқаптың" 1911 жылғы бағдарламалық бірінші мақаласында журнал бетінде әңгіме болатын сегіз тақырыптың төртеуі, атап айтқанда, "фельетондар, өлең-жырлар, кітаптар һақында һәм ғылым бабынан кеңес" әдебиет пен мәдениет үлесіне тиді. Мұның өзі бұрын газеттерде ыңғайы келгенде ғана орын алып жүрген мәселенің жүйелі желіге түсерін аңғартады. Кейінгі сандарында журнал бұл мәселеге баса көңіл аударып, бұдан былай көбірек әдебиет (литература) жағына көз (N24, 1912) салатындығын хабарлады.

"Айқаптың" тұңғыш санынан бастап "Кітаптар жайынан" деген арнаулы бөлім ашылып, жаңа шыққан кітаптарға аннотация, жарнама-сын беріліп отырды. Журналдың бірінші санында "Қазақ тілінде қазіргі заманда кітап бастырушылық өнері көп жайылған жоқ. Соңғы жылдарға шейін қазақ тілінде басылып келе жатқан кітаптар: "Зарқом", "Сал-сал", "Қаһарман Бозжігіт", "Шәкір-Шәкірат" секілді хикаялардан ғибраті еді. Соңғы замандарда "Қыз Жібек", "Айман-Шолпан" секілді қазақтың милли хикаялары да басыла бастады. Ләкин бұл кітаптарды бастырушылар ноғай болғандықтан сөздері де бытқып, әсте өте нашар болып шығады. Қазақтың жаңа шыққан кітаптарының арасында басылуы көркем, жазылуы дұрыс кітаптар" да кездеседі делінді. Осы айтқан мақаладан кейін "Айқап" редакциясы жаңа шыққан кітаптарды жеке-жеке сөз қып қажетті дегеніне сын-ескертпелер айтып, ғәуірлерін оқушы көпшіліке насихаттап отырды.

Жаңа шыққан кітаптардың халыққа пайдасы тиетіндеріне орын бергенде, ол әлеби шығарма ма, өлең жинағы ма, әлде әліппе, оқу құралы ма, не жаңадан шыққан газет пе — оларды іштей саралап жатпаған. Сондықтан эстетикалық тұрғыдан сыншылық ой-пікірі бар материалдарды белгілі бір жүйеге түсіре баяндаған жөн. Өйткені журналда жарияланған сын-ескертпелердің бәрін түгел қамту мүмкін емес, екіншіден, басылған материалдардың ізіне түсіп қуа беру айқындық пен нақтылыққа нұқсан келтіреді, үшіншіден, өзіміз арнайы

әңгімелеп отырған сын тарихы көп мәселемен араласып, тасада қалып қоюы да ғажап емес.

"Айқап" бетіндегі сын-ескертпелер мен мақалаларды негізінен екі салаға бөле қарастырамыз. Бірінші — педагогикалық сипаты айқын сыншылық ой-пікірлерді алдымен әңгімелейміз, өйткені бұл кезеңде мектептерді оқу құралдарымен қамтамасыз ету мәселесі ең көкейтесті практикалық іс болатын. Екінші — әдебиетке тікелей қатысты жайлардан өрбитін сыни ойларға назар аударып, олардың жанрлық болмысы мен табиғатын айқындау қажеттігі негізгі проблема болмақ.

1911 жылдың 10 қаңтарынан 1915 жылдың 28 тамызына дейін 89 саны шыққан "Айқап" журналында педагогикалық сипаты бар материалдар және оқу құралдарына жазылған аннотациялар біркыдыру мол кездеседі. Мұның өзі сол кезеңде оқу-ағарту ісінің ерекше жандануына байланысты екенін де ұмытпаған жөн.

"Айқап" журналында педагогикалық мақсатты көздеген алғашқы сыни пікір Мұхамедораз Нұрбаевтың "Қазақша әліппе" атты кітабына айтылды. Алфавиттің тиісті тәртібін сақтамағанын міней келіп, "кітапқа жазылған сөздердің мағыналы сөздер болуы, балалардың зейініне лайық білімдер, пайдалы насихаттар болуы тиіс" деп педагогикалық талап қойды. Сондай-ақ осы әліппені сынаған тағы да басқа хаттар бар екенін хабарлай келіп "кітапты уақ ғарыппенен бастырыпты, балалар үшін ірі ғарып керек еді" (N8. 1911) деп ескертпе жасаған. Былай қарағанда, әкетіп бара жатқан кемшілік емес сияқты болғанмен, мектеп табалдырығын алғаш аттаған баланың әліппесінің ірі болып, бадырайып көрінуі техникалық емес, шын педагогикалық талап. "Айқап" редакциясы осындай мәнді мәселелер жөнінде пікір айтқан уақытта "тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні" айтатын аннотацияға, кейде жарнамасына көбірек орын беріп отырған.

Журналдың оқу құралдары жөніндегі көзқарасын аңғару үшін мына жарнама сынды келтірген орынды: "Медресе ғалияда оқушы қазақ шәкірттері "Әліппе яки төте оқу" есімді қазақ һәм қырғыз балаларына арнап бір кітап басып шығарып, сатып ала бастады. Бағасы 17 тиын. Қайырлы сағатта болсын!

Шәкірттердің тағы бір іжлағаты бұл "Әліппеден" соң, қазақ балалары оқу үшін тағы бір кітап жазып шығармақ екен. Біздің білуімізше, марқұм Торғайский область инспекторы болып тұрған Ибраһим Алтынсариннің орыс ғарпімен бастырған "Хрестоматия" деген кітабын

орталарынан лүксат алып, араб гарпымен кайта бастырған макүл болар еді. Алтынсарин 10 жылдыктан артык учитель болып, тәрбие көрген адам болгандыктан оның жазған "Хрестоматиясы" гылыми-педагогикага бет бүрмак. Ашык казак тілінде жазылған. Ішінде гибратлы хикаялар, өлең-жырлар, макалалар орны-орнымен бар" (N4, 1911) деген жарнама-сынның көздеген мақсаты айкын.

Мұның өзі журналдың агартушылык позициясының бекем, мұрат-мақсаты айкын үстаған багытының озык екенін аңгартып гана коймайды, сонымен катар сыни ойының өрісі жетілін келе жатканлығын көрсетеді. Осындай педагогикалык сипаты калың сын пікірлер, сөз жок, казактың әдеби сынының тууына белгілі дәрежеде баспалдак болды.

"Айкап" журналы әсіресе "Әліппе" кітаптарына ерекше назар аударып, халыктың сауаттануы көбіне осы оқу құралдарына байланысты екенін жаксы түсінді. Сондыктан Қ.Ходжиков шыгарған "Әліппені гылыми педагогика оқып, тәжірибе көрген адамның жазгандығы әлдекайдан көрінін тұр" деп көтере багалады. Сонымен катар бірлі-жарымды жазылған өлеңдері ұйкастырылмағандығын" (N4-5, 1913) айтулы да орынды деп тапты. Ал М.Малдыбаев шыгарған "Қазакша ең жана әліппенің (төте оқу)" "балаларга арналып жазылған кыска-кыска әңгімелері нагыз таза казак тілінде емес" деп санап, тіл тазалығына да көңіл бөліп отырды. Әрине әліппе оқу құралдары жайы, әсіресе, мектеп күйі "Қазак» газетінің бетінде әрі комакты, әрі ауқымды да гылыми тұрғыдан тәрен әңгімеленеді. Мұның субъективтік себебі — газеттің редакторы Ахмет Байтұрсыновтың бұл салада мын ойланып, жүз толғанып, ой-пікірін практикалық істе сынап көргендігін айрыкша айту керек. "Қазак" авторларының мектеп жайында нобайлай үсыныс түрінде айткандарын Ахаң нактылы мәселеге айналдырып, бір ойын екінші макаласында дамыта, өмірдің кажетіне жакындата іріленлірін отырды.

"Айкап" журналында әліппелерді, оқу құралдарын жетілдіру мәселелері көтерілгенде А.Байтұрсынов "Казактың бастауыш мектебінде окитын кітаптар белгіленбек түгіл, әлі шыккан да жок. Жана гана әліппе шыға бастады» ("Акжол", 1991, 252-бет), — деп бастайды да, жалпы бастауыш мектептің жай-күйіне, келешекте кандай болуга тиісті екеніне, педагогикалық және оқу-методикалық мәселелер жайында білімдарлыкпен пікір айтады.

Ең алдымен, өзінің агартушылык ой-пікірін практикалық негізге сүйеніп айтуы аркасында ел-жұрттың ынтасы оқуга ауғандығын үгіт-насихатты сөзге айналдырмай, нактылай

айтады. Қазактың "оқуды керек кыла бастағаны — жұртка ес кіре бастағаны" деп біледі де, осыны медет тұтады. Екіншіден, осындай ес біле бастаған елді қайда бастау керек, кандай багыт-багдар сілтеу керек деген келелі мақсатты алдына қойып, бүкіл оқу жүйесін тәртіптеу мәселесін көтереді. Үшіншіден, мектеп ашу, оқу құралдарымен камтамасыз ету әңгімелерін мұғалімдердің аткарар міндетімен сабақтастырып, бір-бірінен ажырамас бірлікте, карастырады да, "осы үш пікір бірдей тең болса, оқу кысаңламай, ауытқымай түзу жүреді" (сонда, 267-бет) деп табады. төртіншіден, оқудың түпкі мақсаты не болмак, кім кандай саясат жүргізу керек деген мәселені де қоса қамтиды.

Осы проблемалардың әркайсысын тарата баяндар болсак, ең алдымен, Ахмет Байтұрсыновтың өзі басқарып отырған "Қазак" газетінің позициясы әшейінгі агартушылык идеясын насихаттау емес, накты практикалық тұрғыдан шешуге, іске айналдыруға тырыскандығымен дараланады, түбегейлі өзгерісті қалаған төңкерісшілдікті аңгартады. Ахаң тіпті оқу ісінің өзінде-ак реформаторлыктан асып, революционер-демократ болғандығын әр кез танытып отырады.

Оқу-агарту жүйесін жөнге салу үшін мектеп статусын, оның ішкі құрылысын жолга салу айрыкша кажет деп білді. "Елді түзеуді біз бала оқыту ісін түзетуден бастауымыз керек" (252-бет) деген қағиданы әркашан үстанып отырды. Және 1913 жылы айткан ойларын келесі жылдарда өсіре, дамыта түскенін де айкын байкаймыз. Осы уакытка дейінгі ауыл және болосной мектептің жай-күйін айткында казакша оқытатын ауыл мектептерін өркендете беру жайына көп көңіл бөлсе, 1914 жылы бүкілресейлік мәжілісте бұратана елдердің бастауыш мектебін дұрыстап жүйелеуді үсынады. Бастауыш мектеп алгашкы үш жылда таза ана тілінде, калған екі жылда таза орысша оқытылуға тиіс деп білді. Сонда олар ана тілін де ұмытпайды, әрі оқи алмай калған кезде орысшадан да күр алакан калмайды деп білді.

Бір-біріне логикалық сабақтастығы бар оқу жүйесінің практикалық мәні мынау: "егерде бастауыш мектеп оқып шыккандар ілгері оқымай үйінде калса, ұлт әдебиеті мен матбұгатының мүлкін пайдаланарлық дәрежелі біліммен калсын. Әрі оқимын деген халде, мұсылманша оқыса, бастауыш мектеп оқуы арғы оқудың негізі болуга жарасын; орысша оқыса, орысша үйренудің киындығын жеңілдетерлік демеу һәм негіз болуга жарасын" (266—267-беттер) деп, арба да сынбайтын, өгіз де өлмейтін оңтайлы принцип үсынады. Ойлана келсек, осыны бүгінгі шағын комплексті мектептерде колдануға болатындығы анык байкалады.

Ал үшінші бабтағы мектеп үйі, оқу құралы, мұғалім рөлі, педагогикалық-методикалық айла-амалдар жайындағы әңгімелердің басым, ашық екендігін айтқанда "қазақ тілінде үйретілетін нәрселер: оқу, жазу, дін, ұлт тарихы, есеп, жағрафия, ұлт тілі, шаруа, кәсіп, жаратылыс жайы" (268-бет) жалпыға бірдей болғанда оқу-білімнің кімге не үшін керектігін тарата баяндалы.

1870 жылғы Оқу ағарту министрлігінің жарлығы өсіп-дами келе 1910 жылы Мемлекеттік думада "мектептерде оқу орыс тілімен оқылсын" деп түжырымдалды. Бұл тежеусіз отаршылдықтың асқынған анайы түрі екені сөзсіз. Осыны Ахаң, Жақандар мықтап түсінгендіктерін әр сөзі мен ісінде танытып отырады. Оқу-білім әр жұртқа, халыққа әлемдік даму деңгейінде болып, басқалармен азаматтық тұрғыдан тең, өзінің рухани-эстетикалық тұрғысынан мәдени өресінің биік болуы үшін, өзінің тілін, дінін, ұлттық келбетін дамыта беру үшін керек болса, патша отаршыларына, үкіметіне қараңғы, надан болғаны керек, ол бола қоймағанда оларға жағымдысы қол астындағы жұрттың жазу-сызу, тілі, діні бір болу, Ресей қол астында түрлі тілді, түрлі дінді, түрлі жазу-сызуды тұтынып отырған жұрттар бар. Солардың бәрі тілін, дінін, жазу-сызуын орысқа аударса, үкіметке онан артық ұнамды іс болмас" (267-бет) дегеннің 1914 жылы ашық айтылуы Ахаңның ұлтжанды саясатшы екеніне дәлел. Ол ол ма, бар нәрсені бадырайтып батыл айтудың өзі сол кез үшін ерлік екенін ескерер болсақ, онда қазақ арасына орыс мектептерінің терең тамыр жая алмай жатуы "қазақты орысқа аударамыз деген пікір бәрін бүлдіріп отыр" деп ашық жазды. Сол ойын жүзеге асыру үшін әр түрлі айла-амалдар жасалып жатқанын тартынбай көрсетті. Ауыл мектебіне қарағанда орыс школдарының бар жағынан жабдықталуының бір сыры орыстандыру саясатында жатқанын именбей айтты. "Балалар ана тілімен оқыса да орыс харпімен оқысын дейді. Бұлар епшен қайырмалаушылардың жолы. Біреулері ең-септі қойып, бірден орысша оқыту керек дейді. Сол школдар арқылы қазақ тілін жоғалтып, орыс тіліне түсіреміз дейді, қазақ тұтынып отырған араб харпін тастатып, орыс харпін алдырамыз дейді. Бұл айтылғанның бәрі хүкімет пайдасын көздегендіктен істелін" (267-бет) жатқандығын Ахаң дер кезінде айтып, ескертіп отырды.

Ахаңды ұлтшыл болды, прогрессивті құбылыстарға қарсы шықты дегендердің бәрі жалған екенін айтқан уақытта, өзінің маңдай тері, өмірлік тәжірибесі мен көзі жеткен таным-білікке опасыздық жасамағанын дәлелдеу үшін араб

графикасын қазақ тілінің табиғатына ыңғайлаған ұлы ісіне зор ілтипатпен қарау абзал. Қазір кириллицадан латынға қайта көшу, онан кейін араб графикасына оралу мәселесінің күн тәртібінде тұруы Ахаңның осы ұлы еңбегіне ойлана қараулы тілейді. Және мұның бәрі де "Айқап" журналы арқылы ел-жұртқа жетіп, шешімін тапқан проблема екенін естен шығармағанымыз жөн.

"Оліппе" кітаптарымен қатар, "Айқап" журналы қазақ грамматикасының келелі мәселелерін де орынды сөз етті. Сонымен қатар емле мәселесі туралы журнал бетінде ұзақ уақытқа созылған қызу айтыс та болды. "Айқаптың" 1911 жылғы 3—5 сандарында А.Байтұрсынов араб алфавиті негізінде қазақ тілінің ерекшеліктеріне ыңғайланған өзінің көп жылдық үстаздық тәжірибесінде сынған өткен әліпбиін жұрт талқысына салды. Жаңалыққа жаны қас адамдар әр кезде табылатыны сияқты. Ш.Жияшев бұл өзгеріске қарсы шықты. Оған М.Дулатов "Жазу тәртібі" деген мақаламен жауап бергенде тамаша реформаны "басқаша түсінген, дұрысын айтқанда түсінбеген. Бұл кісі А.Байтұрсыновтың жазу тәртібінің дұрыс-терісін өз алдына тексеруден бұрын, ноғайлардың әліппе жазушыларынан басқа жол іздегені үшін қатты ренжіген" деп табады. "Ахмет Байтұрсыновтың ұлы мақсаты — қазақ тілінде қанша дыбыс болса, сонша белгі көрсетіп, артық әріптерді кемітken. Сөйтіп, қазақша оқу-жазуды жеңілдеткен. А.Байтұрсыновтың тәртібінше қазақ тіліндегі әрбір дыбыстың өзіне арналған әрпі бар. Ол әріптермен не айтылса соны жазуға, не жазылса соны оқуға болады. Бір түрлі жазылған сөзді бұрынғыдай неше түрлі қылып оқуға болмайды. Бұл тәртіп бойынша 13 әріп кемітілген" (М.Дулатов, Шығармалары, 1991, 224-бет) деген ойын дәлелдей айтқанда жалпы дүниетанымы кең, оқу-сызуды ғана емес, бүкіл араб, оның ішінде түрік-татар жұртында болып жатқан құбылыстарды жыға білетіндігін танытып қоймай, ол өзінің де қара жаяу еместігін, қосары мен алары бар ғұламалығын аңғартып отыра-ды. "Оян қазақ" деп ұрандатқандағы зор екпін оқымыстылықпен, яғни дүниенің о жағы мен бұ жағын түгел қамти алатын көзқарасы барлығын анық танытады. "А.Байтұрсыновтың жазу тәртібін ұнататынымнан басқа қосарым мынау: қазақ әліппесіне *ф* менен *х* кірсе екен деймін. Таза қазақ сөзінде болмаса да, қазақ тілінде көрген араб, парсы сөздерінде... бұл екі әріп көп ұшырайды" (сонда) дейді де, оқушылардың, әсіресе, мұғалімдердің бұл ұлы өзгеріс жайында тез пікір білдіруін және "Айқап" басқармасын бұны ел-жұртқа бұдан әрі таныстыра беруге үндейді.

Байқап отырсақ, қазақ әдебиеті сыны өзінің жанрлық сипатын айқындау дәуірінде осындай ғылыми-практикалық мәселелерді терең де жан-жақты сөз еткенін көреміз. Әрине, Ахмет Байтұрсынов қазақтарды тезірек сауаттандыру мақсатымен ұлттық жазу тәртібін енгізгені өзінің ұлы жемісін берді, ең жеңіл алфавит ретінде мойындалып, күні бүгінге дейін өмір сүріп келеді. Ахаңның 1913 жылғы Үсыл сотие жолымен тәртіп етілген қазақша әліппесінен бергі уақытқа шыққан кітаптардың бәрі осы негізде болғанын, оқу-жазуды жеңілдеткенін мақтана айтуға тиіспіз.

Ал енді осыған "саясат сорпасын" араластыру да қажет, өйткені кейінгі даму осы тенденцияны басқа жаққа бұрып жібергенін көреміз. А. Байтұрсыновтың латынға көшуге қарсы болар бірнеше дәлелі бар. Бірінші, адам айтқысыз қиындықпен жасаған тамаша реформасының аяқ асты боларына көзі жетті. Бұл субъективтік себептің соңында үлкен объективтік жағдай тұрғанын анық білді. Оны дәлелдеп айта да білді. Сондықтан "араб әрпінен жасап алған әліпбиімізге жер жүзінде әліпби баласы жетпейді" (А.Байтұрсынов, "Ақжол", 1991, 326-бет) дегеніне "ішten шыққан шұбар ғой" деп қараған күннің өзінде латынға көшудегі ыңғайсыздықты бірнеше тұрғыдан, ягни жазуға қайсысы қолайлы, қай әріп үйренуге оңай, баспа ісі саласында қайсысы ыңғайлы, қайсысы сұлу дегендерді талдай келіп "латын әрпінен өнетін үлкен пайда түгіл, кішкене де пайда жоқ. Қазақ емлесі — нағыз оңай, бұқарағa қолайлы емле" (сонда, 335-бет) деп қарсы шығуы әбден орынды еді. Өйткені әліппе өзгергенде оны бірден игере алмай, қайтадан сауатсыз болып қалу мүмкіндігі, әсіресе, ересектер арасында күшті болмақ. Бұны тәжірибеде сынап та көрдік. Латын тамыр жайып келе жатқанда бұрынғы Кеңес одағындағы халықтардың бәрі ешбір дәлелсіз әкімшілік жолымен орыс алфавитіне, ягни кириллицаға көшірілді. Бұл "интернационализм туымен" бар жұртты орыстандыру саясатын жүзеге асырып, монархиялық отарлаушылардың, әсіресе, миссионерлердің аспандағы арманын жерге түсіріп, басқаларды мәңгүрт етудің амалы еді. Әрине, Ахаңдар осындай күйдің боларын дәл басып ашық айтпағанмен, іштей сезгенін көреміз. "Европа жұртымен бірдей болу мақсатымен аламыз десек, алу қиын болған себепті орыстар аяқ баспай отыр" деген ескертпесі қызыл саясаттың дұмпуін дәл көрсеткен еді. Өзі бармай өзгені отқа итеру екені белгілі.

Сонымен қатар қалыптасқан емлені өзгерте беру де жақсылық емес. Ахаң қазаққа қаншама жеңіл, оңай әліппе беремін деген ұлы идеяны ұлттық тұрғыдан жүзеге асырмақ

болғаны қаншама құптарлық қадам болса да, жалпы түркі жұртын былай қойғанда, бүкіл исламмиятқа бөлшектену сынайын тұтызғандығын, ягни әр халық ескі араб әрпімен жазылғанды өз тілінің ыңғайына қарай оқу мүмкіндігінен айырылып қала жаздағанын да естен шығармайық. Әр халық өз тілінің ерекшелігін өзінше таңбалаймыз деген ұлттық әдейі, қасақана қоздыру негізінде тілі, діні бір елдер бір-бірінің кітабын оқи алмайтын күйге жеткенімізді қазір анық көріп отырмыз. Қайтадан латынға көшеміз, тіпті арғы орхон-енисей жазуына бұрыламыз деушілер қатты ойлануға тиіс. Даралану оқшаулануға апарып соқтырмауы керек.

Сөз ыңғайы, ягни қазақ әдебиеті сынының әр салаға бастауын айтқан уақытта "Қазақ" газеті шыққаннан кейін бұл процесс мейлінше күшейе түсті және қоюланып, мәнденіп, нәрленді, әсіресе, баяндалу тұрғысынан мінсіз бола түсті. Өзі жасаған әліппенің күдіретін Ахаң тәжірибеде сынап, жалпы ұлттық газеттің малтықпай жүріп кеткеніне қуанды. Ал оған дейін Ы.Алтынсарин мен "Түркістан уәлаяты", "Дала уәлаяты" газеттерінен тартылған желіні "Айқап" белгілі жүйеге салып қазақ тілін өркендету мәселесін ең бір өзекті проблемаға айналдырғанын естен шығармайық. "Тіл сақтау", "Тіл турасында", "Тағы да тіл турасында", "Тіл сақтаушылық", "Тіл әдебиет", "Керекті өтініш", "Тіл жоғалту турасында", "Қазақ тілі туралы", "Тіл уә әдебиетімізді сақтарға керек", "Баспасөз", "Емле мәселесі", "Емле қақында", "Ашық хат", "Ғалымдардан өтініш" сияқты материалдардың бәріне қазақ тілінің тазалығын сақтау, оны өркендету, ғылыми грамматика жасау, орфографиялық ереже түзу мәселелері өзек болды.

Сонымен "Айқап" журналында, кейіннен "Қазақ" газетінде жарияланған педагогикалық сипаты басым материалдар қазақтың сыншылық ойы ұшталып келе жатқандығын, ғылыми пікір тұжырымдауға икемі бар екендігін көрсетіп, қоғамдық сананың жалпы даму барысында сыни пікірдің өткірлену, нақтылану, талдау жасау тенденциясына ойысқандығын көрсетеді.

Қазан төңкерісіне дейінгі қазақ әдебиетінің әр алуан мәселелерін зерттеген ғалымдар өздерінің еңбектерінде әдебиет тарихының өзекті мәселелерін, оның әлеуметтік-эстетикалық мән-маңызын айтқанда сол дәуірдегі газет-журналдарда жарияланған сыншылық ой-пікірі бар материалдарды пайдаланумен ғана шектелін, олардың жанрлық сипатына назар аударуды қажет деп таппаған. Соның салдарынан әдеби сынның туу, жанрлық сипат алу мәселелері қаға берісте қалып қойған.

Қазақтың әдеби сынының тууына бір-бірімен іштей байланысып, бір-біріне шығармашылық ықпал жасаған үш сала, атап айтқанда, қазақтың жазба әдебиеті, публицистикасы және баспасөзі айрықша әсер еткені аян. Соның ең айқын мысалын "Айқап" пен "Қазақтың" қызметінен, жариялаған материалдарынан анық көреміз. Алдымен "Айқап" журналында халықтың талап-талғамын аңғартатын, сынның қалайша өскенін көрсететін, әдеби шығармаларға берілген талдаулар мен сын-ескертпелерге нақты тоқталайық.

Сынның туар арнасы тек арнайы пікір айту ғана емес, сонымен қатар сол айтылған пікірдің дұрыс-бұрыстығын сарапқа салар ой жарысы мен айтыс-таластар екендігін "Айқаптың" 3-санында Нұржан Наушабаевтың "Алаш" атты өлең жинағына жазылған материалдардан байқаймыз.

"Айқап" журналы "Бұл кітап нәсім-нәсімге бөлініп жазылған. Наушабаевтың кәдімгі жүйріктігі мұнда да көрініп тұр. Лекін бізге бір ұнамаған жері: "бәмсі бір нәсім басында өз есімін қосыңқырап жазғаны. Мысалы, бірінші нәсім "Әй, Нұржан қаламынды қолға алшы", екінші нәсім "Сөзіңді әркім Нұржан сүйер сенің" деп жазғаны. Тағы да бір міні — әуелгі нәсімінде "хмельде қалған жоқ па бірер тамшы" деген сөзді қалдыру тиіс еді. Боғауыз сөз екендігі білініп тұр.

"Һәр нешікте осылай жақсы кітаптардың шыққылап тұрғаны жақсы; алушылар, оқушылар табылса керек" (N3, 1911) деген авторы белгісіз "сын" жарияланды. Сын деген сөзді тырнақшаға алғанда журналда жарияланған материалдарды мәнсінбеу ниетімен емес, нақты сынның қандай түрде көрінгеніне назар аударуды көздедік. Әрине, осы сынды талдай бастасақ, эстетикалық талғамы өскен, сынның не екенін жыға түсінетін бүгінгі оқушыға күлкілі де боп көрінер, бірақ нақты сындар осындай өзінің анайылығымен езу тарттыратын, сәбидің тәтті қылығына ұқсап оқушының жылы сезімін оятатын материалдардан басталғанын көрмеу әбес болар еді.

Біз бұл арада жалпы топшылай пікір айтудан гөрі "нақты сын" жазудың, яғни белгілі бір автордың шығармасына өзінің эстетикалық таным-білігі тұрғысынан баға беру процесіне ойысудың қай сипатта көрінгенін аңғартпақпыз. "Айқапта" жарияланған шығармаларға пікір айтуда күлкілі түсінбестікпен қатар, автордың қарақан басы мен оның шығармасын қосақтап сөз ету, өз "эмоциясы" тұрғысынан баға беру ниетінің өзі сол кездегілерге қалай әсер етті деген мәселеге тоқтай кетейік.

Төлеу Тоқалбаев деген кісі "Айқаптың" осы "сынына"

қатты ашуланып, М.Сералинге журналдың бетін теріске бұрып барасың деп хат жазған. Оған дәлелі әлгі "сын". "Сіз мынау 3-нөмірде жазылысыз Нұржан Наушабаев бір-екі сөзінде өзін артық мақтап жазған деп. Екінші "хмельде қалған жоқ па бірер тамшы" деген сөзі боғауыз деп. Олай жазу керек емес еді; ол Нұржан өленді жас уақытында жазып һәм бері келген соң қойып кеткен еді. Осы жақында елуге келген кезде бір себеппен тағы өленді жаза бастағанда мәтел қылып айтқан сөзі: бұрынғы көп сөзден бірер тамшы қалған жоқ па деп өзіне-өзі қуат беріп, нетіп сіз оны бұрыс тәусл еткенсіз, сізге керегі ол емес еді. Ондай ел өмірінің кемшілігі түгіл, басқалардың да жамандығын жасырып, жақсысын асыруыңыз керек еді. Не үшін десеңіз өзіңіздің құрған планға тура келмейді. Ал Нұржан жаман жақсы болсын, көптен өлең жазып, жақсылықпен болса да, жамандықпен болса да аты мәшһүр болды. Бұл жақтағы жұрт сөзін мінеп көрген жоқ" (N6, 1911) деп Төлеу, біріншіден, Нұржанды қызғыштай қорғап сынағанға қарсы болды. Екіншіден, М.Сералинді көздеген жолынан, жоспарынан тайдың деп айыптайды. Үшіншіден, жаманды жасырып, жақсыны, асыруға үндейді.

Хат авторына қайырған жауабында М.Сералин баспасөз орны тек шындықты айтуға тиіс екендігін принцип ретінде ұстанған. "Уақтылы матбұғаттың (баспасөздің —Т.К.) міндеті,— деп жазды М. Сералин,— милләттің әрбір түрлі мұқтажы түсетұғын істерді жариялап, майданға салып, көпке сынату, жақсы жағын жақсы деп, жаман жағы болса мұнысы жаман деп халыққа түсіндіру. Мұның үшін матбұғат әрбір істі аллына нысана етіп растықты ұстау тиіс" (сонда),— деп жалғыз Төлеуге ғана емес, бүкіл елді әлеуметтік адалдыққа шақырды, орынсыз талап пен ожар тілектен сақтандырды. "Адасқанды артындағы, жаңылысқанды жанындағы біледі" деген ғой. Хақиқат қанша ащы болса да асыл ынсанқа қадірі қымбат. Рас, сөзді дұрыс айтқанға бұртыюға жарамайды" деп "Айқап" үшін шындықтан, адалдықтан қымбат еш нәрсенің жоқ екендігін білдіріп, бұл принципті келешекте де қатаң сақтайтынын аңғартты.

"Айқаптың" келесі санында Хамза Кенжебековтың мақаласы жарияланып, Төлеу пікірінің терістігі дәлелденді: "Нұржанды бұрын ешкім мінемесе, ол уақытта халықта ғылым жоқ, надан болған. Бірсу "әу" деп домбыра алса, "ей, пәленше ақын, өленші, білгір" деп мақтаған, алдына адам шықпаған, мынау теріс демеген. Нұржан да солардың бірі ғой. Нұржанды неге мінейсіз деудің жөні болар ма екен" деп жазды. Мұндай пікір қағысының көрінуі, сөз жоқ,

сыншылық ойдың мәнді арна таба бастағанының бір айғағы еді.

Сонымен қатар осы авторлың "Нұржан қарт жасында өлең айтса да, миллет үшін қайғырып, халықтың пайдасын қарастырмай, көзді-қарақты адам болып тұрайық, мынау пайда, мынау сор деп айтпай, тек өзін мақтаған, ендігі өлең жазушы жастар Нұржанша өзін мақтамай, жұрт үшін қайғырып, халықтың пайдасын айтып, үгіт қыла жазсын" (N7, 1911) дегені де ілгипатқа аларлық құнды пікір екені аян.

Нұржан шығармасына байланысты өрбіген ой-пікірлерге көбірек тоқтаған уақытта сынның сәбилігін көрсетуді мақсат еттік. "Айқапта" осылайша басталған сәби сын журналдың творчестволық бетінің қалыптасуына байланысты ол да өсіп, бұғанасы беки берді. Үйлдеген сәби үні, "тәтті балдырбатпағы" кейіппен белгілі мән-мағынасы бар сөзге, барабара ойлы да өткір пікірге, кем-кетікті мінегіш, жетпегенді іздегіш құралға айнала бастады.

Журналдың шыға бастағанына бір жыл толғанда "12 айдан бері "Айқап" жұрттың бір азырағын оқуға үйір қылды. Қазақша ойлауға, ойлаған ойын қазақша жазуға бірсыпыра адамды үйретті" (N12, 1911) деп қуануының өзі тегін емес. Осы оқуға үйренгендердің қазақша ойлап, ойлағанын жаза білгендердің ішінде "біздің сыншыларымыздың" да болғаны айдан анық.

"Айқап" журналының кемелденіп, өз ойын ашық айтып, үлкен қорытындылар жасауға ұмтылған кезені — 1912 жылдың екінші жартысы мен 1914 жылдың бірінші жартысының аралығы. 5 жылға таяу өмір сүрген журналдың осы гүлдену шағында қоғамдық мәселелермен қатар көркем әдебиет пен сынның да өзекті проблемаларын көтеріп, бірқыдыру эстетикалық биіктікке қол созды. Әдебиетті сөз еткен мәнді мақалалар, отызға тарта өлең жинақтары мен оқу құралдарына рецензиялар жариялағаны осының айқын айғағы.

"Айқап" журналы мен "Қазақ" газетінің қазақ әдбиеті тарихына сіңірген зор еңбегін айтқанда, ең алдымен әдеби шығармаларға орын беруге ең уақытта тарлық жасамағанын, екіншіден, кітап болып шыққан өлең жинақтарының бәріне дерлік өз көзқарасын білдіріп отырғандығын, үшіншіден, әдебиеттер байланысына, әсіресе, орыс пен татар әдебиеттерімен ынтымақ-бірлік орнатуға үндеп, үлгі-өнеге алуға шақырғандығын атап өткен орынды.

"Айқап" пен "Қазақта" кімнің қандай шығармасы жарияланғанына тоқтамай, мүмкін қадерінше қазақтың

сыншылық ойының қандай өрелі биікке қол созғанын аңғартатын жайларды әңгімелеген жөн. "Айқап" бетінде де отызға тарта өлең жинақтарына, атап айтқанда Омар Қарашевтің "Бала тұлпар", "Өрнек", "Қарлығаш", Әкірам Ғалымовтың "Жастық жемістері", Шәкәрім Құдайбердиевтің "Қалқаман-Мамыр", Спандияр Көбеевтің "Үлгілі бала", "Үлгілі тәржіме", "Қалыңмал", Махмұтсұлтан Тұяқбаев жинап бастырған "Қара қыпшақ Қобыланды", Сәбит Дөнентаевтың "Уақ-түйек" және тағы басқа авторлардың шығармаларына әр қилы ой-пікірлер айтылды. Жинақтарға, оның авторларына "Айқап" әрқашан да белгілі эстетикалық талап, әлеуметтік мәселелерді көркем бейнелей білу тұрғысынан қарап, өзінің негізгі бағытына жанасатын кітаптар мен шығармаларға көбірек көңіл бөлген. Ал қиссалар мен діни шығармалар журнал бетінен орын ала алмай, шет қақпай көрді. Осы жинақтарға жазылған мақалалардың, аннотация мен жарнама-сындардың, рецензиялардың пікірі нақты, ойы өткір екенін байқаймыз.

"Ғұмар Қарашевтің "Бала тұлпар" есімді жыр кітабы осы мезгілге шейін қазақша шыққан жырлардың ішінде жақсыларынан дүр. Қазақтың бұрынғы уә бү күнгі тіршілігін сөйлеп, білім-өнер жолына қызықтырған бір кітап. Үлкен ағa, кіші інілер һәр қайсыңыз алып оқуыңызды мақұл көреміз. Г.Қ. ақынның бұдан бұрынғы кітаптарына қарағанда оқу үшін бұнысы көп жеңіл дүр" (N12, 1911) деген жарнамасында жинақтың поэтикалық қасиетінен басқа "керек-жарақтың" біркыдыруы қысқа да түсінікті тұжырымдалған. Сонымен қатар, "оқу үшін бұнысы көп жеңіл дүр" деген сын айтылған.

1912 жылы "Айқап" журналында Сейітжаппар Байсейітовтің хаты жарияланды. Онда "Ішкі ордалық» Ғұмар Қарашұлының жаңа шығарған "Өрнек" атты кітапшасын 1911 жылда Уфада, "Медресе Ғалиядағы" қырғыз-қазақ шәкірттері жалпақ қазақ тілінде бастырған екен. Оның біреуін алдырып оқып қарадық өзі аз болса да сөзі жақсы, терең ойға түсіретұғын болғандығы үшін жиналып Қарашұлы менен шәкірттерге көп сүйсініп дұға қылдық.

Қазақ көшпілігі татар тіліне тіптен түсінбейді. Қырғыз-қазаққа керекті кітаптар жалпақ қазақ тілінде һәрдайым аударылып бастырылып тұруларынан үміт етеміз" (№10, 1912),— деп жазыпты.

Осы хатта сыншылық ойдың элементі барлығын айтпаған күшің өзінде, екі мәселенің шеті көрінеді: бірінші, "жалпақ қазақ тілінде" шығарма жазу, екінші; ол шығарманың "сөзі жақсы боп, терең ойға түсіру" қажеттігі. Өйткені қазақ өлең-

жырларын жинап бастырып жүрген татар азаматтарын былай қойғанда, қазақтың өзінен шыққан Шәді төре Жәңгіровтің, Ақылбек бин Сабалдың, сол кездегі ірі ақынның бірінен саналатын Мақыш Қалтаевтың жазғандары мен жинағандарының, тіпті Ғ.Қарашев шығармаларының кейбіреулерінің тілі қалың көпшілікке ұғымды да түсінікті бола бермейтін. Орфографиялық жазылуы былай түрсын, тіпті мағыналарының өзі бұзылып, араб-парсы, татаршаланып кеткендіктен поэзиялық қасиетінен айырылып қалғандары жиі кездесті. Міне, осы жөнінен "Айқап" журналы көрнекті ақын Ғ.Қарашевты мәдениетті түрде, шамдандырмай сынай біліп, таза қазақ тілінде шығарма жазуға өндеді.

Ал екінші мәселе, яғни "сөзі жақсы, терең ойға түсіреді" деген эстетикалық мәселе "Айқап" бетінде жариялаған аннотация мен жарнама-сындардың көбінен кездесе бермейді. Сынның бұл түрлерінен оны талап ету де орынсыз, өйткені олардың "табиғаты" талдау жасауға бейімделмеген. Бұл міндетті эстетикалық және социологиялық талдаулары аралас жүретін күрделі сын мақалаларынан іздестірген жөн. Ондайлар Айқап" бетінде аз да емес.

Сын жанрының ішкі түрлері дамып-жетіле бастаған кезеңде талдаудан гөрі насихаттау, үгіттеу басым, түсіндіруден гөрі өндеу, шақыру басым, дәлелдеуден гөрі жалпылама айту басым, эмоциялық сезінуден гөрі көңіл білдіру, тілек айту басым болғаны аян. "Айқап" журналы өлең жинақтарына жазған сындарында көбінесе үгіттеуге, тілек білдіруге, өндеуге көп орын берді де, талдауға, түсіндіруге, дәлелдеуге емін-еркін ден қоя алмағаны байқалады. Алайда ол кезде профессионалдық сынның болмағаны былай түрсын, сынды кәсіп етушілердің өзі жоқтың қасы еді. Эстетикалық талдаулардың жетіспей жатуының бір себебі осыдан болса, екіншіден, сын жанрының өзі қазақ әдебиетінде жаңадан ғана аяқтанып, жаңа ғана қанатын комдап келе жатқандығынан да болатын.

Демек, эстетикалық талдаулар бар қасиетімен көрінбейді, талап-талғам анық тұжырымдалмайды дегенді сылтау етіп, сынпылық ойды тудыруға, тәй-тәй бастыруға, өрістетуге септігін тигізген сын материалдарын елемеу қателік. Өйткені осындай сынпылық ой-пікірі бар материалдардың негізінде ғана социологиялық-эстетикалық сындар дүниеге келеді.

Әрине, Әкірам Ғалымовтың "Жастық жемістері" атты жинағы жөнінде "әдемі-әдемі өлеңдері бар, өлең оқуды сүйіп оқушылардың алып оқулары тиіс" (N13 1912) деген сияқты баяндалуы жұпыны, ойы айқын жарнама-сындарды

да санаттан шығарып тастауға болмайды. Өйткені онда материалдар "әдемінің" не екендігін "көзге көрсете алмаса да", түйсігін оятпаса да, әйтеуір оқушыға әсер ететін өлеңдердің барын айтып, тілек құмарлығын тудыра алады. "Көзге көрсету, қолға ұстату" жетілген әдеби сынның еншісіне тисе, тілек құмарлығын тудыру — сәби сынның мінезі. Кітап болып басылған шығармаларға "Айқаптың" қандай баға, нендей сын айтқандарын түгелдей келтіріп жатпай, қазақтың тұңғыш романдарының бірі— "Қалыңмалға" редакцияның қандай көзқарасы болғанын ишартайық. "Бұл романның бет алысы жақсы, жазуы да әдемі, бірақ емле жағынан ақсаңқырайды. Спандияр мырза қазақтың қалыңмал алу турасындағы бірсыпыра әдеттерін өте ажарлы қылып жазып көрсеткен. Итбайдың Түрлыгүл байға қызын беріп қалыңмал алғандары, малды алып келіп бағып жүргендегі ойлары, мақсаттары өте жіңішке, өте әдемі көрсетілген. Бұл романды кімге де болса алып оқуға кеңес береміз" (N4, 1914) деуіне қарағанда, пікір айтушыға роман өбден ұнаған да, өз қуанышын оқушыға тез жеткізуге асыққан. Бұл сында жоғарыда айтылғандай дәлелдеуден гөрі тамашалау, талдаудан гөрі көңіл білдіру басымдау болғанымен, көркем сөздің ерекшелігіне назар аудару тенденциясы айқын. Бұл тенденция образдың жасалу жолын көрсетуден гөрі баяндауға құрылғандықтан күңгірттеу көрінген. Соның салдарынан қалыңмал алу турасындағы тұрыптарды дұрыс та дәл суреттегенін байқаудан әрі бара алмағанмен, Итбайдың психологиясын түсінуге қажетті детальды анық байқатқан.

Журналдың алғашқы санынан көріне бастаған аннотация мен жарнама-сындар уақыт өте келе татымды сөйлей бастағанын байқаймыз. Осыған айқын дәлел етіп "Қарақыпшақ Қобыланды" жайындағы рецензияны алуға болады. "Біздің қазақ жұрты мәдениет дүниесіне аяқ баспаған халықтың арасындағы сөйлеу сөзге бай, жырға шешендердің біреуі. Түрлі өлең-жырлардың арасында батыр қиссалары да елеулі (геройческие поэмы). Бұл батырлар қиссасы бұл күнге дейін халық арасында бірден-бірге ауызекі айтылып келе жатыр еді. Бұлардың арасынан "Ер тарғын" жыры 1859 жылда да Ильминскийдің еңбегімен басылып еді. Бергі жерде "Алпамыс", "Тоқсан үйлі тобыр" (Қамбар) басылып шығып һәм "Қарабек" деген бір жыр да шығып еді. Бірақ олар батырлар жырынан хабары бар, қазақ тілін жете білетұғын адамдардың қолынан өтпеген, басылуы да напар болып басылып шыққан еді. "Қобыланды батыр" олардай емес, мұның жазушысы Сұлтанмахмұт та (дұрысы

— Махмүтсұлтан Түяқбаев – Т.Қ.) шамасы келгенше дұрыс жазуға ұмтылған. Бастырушысы "Эш" кітапханасы да техника жағына назарын салыңқыраған. Сөйтіп "Қобыланды батыр" әдемі ғана болып басылып шыққан. Қазақтағы көп батырлар қиссасының дықат салынып басылғанының алды болып тұр.

Қазақтың талапкер жастары қарап жатпас, "Қобыландыдан" басқа... жырларды жатқа білуші жыршылардан айттырып жазып алып, бастыруға ұмтылар деп үміт етеміз. Қазақтың бұрынғы сау қазақша тілін үйренуге бұл батырлар қиссасының көп пайдасы тиер еді" (N23, 1914) деп жазған рецензияда бір-біріне сабақтаса айтылған мәнді мәселелер бірқыдыру.

"Айқап" журналы "Қобыланды" жырының мазмұнын айтып шығуды қажет деп таппай (өйткені халыққа әбден мағлұм) оның есесіне жұрт көңіліне ұялайтындай мәселелерді айтқан. Осы рецензияда үш мәселеге назар аударылған. Бірінші, батырлар жырының бұрынғы басылуы мен жариялануындағы кемшіліктер. Ертеректе басылған батырлар жырының поэзиялық қасиетіне тіл кемшіліктері зиянын тигізіп еді, енді оларды білетіндер, түсінетіндер шығарса екен деген тілек айтады. Екінші, осыншама мәдени байлықты халықтың аузында қалдырмай, хатқа түсіру, ерінбей-жалықпай ықтияттап жинау қажеттігіне жұрттың назарын аударады.

Үшінші мәселе — кітап шығару мәдениеті. Өлең жинақтары және оқу құралдары туралы жарияланған материалдардың барлығында да кітаптың сыртқы және ішкі келбеті мен көркі бірде-бір рет қағыс қалып қоймай, өзекті мәселе болды. "Айқапқа" керегі — аты "таска" басылған кітап емес, сырты көз тартарлық әдемі ішкі сөзі орфографиялық қателерден ада кітаптар. Кітап шығарудың техникасына назар аударудың өзі сыншылық ойдың жаңажаққа көз сала бастағанның бір белгісі.

"Айқап" журналы бұл мәселелерді әншейін ретті келіп қалған соң айтып отырған жоқ. Бұлар жөнінде оның дәйекті көзқарасы болды. Халықтың әдеби мұрасын жинау жайында "Айқап" басқармасы 1912 жылы: "өз білгендеріңізше һәм сақ құлақ, ұғымды адамдардан, көпті көрген, естіген көне қарттардан сұрастырып, қазақтың бұрын қандай білгін, жүйрік, шешен, ақын, жыршы, тапқыш адамдары өткен... айтқан сөз, қылған істерінің жазылғаны болса содан көшіріп, болмаса жұрт аузынан жинап, "Айқап" басқармасына жіберсеңіз екен.

Осы шала-шарпы есте бар кезінде жазып алып қалмасақ,

күні ертең түгел ұмытатынымыз ашық тұр той" (№15, 1912) деп жазуының өзі үлкен парасаттылықтың белгісі екені аян.

Әдеби-мәдени мұраны жариялау және оның қадір-қасиетін ел-жұртқа түсіндіре білу саласында "Қазақ" газетінің істегені асқар Алатаудай, журнал мен газеттің ой-пікірлері мен көзқарастары жанаса қалған кезде қазақ әдебиеті сынының туын, қалыптасып келе жатқанына дәлел ретінде қосарландыра көрсетіп отырмақпыз. Өйткені біздің осы уақытқа дейінгі зерттеулерімізде "Қазақ" газеті тындырған ірі істер ескерілмей, орынсыз датталып келген болатын.

"Қобыланды жыры" жайында "Қазақ" газеті "Қыр баласы" — Әлихан Бөкейхановтың сериялы мақаласын 126—129-сандарында 1915 жылы жариялады. Бұл өзінің айтары жағынан да, меңзеуі жағынан да "Айқаптағы" рецензиядан өзгеше сипатта. Олай болуы алдына қойған мақсатына байланысты болды. Біріншіден, білімдар, көзқарасы тиянақталған, екіншіден, эстетикалық талап-талғамы қалыптасқан, үшіншіден, қаламы орысша-қазақша жазуға бірдей жаттыққан Ә.Бөкейханов қолынан туды еді...

Мақала алты бөлікке бөлініп, алты мәселеге арналған. Бірінші бөлікте "Қобыланды" жырының жалпы мазмұны оқушы-тыңдарманның есіне түсірілсе, екінші тарауында Қобыланды тарихта болған, болса қай кезде жасаған батыр дейтін ең бір өнімді арнаны қазады. Егер Едіге бидің Тоқтамысқа өкпелеп, Ақсақ Темірге одақтасатын кезінде жасаса, онда Қобыланды XIV ғасырдың аяғында болған тарихи тұлға болмақ, ал Ақжолды өлтірген осы Қобыланды болса, онда ол 15-інші ғасыр ортасындағы жігіт болады. Онда Тоқтамысқа жігіт бола алмайды. Шәкерім айтқаны тарихқа жөн болса, Қарақыпшақ пен Әз Жәнібек қазағы Қобыланды үшін араз болған көрінеді. Қобыландының атысқаны қызылбас та, қалмақ та болмай Жәнібектің жұрты Арғын һәм өзге қазақтар болып жүрмесін", деген пікір қозғап, эпостық тарихқа қатысы жөнінде болжам айтады. Оны үш Қазан ханның, екі Орақ батырдың тарихта өмір сүруімен жанастырады да, жырға әр дәуір жыршысы өз жанынан естіген білгенін қосып отырғанын көрсетеді де, тарихқа тура келмейтін көп қосымша бар. Қазақ тарихына пайдалы сөз "Қобыландыда аз" деп табады. Осындай ой түюінің өзінен-ақ, эпосты қазақ халқының тарихын жасау процесіне пайдалану идеясы айтылғанын аңғармау ағаттық болар еді.

Қобыландыны Ақжолға тұстас қылған уақытта сол заманның ерекшелігін аңғартатын өмір шындығы мен

түрмыстық детальдарға мақаланың үшінші бөлігінде көп көңіл бөлінген, нақты дәлел, мысалдар келтіріп, "кейінгі айтушының текпісін "Қобыланды" көп көріпті. Бұл айтушылар өз жандарынан көп сөз қосқан" деп талай арам жолдарды ғана емес, кесек-кесек көрініс, суреттерді, оқиға эпизодтарды, әдет-ғұрыптарды бадырайтып көрсетеді. "Қобыланды заманының салтына үйлеспейтін қаңғыбас қосымшалар толып жатыр" деп жырдың әу бастағы нұсқасына іштартып, мүмкін қадерінше эпос үлгілерін бастапқы қалпына келтіріп, тарихпен орайластыру қажеттігін тағы бір пысықтап өтеді.

Мақаланың төртінші бөлігінде жырдың көркем әуселесіне назар аударып, "батыр— аңғырт, бай—салғырт" заманының ізін көреді. Мысалдармен дәлелдейді де "Қазақта "Қобыландыны" шығарған кісі тегінде жақсы ақын екен деген сөз осы өлеңдерге қарап айтылған болар" деп ризашылық көңілін білдіреді. Ал бесінші бөлігінде "бөтен сөзбен былғанса сөз арасы" деп Абайды арқа тұта келіп, "жақсы өлеңдердің қосағына көп дәмсіз өлеңдер қосақталған көрінеді" деп ажарсыз сөздер мен қисынсыз шумақтарды тізіп өтеді. Тіпті осынысына қарамай "Қобыланды" кітабы аз уақытта сатылып, өтіп кетті. Мұнан көрінеді: "біздің қазақта оқушы бар болғаны" деп медет қылады да "кітап бастырушы қазақ матбуғатын көркейтем десе (бұл жұртқа қызмет қылам деген ерге міндет), қолға не түссе, соны баса бермей, жақсы, көркем қылып басуды көздеу керек" деп әдеби мұраға айрықша іждаһаттық көрсетуге шақырады.

Мақаланың алтыншы бөлігі түгелдей кітап шығару мәдениетіне арналған. "Айқапқа" ұнаған батыр суреті мен түлпары Әлекеңнің көңілінен шықпаған. "Кітаптағы ат — орыстың "тяжелевоз" дейтін жүк аты. Сүгіретте Қобылекең бір нашар бақалшы болып салынған. Батыр мұрнынан айырылып, пұштиып түр", деп мінеп алса, екінші жағынан Васнецовтың атақты суретін еске түсіріп, "Қобыланды батырға мінгізген боз айғыр — Добрыня Никитичтікі, Қобыланды батырдың өзі — Алеша Попович, күн салып қарауы Илья Муромец көрінеді. Бұл менің жоруым рас болса, "Қобыландыны" басқан басқарма адасқан. Бұл — ұят. Мұны мәдени жұрттарда ұрлық дейді" деп Әлекең тым қатты кеткен. Расында, "Қарақыпшақ Қобыланды" кітабы "Айқап" айтқандай "әдемі" бола қоймағанмен, кітап шығару мәдениетінің қазақ арасында өсіп келе жатқандығына дәлел бола алатындай деңгейде еді.

Көпті көрген, талай басылымдарды оқыған Ә.Бөкейханов "жер-су һәм кісі аттарын әліпби тәртібімен кітаптың аяғына

басса һәм қайсы бетінде екені көрсетілсе, бірінші — кітап тәрбиелі болар еді. Екінші — бұл жырдан қазақ тарихына жем іздеген адамдарға оңай болар еді. Европада мұндай кітаптар сол ретпен басылады. Ана географический общество басқан Шоқан кітабы осылай басылған",— деп көрсетуі әрине көтеріңкі мәдениеттің талабы екенінде дау жоқ. Әсіресе, батырлар жырын осылайша жариялағанда халықтың тарихына қатысы бар деректер бірден аңғарылар еді деген ой басым. Оны мақаланың соңында жасаған ескертпесі анық көрсетіп тұр. "Көкітай хан", "Едіге" жырларының Шоқан жазған қазақшасы Петербургте географиялық обществода бар. "Ондағы қазақ студенттері көшіріп алса жақсы болар еді. Бұл екі жырдың екеуі де Шоқан жазған орысшаға қарағанда көркем көрінеді" деген ескертпесінің өзінде әдеби мұрағa деген қам көңілді ғана емес, оның көркемін, ажарлысын, тәттісін халыққа ұсынып, эстетикалық талғамы жақсы үлгілерін бастыруды еске салған.

Қазан төңкерісіне дейінгі қазақ баспасөздерінде, әсіресе, "Айқап" журналы мен "Қазақ" газетінде сыншылық ой-пікірлер шағын формада ғана көрінбей, көлемді еңбектерге, мәнді шолу (обзор) мақалаларына ұласты, сөйтіп эстетикалық қауқары комақталып келе жатқан әдеби сынның туу процесі жүйелі арна таба бастады.

Біз әдетте проза жанрын әңгімелегенде Ыбырайдың новеллаларын, Абайдың қақлияларын, Міржақып Дулатовтың "Бақытсыз Жамал", Спандияр Көбеевтің "Қалыңмал" мен Сұлтанмахмұттың "Қамар сұлу", Мұхаметсәлім Көшімовтың "Мұңлы Мариям", Таһир Жомартбаевтың "Қыз көрелік" романдарын, ал драматургияны сөз еткенде Көлбай Тоғысовтың "Наландық құрбаны" драмасын, тіпті И.Лихановтың "Манап" атты шағпағын іліпатпен атап, міне бұлар әдебиет жанрларының элементтері деп түжырымдаймыз да, ал сын жанрының туу мәселесіне келгенде, көптеген ғалым-зерттеушілердің әдебиет тарихы жайында жазған еңбектерінен жиі де мол дәйексөз алынып, белгілі бір ой-пікір түюге септігі тиіп жүрген ой-пікірге назар аудармаймыз, олардың жанрлық сипатына көз тастамаймыз. Соның салдарынан қазақ әдебиетінде сын жанры болған жоқ, тумаған еді деген жаңсақ пікір түйіп келдік.

Әдетте сын жанры жазба әдебиетпен үзеңгілесе туып, көркемдік сахнасына шығады. Әр халықтың мәдениеті мен әдебиет тарихына көз салсақ, сын жанрының тууы көбінесе күнды көркем шығармалардың, ірі талаптардың дүниеге келуіне сабақтас, тіпті қанаттас болғандығын көреміз.

Қазақ әдебиеті сынының туу шағындағы ең үлкен де келелі проблема және сыншылық ой-пікірлердің өзекті арнасы көбіне-көп ана тілінің тазалығын сақтау, өркендету мәселелеріне лингвистикалық тұрғылан емес, эстетикалық тұрғылан да назар аударуды қалайды, өйткені әдебиет үшін, сонымен қатар сын үшін алғашқы шарт тіл қолданысын жүйелеу екенін (А.Луначарский. "Критика и критики"; 1938, 71-бет) естен шығара алмаймыз.

"Айқап" журналы мен "Қазақ" газетіндегі сыншылық ой-пікірі бар материалдардың басым көпшілігі айтыс (полемика), пікір жарыстыру түрінде жарияланған. "Тіпті келген өлеңнің бәрін бірдей басуға журналда орын жоқ. Лөкін тәуір өлеңдер еш уақытта ілтипатсыз қалмас" (N1, 1912) дегені әншейінгі ескерту ғана емес, белгілі бір айтар ойға, қояр талапқа өзек болатын пікір.

"Айқаптың" алғашқы жылдары жарияланған матриалдарының сүбелісі көбіне-көп тіл мен әдебиетке байланысты болды. Ахмет Байтұрсыновтың емле, жазу туралы мақаласы айтыс туғызды. Тіл — халықтың рухы, жаны деген тұжырымы бар мақаланың лейтмотиві болды. Халели Уалиолла: "Тіл, әдебиет сияқты нәрселер мол дәулет арқасында сақтала алынбайды, жұрттың ішінен шыққан талантты, жау жүрек, халық үшін білімін, қаламын аямайтын ер көңілді жігіттердің қызметімен сақталады" (N10, 1911) деп тапты да, тілдің сақталуын әдебиетке, оның дарынды өкілдеріне тәуелдеді. "Ондай халық адамы екі түрлі болады. Біреуі шайырлардың, яғни өлеңші ақындардың жыры, өлеңімен сақталады. Екіншісі — романистер, яғни халық жайынан, халықтың жақсы-жаман жағын ақиқат қылып жазып, жұртқа көргізуші адамдармен сақталады» деп ақын мен жазушыны екі айырып қарағандығын сөкеттемей, негізгі ойына үңілер болсақ, "біздің қазақ-қырғыз тілінің жоғалмауы үшін қаламын халық пайдасына жұмсайтын жігіттер шығып, халық пайдаланғандай түрлі өлеңдер, әр түрлі халық жайынан кітаптар жазуға керек, келешек күніміз үшін зор дәулет әзірлеу керек" деп үлкен талап қоюы, болашақ қамын ойлауы құптарлық-ақ.

Пікір айтушы авторлардың басым көпшілігі бір мәселеге, атап айтқанда, ағартушылық идеяға айрықша назар аударып отырды. Осы тұрғылан алғанда өзіне неғің ұнайтын-ұнамайтындығын білдіретін импрессионистік сын мен әмәнде пайдалыны, елді оятуды көздейтін ағартушы сындардың элементтері араласып жатты. Әсіресе, "Айқап" журналында сынның осы екі түрі айқын көрініп; нақты пікір түюге бейім тұрды. Тілді сақтаудың жолын дұрыс бағдарлаған

автор "қашанға шейін киіз үйлерімізбен сары қымызға мас болып күнімізді өткіземіз. Ау, жұрт ашайық көзімізді, ұмтылайық ғылым-білімге" деген үндеумен мақаласын аяқтайды. Бұл да сол кездегі сыншылық ойдың бір белгісі ретінде елеусіз қалмауы керек.

Журналдың М.Ғ. деген авторы "Тіл, әдебиет" деген мақаласында тіл мен әдебиетті айрықша ардақтап, олардың халық өміріндегі орнын төрт салаға бөледі. Мәселенің негізін белгілі жүйемен түйіндеудің өзі тек сыншылық тұрғысынан ғана емес, айтар ойды тұжырымды баяндай білгендігінен, нені насихаттауды мақсат еткендігінен, материалды игере алғандығынан анық хабар береді. Өз ойын өзгеге ашық та айқын жеткізу және оған жұртты сендіре білу, айтқандарын дәлелдей білу — сын жанрының алғашқы табысының нышаны болмақ. Осы автор әдебиеттің қоғамдық рөлін бірқыдыру дұрыс бағдарлай алған.

Ең алдымен "тіл, әдебиет — бар милләттің (ұлттың — Т.К.) жаны һәм рухы" деп тұжырымдайды. Бұл тұжырым бүкіл "Айқап" авторларының бисмиллиясы. Қайсы бірі оның ішкі мәнін терең аша бермегенімен, бірі халықтың не себепті жаны мен рухы болатындығына өресі жеткенше ой жүгіртіп, көбінесе жоғалту-жоғалмау тұрғысынан әңгіме көтерген. Осы мақалада "бір пенденің дүниеде жасауы, бар болып тұруы үшін жан-рух керек. Бір халық, бір елдің де дүниеде бір миллет, ел болып жасауы үшін тіл керек, әдебиет керек, ал бұлары болмаған халық әдебиеті, яғни жаны бар милләттарға азық болар, жем болар, сөйте-сөйте сол милләт өзі де дүниеден жоқ болар" деп өмір мен өлімді қатар жарыстырғанда негізгі себептердің сырын ашуға талаптанбаған.

"Әдебиеті болмаған милләт тілі шықпаған жас бала көбі дұр: сәби өзінің басындағы қайғы һәм шаттықтарын басқаларға түсіндіре алмас" деген екінші тұжырым әдебиеттің қоғамдық рөліне, оның белгілі дәрежеде әлеуметтік құрал екендігіне назар аударса, үшінші бапта "дүниеде бір милләтті өз басына айырым бір милләт еткен һәм бір милләтпен екінші бір милләт арасын жуықтатқан, бір-біріне біріктіріп, екі милләтті бір милләт қалпына келтірген себептердің ең зоры да тіл уа әдебиеттер" деп, тіл мен әдебиеттің атқаратын ролін асыра бағалайды. Қоғамдық сананың мәнді бір саласы, есептелетін әдебиетке "Күшті миллет пен күшсіз, яки шағын миллет пен мықтылар арасындағы дау-жанжалдың көбісі осы тіл, әдебиет мәселесінен қозғалады дегеніне бас шұлғи бермегенімізбен әдебиеттің шығар биігінің жоғары болуын тілегенін, осыған көпшіліктің назарын аударғанын

аңғармасқа болмайды. Өзінің осы көзқарасын нықтай түсу үшін төртінші бапта "тіл, әдебиет дүниедегі барлық бақыт, сығаттың, ғылым, өнердің, дін уа мәдениеттің асыл үрпығы дүр" (N10, 1912) деп тағы да шығандатып жібереді.

Ал сынпылық ойдың ояну процесі тұрғысынан алғанда мәселенің түйіні — автор пікірінің дұрыс-бұрыстығында емес, өз ойын жүйелеп, нақтылап айтып беруінде. Айтар ойды біріне-бірін жалғастырып, өзі айтқанын дәлелдеуге тырысу — логикалық ойдың, сынның қасиеті. "Айқап" журналында жарияланған материалдар жыл асқан сайын нақтылана да қомақтала түскендігін аңғарту үшін 1913 жылғы сын мақалаларға ерекше назар аударған орынды. Өйткені "Қазақ" газетінің шығуы зор қуаныш болу үстіне бәсекелестік сезімді де туғызбай қалған жоқ.

Мәмеков Ғалиолданың "Өлең-жырларымыз туралы" мақаласы өз ойын дәлелдеу талабымен күнды. Осы мақалада негізінен үш мәселе сөз болады. Ең алдымен, "бір миллеттің ілгері басуына өлең-жырдың көптігі себеп емес, негұрлым тәрбиелі болуы себеп" (N2, 1913) деген терең мағыналы пікір айтылған. Автор саннан да сапаға айрықша мән беріп, аты өлең-жыр дегендерді емес, елді жаңалыққа бастайтын, үлгі-өнеге көрсететін тәрбиелі өлең-жырды қадірлеу қажеттігін айрықша ескертеді. Өзінің осы ойын дәлелдеу үшін араб және орыс әдебиеттерінен мысал келтіріп, шығарманың идеялық мазмұнының терең, айтары мол болуына үндейді де көркем сөздің эстетикалық әсерінің қуатты болуын қалайды. Автор өзінің осы пікірін дәлелдей түсу үшін "Осы күнгі алға кеткен миллеттарда өлеңшілердің қалірі жоқ емес. Русларда бұрынғы өткен өлеңшілері Пушкин, Лермонтов жанрларының сөздерін қадірлеп, бір кітабын қаншама сомаға бағалайды. Осылар бізге өлеңнің керектігін білдіре ме, болмаса өлеңнен аулақ жүрудің керектігін білдіре ме деп алдыңғы ойын нығыздай түседі де, екінші жаңа проблеманың шетін көрсетеді. Ол проблема — ақын-жазушының қоғамдағы орны. Пушкин, Лермонтовтар өздерінің "тәрбиелі", өлеңдерімен елді ағарту, тәрбиелеу ісіне көп пайда келтіргендіктен де кейінгі үрпаққа қадірлі болып отыр, ал қазақтар өнер адамын онша қадірлей бермейді деген ой айтпақ болған. Бірақ осы ойын: "Өлең айтушы әншаз адамдарды жұртқа есерсоқ деп көрсетпей, есті деп, қадірлі етіп көрсетуге тырысыңдар" деп Сұлтанмахмұт айтқандай айқын тұжырымдай алмаған.

Ғ.Мәмековтың мақаласында айтылған үшінші мәселе — "өлең-жыр кетсе, бізде ана тілі де азаяды" деген пікірі. Қазақ тілін қадірлеу, өркендету жайына келгенде бұл автор ескі,

көне сөздерді (архаизмдерді) ұмытпау, оларға қайталап жан беру, пайдалану, санаттан шығарып тастамау керек деп тапты. Сонымен автор өнегелі, тәрбиелі өлең-жырды қадірлеу, ақын-жазушыларды құрмет тұту, қазақ тілінің сөздік қорын молайта түсу жөніндегі ойларын нақты мысалдармен дәлелдей білді.

Мәселен "Айқапта" жарияланған материалдардың нақтылана да қомақтала түскендігін көрсете түсу үшін "Қазақ тіліндегі өлең кітаптары жайынан" (19,21—23,1913) және "Өлең мен айтушылар" (13,1913) атты Сұлтанмахмұттың сын мақалаларына ерекше назар ауарын, сынның қаншалықты есейіп қалғандығын көрсеткен абзал.

Қазақ тілінде шыққан кітаптарға шолу жасап, әдебиеттің негізгі мәселелеріне назар аудара сын жазу бұған дейін жоқтың қасы еді. Осы тың саланы тұңғыш рет Сұлтанмахмұт қолға алды. "Мен сыншы болып, сынап жазып отырғаным жоқ, сыншы болуға өзім сыннан өткен кісі емеспін. "Сабасына қарай піспегі» деп, көргенімше көзге шыққан көсеудей-көсеудей сүйелдерін көрсетіп отырмын. Шын тездің (сыншының — Т.К.) қолына түсіп, түзете бастаса, бір журналды бір кітаптың "сыны" толтырар әдебиетімізді бар деп атауға болады" (С.Торайғыров, Шығармалар, 1957, 360-бет) деп күйіне баяндады.

Сынның жай-күйін, оның басып өткен жолдарын әңгіме еткенде әдебиетке көз салмай, оның тарихына үңілмей өте алмайсың, біріне-бірін сабақтастырып отырасың деген В.Г.Белинскийдің де пікірін Сұлтанмахмұттың осы мақаласы дәлелдейді де, XX ғасырдың басындағы әдебиетіміздің өзекті мәселелеріне еріксіз көз тастатады.

"Айқап" және оның төңірегіндегі прогрессшіл күштер Абай негізін қалаған жазба әдебиет дәстүрін ағартушылық-демократтық бағытта өркендете түсті. Көркемдік шеберлік жағынан Абай көтерілген биікке шықпаса да идеялық нысана жағынан біршама айқындыққа, қанаушы мен қанаушылардың айырмашылығын ажырата алғандай дәрежеге жетті. Ал "Қазақ" газеті азаттық идеясын пәрменді насихаттағанда революционер-демократтар деңгейіне дейін көтерілгенін аңғармауға болмайды.

"Айқап" журналы қазақ тілінде жарияланған кітаптардың мәні мен құнына, насихаттар ойына назар аударғанда ліпи уағыздарға да, зарланып-күңіренуге де "қатын ойбайларға" тосқауыл қойып, шын өнерге ұмтылу қажеттігін сөз етті. Батыс-Шығыс әдебиетінен, Абайдан үйренейік, сынаптай таза, күмістей кіршіксіз халық өнерінен, бұрынғы билердің шешен сөздерінен үйренейік деген пікірлерімен қатар

көркемдік шеберлік мәселелерін де ауызға ала бастады. Міне, мұның өзі қазақтың сыншылық ойының едәуір биікке көтеріліп, жан-жаққа көз тастай бастауының айшықты белгісі еді.

Сұлтанмахмұт "Қазақ тіліндегі өлең кітаптары жайынан" деген мақаласында шын мәніндегі көркем шығармалар қандай болу керек деген мәселеге назар аударады. Бұдан 10-15 жыл бұрын, яғни XIX ғасырдың аяғы XX ғасырдың алғашқы жылдары "хат біледі-мыс деген қазақтардың қолдан-қолға түсірмей, құлқынын құртып, құмартып оқитын кітаптары: "Заркүм", "Сал-сал", "Алпамыс" тағы солар секілді "қырды, жойды, қиратты"... Жеті басты айдаһар, пері қызы, жалмауыз кемпір, дәу... дегендей үшы-қиыры жоқ, түпсіз өтірік, қисынсыз хикаяттар еді... Бұрынғы қиссаларымыздың (әдебиет) ақ көңілге күйе жағып адастырудан басқа пайдасы жоқ, бас қатырғыш" (сонда, 367-бет) "шөп- саламдар" еді деп шорт кесті. Өз заманындағыларға да разы екендігін жасырмады.

Абай дәстүрі өнімді екендігіне Сұлтанмахмұттың көзі әбден жетіп, кәміл сенді. Сондықтан әдебиетіміз жаңа арна тапты, құр айғайға мәз болмай, дәні бар, сөлі бар пайдалы үндеулерге ойысып, "ескі достарына қош айтыса бастады", жаңалыққа құмарлана түсті. "Қазақ секілді қараңғы көшпелі халықтың ішінде шыққан газет-журналдардың малтықпай тез жүріп, жеңіл кетулері сол отеттен туруларының арқасы: әйтпесе, Самарқан, Түркістан, Бұқар, Ташкент жақтағы газеттер секілді адым жер шықпай, арбасы төңкеріліп қала берер еді" деп жазды. Сұлтанмахмұт қазақ газет-журналларын ауызға алғанда әлеуметтік ой-пікірдің қордасы екенін айқын аңғарып, әдебиет саласында да игі іске мұрындық болатындығын, заманның жаңа ынғайына бейімделетіндігін анық көріп білген-ді.

Сұлтанмахмұт өзінің осы мақаласында данышпан Абайдың көрсеткен өнеге-үлгісі, қалдырған орасан зор мұрасы болғанын ғана қазақта әдебиет жоқ деп алмады. Бірақ "шынын айтқанда, қазақ тілінде деп бастырылған кітаптардың көбінде қазақтың иісі жоқ» деуі Белинскийді еріксіз еске алдырады. Ол: "Ия, біздің әдебиетіміз жоқ" деген уақытта шын мәніндегі реалистік әдебиеттің қалыптаспағанын есіне алған болатын. Ал Сұлтанмахмұт "қазақтың иісі жоқ" деп көбіне тіл жағына ғана ойыса береді деуге болмайды: "Бұзылған қанымызды түзеп, қарайған көңілімізді жуып, жанымызға пайда, дертімізге шипа болады-мыс деген "жарын сал жаңа әдебиетіміздің" сынайы пұскаған қол, көрсеткен жолы жоқ, құр "қатын ойбайға" айналып, әркім соны сол

көріп бара жатқан соң, қазақ жазушылары-ау, алларына салып, айтып отырмын" дегені әшейінгі шалқу емес, үлкен идеялық мәні бар түжырым екенін аңғарамыз.

Сұлтанмахмұт "кейіп жоқ, келісім жоқ" әдебиеттің құр ойбайында сән де, мән де қадір де, болмайтынын ескертіп, айтар ой, насихаттар пікірдің барынша айқын да көркем болуын талап етті. Сондықтан ол "анық ақ сүйек, аты жоғалмайтын "өлең" деп, "өнер" деп соны айтамын: сырт көрінісі қатын ойбай" түрсын, "шайтан ойбай" болып көрінсе де, дәмі бар, маңызы бар "ойбай", сол қайнаған қанның, киналған жанның, толғатқан көңілдің, толғанған жүректің сығындысы осы. Соның үшін онлай "ойбай", онлай "бебеу" табыла қалса-ақ, салған жерден өзі де дертке шипа бола кетеді" деп білді. Ал В.Г.Белинский: "Көркемдік — қазірде де әдеби шығармалардың күнды қасиеті. Егерде қазіргі заманның рухындағы сапаны қамти алмайтын көркемдік болса, онда ол, бізді оңаалықты қызықтыра алмайды. Қоғамдық санаға әсер ететін мәселелерді қозғайтын немесе шеше алатын орта қолды көркем шығармалар, санамызға әсер ете алмайтын көркемділігі басым шығармалардан анағұрлым маңызды" ("О классиках русской литературы", 332-бет) десе, осы ойлардың күяр арнасы: түйер қорытындысы бір-бірінен онша алшақ жатпағанын байқаймыз.

Сұлтанмахмұт көрінген әңгімелерді көркем шығарма деп танымайды. Әдеби шығарма болу үшін көркемдік түрі (формасы) мен мағынасы бір-біріне сай болуы керек. "Күндікке ізденіп, өзіңше ойыңнан үйқасынқырап шыққан, керекті-керексіз сөзді өлең деп қуанып жаза беру — дерті (ауруы) жоқ кісінің ыңқылдағаны, толғағы жоқ қатынның бебеулегені қандай жексұрын болса, бұ да сондай жексұрын болады. "Қисынсыз қыңқырған иеткен тәнтық" деп Абай айтқанның кебіне үшырап жүргендер көп" (359-бет) деп жазуының өзі әдебиет тек мағына жағынан ғана емес, көркемдік, шеберлік жағынан да дамыту, өркендету керектігін ескергеніне дәлел.

Сұлтанмахмұт қазақ тілін орынсыз шұбарлап жүргендерге, "білімдарлығын" көрсету үшін басқа тілдерден әдейі сөз алып, айтар ойын тұмандатқандарға, қазақ тілінің грамматикалық құрылысына жат оралымдарды қолданғандарға қарсы күрес ашып: "Мен тілімізге шата тілдердің шалмасуынан, тілдің ағыны теріс бейімделіп өріс алып бара жатқанынан қорқамын.... мұның аты тіліміздің орнын сипалап қалуға бейімделіп бара жату болады" деп күйіне жазды. Сұлтанмахмұттың осы ойын Ж.Әбубәкір өзінің "Тіл

жолын іздестірді. Халықтың рухани тілегін орындау, жаңа үлгі-өнегеге баулу жолында көркемөнердің ірі құрал екендігін Сұлтанмахмұт айқын түсініп, ғылым мен білімнен, оқу-ағартудан болуге болмайтындығын мықтап ұққан.

"Көңілді түзейтін машина — өлең-жыр... Ол машинаның тетігін біліп, сайратып, естігендердің аузынан суын ағызып, көңілдерінің уын шығаратын кім? Ол неше түрлі әуез білетін әнге ұста әншілер, жыршылар" деп тұжырымдауынан-ақ өнердің қоғамдық орнын да, оны жасаушы өнерпаздардың ролін де жоғары бағалағандығы көрінеді. Сондықтан да өнерді ғана емес, соны елге танытатын өнерпаздарды бағалап ардақтау, күрметтеу, дәріптеу керектігіне назар аударды. "Молдалар, жас балаларды ән үйренуге қызықтырыңдар! Жаңа шыққан өлеңдердің жүрек қандыратындарын әні жақсы балаларға әнге салғызып қойсаңдар, уай шіркін, қандай өтімді! Өлең айтушы әнпаз адамдарды жұртқа есерсоқ деп көрсетпей, есті де қадірлі етіп көрсетуге тырысыңдар" деуінде прогрессивтік ой мен утилитарлық мақсат қабаттасып, ел елерлік мәселеге айналған. Өзінің ойын дәйектей түсу үшін "бір халықтың әні кетсе, әдебиеті жесір қалады, сәні кетеді, жаны кетеді" деген мәселені әдейі насырға шаптыра баяндап, жұрт назарын осы салаға аударады.

"Аса суырып әкетерлік болмаса да, тәуір-тәуір ой қозғарлық өлеңдер бізде болып келеді. Бірақ болғанымен, жүргізе білуші жоқ, айтушы жоқ, жесір тұр" деп қазақ даласындағы көркемөнердің өркендей алмай келе жатқандығын ашық айтады. Мәдениеті "бізден басқа, бағытты, талайлы жұрттардың өнерпаздары өнегелі өлең үлгілі тақпақтарды жаттап алады. Сонымен шаһар-шаһарға жүріп, халыққа естіртіп, жүрек қозғап, буын босатады. Халықтың арғы-бергісін қозғап, естеріне түсіріп, мұң-мұқтаждарын зарлап, кем-кетігін көрсетіп труппалар ұйымдастыру қажет екендігін ашық айтады. "Байқаймысың, біздің қазақ әнқұмар халық, егер бір жерден әнің не домбыраның даусы шықса еңкейген көрісі, еңбектеген жасы соның маңын қоршап, "айт, айттың" астына алып, шын пейілімен беріліп, үйып тыңдайды» деуі осындай игі істі бастаушылар табылса екен деген арманнан туған.

Өзінің ойы отаршылдық заманда жүзеге асар-аспасын шамалай алмаса да, Сұлтанмахмұт көркемөнерлі насихаттау қажет екенін айрықша сезінген. Халыққа шын өнер туындысын үсыну керек, өйткені "сырнай, домбыра тарта білмей, құр иірме басын баркылдату қандай сүйкімсіз болса, әнімен айтылмаған өлеңдер де сондай сүйкімсіз болады.

Маған десе майы тамып тұрсын, әнсіз құр өлеңменен жақсылық сездіргенің сол, жұртты өзіңнен бездіріп аласың" деп елге таратар үлгі-өнегенің шын өнерпаз қолынан шығуын талап етеді.

Сондықтан, халықтың жан-сезіміне "жаңа рух, таза қан" кіргізетін "таза пейілмен жандандыратын машина — шын жүректен шын-шын шыркырап шыққан өлең-жыр, әдебиет" деп білді.

Сұлтанмахмұттың осы сыншылық еңбектеріндегі ойлары мен күнды пікірлерін дәлелдеп жұртқа әсерлі етіп көрсету үшін "Батыр деген бір барақ ит, екі қатынның бірі табады. Би деген — ақ шариғат, ілуде бір-ақ қатын табады. Үлы жүзден шықты Төле би, Орта жүзден шықты Тәйтеке би, кіші жүзден шықты Алшын Әйтеке би. Ең ақыры қазақ Ресейге қараған заманда Шоқ билері болды. Ол қазақтың ортасынан құлай жаратқан билері бар заманда халық қандай халде болды. Қой үстіне боз торғай жұмыртқалаған заман болды" (22. 1913) деп жазуы, немесе "Заманның айдауымен күн асқан сайын" қазақшылықтың "шылығы жыljып кетіп барады. Байқаймын, сірә, "шылығы" кеткенменен, жай жетпесе керек. Қазақтың бұрынғы сән-сәулетінің бәрін тік көтере ала кетсе керек. Айқай! Көк шалғынға боз үйді шаңқайтып тастап, шалжиып жататын сән-салтанат қайда? Оған аузымды ауыртпасам да белгілі, ол енді көрген түс сеебінде, жер бауыры суық деп қоюға лайықты нәрселер. Көрдің бе? Ең арты домбыра, сауық, тәтті-тәтті үндерімізге дейін азайып, қара күңгірт қапаға, булыққан заманға қарай дедектеп барамыз» деуі замана дүмпуінің зорлығы мен озбырлығын сездіргендей еді. Оны патша цензурасы журнал жабыларда мықтап "ескерген" болатын.

"Айқап" журналына да, оның хатшысы әрі сыншысы болған Сұлтанмахмұтқа да оңша жайлы бола бермеген бір мақала 1913 жылы 17 санында жарияланды. Мұнда М.Дулатовтың "Азамат" жинағына өзі шағын болғанымен тиген жерін ойып түсіретіндей сыни пікір айтылды. "Кейбір өлеңдері бірінен-бірі қысқа, ойнақы емес, оқушының арбасы сазда жүргендей ауырланып шығарлық. Алдыңғы туғандарды "қош жүре түзелер", жоқтан да бар жақсы, біздің неміз жетісін тұр деп жүген-құрық тигізбедік. Мұнан былайғылардың мінін қолға алып, әлгіні осы бастан түзете беру керек. Қанша дегенмен "жаманның барынан да жоғы жақсы" дейтін мезгіл болыңқырады ғой. Бұл турадағы білгенімді өз алдына жазармын" деп жоғарыда талданған "Қазақ тіліндегі өлең кітаптары жайынан" деген шолу мақаласының бисмиллясын "Оян қазақтан" бастаған

болатын. Өзін-өзі қайталаушылық, біреудің айтқан ойын басқалардың пайдаланып, еліктеушілік көбейгендігін мысалдармен көрсетті. Негізгі идеяны солай пасихаттау, масалай ызындай беру керектігін Сұлтанмахмұт түсінгісі келмеді, ылғи жаңа поэтикалық образ, тың тәсілдерді оқығысы келгені тағы бар. Эстетикалық талап-тілек тұрғысынан келгенде бұл сынның сөкеттейтіні шамалы, бірақ та журнал мен газет арасына, пенделік қарым-қатынасқа біркыдыру қиындық әкелгенін жасыруға болмайды. Сын өзінің тісін көрсете бастағанда айтыс-тартыстың майданы қызатындығы, сөйтіп шындық табалатындығы айқындала берді.

Сонымен, Сұлтанмахмұттың әдебиет пен көркемөнер жайындағы еңбектері өзінің көтерген мәнді мәселелерімен, айтқан құнды ойларымен, пасихаттаған идеясын нақты дәлелдермен баяндауымен, оқушының көңіліне ұялауымен "Айқап" журналында жарияланған сын мақалалардың ішіндегі ең құндысы және өнегелісі болды. Қазан төңкерісіне дейінгі сыншылық ойды бір белеске көтеріп, қанат қаққан жас сынды ілгері бастырған, жанрлық сипатқа ие бола бастағанын аңғарткан еңбектер болды.

"Айқап" журналында бұдан кейін жарияланған материалдар Сұлтанмахмұт шыққан сыншылық биігіне көтеріле алмады.. Жұмағали Тілеуленнің "Баспасөз", Есенқұл Қасабулатовтың "Баспасөзге қарсы", Махмұтсұлтан Тұяқовтың, "Кітаптар жайынан", редакция тарапынан жазылған "Роман жарысы туралы" мақалалар әдебиеттің өзекті мәселелерін жаңаша толғаудан гөрі, жоғарыда баяндалған түйінді ойларды өзінше топшалап айтып, азда болса сыншылық ойды оятуға септігін тигізіп жатты. Қазақ әдебиеті сынының бағы "Қазақ" газеті арқылы жанғандығын және бірден эстетикалық-көркемдік талап-талғамы биіктеп кеткендігін ең алдымен мықтап айтқанымыз орынды. Өйткені осы уақытқа дейін "Қазақтың" ролін кем, тіпті теріс бағалау салдарынан оның бетінде жарияланған дүниелерге көз жүгіртпегеніміз болмаса, ішіне еніп, жанын түсініп, мақсатына ортақтас болар пиғыл танытпағанымыз былай тұрсын, онды-солды қаралап-даттаудан жалықпадық. Соның салдарынан қазақ зиялыларының не тындырғанын ғана емес, бүкіл қазақ халқының мәдени өресін білмелік, қолдан төмендетіп, елдің жігерін құм қылып, үнжырғасын түсірдік. Таңылдықты өзінің білместігіне серік еткендер мейлінше көп болды.

Сол өкініш етер саланың бірі — жаңадан туған жас сынымыздың мәртебесін биіктетіп мақалалар мен

зерттеулердің еленбей атаусыз қалуы деп таңқан жөн. "Қазақ" газеті 1913 жылы шыққан күнінен бастап қазақ әдебиеті мен мәдениетінің жоғын жоқтап, үлкен эстетикалық өреге көтеріле білді. Біз енді жарнама, аннотация түрлерімен ғана емес, кәдімгідей ауыз толтырып айтатын рецензияларға, сүйкетанатын ғұмырнамаларға, сүбелі де ойлы сын мақалаларына, қарымы кең ғылыми зерттеулерге кездесіп, қазақ халқының көркемдік таным-білігінің, қол созым биікте екенін, ешкімнен де сорлы болмағандығын анық көреміз.

"Қазақ" өзінің алғашқы сандарының бірінде "Қазақ тарихы" деген мақала жариялап, "қияметке шейін қазақ қазақ болып жасамақ, осы ғасырдың ғылым жарығында қазақ көзін ашып, бетін түзесе, өзінің қазақшылығын жоғалтпас және өзіміздің әдет-ғұрпқа сай "қазақ мәдениетін" (казахская культура) құрып, біржағынан "Қазақ әдебиетін" (казахская литература) тұрғызып, қазақшылығын сақтамақшы" (N3.1913) деуінің өзі газет жұмысының ең өнімді салаларын меңзейді.

Шәкәрімнің "Керек", Сәбит Дөнентаевтың "Керекті өтініш", К.Төгісов, Ж.Сайдалин, С.Торайғыров басқалардың өтініш-тілектерімен қатар, "Ғалия" медресесінің 17 шәкіртінің жастық еркінмен "осы замандағы, бұрынғы замандардағы халықтардың басқа жұрт қасында қадірлі, құрметті болулары, басқа жұрттарға өрнек, үлгі болулары — әдебиеттері арасында болады. Әдебиет — жан, матбұғатын соның тәні. Мысалы, әдебиетімізді осы таза күйінде жоғалтпай сақтау керек" деп тілегендері болашақ сүбелі де ойлы, толымды да көркекті әңгімелердің бисмиллясы ғана еді.

1914 жылдан былай қарай "Қазақ" газетінің әдебиет пен мәдениетке арналған мақалалары көркемдік таным-білік жағынан да, тарихи түсінік жағынан да қоюланып, тереңдей берді. Әдебиеттің жалпы мәселелері жанрлық шолу, кейде баяндама түрінде, кейде нақты ақын-жазушыларға арналған ғұмырнама түрінде көрініс беріп жатты. Тіпті әдебиет тарихын дәуірлеу талабы да кездесті.

Ә.Бөкейханов қазақ эпосынан азаматтық тарихымыздың ізін іздесе, Райымжан Марсеков 1915 жылы 13 ақпанда болған әдебиет кешінде "Қазақ әдебиеті жайынан" жасаған баяндамасы "Қазақтың" 15 және 19 наурыздағы сандарында жарияланды. "Әдебиет" дегеннің не екенін түсіндіріп алғаннан кейін қазақ әдебиетінің тарихын үш дәуірге бөледі. "Бірінші дәуірі ескі замандағы қазақ арасына жазу тарамай тұрғандағы кезі, екінші дәуірі жазудың халық арасына күйрек таралған заманы. Абай маркұмнан бері қарай қазақ

әдебиетінің үшінші дәуірі басталады" деп жіліктеудің өзі ғылыми көзқарастың жемісі. Осы тенденция "Әдебиетімізге көз салу" сияқты (09.01.1916) ғылыми-зерттеу мақаласына ұласты. Онда әдебиеттер байланысы, бір-біріне әсері, үйрену, тәжірибе мектебі, дәстүр мен жаңашылдық мәселелері сөз болып, қазақ әдебиетінің бағыты болуы керек деген проблема төңірегінде ой қозғалды. Қазақтың жазба әдебиеті жаңа қалыптасып келе жатқан жас әдебиет, ендеше ол кімнен үйрену керек, кімге қарап түзелу керек деген мәселеде автор Еуропа әдебиетінен үйрену керектігін ашық айтады. Алайда көзсіз еліктеуге қарсы болмағанымен "басқаларға басы бүтін ермеу біз секілділер үшін қиын іс. Еліктеу дәуірін басымыздан кешірмей кете алмаймыз" (N164.1916) деп үйрену, үлгі алу солықтап кетуге апармауын тілейді. Шағатай әдебиетінің Науаи сияқты ірі өкілдері Ширази Саиди, Хайям сияқты парсы әдебиеті классиктерінен көп үйренгеніне зер салып, өз тізгініне ие бола алмай қалған осман-түрік әдебиетін мысалға келтіреді.

Еуропа әдебиетінен үлгі алудың айрықша бір қажеттігі мынада, олардың "бір асылы - рух, сыны - дух критицизма. Бұл біздің жүре алмайтын, түйыққа шыға алмайтын шұңқырауға алып кетпес. Еліктеуіміз өлшеуден шығып бара жатса, рух сыны біздің көзімізді ашып, қатамызды көрсетер. Әдебиетіміздің атасы Абай бұл жолдың қорқынышсыз, біздер үшін пайдалы екендігін сезіп, сол жолға бұрылды. Әйтпесе, Абай үшін ғараб, парсы жолы да ашық еді" деген дәлелін де жасырмай айтады. Ұлттық келбетті, психологияны сақтау үшін не қажет екендігін де айқындай кетеді. "Ұлт әдебиетін майданға шығармақ үшін ең әуелі өз тұрмысымызды білмегіміз, үйренбегіміз, халық ауызындағы әдебиетімізді жиып, бір тәртіпке, белгілі сарынға салмағымыз, өз жұмысымызды әр жақтан білмегіміз керек" деп танқан. Әдеби шығарма халық өмірін шынайы көрсеткенде ғана ұлттық рух, келбет, бейне айқынырақ сақталатынын айта келіп, "адабият һәрқашан тұрмыстан айрылмай қол ұстасып бірге кетсін. Тұрмыстың һәрбір сазына адабият жаңғырық саз қайтарсын, халықтың һәрбір қайғысын адабият айналай көрсетсін. Сөздің қысқасы, адабият тұрмыспен берік байлаулы болсын" деген ең бір өнімді жолды ұсқалы.

Әдебиетті өзінің мамандығына айналдырмақ болған дарындар сөз өнерінің даму тенденциясына ғана емес, оның жанрларының сыр-сымбатына да көз сала бастағанын көрмей өте алмаймыз. 1915 жылы "Мың мақал" деген кітап шығарып, Г.Н.Потанин экспедициясына қатысқан, халық творчествосының талай үлгілерін жинаған, кейінде де осы

саладан көз жазбаған Ахмет Баржақсиннің "Мақалдар" атты мақаласының ғылыми тереңдігіне, жанр ерекшелігін тамыршыдай дәл басып ажыратуына, түр-түсіне қарай жіктеуіне, тіпті қазірдің өзінде құлақ коюға болады. Қазақтың он мыңдай мақалын жинап, жүйелеп, тақырыпқа бөліп, көркемін таңдап алып жүргенде талай ойға батқанын, оның сығындысын енді үлкен зерттеуге айналдырғанын көреміз.

"Халық аузынан шыққан әдебиет түрлерінің аралары тіпті жақын. Олар халықтың дүниеге әм өмірге қандай көзбен қарағанын көрсетеді. Бұлардың арасында мақалдардың пайдасы басқа өлеңдер мен ертегілерден кем емес. Әсіресе, халықтың заңын, әдетін, ғұрпын білу үшін жаһит қылып жүрген этнографтарға һәм тарихшыларға өте пайдалы" (18.04.1915) деп бастауының өзі жанр сырының ішіне кіріп, талай соны да қомақты ой айтға алатын қалам иесі екенін аңғартады. Ауыз әдебиеті үлгілері ауыздан-ауызға өткенде өзінің алғашқы иесінен көз жазып қалып, жалпылық сипатқа ие болып кететінін, "халықтың таза ойы, мінезі" сыни мақал мен мәтелде көрінетіндігі, олардың ұқсастығы мен айырмашылығы жайында толғамды ой айтып, танытады. "Мақалдарда басы артық сөз болмайды, үйқастырылып айтылады, бұл жағынан алғанда өлеңге ұқсайды, оңай жаттalып кетеді. Оның сыры - мақалдың өсиеттік қасиетінен" деп (мақал халық ойынан шыққан өсиет) табады, оған әр елдің қандай мән беретіндігін атап өтіп, оз ойының ғылыми арнадан өрбігендігін көрсетеді.

"Мақал турасында әр халық әр түрлі қылып сөйлейді. Оңтүстік халықтары (араб, фарсы, түрік һәм басқалар) айтады: мақал - тілдің гүлі; қытайлар - бұрынғы данышпандардан қалған өсиет; немістер - көше арасындағы данышпандық; итальяндар - халық мектебі; ағылшындар, французлар - көп көргендіктің жемісі; орыстар -қанатты сөз, әдемі сөз деп айтады".

Біздің қазақтың қалай дейтінін мына мақалдың өзі айтады: "шариғат ағып жатқан бұлақ, бұрынғылардың сөздері жағалай біткен құрақ".

"Басқа халықты білмеймін, ноғай мен орысқа қарағанда, біздің қазақ халқы мақалдарды көп айтады. Билер, шешендер, былай тұрсын, біздің қазақтың еркек-әйелі, үлкен-кішісі мақалсыз сөз айтпайды. Ең аяғы кішкентай балалар үлкендерден естіген мақалдарын сөз арасына қыстырады", деп қазақта сөз культі күшті екеніне назар аударады да, өз ойын практикалық арнаға бұрады. Халық әдебиеті үлгілерін "бізден басқа ғылымды жұрттар пайдасын біліп жинайды"

деп әдеби мұраны қалірлеу мәселесіне ойысады. Бұл әуен XX ғасыр басында айрықша күшейгендігін "Айқап" пен "Қазақта" жарияланған әр мақаладан кездестіруге болады десе де артық емес. Мұндай процесс, соз жоқ, халықтың эстетикалық талап-талғамы оскендіктен ғана емес, бүкіл мәдени өресінің көтерілгендігіне дәлел, қоғамлық-әлеуметтік сана-сезім оянғандығының анық айғағы.

Қазақ даласына ене бастаған жаңалықтардың бір парасы әдеби кештердің жүйелі ұйымдастырылуынан-ақ көрінеді. Сырт көзге мұның сыңға тікелей қатысы жоқ сияқты болғанымен кешті ұйымдастыру, бағдарламасын жасау, мәнін түсіндіру, қандай мақсат көздеу, кімге қандай әсер-ықпал жасап, үлгі-өнеге шашу ниетінің өзі-ақ сыни ойлың жемісі болмақ. Оның үстіне 1913 жылы Сұлтанмахмұт "Өлеңмен айтушылар" деген арнайы мақала жазып, көркемөнер үйірмелерін көбейтуге үндегенін, ал Райымжан Марсковтің әдебиет жайындағы баяндамасы осындай әдеби кешге жасалғанын еске түсірсек, онда қазақ даласының әр түкпірінде болған мәдени оқиғалардың қоғамдық-эстетикалық сананы өсіргені сөзсіз.

"Қазақ" газеті ел арасында өріс алып келе жаткан әдеби кештер өткізу дәстүрін қолдап, үнемі насихаттап отырды. Әдебиеттің қанатын кең жайып, бұқаралық сипат алуына септігін тигізеді деп білді. "Семейдегі әдебиет кеші", (N51.1914) "Қазақ әдебиеті кеші" (N114 1915), "Торғайдағы әдебиет кеші" (N166, 1916), "Қырда әдебиет кеші" (N167,1916) мақала-хабарлары осындай мақсаттарымен бағалы. Әдебиет кешін ұйымдастырып, ел үшін игілікті іс аткарып жүрген семейлік Нәзипа ханым мен оның жары Нұрғали Құлжанов, торғайлық Ғұмар Алмасов пен Қосмұхамет Жабағин сынды азаматтардың еңбегі айрықша аталды.

Әдеби кештерде қазақ әдебиеті туралы соз айтылып баяндамалар жасалып, ойын-сауық көрсетіліп отырды. Оның ел-жұртқа жасаған әсері де жазылды. "Атақты ақынымыз Абай Құнанбайұлы турасында... баяндаманы Нәзипа ханум ...орысша оқыды. Халықты сүйсіндіріп, көңілін аштъ; "Бізде де Абайдай данышпан адам туады екен-ау, атағы қазақ түгіл орысқа шығып, өзі өлсе де терең ойларын, қымбат создерін, түрленген күйлерін жұртына мирас қылып артына қалдырғандай деп жұрт шаттанады" дегенді әшейінгі хабарлама деп түсінуге болмайды.

Газет сонымен қатар мұндай игі істің екі жақты пайдасы бар екендігіне де назар аударды. Бірі - елге рухани азық болса, екіншісі - қаржы пайдасы. Жиналған қаржының

ысырап болмай, жөн-жосығына қарай бөлінгенін де көреміз. Студент Мұхтар Саматовтың "Ардақты Назипа ханумға" жазған хаты - көп жайды аңғартады. "Былтыр Семейде мұқтаж оқушылар пайдасына деп сіз баспылық қын жасаған әдебиет кешінен маған да 18 сом үйғарылды дегенді "Қазақтың" бір номерінде шығарып еді. Оның артынан сіз маған хабар бердіңіз... Енді ол ақшаға мұқтаждығым жоқ, бинл маған стипендия шықты. Егерде областной правлениеден ол ақшаны ескеріп қайта алсаңыз, басқа бір пайдалы жеріне жаратар едіңіз" (N171, 1916) деген саналылықтың белгісі болумен қатар әдеби кештің қандай пайдасы барын анық көрсетеді. Сонымен қатар елдің рухани азығын молайтуға әдеби кештердің рөлі жөнінде Г. Н. Потаниннің мына естелігін келтірейік. "Былтыр Тоқырауыннан қайтып келе жатып бір ауылға қондым. Бұл ауылда Семейдегі семинарияның қазақ тілі мұғалімі Нұрғали Құлжанов жамағаты Назипа хануммен келіп жатыр екен. Сонда Назипа ханум әдебиет кешін жасады. Ойнаушылар: Назипа ханум, гимназист, 11 жасар қыз гимназистка һәм бір қыз. Бәрі де қазақ. Оқылған өлеңдердің ішінде Некрасовтың да өлеңдері болды. Бұл уақытта қазақ ауылында отырғаным, алдымдағы оқып тұрған жас қыздың қазақ қызы екендігі... ойымнан шығып кетіпті" (№156, 1914) дегені қазақ өнерінің жанашыры болған жанның енді "бір елу жылдан кейін қазақ үні үлкен театрдан айтылады" деген сенімін күшейте түскенін аңғармасқа болмас.

Сұлтанмахмұттың "Айқап" журналында 1913 жылы жазылған "Өлеңмен айтушылар" атты мақаласындағы идеяның қазақ даласында біртіндеп жүзеге аса бастағанына бұл бір дәлел болса, екіншіден, мұндай кештер репертуарсыз болмайтындығы айқындала түсті, яғни ойын кітабы — пьесалар қажет еді. Міне, осы тың ақызға түрен салған "Айқап" журналы болды.

Алматы уезінің бастығы А.Лихановтың "Манап" драмасын Есенгелдиннің аударасымен жариялай бастағанда: "Бұл драма оқушыларымызға ұнайтын болса, бөлек кітапша қылып бастырып шығармақ талабымыз да бар. Жұрттың ұнатар-ұнатпасын білмеген соң ойға қалыңқырап тұрмыз. Енді біздің оқушыларымыздан сұрайтын өтінішіміз: "Манап" драмасын бөлек кітапша қылып бастыруға лайық па, жоқ па, соны бізге ашық хатпен білдірсеңіздер екен" (N18.1914) деп жарнама жазуы игілікті қадам болуының үстіне, сауық кештеріне репертуар тауып бермек көңілден туған еді. Осы өтінішке алғаш пікір қатқан адам М.Дулатов болды. "Манап"

драмасы деген атпен "Қазақта" (16.26.10.1914) сын мақала жариялады.

Аудармасы әлі толық басылып үлгермесе де, ол шығармамен толық таныс екендігін айтып, "Манап" драмасын тәржімә қылушы Мырза әм оны басушы "Айқап" журналы, жақсы-жаманына қарамай, тек қазақ жайынан жазылған нәрсе болғанға атына қызықты ма, болмаса шынымен қазақ әдебиетіне өрнек боларлық, нағыз тұрмысынан алынған ғибратты оқиға деп түсінді ме, бізге әуелі осы арасын айыруға керек. Әуелгі оймен басылған болса, тәкке уақытын бөліп тәржімә қылуда әм оны басып, журналды нөмір сайын пайдасыз нәрсемен толықтыруда мағына жоқ болса керек. Егер екінші оймен басылған болса, тәржімә қылушы да, "Айқап" басқармасы да адасқан деп білемін" деп бірден ашы да ашына сөйлеген уақытта "Манап" драмасының көркемдік санасы ғана емес, намысқа тиер мазағы, бір елдің әдет-ғұрпынан хабары болмай тұрып, шығарма жазғансып қорлауы, ожарлық көрсетуі себеп болғаны мақаланың өн бойынан аңғарылады. Осы тұста М.Дулатовтың жалпы әдебиетке, оның ішінде жазушыға қоятын талабы айқындалады. "Бір жұрттың жайынан мұндай нәрсе жазу үшін жазушы әуелі сол жұрттың иә баласы, иә өзіндей болып сіңіскен, ол жұрттың жайын білуінде зәредей кемшілігі жоқ болуы шарт. Екінші көргенін, білгенін һәм сезінген оқушының дәл көз алдына нендей суреттеп жаза білерлік туа шебер, жүйрік (таланты) болуы шарт. Осы айтылған екі қасиет бір кісінің бойында түгел болмаса, ол кісі әдебиет майданына қалам ұстап шығып жазушы бола алмайды" деуі, сөз жоқ, қазақ әдебиеті сынының тұғандығын ғана емес, ірі эстетикалық таным-білікті қисындап айтуға мүмкіндігі мол екендігін аңғартады. Осы екі үлкен талап өресінен шықпағандығын, әсіресе, халық өмірінен хабарсыздығын драманың мазмұнын баяндай отырып ашады.

Бұл да сынның ішкі творчестволық шартынан туады. Әрине автор өз ойын мысалсыз-ақ қисындай салуына болады, бірақ ол үшін әңгіме болып отырған шығармадан қалың оқырман хабардар болуы, оқуы керек. Олай болмаған жағдайда шығарманың мазмұнын сюжет желісін айтып түсіндіріп беру, сонымен бірге пьеса дегеннің не екенін ұқтыру осы сыны басым рецензияның айрықша міндеті болған.

Хал үстінде жатқанда ұзақты өмірде жасаған қылмыс-зұлымдығынан арылмақ болып, күнәсін саудалағаны, алғаш 100 жылғы аталған күнәнің "құлық суынан" ант ішкен адамға бір жорғаға сатылуы, аз шығынмен құтылған бай маужырап

үйқыға кеткен кезде үйдегілердің ойын-сауық жасауы ғұрып түгіл, шындыққа сыймайтын жайлар екенін көреміз. Сыркатынан жазылған Ұзақ бұрын Әлімбектің немересіне айттырылған қызы Гүлбаһрамды енді сол шалдың өзіне бермек болғаны, оның дәмеленгені, бұл шешімге разы болмаған қыздың Атақұл деген жігітпен қашып кетуі, қолы мен құлығы ұзын бай-манаптар екі жасты ұстап алып, зорлық-зомбылықпен айыруы әңгімеленеді. Манап тіл алмағаны үшін қызын жарын өлтірген. Қызымнан қалмаймын деп шешесі шұңқыр түсіп өлген. Мұндай іс қазақ арасында ұшырай ма?

Міне, осы секілді ерсі күлкі, тіпті жиіркенішті орындар көп, оның бәрі бастан-аяқ сынға алынса, газет жүзіне сыярлық емес деп, талай әбестіктерді тізіп көрсетеді де мазмұны да, аудармасы да қазаққа жат пьесаның әрі қарай жариялануына қарсы болады. Көрсе қызарлықпен мұндай нәрсені журналға басу, кітап қылып халыққа таратудың лайығы болмаса керек, аты қазақша екен деп мұндай мағынасыз нәрсенің қазаққа өрнек үшін таратпау керек. Мұны халыққа үлгі қылып көрсетудің орнына, қазақта болмайтын ұятты-ерсі істерді бізге тапсырғаны үшін намыстанатын жөніміз бар. емес не дегені жалғыз патриоттық ғана емес, көркемдікті танып-білудің бір арнасы болғаны даусыз.

Автор "Манаптың" тіліндегі түйткілдерді шеней отырып, жалпы аударма мәселесіне қатысты ойларын ортаға салды: "Тәржіма көп орында қата етілген. Орысша сөздер қазақша сөзге тура тәржіма етілгенде түсініксіз келетіндіктен бұрды дейін десек, орысшасын өзгертпей тәржіма қыламын деп күлкіге айналдырған жері көп", - деп, аударма жасаудың жөн-жосығына көңіл аударған.

Міржақып осы мақаласында "Манаптай" шығармаларды кітап етіп бастыруға асықпай, білікті кісілердің сынынан өткізіп, көркемдігіне көңіл толған жағдайда ғана шығаруды ұсынды. Міржақыптың "Манап" драмасы атты мақаласы - қазақ әдебиетінің көкейтесті көп мәселесін көтерген. Әсіресе, алғаш көрінген драманың кем-кетігін тізіп айтып, ондайды аудару-аудармау, жариялау-жарияламау туралы өз шікірін ашық білдіруі әдебиеттің көрікті де ажарлы, тартымды да шынайы болу талабына ұласып жатқаны айдан-анық.

"Манаптың" сюжетін де, аудармасын да ұнатпағандардың бірі - Сәкен Сейфуллин. Жас дарынның әдебиет жайындағы алғашқы үні көп ретте М.Дулатов ойларымен қабысып жатады. Сәкен шығарманың мән-мағынасына түсініп, эстетикалық талап-талғаммен қарауға және өз ойын дәлелдей

драмасы деген атпен "Қазақта" (16.26.10.1914) сын мақала жариялады.

Аудармасы әлі толық басылып үлгермесе де, ол шығармамен толық таныс екендігін айтып, "Манап" драмасын тәржімә қылушы Мырза әм оны басушы "Айқап" журналы, жақсы-жаманына қарамай, тек қазақ жайынан жазылған нәрсе болғанға атына қызықты ма, болмаса шынымен қазақ әдебиетіне орнек боларлық, нағыз тұрмысынан алынған ғибратты оқиға деп түсінді ме, бізге әуелі осы арасын айыруға керек. Әуелгі оймен басылған болса, текке уақытын бөліп тәржімә қылуда әм оны басып, журналды нөмір сайын пайдасыз нәрсемен толықтыруда мағына жоқ болса керек. Егер екінші оймен басылған болса, тәржімә қылушы да, "Айқап" басқармасы да адасқан деп білемін" деп бірден ашы да аршына сөйлеген уақытта "Манап" драмасының көркемдік сапасы ғана емес, намысқа тиер мазағы, бір елдің әдет-ғұрпынан хабары болмай тұрып, шығарма жазғансып қорлауы, ожарлық көрсетуі себеп болғаны мақаланың он бойынан аңғарылады. Осы тұста М.Дулатовтың жалпы әдебиетке, оның ішінде жазушыға қоятын талабы айқындалады. "Бір жұрттың жайынан мұндай нәрсе жазу үшін жазушы әуелі сол жұрттың иә баласы, иә өзіндей болып сіңіскен, ол жұрттың жайын білуінде зәредей кемшілігі жоқ болуы шарт. Екінші көргенін, білгенін һәм сезінген оқушының дәл көз алдына нендей суреттеп жаза білерлік туа шебер, жүйрік (таланты) болуы шарт. Осы айтылған екі қасиет бір кісінің бойында түгел болмаса, ол кісі әдебиет майданына қалам ұстап шығып жазушы бола алмайды" деуі, сөз жоқ, қазақ әдебиеті сынының туғандығын ғана емес, ірі эстетикалық таным-білікті қисындап айтуға мүмкіндігі мол екендігін аңғартады. Осы екі үлкен талап өресінен шықпағандығын, әсіресе, халық өмірінен хабарсыздығын драманың мазмұнын баяндай отырып анады.

Бұл да сынның ішкі творчестволық шартынан туады. Әрине автор өз ойын мысалсыз-ақ қисындай салуына болады, бірақ ол үшін әңгіме болып отырған шығармадан қалың оқырман хабардар болуы, оқуы керек. Олай болмаған жағдайда шығарманың мазмұнын сюжет желісін айтып түсіндіріп беру, сонымен бірге пьеса дегеннің не екенін ұқтыру осы сыны басым рецензияның айрықша міндеті болған.

Хал үстінде жатқанда ұзақты өмірде жасаған қылмыс-зұлымдығынан арылмақ болып, күнәсін саудалағаны, алғаш 100 жылғы аталған күнәнің "құлық суынан" ант ішкен адамға бір жорғаға сатылуы, аз шығынмен құтылған бай маужырап

үйқыға кеткен кезде үйдегілердің ойын-сауық жасауы ғұрып түгіл, шындыққа сыймайтын жайлар екенін көреміз. Сырқатынан жазылған Ұзақ бұрын Әлімбектің немересіне айттырылған қызы Гүлбаһрамды енді сол шалдың өзіне бермек болғаны, оның дөмеленгені, бұл шешімге разы болмаған қыздың Атақұл деген жігітпен қашып кетуі, қолы мен құлығы ұзын бай-манаптар екі жасты ұстап алып, зорлық-зомбылықпен айыруы әңгімеленеді. Манап тіл алмағаны үшін қызын жарын өлтірген. Қызымнан қалмаймын деп шешесі ышақка түсіп өлген. Мұндай іс қазақ арасында ұшырай ма?

Міне, осы секілді ерсі күлкі, тіпті жиіркенішті орындар көп, оның бәрі бастан-аяқ сынға алынса, газет жүзіне сыярлық емес деп, талай әбестіктерді тізіп көрсетеді де мазмұны да, аудармасы да қазаққа жат пьесаның әрі қарай жариялануына қарсы болады. Көрсе қызарлықпен мұндай нәрсені журналға басу, кітап қылып халыққа таратудың лайығы болмаса керек, аты қазақша екен деп мұндай мағынасыз нәрсенің қазаққа өрнек үшін таратпау керек. Мұны халыққа үлгі қылып көрсетудің орнына, қазақта болмайтын ұятты-ерсі істерді бізге тапсырғаны үшін намыстанатын жөніміз бар. емес не дегені жалғыз патриоттық ғана емес, көркемдікті танып-білудің бір арнасы болғаны даусыз.

Автор "Манаптың" тіліндегі түйткілдерді шеней отырып, жалпы аударма мәселесіне қатысты ойларын ортаға салды: "Тәржіма көп орында қата етілген. Орысша сөздер қазақша сөзге тура тәржіма етілгенде түсініксіз келетіндіктен бұрды дейін десек, орысшасын өзгертпей тәржіма қыламын деп күлкіге айналдырған жері көп", - деп, аударма жасаудың жөн-жосығына көңіл аударған.

Міржақып осы мақаласында "Манаптай" шығармаларды кітап етіп бастыруға асықпай, білікті кісілердің сынынан өткізіп, көркемдігіне көңіл толған жағдайда ғана шығаруды ұсынды. Міржақыптың "Манап" драмасы атты мақаласы - қазақ әдебиетінің көкейтесті көп мәселесін көтерген. Әсіресе, алғаш көрінген драманың кем-кетігін тізіп айтып, ондайды аудару-аудармау, жариялау-жарияламау туралы өз пікірін ашық білдіруі әдебиеттің көрікті де ажарлы, тартымды да шынайы болу талабына ұласып жатқаны айдан-анық.

"Манаптың" сюжетін де, аудармасын да ұнатпағандардың бірі - Сәкен Сейфуллин. Жас дарынның әдебиет жайындағы алғашқы үні көп ретте М.Дулатов ойларымен қабысып жатады. Сәкен шығарманың мән-мағынасына түсініп, эстетикалық талап-талғаммен қарауға және өз ойын дәлелдей

баяндауға, жанрлық сынның ерекшелігін сақтауға талаптанғанын көреміз. Қазақ әдебиеті сыны туып жатқан кезде сыншылық ой-пікірлің осындай түр-келбетпен, таным-біліммен көрінуі елеулерлік құбылыс.

Қазақ тұрмысынан жазылған бұл драмада қазақтың әдет-ғұрыптары бұрмаланғанын, сюжеттік желісіне өзек болған оқиғалардың шындыққа жанасымы жоқтығын атап өткен. Ал драмаға қатысушылардың, диалогтері қимыл-әрекетті өрбітуге құрылмай, күр баяндау формасында берілгені және қазақ ұғымынан тумайтын, көңіліне қонбайтын сөздер көп айтылғаны сынпыны бірден сақтандырған.

Сәкен Сейфуллин осы драманы сынай отырып, үш мәселеге айрықша назар аударған. "Бірінші, "Манаптың" оқиғасы рас, қаһармандары осы күні тірі деп жазғанменен, қазақтың тұрмыс қалпына мүлдем келмейді. Қаһармандарының сөйлеген сөздері, істеген істері қазақ болғалы сөйлемеген сөз, істемеген іс" деп табады да, Гүлбаһрамды атастырған күйеуі өліп қалған соң, қайын атасына бермек болғаны, оң жақта отырған қызға оның сыйлық әкелуі, өз қызынан әменгерің келе жатыр деп қыз әкесі қазақтың сүйінші сұрауы сияқты әбестіктер қазақ тұрмысын автордың не білмегендіктен, не мазақ қылғысы келгендіктен деп тапты.

М.Дулатов пен С.Сейфуллиннің жазушы өмірді білу, халықтың тұрмысын, оның әдет-ғұрыптарын білуге тиісті екенін принципті мәселеге айналдыруы, білмегендік әменде жаңсақтыққа, ерсілікке апарып соқтыратынын тұжырымдауы қазақтың сыни ойының ұшталғандығын көрсететін эстетикалық критерийлер екенін байқаймыз.

Екінші, көзге ұрар осындай бадырайған ағаштықтарды ғана емес, көтеріңкі талғамды талап ететін жайларға да Сәкен назар аудара білген. "Гүлбаһрамның бір қызбен сөйлескен сөздері, Гүлбаһрамның өлеңі едәуір оқыған қыздардың сөзіндей... Бірақ Үзақ секілді надан адамдар қыздарын оқуға бермейді. Оқымаған надан Гүлбаһрам менен жолдас қызының миларына ондай сөздер, ондай өлеңдер кірмейді" дегенінен сынпылық көзқарастың сілемін байқаймыз. Яғни автор әрбір кейіпкердің аузынан шығатын сөз, іс-әрекет оның бойына сіңімді де қонымды болуға тиіс екендігін ескертіп, типтілік шартын сақтау қажеттігіне ой жүгіртеді. Мұндай пікірлің сол кезде айтыла бастауы сынпылық ойдың көркемдіктің әр алуан саласына көз тастай бастағанын аңғартатын мәнді деталі екені айдан-анық.

Сәкеннің мақаласындағы үшінші мәнді мәселе - аударма тілінің жатық, әдемі, түсінікті болуы жайындағы талаптан

туған, "Манаптың" тағы бір зор кемшілігі, оны қазақшаға аударғанда сөзбе-сөз аударыпты. Соның үшін сөздерінің тәртібі нағыз қазақша болып шықпаған" (С.Сейфуллин, 4-том, 198-бет) деп, қазақ тілінің грамматикалық құрылысынан шалғай жататын, қазақ құлағына түрпідей тиетін оралымдарды көрсетуі ілтипатқа алынар жайлар. Аударма өнерінің тан шапағында осындай пікірлер айтылып, басқаларды сақтандыру тек сынпылық тұрғыдан ғана емес, практикалық тұрғыдан да мәні бар еді.

Аударма болсын, не төл туынды болсын, әйтеуір қазақ драматургиясы туралы осындай ой-пікір айтылуының өзі жалпы әдебиет үшін, әсіресе, қанатын қомдап келе жатқан әдебиет сыны үшін өте қуанарлық құбылыс. Бұл саладағы үлкен де толымды ой Көлбай Төгісовтің "Надандық құрбаны" пьесасы жайында айтылады. Ол мақаланың авторы Міржақып Дулатов екенін атап айтудың бір мәні бар. Көлбайдың көп адамға, әсіресе, "Қазақ" газеті төңірегіндегілерге өзінің іс-әрекетімен ұнамағаны, әсіресе, "Үш жүз" партиясын ұйымдастырғаннан кейін айтысып-тартысқаны тарихқа белгілі. Бұл кикілжің сонау алғашқы орыс революциясы заманынан келе жатқан-ды. Соның сн бір ушыққан түсы 1914 жылдың 24 желтоқсанындағы "Қазақ" газетінде "Зайсанның Хлестаковы һәм Ферғананың Добчинскийі" деген әшкерелетіш мақаланың жарияланған кезі еді. Пьесаға жазылған сын сондағы ой-пікірден құлан-таза, тек көркемдікті ғана арқау етеді деуге келе бермейді.

Қосарлана жүретін көңіл иірімдерін санатқа шығармаған күннің өзінде де жалпы драматургияға қойылар талапты айтудың өзі сынның азулана түскенін, сонымен қабат әр салаға көз тастай бастағанын көрсетеді.

Автор: "Қазақтың кобіне "театр" деген сөздің өзі жат. Театр кітабы әдебиеттің бір мүшесі екенін, оның өз алдына мағынасы, пайдасы зор екенін білуші кем" деп әріден тартады. Ол драма жанрының өзі әдебиеттің дамуына, жетілуіне тікелей байланысты деп білді. "Қазақ театры, қазақ артистері болуға әлі ерте екендігі әркімге белгілі болса да, театр кітабының керектігі де ерте деуге болмайды. Әлгіндей әдебиет кештерін түрлендіру, толықтыру һәм қызықтырақ болу үшін бірер төуір театр кітабы керек еді" деп, практикалық қажеттілікті айтып алады. "Біреудің кітабын сынағанда шығармашының кім екенінде жұмысы болмауға тиіс" деп ескерткенімен, "бұл кітаптың шығарушысын еске түсірмеске мүмкін болмайды. Өйткені мұнда көлбайлық көзге түртіліп, мен мұндалап тұр" (N175.1916) деуінде пенделік пікірлің араласқанынан хабарлар болғандаймыз. Әрине

сыншы өз пікірін білдіруге тиіс, бірақ шендестік пиғылын қосарлауы оның жараса бермесі белгілі. Сонымен театр кітабы шықты, оған сын айтпаққа оқталған автор табылуының өзі сын жанры үшін қуаныш.

"Жазушы да - суретші. Жақсы суретші адамның сыртқы түрін айнытпай сала білсе, жақсы жазушы да адамның ішкі сырын, мінезін, әдетін бұлжытпай көрсете біледі, оқығанын көріп тұрғандай болады. "Надандық құрбанында" мұның бір нұсқасы жоқ, байлаусыз-матаусыз құр сөз, біріне-бірі қарсы оқиғалар" деп ең қорытындысын алдын ала жасап алады. "Бірнеше кісіні сойлестірумен біреуді үйден шығарып, біреуді үйге кіргізумен, біреуді ауыртып, біреуді өлтірумен драма болмайды" деп драманың мазмұнын баяндайды. М.Дулатов талаптарының бәрі де көркем шығарма үшін міндетті, қажетті критерийлер болуы қазақ сынының қанатын кеңге жаюға мүмкіндігі мол екенін толық дәлелдейді.

Ал "Надандық құрбаны" бойындағы 7 түрлі кем-кетікке тоқтағанда, осылар шындыққа жанаса ма деген ойларды айтқанда, Лихановтың "Манап" пьесасындағыдай әдеттерді емес, көбіне қазақ аңқаулығына тән құбылыстарды атап көрсетеді. Олар пәлендей ауыр қорытынды жасарлық детальдар да емес. "Алайда түңғыш көрген кітабымыз өлі туды. Мұны әдебиет кештеріне қоюға жарайды деп айтуға ауыз бармайды. Ұзын сөздің қысқасы - Көлбай драма жазудың орнына өзі драманың батыры (геройы) болып кірсе, көркемірек болар еді дегені - игі ойдың сілемі бола қоймас. Солай бола тұрса да қазақ әдебиетіне жаңа жанрдың үлгісін көру, ол жөнінде жалпылық сипаттағы талап-талғам қоя білудің өзі сын ауқымынан алыс жатпағанын көреміз.

Әдебиеттің жалпы мәселелері мен жанрлары жайындағы мақалалар мен зерттеу "Айқап" журналы мен "Қазақ" газетінде там-тұмдап көріне бастаған уақытта жалпы қазақ баспасөзі өз халқының данышпан ұлдарына, дарынды ақындарына, жалынды жырауларына, елді өнер бұлағынан сусындатып жүрген өнерпаздарына ілтипат білдіріп, олардың артында қалдырған мұраларын насихаттау, үлгі-өнегесін көпке таныстыру үздік-создық болса да жүріп жатты. Осы салаға айрықша қалам тартқан "Қазақ" газеті. Соның ең үлкен де мағыналы көрінісі Ахмет Байтұрсынов қаламынан туған "Қазақтың бас ақыны" дейтін атақты мақаласы. Ол Абайға арналғандығымен емес, терендігімен, білгірлігімен, талап-талғамының қомақты да ажарлығымен дараланатын ғылыми қисынды кесек еңбек. Бұған дейін де баспасөз бетінде Абай туралы талай рет сөз болған. Алайда Абай шығармашылығына шынайы әдеби талдау жасап, Абай

ақындығына көркемдік тұрғыдан зерделі ой, қомақты пікір айтқан сыншы А.Байтұрсынов болды. Олай дегенде қайсыбір түйіннің ойланатыны болуының өзі мақалаға айрықша мән бітіре түскенін көреміз. Автор "қазақтың бас ақыны Абай (шын аты Ибраһим Құнанбаев). Онан аскан бұрын-соңды заманда қазақ баласында біз білетін ақын болған жоқ" (N43, 1913) деп бірден өз тұжырымын білдіреді.

1903 жылы Абай сөздерімен алғаш танысқан Ахмет оның өнеріне қызыға да түсіна оқып, күдіретті сөздің бар болмысын, асылдың қыры мен сырын ұғып тереңнен шыққан тұнық сезімі мен тың ойларын оқырманмен бөлісуге асығады. Және осы мақаланың құлақ күйіндей. "...Абай сөздері жалпы адамның түсінуіне ауыр екені рас, бірақ ол ауырлық Абайдың айта алмағанынан болған кемшілік емес, оқушылардың түсінерлік дәрежеге жете алмағандығынан болатын кемшілік", дегенді бірнеше рет қайталап ойлы, мағыналы поэзияның қандай болатынын көрсетуге ұмтылады, шеберлік сыры неде деген сұраққа жауап іздестіреді. "Сөз жазатын адам әрі жазушы, әрі сыншы боларға керек. Сөздің шырайлы, ажарлы болуына ойдың шеберлігі керек. Үнамды, орынды, дәмді болуына сыншылық керек, мағыналы, маңызды болуына білім керек. Абайда осы үшеуі де болған" деп шеберлік көздерін білгірлікпен айқындайды.

Осы мақалада Абай творчестволық тұлға ретінде тұтас болмысымен көрінеді. Абай шығармашылығының ерекшеліктерін тамыршыдай дәл басып, нақты көрсеткен мақала қазақ көркемдік танымының алуан иірімдерін аңғарып алатын мүмкіндігін таныта. Қазақ әдебиетіндегі эстетикалық сынның соны сүрлеуін даңғылға айналдыруға А.Байтұрсынов өлшеусіз үлес қосып, жеке ақынды творчестволық-көркемдік тұрғыдан талдап-түсінудің есігін ашты.

Мақалада Абайдың өмірбаянына қатысты деректердің жүйелі баяндалуы. Абай заманының өзгешелігі, оған өзгеше өнер көрсетуге, себептер болғандығын айтқанда бір мәнді арнаға, ягни орыс мәдениеті мен әдебиетіне жанасу жайына айрықша мән бере баяндайды. "Орыс ақындарымен танысып, өлең орны қайда екенін білгеннен кейін, Абай өленге басқа көзбен қарап, басқа құрмет-ықыласпен күтіп алып, төр түгіл, тақтан орын берген. Өлең жазу, сөз жазу нағыз қадірлі істің бірі екенін Абай ұққан" ("Ақжол", 218-бет) дегені осы мақаланың өзегі, ягни әдебиетті жаңа арнаға бұрудың ең бір шешуші сәтіндей баяндалады. "Әрине профессионалдық ламу жолына түсу тек қана сөзді, ойды салмақтандыра да

көркемдей түсудің ғана айла-амалымен шектелмейтін кезеңдегі еріктіде еріксіз жағдаяттың, яғни заман дамуының әсері еді деп қорытуға негіз бар еді. Әйтпесе "айтушы мен тыңдаушының көбі надан болғандықтан, өлең болып айтылып, тыңдалып жүргендердің көбі өлең емес екендігі, өлең жазушылар болса да, келістіріп жазушылары ішінде бірен-саран таңдама екендігі, жүрт мағыналы, маңызды терең сөзден гөрі мағына жоқ, маңыз жоқ, желдей гүлеп, құлаққа дыбысы тиіп өте шығатын жеңіл сөздерді тыңдауға құмар екендігі Абайдың өлең жайынан жазған сөздерінде көрсетілген. Сол сөзінен Абайдың сыншылдығы, өлең жақсы болуға не керектігін білетіні де көрініп тұр" (сонда) деген түйіні дұрыс ойдың ішінде кейіннен етек алған, басқалар даурықтырып әкеткен теріс көзқарастың ұрығы жатқанын аңғармасқа болмайды. Орыс, батыс үлгісіне іш тарту керек болғанымен өзіңнің ғасырлық көркемдік тәжірибеңді жүдетпеу, төмендетпеу керек еді. Әсіресе, осы пікір кеңес заманында қаулаған өртке айналды, құбыламыз батыс болып, ұлттық дәстүрлер аяқ асты болды. "Абайға шейін қазақта қолға алып оқырлық тап мағынасында қазақ дерлік бір нәрсе болған жоқ еді" (М.Дулатов шығармалары 250-бет) деген қорытындылар әрине ұлттық әдебиетті өсіру, жетілдіру жолындағы пікір екені даусыз. Белинский орыс әдебиеті Пушкинге дейін жоқ еді деді деп біз де далақтан шаптық. Тіпті Белинский болсын, онан кейінгілер болсын, не өзіміздің сыншыл-ойшылдарымыз болсын бір халықтың ғасырлар бойына азықтанып, рухани қуат тұтып келе жатқан көркемдік арналарын даттау, көрінеу кемсіту дұрыс емес екендігін енді анық көріп отырмыз.

"Соқырдың тілегені екі көзі" дегендей, патша заманында болсын, әсіресе коммунистік қызыл ту мен мәңгүрттендіруде болсын алдымен өзінің бесігінен, ана бауырынан, ата төсегінен шығарып жіберіп, не істеп, не жазып жүргенін аңдатпай қоюдың алғашқы қадамы өзіңді өзің мансұқ етуден басталғанын көрмеске болмайды. Әрине жетілу, өркендеу, тең болу, мәдениетіңнің басқалармен ықтас болуы өте керекті құбылыс, бірақ, қалыптасқан негіздің астына су жіберіп босату, үстіндегі құрылыстың олпы-солпысы көп, анаған-мынаған ұқсауы керек еді деп үстіндегіден жеру, әрине жақсылыққа жеткізген жоқ. Өсу, мәдениеттену халықтың көркемдік таным-түсінігін бұлыңғырлату арқылы емес, ұлттық келбетін ажарландыру, даралау бағытында болса ғана әлем әдебиетіне өз бүйымымызбен ғана бара аламыз.

М.Дулатов осы эстафетаны "Абай" атты мақаласында

жалғастырды. Онда тарихи деректер мен ұсыныстардың бірқыдыру молдығы сын жанрын әрлендіре түсті. Әрине автордың ақпараттары мен кейбір көтеріңкі ойлары әдебиеттану елегінен өтіп, бағасын аларын ескерген күннің өзінде М.Дулатовтың "Қай жұрттың болса да жалпы әдебиет, жансыз тән жасамақ емес. Әдебиетіміздің негізіне қаланған бірінші кірпіш - Абай сөзі, Абай аты боларға керек. Абайға шейін қазақта қолға алып оқырлық, шын мағынасында, қазақ әдебиеті дерлік бір нәрсе болған жоқ еді. Абайдың бізге қымбаттығы да сол. Бәлки, мұнан кейін Абайдан үздік, артық ақындар, жазушылар шығар, бірақ ең жоғарғы, ардақты орын Абайдікі, қазақ халқына сәуле беріп алғашқы атқан жарық жұлдыз - Абай" (23.06.1914) деуі ұлттық әдебиеттің классикалық үлгісін көріп, оны ел-жұрттың жаны мен тәніне сіңіру мақсатынан ("Халық пен Абай арасы күшті махаббатпен жалғасар") туғандығын байқаймыз. Мұндай пікір артық мадақ қажеттігінен емес, қуатты ақындықтың тепкісінен пайда болғаны да сөзсіз. "Қазақ" газеті буырқанған бес жыл ішінде жер-жерлерде өткізілген әдеби кештер туралы, онда айтылған, жалпы қазақ елінің аузында жүрген ән-өлеңдердің қасиеті жөнінде талай құнды жарияланымдар басты. Мәдениетіміздің ұлы тұлғасы Шоқан, Ыбырайлар жөнінде кесек-кесек дүниелер беріп, сын мен ғылымның өресін биіктетіп тастағаны тарихи шындық. Газет қазақтың прозасын өркендету мәселесіне айрықша назар аударды деп именбей айтуымыз керек. 1914 жылы "Роман не нәрсе" деген алғашқы түсіндірме мақала жарияланды. Авторы Арысұлы. Онда романның жанрлық ерекшелігі, оның табиғатынан туындайтын қасиеттер кеңінен әңгімеленеді. "Ұлы әңгіме, яки роман өмір жүзіндегі ұлы - кіші қамалдар, ұлы - кіші оқиғалар қалай бір-біріне байланысып, ұшы қайдан басталып, қайдан барып тоқтайтынын мысалмен көрсеткен секілденіп, алдыға әкелін түрлі жолмен байланыстырады, шиеленістіреді" (31.01.1914) деген қисындар әдеби таным-біліктің өрелі екенін аңғартады.

Еуропа жазушылары Вальтер Скотт, Чарльз Диккенс, Теккерей, орыстың Пушкин, Толстойын атап қана қоймай, олардың дәстүрлерін, бағыттарын, ағымдарын соз сте отырып, қазақ әдебиетіне ат басын бұрады. "Қазақта бұрын роман жоқ еді. Біздің арамызда бірінші роман жазып шығарған Міржақып Дулатов болды. Оның "Бақытсыз Жамал" деген романы 1910 жылы басылып жарыққа шықты. Мұны қазақ әдебиетінде тәуір қызметке санаймыз" деп қазақ қызының бақытсыздыққа ұшырауын жазушы қалай суреттен көрсеткеніне тоқталады.

Газет-журналда айтылған, жазылған пікір, ойдың семіп қалмағаны, жалғасын тапқаны үлкен абырой. Әуелінде шығармашылық жағынан әңгімеленген роман мәселесі бір айға жетпей нақты іске айналып, әдебиетіміз бен сыншымызға олжа салды.

"Қазақ" газетінің айрықша бір еңбегі қазақ халқының ғана емес, әлемнің, әсіресе, бүкіл түркі тілдес елдердің ұлы перзенттеріне арнаған құнарлы мақалалары мен зерттеулері десе де болғандай. Бұл салада тарихи танымды дүниелер, әсіресе, Міржақып Дулатов қаламынан көбірек туды. "Тоқай" (1913, N9), Ахмет Яссауи (N16—17, 1913), "Абай" (N67, 1914), "Шоқан" (N71,73,76,77.1914) сияқты тұлғалар жайлы жазылған мақалалар тарихи құндылығымен дараланады. А.Байтұрсыновтың "Исмаил Гаспринский" (N72, 1914), қазақ үшін еткен еңбегі әрқашанда бағаланған Григорий Николаевич Потанин туралы Бөкейханов (N15, 1915), Дулатов (N15, 1915), қызметіне 25 жыл толған "Әбубәкір Ахметжанұлы Диваев" (№155, 1915), Мұстафа Шоқаевтың "Әбубәкір Диваев" (N155, 1915) т.б. жайында арнайы мақала жазуы осындай жақсы дәстүрдің көрінісі екені даусыз. Әрине, бұл мақалалардың көлемі, мақсаты, көркемдік деңгейі әр түрлі. Дегенмен де, оларға тән ортақ қасиет - ел көсегесін көгертуге өмірін арнаған халық ұлдарын жұртқа таныстырып, өлмес ісін кейінгіге үлгі, болашаққа аманат ету.

Осы санаттағы қомақты да көлемді, алымды да көрнекті дүние - Міржақыптың "Шоқан Шыңғысұлы Уәлиханов" атты мақаласы. Бұл мақала Шоқандай дарын иесін, тағлымы мол ғылымды қазақ оқушысына бұрынғылардан әлдеқайда терең таныстырады. "Оның опат болғанына биыл 49 жыл өтті. Қазақ сияқты өнер-білімнің асылын танымаған, қаламмен қызмет етушілердің қадірін білмеген жұртқа 49 жыл ұмытарлық көп заман. Қылышынан қан тамған батыр болмаса, Қарынбайдай ертегі болып қалған бай болмаса, оқушысы жоқ біздің қазақ ғылым жолында еңбек сіңірушілерді тез ұмыткыш келеді" (N71,1914) деуінде уақыт шындығы жатыр.

"Қазақ" газеті сын-библиографияның үлгісі болатын бірнеше рецензия берді. Ол оқулық на, көркем туынды ма, жоқ публицистикалық шолу ма, әйтеуір шыққан кітаптар жайында көптеген материаллар жариялады. Солардың ішінде Шәкәрімнің "Қалқаман-Мамыр" дастанына Әлихан Бөкейханов жазған рецензияны мысал етелік. Шәкәрім омірбаянын қыска қайырып, "Абай барда таласып ақындық қылып, жарыққа шықпай, көлеңкеде жүре беретіндігін

айтып, соңғы екі-үш жыл ішінде Шәкәрім "Мұсылмандыққа", "Қазақ айнасы", "Қазақ һәм хандар шежіресі", "Жолсыз жаза" һәм "Қалқаман-Мамыр" кітаптарын шығарды" деп мол дерек келтіреді. Ақындық шалқудың болатындығын ("шын ақын бір көпірмей қоймайды"). Абай өлеңінен де, Шәкәрімнен де үзінді келтіре отырып дәлелдейді. "Өлеңді ақын сынаған жоң" деп алады да, "Белинский сөзге ақын емес ойға ақын еді. Шәкәрім Пушкин болмас, біз Белинский болмаспыз. "Қалқаман-Мамыр" туралы біраз сөз жазайын бұл кітапты оқушыларға жаю үшін" дегені рецензияның міндетін анық аңғартады.

"Қалқаман-Мамыр" оқиғасының бұдан 190 жыл бұрын болғандығын, екі жас "Ғашық болып қосылып, бишара болған сорлыларды өлең қылып жазған жыр" деп түсіндіргенде Пушкиннің "Царь Борис Годунов", Лермонтовтың "Песня о купце Калашникове" деген шығармаларына үқсатып, "историческая хроника" деп табады. Және "Қалқаман-Мамырда" бұрынғы қазақ жұртының салты, қазақ мінезі, қазақтың іс-қылығы әлгі орыс өлеңдеріне қарағанда тіпті аз. "Шәкәрім жақыннан қайырып, ойдағыдай толымды қылып жазбады" деп тарихи танымдылығын олқысына, сезім сыр-күпиясына назар аударғанда, "дүниеде адам баласы айналып өтпес екі-ақ көпір бар: бірі - өлім, бірі - махаббат. Қалқаман мен Мамырдың жалынғаны махаббат емес пе еді?! Сүйіскен екі ғашық молла айтты, шариғат та солай деп мыжи ма? Махаббат адамды байлағанда шариғат пен моллаға уақыт қала ма? Бұл жерде Шәкәрім ақындық жолынан шыға жаңылып, Пушкин, Лермонтов, Шекспир, Толстой қарауылына салсақ, зор күнаға батын түр" деп әлгіні орыс-батыс жағынан іздейді де, әдебиеттің профессионалдық өресінің биік болуын тілеген сынай танытады. "Бұл өлең сырты сұлу болса да, ішінен ақаулы көрінеді. Қонтасқан зарлы адам көңілге жалынуы еді. "Деймісің қалмақ сені тентіретпесті" айтуға ол жерде Қалқаманның әлі неге келе қойсын" секілді ескертпелері сыни байқампаздығын аңғартады.

Жалпы "Қалқаман - Мамыр" поэмасын жоғары бағалаған ниеті байқалғанмен, талап қою, тілек айтуды орынды көрген. "Өзге кітабына тағы бір кезде айналармын. "Қобыландыны" аз уақытта талап алғанда біздің жұртта оқушылар бар көрінеді. Бұл кітап та кешікпей өтер. Қайта басқанда ана Ахметтің "Масасы" формына салып, қазақ емлесімен басса, жақсы болар еді" деген пікірмен аяқтайды. "Қыр баласының" бұл мақаласы сын жанрының рецензиясына қойылар шарттық талабына толық жауап бере алады. Осындай рецензиялар

біркыдыру шығармаларға жазылды. Алайда, олардың бәрі мінсіз еді, сыни діттеген биіктен табылып еді деп сөкім айта алмағанмен қазақ әдебиетінде сын жанры туғандығына айқын дәлел екені даусыз.

"Айқап" журналы мен "Қазақ" газетінің сыншылық ой-пікірін қалыңдата түскен бір арна - әдебиеттер байланысы. Өркені өскен әдебиеттердің күрделі шығармаларына, данышпан ақын-жазушылардың мүшелді тойлары мен мерекелеріне арналған мақалалар мен хабарлардың сынына тікелей қатысы бар. Алайда бұл салада ең бір қиын түсініктерден өттік. Орыс, батыс жағынан келгендердің бәрі прогрессил, ал шығыстікі кертартпашыл, артта қалған деген көзқарас басым болған кездегі бір жарлықты, яғни қазақ әдебиетінің негізгі проблемаларына арналған 1959 жылғы ғылыми-теориялық конференцияны пайдаланып Мұхтар Әуезов: "Жалпы шығыс әдебиетінің классиктеріне жаппай тарата айтылып жүрген "сын сөздерді енді бұрынғыша жалпылама айта салуға болмайды" дегенін де естен шығармайық" - деген еді.

Сәбит Мұқанов шығыс әдебиетінің қазақ әдебиетіне жасаған игі әсерін төрт салаға бөліп қарады. Шығыс әдебиеті деген уақытта ең әуелі - Әбілқасым Фердаусидың эпос жасау жолы, екінші - Шайқы Сағдидың дидактикалық поэзиясы, үшінші - Хожа Хафиз бен Омар һәйямның бұ дүниенің рақатынан ләззат алуға үндеген лирикасы, төртінші – софы ақындардың жолы ("Жарқын жұлдыздар", 226—229-беттер) деп тарамдалып, әрқайсысының пайдалы жағын да, пайдасыз жағын да атап өтті. Демек Шығыс әдебиетіне, оның татар мәдениеті арқылы қазақ даласына жету мәселелерін саралап, жіктеп қарау қажет. .

"Айқап" журналы сол кезеңдегі тарихи шындық шеңберіне сай халықтар мәдениеттерінің интернационалдық байланысын орнатуға қолынан келгенінің бәрін істеуге ұмтылғанын оның бетінде жарияланған материалдардан айқын байқаймыз. Және де "Айқап" әйтеуір байланыс атаулының бәріне табына берді дегеннен гөрі, өзінің ағартушы-демократтық бағытына жанасымдыларға орын беріп отырғанын айту әділетті болмақ. Оның айқын мысалын қазақ тілінің тазалығын сақтау жөніндегі мәселелерден айқын көреміз. "Айқап" журналы қазақ тілін шұбарландыруға себепші болып келе жатқан татар, араб-парсы сөздеріне қарсы шығып, бүкіл шығыс мәдениетін мансұқ етті, ал шығыс әдебиетінен үлгі-онеге алуды қажет деп тапқанда, одан келгендерді талғамай, өзінің ұстаған ағартушылық-демократтық бағытына лайық әрбір құбылыстың мән-

мағынасына әрдайым назар аударып, пайдалысын алған дегіміз керек.

XIX ғасырдың аяғы, әсіресе XX ғасырдың басында қазақ, башқұрт, қырғыз, тағы басқа халықтарды "татарландыру" мақсаты көзделген болатын. "Ислам империясында" бір "зоналық" тіл, әдебиет пен мәдениет жасалып, "татар" деген атаумен аталуы керек деген көзқарасқа тек "Айқап" пен "Қазақ" ғана емес, татардың озық ойлы азаматтарының бәрі де қарсы болғаны, әр халықтың тілі мен әдебиетінің өзіндік дамуына мүмкіндік беру қажеттігін айтқандары тарихтан белгілі.

Медресе "Ғалияның" 34 қазақ шәкірті "Мұғалімдерге ашық хат" жазды. Онда "қазақ балаларын оқытып жатқан мұғалімдеріміз қазақша оқу құралдары бола тұрып, ноғай тілінде жазылған оқу құралдарын алдыруларын көреміз. Бұл - балаларға бір нәрсе біліпрем деген мұғалімге адасқандық. Қазақ балаларын оқытып, бір нәрсе білдіру үшін барынша қазақша оқу құралдарын һәм қазақ емлесін қолдану тиіс. Мұғалімдерден осыны өтінеміз" ("Қазақ", 23.12.1915) дегенді татардың "Уақыт" газеті шам көріп, 1915 жылғы көңілсіз оқиғалардың қатарына қосты. Оны медресе "Ғалияның" татар шәкірттері қолдап, қазақ шәкірттерінің кітапханада жатқан қолжазба журналы "Садақтың" екі санын жыртып-жыртып, дәретханаға апарып тастайды. Медресе жастарының арасына жарықшақ түсіп, мәселе насырға шаба бастағанда, Ахмет Байтұрсынов "Қазақтың" редакторы ретінде "Уақыт" газетіне жауап қайтаруға парыз санап, "Шекіспей бекіспейді" деген мақал жазды. Қазақтың төл әдебиеті, журналистикасы, әсіресе мектебі, өзіндік жолмен дамуы ең басты шарт, өзгенің қолжаулығына айналып, жетегінде кетпеуі керек деп санайтындығын ашық жазды. "Даудың асыл түбі - шәкірттердің хатында емес, қазақша газет һәм кітап шығып отырғандығында. Қазақша кітаптар һәм газета шықпаса, шәкірттер балаларды қазақша оқыту керек деп айтпас та еді. Сөз түбі бізге тірелетін болған соң қазақша газета һәм кітаптарды неге қазақша шығарып отырғанымызды баяндап, ақыл түбін арылтпасқа болмайды" (N167. 1916), деп әріден тартты.

Татар зиялылары арасында өзінен басқаға болмасын деген пиғылдың, басқаларды татарландыру ойының туғандығын нақты мысалдармен дәлелледі. Сөйтіп, қазақ кітаптары мен қазақ газетін қазақша шығарудан тартынбайтындарын білдірді. "Газета һәм кітаптар халықты оятып, ілгері ұмтылуына себепші зат болса, олардың да шығатын кезі осы шақ. Сондай заманда татарша болмаса, газета ла, кітап та

жоқ деп татар бауырларымыз отырса, қазақ үшін татарша газета шығаратын едік, татар тілін білмейміз деп қамалып біз отырсақ, татар үшін өте жағымды болар. Бірақ қазақ үшін қалай болар? Құрбандық тым зор болмас па?" деп келіп, "Басқа тілде шыққан газета һәм кітаптар халық ықыласын түсіре алмайды. Халық ықыласы түспеген газета һәм кітаптар халыққа тарап оқылмайды. Халыққа тарамаған газета һәм кітапқан пайда болады дей алмаймыз" деп жазды. Бірақ осылайша әрекет ету ірге ажыратуға емес, бауырлас екі ел зиялыларының бір-біріне кешіріммен қарауын, өзге ұлттың әдебиетін, тілін қадірлеуін қажет ететіндігін ескертті. "Татар балаларын татарша оқытқанына қазақ тарылмай, қазақ балаларын қазақша оқытқанға татар тарылмай, көңіліміз кең болып, жасауымыз тең болса, бетіміз жөн болар" деп теңдікке шақырды. Медреседе осы мәселеге арналған жиналыс болғанда Уфаға барып, Ғалымжан Ибрагимовтың бітімшіл ойына, толымды пікіріне риза болғандығы тарихқа аян. Ғ.Ибрагимов тіл мен әдебиет мәсслесін кең рәуішге толған жан-жақты қарастырады.

Тарихи дамуға көз салғанда тіл мен әдебиет мәселесінде қазақ зиялылары "татарландыру" идеясына қарсы болғанмен, татар мәдениетінің озық үлгілеріне, кемеңгер қайраткерлеріне құрмет көрсетуден тартынған емес. Татар халқы біздің "бауырымыз, туысқанымыз, қарындасымыз" деген жылы сөздерге пенделік жасалмады, оқу-ағарту, өнер салаларындағы жетістіктерінен үлгі алуға үндеген материалдарды "Айқап" пен "Қазақ" біркыдыру мол жариялады.

Татар мәдениеті мұсылман дінін, шығыс әдебиетін насихаттаушы болумен қатар батыс үлгілерін таратқаны да тарихи шындық. Е.Ысмайыловтың "Россиядағы шығыс халықтарының бәрінен бұрын татарлар орыс әдебиетінің озық дәстүрін қабылдады да, сол арқылы дүние жүзі әдебиеттерінің дәстүрлерін бойына сіңіре бастады. Ұлттық мәдениетті, әдебиет пен көркемөнерді дамытудағы осы процесс 1905 жылғы буржуазиялық-демократиялық революциядан кейін айрықша күшейе түсті" деуі содан.

Қазақ баспасөздерінің, туысқандық ынтымаққа қанналықты мән берсндігі Ғабдолла Тоқай мен Әкірам Ғалимов жөніндегі азасөз мақалаларынан көрінеді.

"Қазақ" газеті "өткір, терең мағыналы өлеңімен ноғай қаламына өзін жастай танытқан Ғабдолла әфендінің өлімі жақындарының, өлеңнің қадірін танығандардың жүрегін өртеді. Оны білмейтін жазу, танымаған ноғай жоқ. Біздің қазақ халқына маркұм Абай Құнанбаев қандай құрметті

болса, Ғабдолла әфенді ноғайларға да сондай еді (М.Дулатов. Шығармалары, 1991, 227-бет) десе, осы бауырлардың идеясы "Айқап" бетінде тарамдатыла да тереңдетіле баяндалды.

"Айқап" журналы Ғабдолла Тоқайдың 1913 жылы 2 сәуірде дүние салғанын хабарлай келіп, оны "татарлардың тоқсандағы шалынан бастап, алты-жетідегі баласына шейін еркек-әйелде білмейтіні жоқ", өйткені ол "өзі үшін қайғырмай, миллет үшін қайғырды, озбырлық-зорлыққа қарсы күресті" деп жазды.

"Ар менен жақсылыққа балауызбын,
Мақтаймын көркем істі балды ауызбен.
Көрінсе келіспеген жаман істер
Кетермін онда согып мен жауызбын", -

деген сөзді айтып, майданға шыққан салиқалы ірі ақын "сол сөзінде тұрып, бірнеше жыл төрс, қара, бай, жарлы демей бар халыққа бірдей қарап, туралықты баяндап, кемшіліктерімізді көрсетіп, артына оннан артық кітабын қалдырып, залым дүниенің қиянатына шыдай алмай:

"Күндерді алдымдағы ақ дей алмай,
Күшімді қалдым сынға сақтай алмай,
Тура тіл көбейтті дұшпанымды
Көп тәлім мен міндерді мақтай алмай.
Күш бітіп, өшім қандай мен көрілендім,
Бұл нәжіс кір дүниені пәктай алмай, -

деген сөздерді айтып арамыздан жоғалды" (N7.1913) деп жазған мақаланы азасөз деуге келмейді. Бүкіл Ғабдолла Тоқай творчествосының өзегі болған ұлы идеяны - заманның зорлығына көр жұмсау, қарсы тұру идеясын жеке-дара болін "Айқап" журналы қазақ жұртына, әсіресе, ақындық өнерден дәмесі бар талапкерлерге үлгі-өнеге етеді. Тоқай идеясы "түсініктірек болу үшін өлеңдерін қазақшаға айналдырыңқырап жазды" деп ескертпе жасауының өзінде үлкен мән бар емес пе?

"Айқап" журналының бұл қазанама-мақаласынан екі түрлі мәнді мәселенің шеті көрінеді. Біріншi, журнал татар әдебиетінің озық ойлы өкілдерін қазақ халқына бауыр-туысқан деп түсіндіріп, оның істеген азаматтық ісін үлгі-өнеге етіп ұсынған. Мұның өзі журналдың ағартушылық-демократиялық бағытын анықтай түскен. Тоқайдың ізге өнегелі өлеңінен тек күрес идеясына толы, зұлым заманды даттаған өлең шумақтарын келтіру арқылы халықтың

жарпысы боламын деген талаптарға жөн-жоба көрсеткен. Осы ойын нәрлендіре түсу үшін журнал редакциясы "өзінің азғана күн тіршілігінде қаншама ауыртпалықтарға душар болса да, ол сол ауырлықтың астында өзі үшін қайғырмай, милләт үшін қайғырды" деп айрықша атап көрсеткен. Ғабдолла Тоқайдың "фани дүниеден бақи дүниеге көшкен" күнінде оның әділетсіздікке қарсы күреске шақырғанын, "бұл нәжіс кір дүниені нәктай алмай" арманда кеткені, істей алмаған істі кейінгі ұрпақ жүзеге асыратын шығар деп үміт еткенін айту "Айқап" позициясының ық та берік екендігін дәлелдей түседі".

Журнал өз бағытында тұрақтылық, дәйектілік танытып отырады. Соны Ғабдолла Тоқайға байланысты жарияланған екінші мақаласынан көреміз.

Атақты ноғай ақыны Ғабдолла Тоқаевтың өлгеніне биыл апрельдің 2-сінде бір жыл толды. Татар қарындастарымыздың қара уақытында туып, дүниеде өзі аз ғұмыр етсе де, ұмытпастық терең мағыналы өлеңіменен халықты ағартып, бірінші дәрежеде халық үшін жанын пида қылғандығынан марқұмның өлуіне бір жыл толу жөнінен татар қарындастарымыздың матбуғаты есіне түсірлі. Дін қарындасымыз болғандықтан біз-дағы марқұмды есімізге түсіріп "рухы шат, қабыры нұрлы болсын, артында қалған аты көп жасасын деп дұғада болып қаламыз" (N6.1914). "Айқап" басқармасының Ғабдолла Тоқайдың "Халықты ағарту", оң жолға бастау үшін: "бірінші дәрежеде халық үшін жанын пида" қылғанын айрықша атап көрсетуінде үлкен мән-мағына бар.

Осы азасөз түрінде жазылмай, журналдың насихаттамақ идеясына орай мақала түрінде жазылуы, айтар ойды, қорытар пікірді екшеп-өлшеп, саралап баяндауы сыни ой-пікірмен астасып жатыр. Осы ретте ұлы ақынның негізгі ой-пікірін талдай айту, оның творчествосы мен өмірін үлгі-өнеге ете білу әрине сыншылық ойдың аукымындағы күбылыс.

Осы реттен "Айқап" журналының хатшысы Әкірәм Ғалымов жайында жазылғанға назар аударсақ, журналдың интернационалдық байланысқа дәйекті болғандығын және сыни пікірінің қаншалықты жетіле түскендігін айқын аңғарамыз.

Әкірәм Ғалымов "Айқап" журналына бір жылдай хатшы болған. 22 жасында мезгілсіз қазаға ұшырап, құрметпенен жерленген, "Степь" газеті мен "Ақмолла", "Айқап" журналдарынан және Троицкий шәкірттерінен оның жас қабіріне гүл қойылып, қаралы митинг өткізілгенін хабарлайды. Мәселенің негізгі мәні — қайғылы қазаға

қазақтардың қалай күйінгендігі ғана емес, өнерлі жастың тарихтан аты өшпеуіне "Айқап" журналының жасаған қамқорлығында. Қазақша және татарша өлең жазып, "Еділ", "Шора", "Акмолла" және "Айқап" журналында жарияланғанын, оларды көбінесе "Шала татар", "Қара торы жігіт" деген бүркеншік атпен бастырғанын, татарша "Май мәселесі" деген комедиясы мен қазақша "Жастық жемістері" атты өлеңдер жинағы барын, орыс өлеңдерін қазақшаға аударып, басуға талпынғанын айтып, Әкірәмнің қабіріне ескерткіш орнату жайын төптептеп жазды.

"Өзі өлсе де сөзі өлмесін" деген ойдың өзі үлкен бауырмалдық сезімнен туғаны аян. Ғабдолладай танымал болмаса да, Әкірәмнің тарихта аты қалуына "Айқап" журналы баға жетпес көмек көрсетті. Осы туысқандық идеясы "Айқап" журналының демократтық нысанасын зорайта түсті. Осындай мақалалар негізінде жалпы түрік халықтарына ортақ мәселелерді қозғап өз ой-пікірлерін білдіріп, ақылдасып-кеңесіп отыру дәстүрге айнала бастағанын көреміз.

Қазақ оқығандары жалпы түркі қауымының өнерін өрістетіп, мәдениетін гүлдендіру жолында өлшеусіз еңбек еткен Маржаниды, Гаспринскийді өздеріне ұстаз тұтып, Тоқай сияқты айтулы ақындардың жырларына тұшынды. "Қазақ" газетінде ондай азаматтардың еңбегін насихаттап, тарихи ролін бағалап отырды.

Түркі халықтарының "тұлама бабайы" атанған Исмаилбек Гаспринский туралы Ахмет Байтұрсынов кейбір келіспейтін, күптай қоймайтын пікірлері бола тұра, жалпы қызметін құрмет тұтты. Ұстаздық еңбектерін жоғары бағалап: "...Россия мұсылмандары арасындағы бес-алты мыңға жуық бастауыш мектептің бәрінің үлгісі Гаспринский мектебі... Бұл күнде төте оқу үшін шығарылған неше түрлі әліппе болса, бәрі де үлгіні Гаспринский шығарған әліппеден алған еді. Бұл күнде 10 мыңға жуық мұғалімдердің бас ұстазы, жолбасшысы - Гаспринский осы" деп (№79.1914) оқу-ағарту саласындағы, ісін бағалауы, 4 - 5 жылдың ішінде шығып тоқтаған һәм осы күнде шығып тұрған түрліше газета-журналдардың бәрі "Тәржіманның балалары" деуі адал көңілден шыққан ризалық белгісі еді.

Бұл пигыллы М.Сералин жалғастырып: "Біздер марқұм Ысмағұлдың арқасында өзімізді тани бастадық, дүниеде қандай ғылым, қандай өнер барлығын көре бастадық, бұрынғы өткен-кеткен аталарымыздың қандай ғылымды, қандай өнерлі екендігін біле бастадық. Жеңіл тәртіппенен оқытудың пайдалы екендігіне, өзіміздің ана тіліміз сүйкімсіз тіл емес, ең қалірлі тіл екенлігін білдік. Тілсіз жұрт - жансыз

жұрт екендігін аңғардық. Біз бұрын жансыз өлі кеуде едік, Гаспринский бізге жан бітірді, өлі денеге рух кіргізді" (N17.191) деген елдің сана-сезімін ояту бағытындағы игі іске ұласып жатқанын аңғармау аңғалдық болар еді.

Осындай толымды пікір Маржани жайындағы көлемді зерттеуде де қайталанды.

"Айқап" пен "Қазақ" басылымдарының орыс мәдениеті мен әдебиеті жөніндегі көзқарасы ешқандай айрықша қолпаштауды қажет етпейді. XX ғасырдағы қазақ зиялыларының басым көпшілігі, әсіресе жетекшілері батысшыл бағытта болғаны даусыз. Тіпті өзінің ақындығының бастауын Крыловтың "Қырық мысалынан" тартқан Ахмет Байтұрсыновты айтсақ та жеткілікті. Сондықтан орыс әдебиетінің үлгілерінің аудармалары қандай, олардың авторлары кім екенін тізіп өтсек, журнал насихаттағаны, кімнен үлгі-өнеге алуға үндегені айқындалады.

Қазақ даласына Абай, Ахмет, Спандияр Көбеев және басқалар арқылы И.А.Крыловтың мысалдары жетіп, орыстың ұлттық әдебиетінің негізін қалаушы А.С.Пушкиннің "Пайғамбар", М.Ю.Лермонтовтың "Айтыс", "Үш құрма терек", И.С.Никитиннің "Сәскелік көлдің жағасында" деген өлеңдері, Л.Н.Толстойдың "Ілияс", А.П.Чеховтың "Қара қарға", Антон Сорокиннің, "Ұғылмай қалған өлең" және "Отанның иісі, яки сахараның сыйы", "Жусан" деген әңгімелерінің қазақ тіліне аударылуы әдебиетіміз бен мәдениетіміз үшін аз олжа емес еді. Олардың атына ғана мәз болып қоймай, еңбектерінің қадір-қасиетін ел-жұртқа жеткізе білді. Мәселен, "Орыс жұртының данышпаны Толстой, бұл күндегі жазымпаз Короленко күллі жан иесіне бір көзбен қараған, қай жерде жәрдемге қосылған жан болса, қаламымен соны қорғаған адамдар" (N1.1914) деп таныды. "Бізден де Писарев, Белинский, Добролюбов шығып, жолдан тайған жазымпаздардың қаламын түзеп тұрады ғой деп" келешекке зор үміт артты. Декабристердің "халық үшін жандарын құрбан еткендерін" (N2.1914) айрықша қадірледі.

Қазақ баспасөзі аударма арқылы халықтардың интернационалдық байланысын, алыс-берісін күшейтуге тырысқан, екінші жағынан қазақ ақын-жазушыларын, зиялыларын озық үлгі-өнегеден тағылым алуға үндеген болатын. Әсіресе, қазақ шындығына жақын болғандар айрықша құрметке ие болды.

Қазақ халқының тілеулісі, жанашыры бола білген қайраткер туралы Міржақып: "Атақты жиһангер, кең ойлы ғалым, кемеңгер, әлеумет қоссмі Г.Н.Потанинінің 80-ге

толған күнін бүкіл Сібір мейрам етіп отыр. Сондықтан бұл күні жалпы қуанышқа біз де қосылып, ардақты қартқа құтты болсын айтамыз" (N158.1915) деп мақала жазуының өзі көп жайды аңғартқандай.

Әлихан Бөкейхановтың Е.П.Михаэлис қайтыс болғанда жазылған мақаласында Абай досының үлкен азаматтығын, күрескерлік жолын үлгі ете баяндайды да, "Абайды тура жолға салған осы Михаэлис еді. Абай өле-өлгенше менің көзімді ашқан, маған жанашырлық қылған Михаэлис еді деп айтып отырушы еді" (N44.1913) дегендерді жадымыздан шығармасақ керек. "Айқап" пен "Қазақ" шығыс пен батыстық орыс, татар мәдениеті мен әдебиеті арқылы жетіп жатқан үлгілерімен ғана шектелмей, қырғыз әдебиеті мен баспасөзіне бауырмалдық көрсетті.

1912 жылы "Айқап"журналының басқармасына қырғыз халқының ниетін аңғартатын мынадай хат келді: "Журналыңызда һәр уақыт қазақ сөзі жазылады. Алатаудағы алты жүз мыңдай қырғыз туғандарыңызды да шетке қақпай, ортақ ұранымыз "Алаш" сөзін немесе "Тәржіманше" қазақ-қырғыз сөзін тұтынсаңыз қолайлырақ болмас па еді?

Қырғыз ұраны алаш болғанымен үш жүзге қосылмайды, сонда да журналыңызды қазақтың біріндей оқып түсінеміз. Саяси, тіршілік халдеріміз бір болғандықтан әңгіме-насихатыңызды бек сүйеміз" (N4.1913) деп қырғыз халқының өмірінен жазып тұру жайында тілек білдірген. "Айқап" осы тілекті елеусіз қалдырмады. 1912 жылдың аяғында өзінің тілші-агенті, саяхатшы Мұхаметсәлім Қошимов Жетісу қытай қазақтарын аралап, қырғыз елінде болып бірнеше жолсапар очерктерін жазған болатын (N2, 3.1913). Сондай-ақ татар башқұрт елінің зиялылары да журнал жұмысына араласып, өздерінің хат-хабарлары мен мақалаларын бастырып тұрды.

Сонымен, "Айқап"" журналы мен "Қазақ" газеті халықтардың мәдениеті мен әдебиетінің интернационалдық байланысын орнату жолында өзінің атқарушылық демократиялық позициясына сай қызмет атқарып, халықтың эстетикалық талап-талғамын тәрбиелеу, жетілдіру үшін қолынан келген игі істерді жүзеге асырып отырды. "Айқап" журналы мен "Қазақ" газетінің әдебиет сынын тудыру саласында сіңірген еңбегі нақты материалдармен көрсетуінен де сыншылық ойды қомақтандыра түскен, сонау Шоқан мен Ыбырайлар заманынан байқалған әдебиеттану элементтерінің қандай көрініс алғанына назар аудару шарт.

Қазақтан "бертінгі кезде Ыбырай Алтынсарин, әсіресе, Абай Құнанбаев сықылды кемеңгер ақындар шығуы, олардың өлеңі әнше жан кіргізіп, оң беруі, ұлттық әуезін

сақтауы, жоғарылауы жалғыз әдебиеттің арқасында" (N5.1915) деген пікірдің әдебиеттануға ауыл-үй қонары сөзсіз. Шоқан мен Ыбырайдан тартылған әдебиеттанулың желісі "Айқап", "Қазақ" беттеріндегі материалдармен толыса түсті. Мұхаметжан Сералиннің "Рүстем - Сұһраб" аудармасына жазған "Сөз басы", Ә.Бөкейхановтың Қобыланды жайындағы зерттеуі осының айқын көрінісі. Әсіресе, М.Сералин шығыстың данышпан ақыны Әбілқасым Фердаусидің "Шаһнамасы" жайында, оның негізгі бөлімі - "Рүстем - Сұһраб" жайында өзінің ой-пікірін айтумен ғана шектелмей, зерттеу еңбектеріне тән болатын бірқыдыру жайларға бой ұрып, әдебиеттанушы екенін көрсетті.

Мұхаметжан Сералин өзінің осы ғылыми мәні зор еңбегін жазған уақытта қазақ халқының сол кездегі мәдени дәрежесіне сай тарихи деректерді қаранайым баяндауды және барынша екшеп, ең негізгілерін ғана айтуды көздеген. Мақаланың жазылу жүйесіне қарай, қандай мәселелерге назар аударылғандығын айқындасақ, М.Сералин еңбегінің ғылыми құндылығы ғана емес, қазақтың сыншылық ойының едәуір биікке көтерілгенін де аңғарамыз. Бұл мақалада айтылғандарды жинақтай келгенде 1)Фердауси кім? 2)"Шаһнама" қалай туған? 3)"Шаһнаманың" көздеген мақсаты не? 4)Сұлтанмахмұт Газнойдың "Шаһнамаға" көзқарасы және оны мазақтап шығарған Фердаусидың сатирасы. 5)"Шаһнаманың" басқа тілдерге аударылуы мен зерттелуі және оның творчестволық ықпалы. 6)"Шаһнаманың" тарихи мәні мен дүниежүзілік даңқы қандай деген мәселелерге назар аударып, оңтайлы жауап бергенін көреміз. Осы проблемалардың бірі етіп М.Сералиннің "Рүстем - Сұһрапты" аударудағы мақсатын айқындап, оған қандай көзқарас болғандығын да аңғарта кеткен орынды.

М.Сералин "Шаһнама" жайында мақала жазарда В.А.Жуковскийдің "Рүстем - Сұһрапты" аударғанда берген түсіндірмелерін ғана пайдаланып қоймай, "Шаһнамаға" байланысты орыс тіліндегі, сондай-ақ мұсылман тілдеріндегі ғылыми-зерттеу еңбектерін барынша кең пайдаланған. Өзінің ойын орбітуге қажетті детальдарды таңдап, сұрыптап, ең қажеттілерін ғана алған.

Авторы мәлім болғанымен, Фердауси шығарған шығармалардың, әсіресе "Жүсіп - Зылиханың" құрандық варианты мен Фердаусилық вариантының қосындысынан туған қиссаның көптен бері қазақ еліне таралып келе жатқанын ескеріп және "мұнан жиырма-жиырма бес жылдар бұрын Ақмешіт (Перовский) шаһарында Молда Ораз

деген бір пайман "Шаһнаманы" қазақша аударған екен. Баспа болып шыққан-шықпағанын біле алмадым" (N25. 1914) деп ескертіп, "Шаһнаманың" ауызекі қазақ арасында таралып келе жатқанын айтып, оның авторы кім екенін жазуды қажет деп білген.

Ағартушылық идеясы тек оқу-білімге шақырудан ғана өрбімей, осылай тарихи адамдардың сіңірген еңбегін көпшілікке жария етумен де сабақтасып жатады. Дүние жүзіне жайылған "Шаһнаманы" қазақша түсіндіру, рухани байлықты молайту, мәдениетін көтеру ниетінен туғандығы өзінен-өзі түсінікті. Сондықтан Сералин өзі аударып отырған "Рүстем - Сұһрапты" мазмұнын айтудан гөрі, Фердауси туралы, "Шаһнама" жайында айтуды орынды да қажетті деп білген.

Мұхаметжан "Шаһнаманың" тарихи арналарына назар аударын қоймай, ұлы эпостың дүниежүзілік көркемлік сахнадағы роліне де көңіл бөлген.

М.Сералин өзінің көп ізденуі арқасында аңғарғаны мен көргендерін былайша тұжырымдайды: "Шаһнаманың" асыл нұсқасы болған "Құдайнаманы" ғараб ғалымдарынан Ибн Маһне 8-ғасырда Ғаббаси халифалары заманында ғарабшаға аударған. Бірақ оның тәржімәсі бұл заманда дүние жүзінде жоқ. Лекін араб тарихшысы А.Табаридың кітабында онан көшірілген сөздер көп.

"Шаһнаманың" тәржімесі барлық мұсылман тілдерінде, тіпті грузин тілінде де бар. "Шаһнаманы" ғараб тіліне Әлбайдари Асафаһани аударған. Мұнан соң ағылшын, француз, неміс, итальян тілдерінде шыққан. Мұнан басқа Еуропа тілдерінде "Шаһнаманың" үзінділерін аударғаны толып жатыр. Орыс тілінде "Шаһнама" түгел аударылған жоқ. Жоғарыда айтылған Жуковскийдің "Рүстем - Сұһрабы" бір саласы ғана" (№22. 1914) деп баяндайды. М.Сералин Еуропа ғалымдарының түркі тілдерін білмегендіктен ауызға ала қоймайтын фактілер де келтіреді. Оған нақты мысал етіп "Түрік ғалымы" деген еңбек жазған Ахметбек Ағаевты ілтипатқа алуы және Ақмешітте Молда Ораз деген-нің "Шаһнаманы" қазақ тіліне аударғанын хабарлауы дәлел.

Осы тарихы мол деректерді жинақтай келгенде, М.Сералин "Шаһнаманың" басқа ел әдебиеттеріне жасаған ықпалы болғандығын көрсете кетуді көздеген. "Шаһнама" жыры дүниеге таралған соң, ол шайырларға, орыс әдебиетіне де зор әсер етті. "Орыстардың Стасов деген бір ғалымы "Шаһнама" мен бірқатар орыс қиссаларын салыстыра қарап, соңғылардың кейбіреулерінің "Шаһнамадан" алынғандығын түсінген. Мәселен, орыстардың "Еруслан Лазаревич" деген

киссасындағы "Еруслан - Рүстем, Лазары - Залзар, Кергаус - Кейкуас" деп танқанын жазады. Мұның шындығы кейінгі көп зерттеулерде дәлелденді де.

М.Сералин "Шаһнаманың" қазақ әдебиетіне жасаған ықпалы жайына тоқталғанда "Біздің қазақ тілінде өлеңменен жазылып жүрген "Хазіреттали менен Дариха қыз һәм баласы Мәһди" киссасы да осы "Шаһнамадан" алынған боларға үқсайды" деп жорамал жасап, көкейіндегі мәнді ойды аңғартады.

"Кішкене ғана "Рүстем - Сұһраб" киссасының басына көбірек кеңес жазуға тура келді. Оқушылар айып етпес, мақсұт кейбір сыншылар: "бұл жыр баяғының мылжыны, мұны несіне жазып машақаттанған, мұнан халыққа келер тұқ пайда жоқ" деп айта қалсалар, солардың сондай айтатұғын сөздеріне қарсы жауап орнына тұрсын деп, жоғарыда аталған жұрттар адасса, менің де адасқаным дегім келгені" дегені расқа айналып, "Қазақ" газеті қағытып өткен болатын. Совет заманында да қошгау көре алмады. Мұндай жәдігерлікті болашақта кім қалай бағаласа да, М.Сералин Фердаусидың ерлігіне риза болды және "мен өзімнің жырымменен биік сарай салдырдым, жел, жаңбыр оған жетпестей, ақылы барлар оқырлық жыр кітап қалдырдым, өмірде өшіп кетпестей" деген сөзі түп-түгел расқа шығып отыр деп тұжырды.

М.Сералин классикалық шығарманың мәнін жақсы түсінгенімен, оның негізгі саяси сырын терең ашпай, Сұлтан Махмут Газнойдың Фердаусиге жасаған жәбіріне көбірек назар аударған. Алайда "Фердауси өзінің фарси жұртын, фарси тілін сүюші, жұрт тізгінін қолынан жоғалтып, саяси өлім халіне келген болса да, сол фарсылықты қайта тұрғызбақ, тіліне жан кіргізбек үшін тырысушы, шаршамайтын, талмайтұғын, барып тұрған бір ұлтшы екендігі. Шайырлығының арқасында Иранның поэмаларын бүкіл дүние жұртына таныстырды, бүкіл дүние жұртына оқытты. Мінекей, тусаң осылай ту" дегенді М.Сералиннің айта білуінің өзі эпопеяның патриоттық қадір-қасиетін дұрыс ұғып, оның авторына құрмет көрсетуі қазақ әдебиеті тарихында еленуге тиісті құбылыс және қазақтың ғылыми ойының XX ғасырдағы өресін танытады. Басқа елдер "Шаһнамаға" жанасқанының өзін зор мақтанға санайды. Қазақ тілінде революцияға дейін аударылғаны, Сералиннің арнайы мақала жазғаны, кеңес заманында Тұрмағанбет Ізтілеуовтың "Рүстем - Дастанды" "Шаһнаманың" ізімен жырлап шыққаны іліпатқа алынбауына басқалар емес, өзіміз кінәліміз. Істелген істің қадірін жете бағалай алмай

келеміз. Қазақ зерттеушілерінің ішінен Б.Кенжебаев ғана "қалай аударса да, бір саласын аударса да, жер жүзі әдебиетінің асыл қазыналарының бірі болған "Шаһнаманы" ол заманда қазақ тіліне аудару әрі үлкен ерлік, әрі тарихи, мәдени зор жұмыс еді" (82-бет) деп танқанына да мән бермедік.

1959 жылы қазақ әдебиетінің негізгі проблемаларына арналған ғылыми-теориялық конференцияда "Серәлин — ақын" деген тақырыпта арнаулы баяндама жасаған Ә.Дербісалин "М.Сералин Октябрь революциясына дейінгі жылдарда "Топжарған" мен "Гүлкашима" поэмаларынан өзге көркем шығарма жасай алмады. М.Сералин 1914 - 1915 жылдары орыс әдебиетінен, орыс әдебиеті арқылы өзге әдебиеттен бірен-саран аударма жасап, оларды "Айқап" журналында жариялады. Бірақ бұл аудармалар орыстың классикалық әдебиетінің таңдаулы мұраларынан алынған емес еді" деп ұлы "Шаһнаманың" ең негізгі бөлімі саналатын "Рүстем—Сұһраб" хикаясын аудару фактісін ауызға алмай, "бірен-саран" бірдеме, оның өзі де "орыстың классикалық әдебиетінің таңдаулы мұраларынан алынған емес еді" деп қораш көруі сол кездегі жарамсақ ғылымның әсері екені айдан-анық.

Ал шындығына келгенде М.Сералиннің "Рүстем - Сұһраб" аудармасы қазақ әдебиетінде аударма өнерінің классикалық үлгісі болмағанымен, эпикалық шығармаларды аударудың алғашқы тәжірибесі екендігін, көркемдік қасиеті онша ойсыраң жатпағанын, шытырман оқиғаға құрылған, оқушыны қызықтырып отыратын сюжеттік желі қазақ оқушысының талап-талғамын тәрбиелегені даусыз көркемдік шындық. Дүниежүзілік асыл мұра қалдырған Фердауси және оның "Шаһнамасы" туралы Мұхаметжан Сералин қазақ әдебиет сыны тарихында ең алғаш зерттеп, дұрыс пікірлер айта білгенінің өзі елеулі эстетикалық-ғылыми олжа және "Рүстем - Сұһрапты" аударғаны ғана емес, осындай күнды мақала жазып, қазақ еліне "Шаһнаманы" насихаттаған еңбегі де қазақ тарихында айрықша айтылуға лайық. М.Сералин Шоқан мен Ыбырайдан тартылатын желіні қомақтандыра түсіп, қазақ әдебиеттану ғылымының бастау алуына үлкен еңбек сіңірді, әлемдік шығарманың мән-мақсатын, көркемдік қасиетін қазақ еліне дұрыс түсіндіре білді. "Рүстем - Сұһрапты" аудару және "Шаһнама" туралы еңбек жазу арқылы Қазан революциясына дейінгі қазақ мәдениетіне үлкен олжа салды. Халықтардың рухани жақындасуына алтын көпір жасады.

Сонымен қазақ әдебиеті сынының туу процесін шолған

ұзақ сонар баяндауды қорытқанда, оның жанрлық сипат алуына қазақ баспасөзі, әсіресе "Айқап" журналы мен "Қазақ" газеті айрықша еңбек сіңіріп, тарихи рол аткарды.

Көне мәдениетті елдер қағазға түскен сөздің қалірі айрықша екенін білгендіктен қолжазба кітаптар мен басылымдарды көздің қарашығындай сақтап, ақылдың алтын қоймасына балайды. Оқымаған қараңғы, мәдениеттен жұрдай, ештеңесі болмаған деп қысқа күнде қырық рет көзге шүкып келген қазақ елінде қолжазба басылым дәстүрі ерте заманда болғаны белгілі, ал XX ғасырдың дауылды алғашқы жылдарында қайтадан жанданғанын дәлелдеу оңай. Оған 1915 жылдан 1918 жылға дейінгі аралықта медресе "Ғалияда" оқыған қазақ шәкірттері ең аз дегенде 40—45 санын шығарған қолжазба "Садақ" журналын нақты дәлел етіп, оның бетінде жарияланған көркем шығармалар мен сыни пікірге назар аударған абзал.

XX ғасырдағы ояну процесі тек сауаттыларды көбейтіп қана қойған жоқ, тіпті құранның тексін таңертеңнен кешке дейін жаттатып, жазу-сызуға мән бермейтін қадым жүйесін насихаттап жүрген керенау молда, пірәларлердің өзі жаңа заман ыңғайына бейімделіп, ата-аналардың талабына бағынып, төңірегінде болып жатқан жаңалықтардан үйрене бастады, ағартушылардың рухында өлең-жыр, насихат жазды. Солардың, әсіресе жәдитшілдердің іждагат-ықыласымен талай қолжазба газет-журналдар шығарылды. Оның шет жағасын Қ.Бекхожин өзінің еңбектерінде атаған болатын. Соңғы деректерге қарағанда "Сәуле" мектебінің мұғалімі, ақын Кенжеғали Ғабдуллин "Талпын", Салахаддин Сарталиев 17 санын шығарған "Абайлау" сияқты қабырға газеттері, Мағжан Жұмабаев басшылығымен "Айна", "Жас азамат", кім шығарғаны анықталмаған "Жаңа заман", "Ғалия" шәкірттерінің сатиралық "Түзақ", "Бұлтартпас" деген журналдары шыққан. Әлі де ашылмай, архив астында қаншасы бұғып жатқанын құдай білсін, әйтеуір қолжазба басылым дәстүрі болғаны даусыз.

Соның ішінде азды-көпті насихатталғаны "Садақ". Оның 19 саны жөнінде хикая да шықты. Бейімбет Майлин, онан кейін Жиенғали Тілепбергенов редактор болған. "Садақ" журналының бірінші саны 1915 жылы 9 қарашада шығып, 1918 жылдың 10 ақпанында тоқтады. "Садақты" түгелдей әдебиет журналы десе де болғандай. Оған дәлел етіп 1917 жылы шыққан бірінші сандағы ығланға, яғни хабарламаға көз салайық. "Садақ" мазмұны бірнеше бөлікке бөлінеді.

"1) Жидли һәм бас сөз. Әрине өз арамызға тиісті болған мәселе.

2) Оқшау сөз. Уақиға, хикая, роман-хикая.

3) Өлең. Әдеби-жидди өлең, халық өлені.

4) Халық көркем сөзі. Ертегі, батыр, билер сөзі. Тақпақ, жұмбақ, жаңылтпаштар осыған кіреді.

5) Күлкі. Шәкірттердің келіспеген мінезіне күлу. Матбұғаттағы адамларға күлу. Халық аңқаулығына күлу. Қызықты күлкі сөздер.

Одан соң сын бөлімі де болады. Бір-біріміздің мінезімізді сынап, түзетуде ока жоқ. Кісі сыналумен түзеледі дегендері баланың ойыны еместігіне дәлел бола алғандай.

Журналды мазмұнды да қызықты етіп шығару үшін Жиенғали болсын, ол жолаушылап кеткенде уақытша редакторы, кейіннен қазақ тілінің ірі маманы, профессоры болған Қажым Басымов болсын талай шырылдап, түн ұйқысын төрт бөлгендерін және қаламдарына жел біте бастағанын аңғартатын деректерді көптен келтіруге болады. "Газет-журнал екі нәрсемен, бірінші - пұл, екінші - жазушылармен шығады. Пұлға қамсызбыз, бес-алты түн қағаз жетіп жатыр. Журнал болғансын оның әр бетіне әр түрлі өлең, хикая, роман, сын, жұмбақ, жаңылтпаш дегендей түрлі-түрлі әдемі сөздер керек. Бұлардың біреуі болмай, яки аз болса да журнал мақсатына жетпейді. Соның үшін құр керіліп жатпай, журналды еске алып, ішкі керекті жемістерін беру керек.

Бұрынғы жазушыларымыз бірден-бірге таралып, суының бара жатыр. Роман, өлең жазатын кісіміздің басқалардың көбі жалқауланып осы күндерде жазуды қойды" (N2. 1917) деулерінің өзі қам көңілділікті аңғартқандай. Әрине, өлең мен роман жазушылар қайрат көрсетіп жатса, оған да тәубе демеске болмайды. Расында, жақсарған үстіне тартымдырақ болсын деген жастық көңілдің алып қашпасы болғанын кейінгі сандардың мазмұндылығы дәлелдейді.

XX ғасыр басындағы қазақ прозасының ажарлы беті бола алатын повесть - Қажым Басымовтың "Ырысты", Салахаддин Сарталиевтің "Мақтым" дейтін шығармаларының жариялануы, қазақ карасөзінің қазынасына қосылуының өзі-ақ "Садақтың" көркемдік бағасын көтере түсумен қабат, эстетикалық ойға да қозғау салғанын көреміз. "Мақтым" повесінде қазақ әдебиетінде бұрын сирек шығармаға арқау болмаған өмір шындығы суреттелген. Рас, әйел теңдігі, махаббат бостандығы жайында біраз туынды жазылған, алайда Мақтымның басынан өткен оқиғаның сыр-сипаты мүлде басқа. Бұл шығарманың негізгі идеясы - махаббат сезімін аяқ асты еткен алаяқ Асандардың айуандық келбетін көрсету, әйел қасіретін көкөлата түскен көрсе қызарлықты әшкерелеу.

Асан қулын құрған тұзағына Мақтым түсіп қалып, қатты алданады. Мақтымның сөзіне беріктігі, уәдешілдігі, аңқаулығы жағымды мінез-құлқымен көрінгенімен, Асан сықылды алаяқка шылбырын ұстатып қоюдан оңбай опық жейді. Оның тағдыры да, тартқан таукыметі де, жан азабы да Қамар, Шұғалардан мүлдем бөлек.

Осы шығарма туралы сын жазған Ж.Тілепбергенов: "Сөздің тұзу жақтары өте әдемі, басқаларға өрнек болардық. Сыртқай қарағанда жақсы шыққан. Бірсыпыра роман жазып жүрушілердің көбінің сөзінен ажарлы, кітап қылып бастырып, халық көзіне көрсетіп, жарыққа шығаруға да ұялатын емес. Өз ойымша, бұл "Мақтымды жазушының ішінде бір жігерлі от барын сезем. Қаламыңды тек жатқызба!" деп тілек білдірген сыншы "Садақтың" 12,13,14-сандарында білікті талдауын, орынды ойларын айтты.

"Мақтым" романына сын" деп аталатын рецензия әр халықтың басқа елмен терезесі тең болуы үшін көкірегінде көзі, ішінде оты бар жазушылар көркем сөз жазады, роман жазады, өлеңдер жазады, ойын кітаптарын жазады. Өйткені "көркем сөз - халықтың айнасы" деп білген Ж.Тілепбергенов әр жанрды сипаттай келіп, романның көркемдік шартын кең толғайды, ірі талаптар қояды. Осы тұрғыдан "Мақтымды" сынауының мәнін ашады. "Жазылып шыққан әдеби, ғани сөзді, кітапты сынау - ішінде керек болмаған жерін алып тастап, тәуір жерінің ішкі сырын жарқыратып жұрттың алдына салу - өнерлі жұрттың әдеті. Ол ұят, айып емес. Сынау бір-бірінен кек алу үшін, яғни жазушыны халыққа жаман көрсету үшін емес, қайта көркем сөзді, ғани кітаптарды дұрыс жолға салу үшін керек" деп сынның әлеуметтік-көркемдік сипатын анықтайды ла, сыни ескертпесіне кіріседі. Мақтым мен Асанның кездеспек мерзімін ала-құла көрсеткені және іс-әрекетті әшейін баяндай салғаны, шешесінің сезіктенуін дұрыс жеткізе алмағандығы, кейіпкер өресіне лайық сөз айтқызу сияқты он шақты детальдарды атап-атап көрсетеді.

Суреттеу барысында автордың өзі араласып кетуі орынды болмайтындығы, "Оқушылар айып ете көрмеңіз" деген сөздер жазушының өз сөздері. Романда ондай сөздер жазылмайды. "Жазушының мақсаты уақиға арқылы ғана білінеді" деуі жазу техникасына көңіл бөлгенін аңғартады. "Ал енді роман болу жағына келсек, көп бөгеттерге ұшыраймыз. Айналасы аумақты, стекті болып шыға алмаған. Мәселен Мақтымның өз басына келген халдерді, күндерді келістірін тұрып ұзын тәсуилаған. Кең жазған. Ал енді Мақтымға қатысы бар халдарды, күндерді, жаратылысты

суреттемеген. Оның ішіне тіпті кірмеген де" деп талай жайларды көрсетті.

Жиенғалидың бұл шығармадан біраз кем-кетік табуы, "аумақты, стекті болып шыға алмаған" деуі повесті роман ретінде талдауынан туғандығын, яғни жанр талабын ауыстырып алғандығының әсері деп те түсіндіруге болады. Қазақ әдебиетіне медресе "Ғалия", оның жанынан шыққан "Садақ" журналы талай ақын-жазушыларды, қайраткерлерді, оның ішінде Бейімбет пен Жиенғали сынды қаламгерлерді әкелуінің өзі үлкен эстетикалық табыс еді.

Қолжазба дәстүрінің өркендеуі қанша қызықты болғанымен, таралу аумағы тар, ықпал жасау аясы аздау болатынын ескерген уақытта, буырқанған 1917—1918 жылдардың дауылды айлары мен күндерінде шыққан газет-журналдарды естен шығаруға болмас. Олардың басым көпшілігі алаш оқығандарының қолынан шыққандықтан, ұзақ уақыт ауызға алынбай келді.

Мазмұнында еш қиястығы жоқ, тек аты "Алаш" болғандықтан іргемізді алыс салған газет Ташкент қаласында 1916 жылы 26 қарашадан 1917 жылдың 25 мамырына дейін шықты. 22 саны жарық көрді. Саясат саласында газеттің айтқан-жазғаны көп, өйткені оны Көлбай Тоғысов шығарды да, ылғи күрес-тартыс материалдарына көп орын берді. Олай болмауы мүмкін емес еді, өйткені газет өмір сүрген кезеңнің өзі саяси ахуалға бай, аумалы-төкпелі шақ еді.

Алғашқы арнау сөзінде қазақ баспасөзінің өркендеп келе жатқанын, халық мақсатын көздейтіндігін әуелі айтып алып: «считаем своим долгом посылать искренний привет нашим старшим братьям — газете "Қазақ" и журналу "Айқап", временно приостановленным, и выразать надежду, что в широких гостеприимных казах-алашских степях нам не будет тесно вместе. В единении сила. Бог даст, киргизскую прессу минуют те бес-полезные для народа трения, которые иногда лишают газеты возможности исполнять свой прямой и единственный долг служения народу и отвлекают в сторону бесконечных взаимных препирательств. Мы признаем, что могут существовать разные взгляды на один и тот же вопрос, и мы исповедуем, что к взглядам других нужно относиться спокойно и с уважением" деп айрықша ескертуінің себебі де жоқ емес. Осы уақытқа дейін қазақ-орыс баспасөзінде Көлбай жөнінде бірталай мақалалар басылған болатын. Көлбайдың соны салауат етпек ойы барын аңғарамыз. Қазақ зиялыларын ауыз-бірлікке шақырса да ол тілегі жүзеге аса қоймады, әсіресе, Омбы мен Қызылжарда "Үш жүз" газетін шығарғанда ымырага келмес айтыска айналып

жүлкысқандары, ел-жұрт алдында бірін-бірі әшкерелегендері тарихқа мәлім. Көлбай осы ала ауыздықтың құрбаны болып қаза тапты. Оның үстіне тапқық жікті ажыратуды көздегендер ішінде қазақтың, оның ішінде оқығандарының ала ауыздығын әдейі қоздырып отырғандар да болды.

Жарты жылда 22 саны шыққан "Алаш" газетінде әдеби шығармалар көп жарияланды. Тәһір Жомартбаевтың "Жасасын, Алаш" өлеңі, Шайбай Аймановтың "Мүңлы қатын" әңгімесі, Жиенғали Тілепбергеновтың "Арсыздар", "Ат-тон айып" сықылды бірнеше оқшау сөздері мен новеллалары, Бейімбет Майлиннің "Қара күн" толғауы, Ахмет Баржақсиннің "Жанды мәселе" "Қайран ақ текеметті алашым-ай" мақалалары, Бернияз Күлеевтің "Қазақ қызы", "1917 жылға" өлеңдері, Күләйім Төлешқызының жыры, Ныгметолла Күзембаевтың "Ұраным алаш" өлеңі, Семей семинариясында оқитын Аймауытов пен Әуезовтің "Қазақтың өзгеше мінездері" дейтін мақаласы, Көлбай мен Жүсіпбектің бірнеше өлеңдері жариялануы қазақ әдебиеті үшін аз олжа емес. Соның ішінде шын қуаныш сезімін білдіру қажет деп танқанда Галиаскар Айтқожин сияқты әдебиет тарихына кейін ат ізін салмаған автор "Марсельеза" жазды.

Қазақ атты ұлтымыз
Бастан кетті бұлтымыз.
Бұзылмасын ағалар,
Бұрынғыдай халқымыз
Алла әкпір, алла әкпір -

деп жаткан, "тоқкерісшілдік" әуендердің поэзиялық қасиетіне күле қарағанмен, жалпы ой ағарын түсінуге болғандай.

1917 жылдың аягында "Үш жүз" газеті шығып, құрылтай жиналысына депутат үсыну таласы күшейді. "Алаш" пен "Үш жүз" партиялары өз газеттерінің бетінде бағдарламаларымен қатар әшкерелегіш мақалаларды да көптеп жариялады. "Жығылып жатып сүріпгенге күлген сорлылар! Мұнан да жаман маскара боласыңдар, онан да көрпеңді жамылып жата бер, бастарының тазы көрінер" дегендер ойланбай жазылды. "Сасық милы жалған айтушыларға" деген мақалада Шәймерден Әлжанов қарсыласын суреттеп көрсету үшін талай теңеулерді қолданды. "Қозы Көрпеш - Баян сұлу арасына түскен Қодаркүл секілді мұсылманды бір-бірінен айырамыз демесе арандатар әрекеттен тыйылулары керек" (2. 24.12.1917) деген сияқты саяси салғыласулар да кездесті.

1917 - 1918 жылдары "Бірлік туы", "Дұрыстық жолы", "Тіршілік", қолжазба "Айна" журналы, "Азамат" серіктігі атынан "Жас азамат", "Қазақ" эстафетасын жалғастырған "Сарыарқа" газет-журналдары шығып, әдеби шығармалар мен мақалаларға біраз орын берілді. "Сарыарқада" М.Әуезовтің "Адамдық негізі - әйел", "Қайсысын қолданамыз", (N12, N7.1917), Ғұмар Қарашевтың "Алашқа", "Алаш азаматтарына"" (N28. 1918) т.б. дәлелге келтіруге болады. Солай бола тұрса да осы лекте "Абай" журналының орны да, тілек-мақсатқа жету жолдары да біршама өзіндік сипатта болғанын айту ләзім. "Абай" журналы 1918 жылдың ақпанынан бастап шықты. Оны шығаруға Жүсіпбек Аймауытов пен Мұхтар Әуезов белсене қатысты да, бар өнерпаздық ауыртпалықты екеуі көтерді.

Журналдың алдына қойған мақсаты жайында Жүсіпбек "Қазақ хандық құрған заманда сөз бастаған шешендер, топ бастаған көсемдер, нелер жүйрік ақындар болған екен. Жауға шапса - батыр, сөзге салса - шешен, көптен шыққан көсем, үлгілі билер заманы өтті. Енді партия, барымта, өтірік, ұрлық - не түрлі әрекет керней бастады. Сөз сыбырға, іс жыбырға айналды. Береке кетіп азды, тозды. Сол кезде қалың надан, қара тұманды қақ жарып, тас жарып шыққан бұлақтай жарқ етіп Абай туды. Ақылды дана, рақымды, әділ, шынға сусаған, қыңырды жөнге, қисықты тезге салмақ болған, бұзықтықпен алысып өткен Абай еді. Қазақтың әдебиетіне жан берген: сөздің сыртын сырлап, ішін түрлеген, өлеңмен өрнек шығарған, ақындық, сыншылдық бірдей дарыған Абай еді. Өнер таң, оқы, харекет қыл, тәрбие ал, ынсапты, адал бол деп қақсап өткен Абай еді. Халықтың қамын же, адам баласын бауыр тұт, адамшылыққа қызмет ет деген Абай болатын, өмір жолында Абайдың айтпағаны аз. Ақыл, білім, сезім, терең ойлылығына қарағанда Абай қазақтан шыққан философ (данышпан).

Осы сықылды кемеңгердің атына арнап, журналымыздың атын "Абай" қойдық"" дейді де, журналдың негізгі бағыты әдеби-мәдени және ғылыми болатындығын хабарлады. Бұрынғыдай оқы, біл деген емес, енді мәдениеттіктің биік сатысына көтерілу үшін ғылым-білім қажет деген ойды бүкіл мақаланың өзегіне айналдырды. Бір-бірімен байланысып жатқан өмір құбылысын айтқанда "газеталар саяси хабарларды жазудан артыққа босамайды. Сондықтан әр түрлі мағлұмат жазылып тұратын журнал өте керек" деп дәйектейді де, "бұл заманда жан сақтауға, бас қорғауға, тұрмысын түзетуге қалып отырған құрал - өнер, ғылым, қысқаша айтқанда, мәдениет" деп өркен жаяр өрісін

айқындайды. Әрине, бұдан әдебиетке орын аз тиеді екен деп сескенуге болмайды, сөздің культін аспанға көтерген, мемлекеттік деңгейге шығарған елдің зиялылары бұл саланы жүлдепесі бесеннеден белгілі.

Сонда да осы бірінші санда Мұхтар Әуезов "Ғылым" деген түсіндірме мақаланы әдейі жазды. "Осы күнгі біздің көп мұқтажымыздың ішінде ең ірісі — ғылым" деп түсінгені журнал бағдарламасын дәйектей түсті. Осы мақсаттың үдесінен шығу үшін "Ғылым тілі (научный термин)" деген мақала жазған уақытта журналдың ағартушылық идеясы ірілене, биіктей, тереңдей түскенін аңғарамыз.

"Абай" журналының не бары он бір саны шықты, солай болса да тарихта өзінің өшпес ізін қалдырып, қазақ Тәуелсіздік алған заманда қайтадан шығып жатуы алғашқы егілген дәннің семіп қалмағандығы және өріс алар бастау суы мөлдір де нәрлі болғанын аңғартады. Жүсіпбек Аймауытов пен Мұхтар Әуезов 1917—1918 жылдары өздерінің публицистік дарындарын осы "Абай" журналында ашық танытты және болашақтағы қаламгерлік сипаттарын да көрсетті.

Жүсіпбектің алғашқы мақаласының өзінен-ақ қазақ сөзінің, нәрі мен сөлін бойына сіңірген ақпа-төкпе шешендіктің, ауызекі шешендік емес, жазба шешендіктің самалы есті. Журнал мақсатын баяндаған алғы сөзінде-ақ жазба шешендіктің, ойды дөңгелетіп ажарлы жеткізудің жаңа бір амалына кезіккендей әсерленіреді. "Тіршілікте адам баласы неле күйге түспек: бейнет шекпек, рақат таппақ, өкінбек, үміт етпек, адаспақ, түзелмек, талай ажалға басын да байламақ, талай соққы да жемек, бұған себеп не? Мұнша түрлі халге түсіретіні не? - ол тіршілік күресі, бас қорғау, мал қорғау, ел қорғау, жер қорғау, айналасы бір тұрмысты жеңілдетіп күнелту" немесе "Қазақ мәдениет жүзінде ерте туып, кеш қалған халық. Кенже қалғандығымызда, әрине көп себеп бар: жер, тұрмыс, тұрын, әдет, надандық, жалқаулық, діни адасқандық (фанатизм), партия, өтірік мақтан - міне, бізді ілгері бастырмаған осы сияқты себептер" дегендер оқуға жеңіл болғанмен он-оңай қаламға іліне салмайды. Сөзді еркін меңгерген тоқпе шешендіктің белгісі ой ағынының бұзылмауынан, жер астынан шымырлап шыққан қәусардың мөлдірінлей болуынан анық байқалады. Осы қалам сілтес Жүсіпбектің бүкіл асыл мұрасының хас белгісі.

Ал Мұхтар Әуезовтің ең алғашқы мақаласынан-ақ сөйлем ішіндегі сөздерді терең ой айтуға еріксіз иіп әкелетін машығы, алыстан асыл зат әкеле жатқан керуендей асықпай-аптықпай

ауырлау баяндау тәсілі, ілгерілеген сайын ажары мен ақылдылығы, көркі мен мағынасы біріне-бірі сәуле түсіріп, астаса араласып жататын қалам дабы айқын көрінеді.

Қазақ сынының бастауына көз жіберген уақытта "біздің мақсатымыз - мал табу, шен тағу емес, надандық пенс батпан болып үстіне артылып, зілдей қылып жатқан ауыр халқымызды өрге сүйреудің әдісін, тәсілін табуға тырысу екенін ұмытуға жөн бе? Қашан да болса адал махаббат ақтыққа жастай шөлдесе, жастай сағынып талпынса ұлтын сүюге, адамшылыққа жетпекші емес пе?" - деген ойлы сауалдар немесе "философияның құралы - толғаулы терең ой. Іздейтіні - бүткіл дүниенің ең әуелгі сыры, негізгі хақихаты. Философияның кірісетін жері - қолға ұстатып, көзге көрсетер дәлелдер табылмайтын, таза ақыл ғана шешетін сауалдар. Философия адамның басынан шыққан бар ғылымның тамырын бір арнаға жиып, сол шығарған қорытындысын адамның ақылына, жанына азық қылып береді" (15-том, 10—11-беттер) дегендерге ой жүзімен де, стилистикалық тұрғыдан да, сөйлемнің синтаксисі тұрғысынан қарағанда да өнімді қаламгердің аяқ алысын байқамау қиын. Алғаш сәттен-ақ М.Әуезов ажарлық пен ақылдылықты қаламгерлерінің хас белгісіне айналдырды. Бұл да қазақ публицистикасының табысы болып сыни-ғылыми ойдың теңізіне құйып жатты.

М.Әуезовтің "Оқудағы құрбыларыма", "Ескеру керек", "Қайсысын қолданамыз", "Философия жайынан", "Ғылым тілі (научный термин)", "Оқу ісі" сияқты "Абай" журналы мен "Сарыарқа", "Жас азамат" газетінде жарияланған мақалалары, сөз жоқ, сыни-ғылыми ойдың жемісі ретінде қомақты да мәнді ұсыныстармен көзге түседі. "Елге, елдікке мұқтаждығы саясаттан артық болмаса кем болмайтын біздің, бір мұқтажымыз бар, ол - оқу" деп табалы да, халықты ағарту үшін мұғалімдерді, оқу құралдарын, мектеп жүйесін өркендету мәселесін нақты әңгімелеп, талай айла-амал, жоба ұсынады. Әйтеуір хат біліп, қара тану межесін оттік, енді мәдениет биігіне шығар даңғыл іздеу шарт деп талай асуларға көз тікті.

"Ғылым тілі" деген мақаласына "научный термин" деген қосымша атау бергеніне қарағанда, жазбағы мен айтпағы әріде жатқанын көреміз. "Мәдениет бәйгесінде алда келе жатқан жұрттың қатесі кейінгіге сабақ" деп үлкен тұжырым жасап алған соң "орыс әдебиеті аңыл-тұңыл басып, буынын бекіте алмай жүргенде, жазушылардың қолданатын әдеби тілдері "церковнославянский" (діни кітаптарының тілі) болатын. Орыс әдебиетіне негіз салушы Ломоносов,

Кантемир, Тредиаковскийлер жүріттың бетін бұра алмай, өлеңді, қарасөзді болсын, бәрін де сол тілмен аламыштап былғап жазған. Орыс елі қатесін бері келген соң зорға түзетті" деп тіл тазалығына айрықша мән береді. Осы ретте жапондардың басынан өткен қияметті де әдейі көрсетті. Ойлануға шақырды.

"Қазіргі қазақ тіліндегі оқу екі ағыска бөлініп барады. Бірі - мұсылманша оқығандардың жолы. Ғылым тілін арабшаға, мұсылман негізіне тартады. Екіншісі — орысша оқығандар, ғылым тілін орысшаға, Еуропа негізіне тартады. Бұл жік тәртіпті бастауын мектептердің һәм курстардың оқуында айқын білініп отыр. Әркімнің өз білген негізіне тартатыны мәлім нәрсе" (17) деп баяндағанда өзі орыс, Еуропа жағына іш тарта береді. Жалпы, қазақтың атақты оқығандары, әсіресе, Әлихан, Ахмет, Міржақып, Жақып Ақбаев, Бақытжан Қаратаев сияқты көсемдерінің "батысшыл" болғандығы, өркендеудің ең бір озық үлгісі осы жақта жатыр деген түсінікте болғандары М.Әуезов мақаласының өн бойынан айқын аңғарылады. Бір кезде бұған имандай сенсек, енді бүгінгі Жапонияның, Түркияның, Кореяның, Сингапурдың зор екпінімен келе жатқан ұлы Қытайдың үлгі-өнегелері бізді еріксіз ойлантуға тиіс. Ол кезде болсын, бүгін болсын, шығыс жайындағы ойды байқап айтқанның артығы жоқ. М.Әуезовтің мұсылманшылық ағынды, оның ішінде түрікшілікті кемсіте сөйлеуі ол кездің өзінде де жарасын тұрғаны шамалы. "Қазақтың мәдениетін түрік үлгісіне қарай тарта беретін мұғалімдердің тұтынатын негізгі жолдары - "пантюркизм", "панисламизм", тағы әр түрлі "панәленизмдерді" жол қылып ұстайтыны белгілі. Бірақ сол "пандардың" жолына қай ел болсын надан күнінде ғана мойынсұнады. Мәдениетке бет қойып, басқышқан ілгерілеген сайын "пандардан"" жұрт жиренің, пайдасыз бірдеме санап, далада қалдырады" (17) деген тұжырымға тіксінбей қарау мүмкін емес. Европоцентристік көзқарастың алғашқы көрінісі бізде осылай біліне бастаған-ау демеске шараң жоқ, өйткені М.Әуезов ұлттық таным-білікті өркендету жайындағы ойларының 1932 жылғы хатынан кейін бастапқы қалпында қайта оралғаны, "Коммунистік шындық" жеңгенін еңбектерінен көреміз. "Мұның бәрін кім шығарды? Еурона шығарды!.. Түріктен білгіш шығып, оның тапқан нәрсесін түрік тілімен қолданып жүрген Еурона жоқ. Міне, заман көрсетіп отырған дәлел осы" деп шығарлауы әрине уақыттың аумалы-төкпелі екендігіне кепілдік бере алмайды. "Кеше қытай анасының тілімен, оқуымен былдырлаған" жапондықтардың бүгін дүние жүзін аузына қаратуы, өзінің

техникалық, тіпті моральдық ықпалын күшейтіп бара жатқаны мәңгілікті болмас. Алайда автордың "жә, түріктің өз бетімен тапқан мәдениеті жоқ болса, өзі де Еуропаның дастарқанының шетінен орын алып отырса, біздің не істеуіміз керек" деген дәуірлік сауалына нақты жауап берейік, "бұл мәселеге қарсы пікірдегі кісілер болса, дәлелдерін баяндаған жөн" (19) деп сөз аягын бұлыңғырлатып жібергенін де байқаймыз. Бұл ойлар дұрыс па, бұрыс па, оны келешек айқындар, ол осындай мәселе көтеріп, елдің санасына от тастау, толымды пікірлі білімдарлықпен айту қалыптасып келе жатқан қазақ сыны мен ғылымы үшін зор олжа болды.

Қазақ әдебиеттануында Абайтану ілімін негіздеуде М.Әуезовтің 1918 жылы "Абай" журналының екінші санында "Абайдың өнері һәм қызметі" дейтін мақала жазғанын айрықша атап өткен орынды. Өйткені теңіз - өзеннен, өзен - бұлақтан басталу заңдылығы творчествоға да тән. Жаңды бұлақ кәусары болашақ ұлы жазушы, ғұлама ғалымның өмір бойы сусындар нәрі, өнеге арнасы, алдағы үміті болуы қазақ әдебиеті мен ғылымы, сыны үшін зор табыс.

Сонымен баспасөз бен сынның кіндігі бір екендігі осыншама мол дерек-ақпарлардан ғана емес, сүбелі де жүйелі ой-пікірлерден аңғарылады. Бірден-бірге қоюланып, толыса түскен таным-біліктің түр-формасынан анық көрінеді. Халықтың талап-талғамын білдіріп қана қоймай, артық-кемін саранқа сала білген, өркендеуге қажетті алғышарттарды білімдарлықпен жазған зиялылардың ой-пікірі профессионалдық сын арнасына құйылып, эстетикалық құнарлығымен көрінгендігіне қуанған абзал. Сын - коллективтік ұжымның жігер-күшімен дүниеге келер жанр. Өз өнерпаздығын тек сынмен байланыстырған дарынның жеке-дара бөлініп шықпағанына қарамастан, қазақтың әдебиет сыны туып, өзінің жанрлық сипатымен даралана бастады. Қазақ толғақпен туған жанрды қазақ басылымдары аяқтандырып, көркемдік сахнасына еркін шығарды.

Үшінші тарау

ЖАЗБА ӘДЕБИЕТ ЖӘНЕ СЫН

Қазақ әдебиеті сынының туу процесі баспасөз орындарының пайда болуымен және жазба әдебиетінің өркендеуімен тығыз байланысты. Әдебиеттің даму процесі өзіне тән ерекшеліктермен көрінеді де, соған орай сын пікірлерін тудырып отырады. Жазба әдебиеттің идеялық-шығармашылық арнасынан бағыт-бағдар алып үлттық ой-сана мен эстетикалық талап-талғам деңгейінен көрінеді.

Мәнді шығарманың нәрлі сынның тууына, үлкен дарын ойлы пікірдің өрбуіне жағдай жасайтынын Абай негізін қалаған реалистік әдебиеттен айқын аңғарамыз. Бұл процесте әлеуметтік-қоғамдық және эстетикалық жағдаяттар шешуші рөл атқарады. Сондықтан Абай жолымен өркендеген қазақтың жазба әдебиеті өнерпаздық тұлғасы зор сыншыны дүниеге келтірмесе де, эстетикалық құны бар сана-сезімді, ой-пікірді оятты. Мәселенің түйіні - Абай дарынына пара-пар келетін сыншының жеке-дара шығуында емес, Абай салған жаңа, соны жолмен әдебиетті әрі қарай өркендете беруге бас-көз бола аларлықтай ұжымдық сын пікірдің тууы қазақ мәдениеті үшін аз олжа емес. Сондықтан қазақ сынының туу процесін белгілі бір сыншының дүниеге келуімен сабақтастыруға келмейтіні осыдан.

Сонымен ана тіліндегі баспасөздің пайда болуы жазба әдебиеттің өркендеуін тездетті, нәрлендірді, ал ол өз тарапынан сын жанрының негізін қалап қана қоймай оған творчестволық ықпал жасады.

Ең алдымен, қазақ әдебиеті сынының туу процесіне өнерпаздық өре берген Абай шығармашылығы екенін айту ләзім. Абайдың азаматтық лирикалары, әлеуметтік сатирасы, ойлы да өткір толғаулары, үлгі-өнегесі мен ғибраты мол ғақлиялары - өз оқушысын ойландырмай-толғандырмай қоймайтын көркем туындылар. Қазақ өмірінің болмысын суреттейтін Абай өлеңдері біреуді қуантса, біреуді ренжіткені ақиқат, демек ол жөніндегі пікір де әр қилы болуға тиіс. Қалай болғанда да, Абай шығармасы тындаушылар мен оқушылардың ойын оятып, пікір айтқызғаны анық. Қазақ баспасөзінің кешеңдеуі салдарынан көп нәрсе із-түзсіз кеткендігін өкініштен айтқанның өзінде, қолда бар аздаған материалдардың өзі Абай шығармаларының нәрлі пікірлерге өзек болғанын көрсетеді.

XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың

алғашқы он бес жылы ішінде қазақ тілінде 500-ге тарта кітап шықты. Мұның дені - поэзия. Поэзияның ауқымына халық творчествосының үлгілері де, қисса-хикаяттар да, жеке авторлардың өлең-жырлары да кіреді. Олардың ішінде Абай, Ахмет, Міржақып, Шәкәрім, Сұлтанмахмұт, Ғұмар, Сәбит, Шәңгерей, Мұхаметжан, Мағжан, Сәкен, Спандияр т.б. жазба әдебиет өкілдерінің, Мақыш Қалтаев, Ақылбек бин Сабал, Шәді төре Жәңгіров т.б. кітаби ақындардың шығармалары, "Қыз Жібек", "Ер Тарғын"", "Қарақыпшақ Қобыланды", "Қозы Көрпеш - Баян сұлу" т.б. батырлық жырлар мен лиро-эпостардың үлгілері, қазақ ұғымына бейімделе аударылған шығыс аңыздары мен хикаялары, орыс ақын-жазушыларының қазақ тіліне тәржімаланған туындылары бар. Осылардың өзі тек поэзиялық қадір-қасиеті жағынан ғана емес, идеялық бағыт-бағдары жағынан да, көркемдік өресі жағынан да әр қилы.

Қазақ халқының көркемдік таным-білігі сынның жанрлық сыр-сипатымен көрінуіне жағдай жасап, жазба әдебиеттің ішкі дамуынан тарамданып жатқаны аңғарылады. Бұл процесті екі арнадан өрбіткен орынды. Бірінші - жазба әдебиеттің жұрнағы болуға жараған және болуға жарайды деген шығармалардың мән-маңызына арнайы тоқталмай-ақ, олар жөнінде сол кезеңде қазақтың сыншылық ойы не айтқан және шығарма авторы өз туындысы туралы нендей ойда (автокритика) болғанын көрсетсек, екінші - бүкіл қазақтың реалистік әдебиетінің асқар биігі - Абай шығармаларының сол заманда және өзінен кейінгі дәуірде қазақтың сыншылық ойын оятуға, сөйтіп сын жанрының нәрлі де көрнекті, өзіне лайықты түр-сипат таба білгенін, оған себепші болған өнерпаздық әсер-ықпалды нақты деректермен көрсетсек, сондай-ақ Абай даңқының жайылуы жайындағы кейбір пікірлердің сырын ашсақ, қазақ жазба әдебиетінің жаңа жанрмен толысу процесін анық байқаймыз.

1. ДӘЙЕКТЕМЕ-СЫН

Қазан революциясына дейін шыққан өлең жинақтары мен белгілі бір авторлардың шығармаларына назар аударсақ, сыни ой-пікірі бар дәйектеме материалдар жиі ұшырасады. Оқушы қоғамдық нендей мәні бар, қай уақытта қандай себептен жазылғанын, авторы кім екенін түсіндіретін және алғы сөз, не соңғы сөз түрінде жазылған дәйектемелер де көп кездеседі.

Дәйектеме-сынның жарнама-сыннан және аннотациядан

едәуір айырмасы бар. Егер жарнама-сын көркем шығарманың дүниеге келгендігін хабарлау міндетін атқарса, аннотация сол шығарманың негізгі мән-маңызын қысқа түйіндейді, таллау жасауды мақсат етпейді. Ал дәйектеме-сын пәлендей талдау жасай қоймағанмен, оқушыға шығарманың оқигасын, мәнін, жазылу себебін түсіндіреді. XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетінің шығармаларында осындай сын материалдары жиі кездескендіктен, оны аннотация мен рецензия аралығындағы құбылыс екендігін ескеріп, дәйектеме-сын деп атаған орынды. Оны іштей үш топқа бөліп қараған жөн.

Ең алдымен, ағартушылық сипаты бар шығармаларға жазылған дәйектемелер біркыдыру. Өйткені жаңа заман қарсаңында қазақтың қоғамдық ойының ең өзекті саласы азаттықты аялаған ағарту проблемасы болды. Қолына қалам алған адамның өнер-білім мәселесі жайында пікір айтып, өз ойын ортаға салмағандары, кемде-кем. Сондықтан да осы кезде ағарту идеясы мол жырланды және сынпылық ой елегінен мүмкін қадірінше өтіп отырады. Екінші, өз шығармасы туралы өзі пікір айтып, түсіндірме жазушылар да едәуір кездесті. Автосынның (автокритика) алғашқы көрінісі қаншама анайылау болғанымен де, оқушының назарын өзінің айтайын дегеніне бағыттауға әсері болғанын көреміз. Үшінші, әдеби-сын элементтері айқын да басым дәйектемелер. Осы үш саланы қарастырудың өзі дәйектеме сынның қауқары мен қарымын ғана аңғартып қана қоймай, оның іштей өсу-өркендеу процесін аңғартса керек. Кеңес заманына дейінгі кітаптардың лені 1905 - 1915 жылдар аралығында шыққан. Осы он жылдықта 300-ге тарта кітап шықса, оның жартысына жуығы ақын-жазушылардың, ағарту идеясына берілген молла-мұғалімдердің, тіпті қажы-пірәдарлардың шығармалары, өлең жинақтары, дастан, поэмалары, әңгіме, романдары еді. Осы кітаптардың авторлары қазақтың жазба әдебиетінің жаңа түрін бекітіп, шұрайландыра түскен, қайсыбірі өзінің шығармашылық тұлғасын танытып, әдебиет әлемінде елеулі ізін қалдырған, ал кейбіреуі бірді-екілі кітап шығарумен шектелген.

Бұл авторлардың ішінде өзінің суреткерлігі айқын ақын-жазушылар да, замана ағымын жіті аңғарған қайраткерлер де, жас оркенді өрге бастамак зиялылар да, дәуірдің дүбірі қаламына жел берген мұғалімдер де, өз ойын ортаға салуды қажет деп есептеген қажы-молдалар да, жаңалыққа жанасқан шәкірттердің балауса жыр-толғаулары да бар. Сайып келгенде, өздерінің қоғамдық көзқарасы әр қилы идеядан орбіген, ақындық өнерге бейімі, қаламының желі бар адамдардың біркылыруы өлең жинақтарын, кітаптарын

шығарған. Ол кітаптардың бәріне ортақ мәселе - алыстағы азаттық арманына қол жеткізу үшін халықты ағарту, өнер, білімге шақыру, үндеу идеясы. Әрине қажы-молланың үгіті мен насихаты күрескер демократтың, ағартушы ақын-жазушының, жадидшіл мұғалімнің үгіті, насихатымен түр жағынан да, идеялық нысанасы жағынан да бірдей деп карауға болмайды. Бисмилламен бастап, алламен аяқтағандардың өлеңдері қарымының кеңдігі, қарнуының молдығы, ойын түйіндеуі көздеген мақсатының айқындығымен көрініп, көкжиекке бастап еді деуге келе бермесі айқын. Алайда олардың жазғандарында халықты ояту, ағарту, өнер-білімге шақыру ұраны кездескенін осы уақытқа дейін елемей келгеннен ұтқанымыз шамалы.

Қазақ халқының XX ғасыр басындағы қоғамдық-әлеуметтік ойы Шоқан, Ыбырай, Абайлардың ағартушылық идеясын онан әрі дамыта түсіп, азаттық, теңдік, бодандықтан бостандыққа жету үшін күресетіндерге, өнер-білімге үндеумен шектелетіндерге әрекет жасауға мүмкіндік берді. 1905 жылғы орыс революциясының қуатты қарқыны қазақ сахарасында демократтық пікірдің өріс алуына айрықша ықпал жасағанын аңғармау ағаттық болар еді. Көрнесін қазақ даласы қалың қымтаймын, үйқымды қандырамын десе де, қоғамдық даму еріксіз өз орбитасына тартты. Маса болып ызыңдау аздық жасаған түста "Оян, қазақ" ұраны жаңғыра шықты.

Сонымен қазақ халқының қоғамдық сана-сезімінің оянуы, өнер-білімінің қадір-қасиетін нақты істе танып-білуі, халықтың мұңын жырлаған зиялылардың өр даусының естілуі, Ресей империясындағы қуатты қоғамдық қозғалыстардың шет аймақтағы елдерде әлеуметтік сананың өріс алуына мүмкіндік жасауы қазақ қауымы үшін елеусіз өтпей, ағартушылық идеясын бұрын-соңды болмаған биікке көтерді. Бұл процесс әдебиетке өзінің айбарлы да айдарлы таңбасын басты.

Қаламының желі бар қажы мен молдалардың халықты өнер-білімге насихаттауын, әрине кайшылыққа кездескенімен дүниеде болып жатқан өзгерістерге үн қатпақ болғандарын сөкеттеуге болмайды. Бұрынғыдай "алланы ауызға алдың, таза атеистік көзқарасты насихаттамадың" деп айыптау, сөйтіп олардың атқарып келген игі істерін көзге ілін алмау, мән бермеу енді әбестік болмақ.

Осы тұрғыдан келгенде Мұхаметсәлім Көшімовтің шығармаларын мысалға келтіру арқылы діндар ақын-жазушылардың не тындырғандарын анық аңғарып, сыни ойға қанша үлес қосқандарын байқаймыз. 1907 - 1909 жылдары

"Әдеп", "Үгіт", "Насихат қазақия", "Ақыл кітабы", "Сұлу қыз" жинақтарын жариялаған, "Айқап" журналының белсенді авторы және агенті болып, бүкіл Қытай, Жетісу қазақтарын аралап шыққан жиһанкез, 1914 жылы "Мұңлы Мәриям" деген роман жариялаған М.Көшімовты молда болып еді деп әрдайым айыпқан келдік. Ал ол болса

Оқып қал, әй балалар, жас шағыңда,
Оқуға уақыт кеңдік бар шағында.
Ендігі заманаға оқу керек
Оқусыз өнер сатқан адам бар ма?

Пайғамбар хақ, алланы бір біліңіз,
Орысша, мұсылманша тіл біліңіз.
Қазіргі күнімізге қарағанда,
Қазақты ешжарықсыз түн біліңіз.

Қараңғыдан шығайық жарық жаққа,
Алыңдар бұл сөзімді ілтипатқа.
Білгенінше насихат жазып берген,
Рақмет айтып оқыңдар Көшімовқа, —

деп өлеңдетіп қана қоймай, бүгінгі қоғам дамуынан мол хабардар екенін басқа еңбектерінде мықтап танытады. Діни дүниетанымы айқын осы автор ислам хадистарымен жастарды оқуға үгіттейді. Алланы ауызға ала отырып, өнер-білімнің пайдалы екендігін насихаттайды.

Кемеңгер Абай "алланың өзі де рас, сөзі де рас" дегенді кейбір өлеңіне арқау еткенін көре тұрсақ та, оның шығармасының жалпы мән-мақсаты діншілдіктен өрбімейтіні белгілі. Осы тәсіл діни уағызды аузына алғандардың бәріне де қолданылуға тиіс екенін ескере бермедік.

Әуелі сөз бастайын бисмилләлап,
Жаратқан жәрдем сұрап бір алладан.
Һәркімге сойлеп қалар уақыт жетті,
Қазіргі ғибрат алып заманадан.

Қараған қарап қалар деген сөз бар,
Бұрынғы өтіп кеткен қариядан.
Секілді біздің қазақ тілсіз хайуан,
Барады үндеместен бұ дүниядан.

Қор болды надандықтан біздің қазақ
Мәдени тұқымдарға болып мазақ.

Ойламай кең сахарада не боларын,
Ақырында надандықтан көрдік азап, -

деген Ғалиолла Ғалымжанов өлеңінің екі жолына қарап, діпді уағыздайтын шығарма деуде қандай шындық болмақ, не болмаса "Заманаңың түріне қарап һәр бір миллятлар (халықтар) алға қарап ұмтылуда һәм сол еткен жігерлерінің арқасында күннен-күнге ғылым, өнерлері де алға қарап жүріп бара жатыр. Енді біздің қазақтарға қарасақ, тіпті басқа һәммен баяғы надандық, жалқаулық жақтарын қуаттай береді. Біреп-саран ішімізден туралыққа, ғылымға қарап үндеушілер болса, жан-тәндерімен дұшпандықтарын арттыра береді. Қашан бұл әдеттер жойылмайынша қазаққа ғылым-өнерлердің тегісінен тарауы бек қиын дүр. Алла тағала осы кисық пікірлердің бітуіне жәрдем берсін" деген Ахмет Мәметов ойын алладан жәрдем сұрады деп даттауға бола ма? ("Әбірет", 1912. 2).

Қ.Бейсембиев дінге белшесінен батып, соның уағызын насихаттаушы болды деп айыптаған М.Кәшімовтің өзі әдебиет майданында едәуір еңбек еткен. Оның 1907 жылғы "Әдеп" атты кітабы 31 насихаттан тұрады. Жас баланың өз төңірегіндегіні қалай танып, дүниеге қалай қарауы керектігі баяндалады. Ең әуелі ата-анаңды, туған-туыстарыңды сыйла, көршілерінмен тату бол, тазалық сақта, өзің оқитын мектепті қадірле, сабағыңды жақсылап оқы, мектепте оқылатынмен шектеліп қалмай пайдалы кітаптарды көп оқы, молда-халфе, мұғалімдерді сыйла, шәкірттермен дос бол, ниет, көз, ауыз-мұрын, құлақ, қол, бас тазалығына үйрен, үйқы, әңгіме, тамақ ішу, қонақ күту, аурудың көңілін сұрау, көңіл айту, киім кию, сөйлесу әдептерін мүқият сақта деген халықтық педагогика шарттарын баяндап, ең ақырғы 31 насихатында бес уақыт намазды қаза қылмай, құдайдың хақтығын ұмытпауды ескертеді. Осы өмірге керекті қағидаларды айтқанда Көшімов "құдайдың күдіретіне" сүйеніп, адам тіршілігіне пайдалы ақыл-кеңестерді баса айтады.

"Кітап оқу" деген насихатында: "Кітап оқу деген бек пайдалы, қызық нәрсе. Жолдассыз уақытта жолдас болады, көңілің жабырқап қайғыланған уақытта көңіліңді ашады, шаттандырады, бұрынғы заманда нелер болған, милләттар қандай, ғылымды кісілер қандай - солардың бәрін көзге көрсетуші, аз бағалы, көп пайдалы нәрселер дүр. Соның үшін кітап алуға сарандық қылмай, өздеріңе пайдалы болатын кітаптарды алыңыздар" деп өнегелі өңірге шәкірттердің назарын аударды. Онын бұл ой-пікірлерін мансұқтауға

болмайтыны өзінен-өзі түсінікті. Ал 1908 жылғы "Ақыл кітабында" "Ғылым иесі һәр жерде қадірлі уа құрметті болар, қайда барса да қадірі қолдан-қолға тартар, әркім жақсы көрер" деп адамға қажетті үшінші қасиетті ғылым деп табады. "Адам баласының тірлікте рақатта болуы үшін ғылымнан басқа һәш бір дәру уа қару, ондай қуатлы һәм бір нәрсе жоқ дүр. Кім оқу, ғылым білсе, ол кісі рақатты, бақытты, алла тағаланың сүйген құлы болар" деп ғылым үйренуге, ғалым болуға үндейді. Әрине бисмилламен бастап, алламен аяқтайтын өлең-шығармалар мен ой-пікірлердің қоғамдық сананы өсіруге тигізген шапағаты мол болғандығын енді жасырмауымыз керек.

Қазақ әдебиетінде мұндай құбылыстың болғанына таң қалуға болмайды. Өйткені кеңеске дейін қалам ұстағандардың бәрі бірдей атеист болмағандығы бір болса, екіншіден, дін шырмауына маталып қалмаған қазақ халқына біраз идеяларды "құдайдың" атымен өткізбесе, құран халисімен хаттамаса, айтқанына көндіре қою да оңай шаруа емес еді.

Бұндай құбылыс жалғыз қазақта ғана емес, бар халықта кездескені тарихтан аян. "Орыс сыны тарихында діннің ықпалды күш екенін, ертедегі әдебиет үлгілері үстем идеология болған діннен құлан таза бола алмағандығын, сондықтан діни сөздер мен танымдардан шошымау керектігін сонау 1957 жылларда-ақ қатты ескерткенін еске сала кетудің артықтығы жоқ.

Ағартушылық сипаты қалың дәйектеме-сынның өзіндік ерекшелігін таңбалап көрсететін нәлендей көзге түсер қасиеттері болмағанымен де, халыққа өнер-білімді айрықша насихаттағанынан да, оқуды жақтауынан да аңғарылып жатады. Ойдың жалпы ағары оқу-білімнен өрбиді. Жалпы мақсаты ағартушылық идеяға бағытталған шығармаларға жазылған дәйектемелердің көбі бүкіл жинақтың мән-маңызын, автор мұратын оқушыға аңыз беруге ұмтылады. Мұны Ғұмар Қараштың "Өрнек" атты жинағына жазылған дәйектемеден анық көруге болады. "Надандық себепті халқымыз арасында жайылымдықта болған жат ақиқат та, түрлі ғадеттер бек көп. Оларды бірден сыпырып алып тастау һәш мүмкін емес. Қашан халықтың ұлы-қызы бірдей оқып, мұқығыт хасыл етсе, бұл наданлықтан келген ғадеттер өз-өзінен бітешек.

Солай болса да, бұлардың ішінен бірнеше бастыларын айтып, себептерін көрсетіп жаздым. Бұ "Өрнек" атты кітапшаны жүзден біреу оқып, өрнек алса да пайда болар. Көре тұра үндемей "тілсіз шайтан" болып тұрудың тарих

мақұлдамас" дегені қаламгердің қоғамдық борышы мен міндетін ғана ақтартып қоймай, оқушының назарын қай жаққа бұрғысы, жеткізгісі келетінін көрсетсе керек. Ниетін емеурінінен танытады.

Дәйектеме-сынның көзге түсер бір парасы - авторлық сын, яғни өзінің шығармасына өзі түсіндірме, кейде сын пікір айту. Дәйектеменің бұл түріне жататындар әр автордың кітабынан кездеседі десе де болғандай. Кейде бұл дәйектеме жалпы жинақ туралы ғана болмай, әр өлеңнің жазылуына не себеп болғанын да көрсете кететін кезі аз емес.

1911 жылы Ғалиолла Ғалымжановтың "Есіл жұртым" атты өлеңдер жинағы басылып шықты. Бұл жинақта "Жазушыдан бір-екі сөз", "Жазылмақ сөздің басы үшбу дүр", әр өлеңге түсіндірме, "Хүрметлу оқушыларына" арналған соңғы сөзі бар. Жинақ авторы ірі ақын болмағанмен, өз өлеңіне сын көзімен қарай білгені әр дәйектемесінен аңғарылады.

Жарық көрер еңбекке ат қою, әр өлеңнің мәніне қарай тақырып қою да жазушыны толғандыратын, ой елегінен өтетін мәселе. Жинаққа қойылар ат бар шығарманың айтар ойы мен көздеген мақсатын айқындауға тиіс. Өз жинағына әрі ықшам, әрі мәнді ат қойғысы келген автордың "халқымыздың надандықтан кор болғанын көріп, жаным ашығандықтан есіл жұртым-ай, кор болдың-ау деген мағынаға келтіріп, рәсіләмнің есімін де "Есіл жұртым" деп атадым" дегені жоғарғы ойлардың нақты дәлелі болуға жарайды.

Басқа ақын-жазушыларға қарағанда, бұл автор оқушылардың ықыласын өзіне қаратып алу үшін басқаша тәсіл қолданған. Сөз арасында 1907 жылы Троицкідегі "Медресе Мухамедияны" тамамдағанын айтады. "Дүниенің о жақ, бұ жағын еркін болжамаған жасырақ шағында" жазған өлеңдеріне көп үміт артпағаны, ет қызумен Каримовтар баспасына жібере салғанын, бірақ "өз сөзіме өзім риза болмағандықтан басар деп те ойламағанын" анық айтуы екі мәселеге назар аударткандай. "Өз сөзіне өзі риза болмаушылық" автордың өзіне сын көзімен қарауын және поэзияға қояр талабының едәуір биік екендігін көрсетсе, екінші жақтан, үлкен ой, пікір айту, халық қоңілінен шығу үшін "дүниенің о жақ, бұ жағын еркін" білу, яғни өмірді жетік білу қажет екендігіне меңзейді.

Сондықтан автордың "рәсіләмнің іші, сырты мұқият па, жоқ па? Ол арасын оқушылардың сынауына тапсырамын. Келіспеген жерлері болса, қаламы жүйрік мырзаларымыздан таңқит етіп, кемшілігімді көрсетулерін өтінемін. Таңқит айтушыларға рақметтен басқа айтатын сөзім жоқ. Және

әріптестерімнің таңқиты маған берген сабақтары деп білем. Мен өзім де бұл рәсілімнің әуелгі жазған рәсілім болғандықтан жақсы жазылды деп айта алмаймын. Бәлки жаман жазылғандығын басқадан бұрын өзім сезем1н" деп кемшіліктерін санамалап кетеді: "Рәсілімнің ең әуелгі айыбы: сыртынан қарағанда ішінде һомма қазақ миллөтіна ғылым болуға керек еді. Өлеңде ғылым болған жоқ" деп ең ауыр сын айтады, яғни шығарманың ғибрат берер сипатын күшейтуге үндейді. Дәйектеме-сынның бір парасы осы авторлық сын қаннама қорашгау болып көрінгенімен қазақ әдебиеті тарихына көп дерек, мол мағлұмат берген бір сала болғандығын аңғармауға болмайды. Өзінің жинағын аяқтарда:

Жазсам да жақсы, жаман тіл тигізіп,
Мақсатым оятуда қазақ халқын.
Болмаса һәр әшейін далбасалық,
Жүргем жоқ "мен" деп жүрттан асқан ақын, -

дей келіп, өзінің оқушыларына соңғы сөзін арнайды:

"Оқыған уақытта қатты да, жұмсақ та, ащы да, тұщы да сөздерді көрдіңіз. Ықтимал, қатты сөздер көзіңізге көрінген соң көңіліңіз қайтып, мені бір дұшпан да көрген шығарсыз. Ләкін, мен қанша қатты сөз жазсам да халықтың надандығына һәм осынша қорлықта қалғанына ішім күйіп, шыдамағандықтан шығып жатқан сөздер. Ықтимал, менен басқа да солай қаттырақ қылып жазушылар болса халыққа пайдасы болмай қалмас. Аз да болса пайдасы болар. Менің сөзімді кім тыңдайды, һәр әшейін жүртқа күлкі болармын деп, менен басқа да жазушылар болар деп қарап тұруға жарамайды. Әркім өз білгенінше жазуға керек. Әуелгі уақытта жазған нәрселері нашар болса да, ықтимал жазған сайын түзелер" дегені әдебиеттің әлеуметтік мәнін аңғартады да, ақын-жазушылар үздіксіз еңбек етудің нәтижесінде көркемдік шеберлікке жететіндігін байқатып тастайды. Шеберлік үздіксіз еңбек үстінде жетілетінін, шыңдалатынын айтып қалмай, "қазақ тілінде уа басқа тілдерде жазылған басқа ресіләларды да көбірек оқу керек" деп білім қорын молайтуға шақырады. Еңбек біліммен ажарланғанда ғана діттеген жерден шықпақ.

Ғ.Ғалымжанов осы жинаққа енген өлеңдерінің жазылу себептерін және не мақсат көздегенін әрдайым жазып отырған. Олардың ішінен бір-екеуіне ғана тоқтала кеткен жөн. "Қазақтың ескі халдері" деген бөлімде бұрынғыдай бос далбақтауды қою керек, одан да өнер-білімге жақында, "сатсаң да жалғыз атыңды баланды оқыт", әуелі мұсылманша

"жақсылап намаздығын білгеннен соң, баланды орысша оқыт" деп ақыл айтады. Бір өлеңінде қалаға барған қазаққа ақшаңды орынды жұмса, арақ пен картаға жолама деп кеңес берсе, екінші бір өлеңінде ел ішін лаң қылған, ынмақтың кетуіне себепкер болған болыс сайлауларын әшкерелейді, қазақ өміріндегі келіссіз қылықтарды сынайды.

Осы жинақтың негізгі мақсаты - қазақ халқын өнер, білімге шақыру болғандықтан автордың мына түсіндірмесіне орын берген жөн: "һәр бір өнерлі жұрттарға көз салып қарасаң, барлығының да өнерлі болуына себеп болған нәрсе - оқу дүр. Оқуға тырысқан жұрттың һәрбір уақытта қор болған жері жоқ. Біздің жұрттың оқу менен көп ісі де жоқ. Қайсысы молда ұстап, балаларын оқытса да, молданың қандай кісі екендігіне көз салмайды. Ондай молланың көбісі өздері жөндеп түркі тани алмағандықтан балаларға да еш нәрсе түсіндіріп үйрете алмайды. Біздің надан болуымызға себепші — жас уақытымызда түсіндіріп оқытпай, қалың қазақты алдап қана жүрген молдаларымыз деп ойлаймын. Қазақтың баласының оқығанын-оқымағандығын байқамай, тек қазақтың қымызы мен ақшасы үшін ғана шыққан молдаларды айтамын" дей келіп, ондай "ұстаздардың" қандай кескінде болатынын былай суреттейді:

Білген сабағын ұмытар,
Қорыққаннан жас бала.
Қорықпай бала не қылсын,
Молдасының көзі ала.
Сырықтай болған таяғы,
Жанында жатыр ол жана.

Автордың бұл айтқаны қазақ болмысында етек алған жай екені әмбеге аян. Автор надан молдаларға, қадімшілдерге қарсылығын осы өлеңге жасаған түсіндірмесінде анғартып, өз ойының мәнділігін арттыра түскен. Өз өлеңін өз түсіндірмесімен қуаттандыра түсу- шығарманың идеялық ықпалы мен эмоциялығын арттыра түсуге септігін тигізеді, сондықтан сын жанры мұндай тәсілден іргесін аулаққа сала алмайды. Өйткені сынның ең негізгі мақсаттарының бірі - шығарманы оқушының түсіне, ұғына оқуына жеткізе болу, сөйтіп көркем сөздің эстетикалық әсерін күшейтіп, ізгілікке бастау гой.

Тағы бір айрықша айта кететін мәселе - Ғ.Ғалымжанов өзінің айтар ойын, насихаттар пікірін халыққа жеткізу үшін тек өзінің өлең-жырымен ғана шектеліп қалмай, орынды деп тапқан уақытта өзге әдебиеттің үлгісін де пайдалана

білген. Атап айтқанда, Ғабдолла Тоқайдың "Сүтке түскен тышқан" дейтін атақты мысалын өзі айтпақ пікірге сәл бейімдей аударған. Ғ.Тоқайдың мысалын аудару фактісі қазақ әдебиетінің творчестволық байланысын көрсетерлік бір құбылыс болса, екінші жағынан, оның өткір де улы мысқылын қазақ өмірінде онша елене бермейтін, бірақ зияны көп тиетін кесірге қарсы бағыттаған. "Біздің қазақ халқында әуелден қалмай келе жатқан келіспеген бір іс бар. Басына бір қиындылық іс келсе "сабыр түбі сары алтын, сабыр етерге керек, алла тағала өзі жеткізеді" деп екінші бірі келіп ақыл айтады. Оның үстіне жанды сурет секілді, өздері һәш нәрсе білмеген надан молдамыз келіп "Әл сабыр, әл рахым, бал сабыр - пайған" деген бір мағынасыз сөз оқып, ол да сабыр етуге қосады. Сонан соң өзі ақылынан айырылып отырған бишара құлағын кесіп алса да, қозғалмайтын бір сабырлы хайуан болады да қалады. Мен енді соның үшін сабырдың да орнымен ғана керек екенін білдіріп, және де қандай іске болса да себеп керектігін білдіріп, бұ жырда бір сүтке түскен тышқанның хикаясын жаздым" деп автор қазақ халқын надандыққа, харакетсіздікке ұрындырған енжарлықты шенейді. Өмірдегі осындай елеусіз құбылысты үлкен пайымға көтеріп, сынай білудің өзі пайдасыз кетпеген пікір болса керек.

Дәйектеме-сынды шартты түрде іштей жіктеген уақытта, олардың араларында қытай қорғаны жоқ екені өзінен-өзі түсінікті. Сондықтан оның барлық элементтері араласып жүретіндігін де ескерте кеткен жөн. Егер Ғалымжановтың "Есіл жұртым" атты жинағынан авторлық сынға қатысты пікірлерді бірқылыру мол байқасақ, К.Тоғысовтың 1915 жылы басылып шыққан "Надандық құрбаны" пьесасына жазған алғы сөзі өзінің ағартушылық бағытымен де, өзіне-өзі пікір айтып, шығарманың мәнін түсіндіру ниетімен де, сондай-ақ дәйектеменің әдеби-сыни сипатын сақтап, пікір дәлелдеуге ұмтылу сынайымен де көзге түседі. Алайда оның негізгі салмағы өз шығармасының мән-жайын, қалай жазылғандығын әңгімелеу саласында болғандықтан авторлық сынның ауқымында қараған жөн.

Ағартушылық идеясының туы көтерілген шақта қазақ авторлары көбіне жалпылама сойлеп, халықтың таптық жігін ашпай, бүкіл елді тұтас қалпында алып суреттегені аян. Бұл сарынды Көлбайдың осы шығармасынан, әсіресе, оған жазған алғы сөзінен де байқаймыз. Қазақ публицистикасының тарихынан өзіне тиісті орын ала алмай келе жатқан Көлбайдың "Алаш" (1916-1917 ж.), "Үш жүз" (1917-1918 ж.)) газеттерін шығарып прогресс жағында болғаны,

талайлармен айтысып-тартысқаны, кеңес үкіметі орнаған уақытта Батыс Сібір өлкесінің еңбекшілер кеңесінің атқару комитетінде заң комиссариатын басқарып тұрған уақытта орынсыз жаламен түрмеге түсіп, Колчактың қолынан қаза тапқаны белгілі Көлбай Тоғысов өзінің алғашқы шығармаларында ағартушы-демократтық позициясын анғартты. "Надандық құрбаны" атты пьеса - осы көзқарастың жемісі. Мұны оның дәйектемесі де айқындай түседі.

Надандық пен жауыздықтан, соқырлық пен қиянаттан құтылудың Көлбайша екі жолы бар: "Бірінші - оқу, екінші - сол оқу арқасында жетіліп, жұрттың қамын ойлап, неше түрлі өнер-білімнің кілтін алып, есік ашқан жігіттер" деп танқан. Әрине пьеле жалғыз надандықта ғана емес, әлеуметтік құрылыста жатқан сырын ашпай жалпы халыққа, жұртқа пайданы тең бөлу ағартушы-демократтық көзқарасқа тән құбылыс. Мұның өзі сол кезеңде қоғамдық ой-сананың жеткен деңгейін де анғартады. Көлбай да сол деңгейден үзап кете алмаған.

Көлбай басқалардан тереңірек көре де, жұртқа көрсете де білді. Мәдениетті, өнер-білімді елдің адамдары "Кітап жазды, газет, журнал шығарды, халықтың арасында болған надандық, қиянатты "ойын кітабына" жазып, айнаға қарап жарасын көрсеткендей қылып жұртың көзіне көрсетіп, һәр түрлі жаман істен сақтануына себепші болды, қайсылары бала оқытып пайда келтірді, қайсылары докторлық оқумен науқастарға дәрулер беріп жазылуына себепші болды..." дей келіп, қазақ бойындағы мін мен керенаулықты, надандық пен жауыздықты нақты дәлелдермен тізіп өтеді.

Қазақ драматургиясының туу шағында кіған түрінде көзге түскен "Надандық құрбаны" пьесасы шындықтан туғанын көреміз. "Алты қатыны бар бір шалдың үйіне қондым. Кешке жатқанда алты қатынын төр алдына бір көрпенің астына жатқызып, есікке ішкі жағынан құлып салып, кілтін жанына алып, өзі кроватқа жатты. Ол шалдың аты - Мірсәлім Бектенұлы. Жасы 66-да. Осындай шалдар Зайсан уезінде жүзден аса бар.

Міне, осындай қырда болып жатқан көп надандықтың бірер жарымын қолдан келгенше "ойын кітабына" (пьеса) жазып, қазақ жастарына ұсынамын" деп жазған Көлбай. Осы пьесаны автор еріккеннің ермегі деп түсінбей, халықты ағарту ісіне бір себі тие ме деп жазған. Және пьесаның кейіпкерлерін өз көзімен көрген нақты шындықтан алып, надандық ирлерін масқараламақ болған. "Осы пьесам егерде ұнаса һәр шаһарда, һәр ауылда ойнап, қазақтың оз көздеріне көрсетсе, мұндай жолдан тыйылар еді деп үміт қыламын. Бұл драманың

бірнеше қаһармандары осы күнде де тірі" дегенде Көлбай көркем шығарманың қоғамдық мәнін, жасар ықпалын айқын бағдарлайтындығын аңғартады. Бұл шығарма жайында М.Дулатов рецензиясы жоғарыда баяндалды.

Дәйектеме-сынның алғашқы көріністерінде әр автор өз шығармасының неndей мақсатпен жазылғандығын түсіндірсе, оны оқып шығуды, кем-кетігі болса сынап, келесіде түзерліктей тілек-талаптарын жазып жіберуді, жазған еңбегі ұнаса оны көпшілікке таратуды, ойын қылып қойып беруді өтінген авторлық пікірлер XX ғасырдың басында шыққан кітаптарда бірқыдыру мол кездеседі.

Сонымен қатар, дәйектеме-сынның саналық қасиетін көтере түсетін, әдеби талдауға ұмтылып, өзінің ойын айтуға талаптанатын сын пікірлері де жоқ емес. Бұлар сан жағынан аз болғанымен, мән-маңыз жағынан әлдеқайда, алымды да құнарлы.

XX ғасырдың бас кезінде жарияланған кітаптарда әдеби-сын элементі басым материалдардың сыр-сипатын М.Дулатовтың "Оян, қазақ", Ғабдолла Мыштақтың (Ғ.Қарашевтің бүркеншік аты) "Көкселдір" мен "Шаир" жинақтарына жазған дәйектемелерімен көрсете кетсек, сынның көздер мақсаты, күлаш сермер өрісі қалай бағытталғанынан хабардар болар едік.

Міржақып Дулатовтың "Оян, қазағы" бүкіл қазақ әдебиетіне жаңа леп, соны тыныс әкелген күрескер шығарма, яғни революцияшыл-демократиялық әдебиет бағытын негіздеген атақты туынды екені тарихқа мәлім. Қ.Кемеңгеров: "Оян, қазақты" ел қазақтары құрандай жаттады" деп растайды. 1909 жылғы басылымында тарамдатыла жазылған алғы сөз бола қоймаса да, бүкіл жинақтың сыншылдық, азаттықшылдық тенденциясының өзі туып келе жатқан қазақ сынының дұрыс өріс табуына, құнарлы арнамен өркендеуіне ықпал жасайтынын аңғармау ағаттық болар еді. Өйткені шағын болғанымен, айтары мен насихаттары мол "Сөз басы" оқушы қауымды осы жинаққа бірден көңіл аудартты. Біріншіден, "Оян, қазақ" деп ұрандатуы, екіншіден, оған себепті болған жағдайды түсіндіруі, үшіншіден, өнер-білімнен құр алақан қалғандар ел санатына іліге алмайтындығын зор екпінмен ескертуі шығармаға салмақ берді.

Міржақып қазақ халқы дүшар болған бүйығы тірлік, әрекетсіз өмір белгілерін тізіп өтеді де, "қой бүйтпелік, әр халықтың күші өнер болса... біз қазақтар ортақ болсақ керек, соның үшін мұсылманша ғылымдар оқып, дінімізді танып, надандардың көзін ойып, көңілін ашып, ахиреттік пайдамызды табалық. Екінші, дүниеміздегі қажетті

хақыларымызды алып, жеріміздің, малымызды сақтау үшін, басқалардан қорлық көрмеу үшін орысша оқып, өнерлі болалық" деген саяси-әлеуметтік және ағартушылық сыңайы басым ойларын біріне-бірін сабақтастырып жіберді. Жинақтағы өлеңдері нені насихаттайтынын алдын ала аңғартады. Сондықтан "Қазақ халқының бұрынғы һәм бүгінгі халі", "Сайлаулар хақында", "Қазақ жерлері", "Насихат тумумия" жырларының қай-қайсысы болмасын публицистикалық екпінмен жазылуының өзі талайларды қатты ойландырып, елдің қоғамдық санасына атой салды. Автор халық арасында зор абыройға ие болумен қатар патша үкіметіне де үлкен үрей әкелді. Расында да, қазақты өнер-біліммен қатар бірлікке, ұжымдылыққа шақыруы, мақсаттылыққа үндеуі күрескерлік сипатқа ие болып жатты. Не айтса да бәрі қазақтың өнерлі, азат ел болу идеясынан өрбіді.

Сүйегі жоқ, тіске жұмсақ болған соң
һәркім жейді біздің қазақ баласын.
Бірлік жоқ, алты ауызды халықпыз ғой
Қатардан сол себепті қалыпты ғой,

дегендердің бәрі де қимыл іс-әрекетті меңзеп жатты.

Қазағым көрмегенің әлі алдыңда
Боларсың көне берсең мұнан жаман.
Барында аяқ-қолың қимылдап қал
Бір күнде тыпырлауға келмес шаман, -

дегендердің бәрі күрескершілдікке үндеген кесек, ірі ойлар екенін халық та, патшаның жандайшаптары да анық түсінді. Әркайсысы өзінше қабылдады. Халық азаттық, теңдік алу, өнер-білімге жетілу жайын ойласа, отаршыл әкім мұндай автордың үнін өшірудің жолын іздеді. Міржақыптың өз дәйектемесімен айтсақ, "Оян, қазақ" атты өлең кітабымды ескі үкімет шам көріп, "қазақ оянып кетеді" деп қорқып, 1911 жылы мені сотқа берді, сол себепті жыл жарымнан артық абақтыда жатып шықтым"" дегені, жинақтың әрі қарай тарауына тыйым салынуы автор үшін қаншалықты азапты болғанымен, XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті үшін үлкен олжа болды, жаңа бағыттың серкесі деңгейіне көтерді. Сондықтан да "Оян, қазақ" бүкіл әдебиеттің ендігі даму арнасын айқындаумен қатар, әдебиеттің қоғамдық мәнін түсініп-аңғартатын сыни ойға парасатты дарытты, шын эстетикалық талап-талғамды биіктетуге мықтап ықпал

жасады. XX ғасыр басындағы шығармаларда әлеуметтік сарынның күшті болуының бір сыры осындай күрескерлік және сыншылдық сипатына байланысты еді.

"Шаир, яки қазақ ақындарының басты жырлары" жинағына жазған алғы сөзін Ғ.Қарашев сол кезеңнің күрделі мәселесі - "тіл сақтау" проблемасынан бастайды. "Белгілі, бақ иесі адамдар айтады: жыр, өлең һәм билік сөздерін сақтамаған халық жансыз деп. Бұл сөз бек дұрыс, неге десеңіз, әр елдің елдігі, мысалы қазақтың қазақтығы, татардың татарлығы, орыстың орыстылығы ата-бабаларынан қалған айырым тілдерін жоғалтпай қолданумен сақталады. Һәр ел өз тілін сақтау - ол елдің жыр һәм ескі сөздерін сақтамай мүмкін болмайды. Мұның үшін де өнерлі, ғылымды халықтарда бұ "тіл сақтау" жайында бек мүкияттық бар. Медреселерінде балаларға қалдырмай оқытады, һешбір жыршы я шешен, ділмәрлардың аузынан шыққан сөзі жазылмай-басылмай, далада жоғалып қалмайды". Автор бірнеше мәселелерді сабақтастыра, бірінс-бірін қосақтай «баяндағанда, әр елдің өзіне тән ерекшелігі мен тілін сақтауда көркем әдебиеттің айрықша орын алатындығын баса айтады. Әдебиеттің бұл рөлі баспасөз жүзін көрген уақытта еселей түсетіндігін аңғартады.

Мұндай әдет мұсылман жұртында, әсіресе, араб елінде болғандығын айта келіп, "тек соңғы замандарда біздің халыққа басшылық еткен надан адамдар біздің халқымызды (қазақтығымызды) сақтайтұғын қымбатты жыр һәм билік сөздерді ескеріп айтуды күнә деп көрсеткен, мектептегі балаларымыз "Бозжігіт", "Заркұм" оқып құлықтарын бұзып, рухтарын (қазақшылығын) жоюға айналған"" деп біріне-бірі сабақтасып жатқан екі мәселеге назар аударды. "Халыққа басшылық еткен надан адамдардың өлең мен жырды, шешендік сөзді айту күнә?" деп тапқанына Ғ.Қарашев мүлде қарсы. Өйткені сөз культі айрықша өркендеген, сойтіп дүниені көркемдік тұрғыдан танып-білген халықты рухани арнасынан ажыратпақ болған әкімдер мен қожа-молдалардың іс-әрекетіне өзі дін мәселесінде белгілі көзқарасы болып тұрғанына қарамастан өлең мен жырға тыйым салушыларға мейлінше қас екендігін жасырмаған. Оларды түс-түгін ашып айтпайды, "бізге басшылық еткен надан адамдар" деп жалпылай сойлейді. Ал шындығына келгенде, олар қазақтың аузын аштырмауды, ой ойламауын, пікір білдірмеуін тілеген отаршыл әкімшілік пен оның жандайшабы - өзіміздің мал мен жанды рәсуә етіп, есінен адастырып жүрген болыс пен атарман-шабармандар екені сөзсіз.

Орине "Бозжігіт" пен "Заркұмдарды" оқытып, балалардың құлықтарын бұзып, рухтарын жоюға айналған діндарлар қазақтың тол әдебиетін өркендетуге онша құлықты болмағанын, көбіне-көп діни-схолостиканы насихаттағанын, сөйтіп халықтық творчествоға, ақын-жыраулардың шығармашылығына тосқауыл қойғандығын байқаймыз. Халықтың құлқын бұзып, рухын жою оны сөз өнерінен айырып, тілсіз хайуанға айналдыру саясаты ертеден-ақ жүргізілін келе жатқанына бұл нақты дәлел бола алады.

Ғ.Қарашев бұл саясатқа әлдеқалай қарсы бола салмағанын мынадан көреміз: "Бұл себепті, бар жерлерінен жинастырып ескі, жаңа жырлар, бірен-саран қысқаша бөлек әңгімелерді жаздым. Медреселерде әдебиет (литература) дәрісінде бағдарламаға алынып, қазақ балалары пайдаланып, "Әлжамат әл дәбәриелердей" әр тағзырық көріп жүргізетін бір күндердің бек жақын екенінде һәш шек-шүбіра етпеймін" деп қазақ әдебиетінің белгілі пән болатындығын, оның діни оқудан мәндірек болатындығын және таяу арада жүзеге асатындығын зор сеніммен айтады. Мұның өзі қазақтың ұлттық әдебиетін өркендету саласындағы игі тілек еді.

Ғ.Қарашевтің 1912 жылы қазақ әдебиетінің өз алдына жеке пән болып оқылатындығы туралы пікірі өмірдің өзі еріксіз туғызған шындық болатын. Ғұмар мұғалім болып бала оқытқанда, бір жағынан ара-тұра дін ісіне араласып қойғанда талай рет қажеттілігін сезген іс Ахмет Байтұрсынов пен Міржақып Дулатовтың жәдігерлігімен нақты жүзеге асты. Олар мұны тәжірибеде қатты сезініп жүргендігін 1905 жылғы Қаркаралы петициясында қазақ мектебін орыс мектебінен ажыратып, ана тіліндегі оқу құралдарымен қамтамасыз ету мәселесін көтерген кезде-ақ анық аңғартқан болатын. Әсіресе, алдына қойған мақсатты белгілі тиянаққа жеткізбей тынбайтын, басқа жаққа алаңдамайтын А. Байтұрсынов көп жылғы мұғалімдік тәжірибесінде әуелі араб алфавиті негізінде қазақ тілінің заңдылығына, сингармонизм шартына сай қазақ емлесін жасауды көпшіліктің талқысына сала жүріп, өзінің тұңғыш оқулығын даярлады.

Оқулық - ғылыми-педагогикалық сананың ең биік те ауқымды түрі. Ол - тіл мен әдебиеттанудың ең негізгі арнасы, өйткені оқулықтар - сыни ой-пікірлердің ұлы олжасы. Олай болса, А.Байтұрсынов қайраткерлігіне назар ауларғанда ең әуелі оқулықтан бастауы М.Дулатовша айтқанда: "Қалың түрік тұқымының бір тарауы болған қазақ жұрты өзінің тұқымдастарынан кейін қалмасқа тырысып, олармен аяғын тік басуға, тағы да төтерек жол тауып, ілгері ұмтылуы" (225) үшін қажет болды. Сондықтан қазақ емлесін түзеп, тіл, оқу

Екінші ләреже мақсұт: ол тәтті жыр арқылы оқушыларға әсер беріп, "батыршылық", "жомарттық", "тылымға қызығу" секілді көркем сипаттарға үндеу болады" дегенде Ғ.Қарашев "Шаир" жинағында айтқан пікірін бір пысықтап өтіп, әдебиеттің оқушыларға әсерін, өнер-білімге үндейтін қасиетін атап өтулі қажет деп табады. Мұның өзі әдебиеттің қоғамдық мәні мен рөлін ақтартудан туғанын көрмеске болмайды.

Сонымен қатар Ғабдолла Мыңтақ әлебиет шығармаларының қалір-қасиетін айқындау үшін қандай шарт болуға тиіс деген мәселе жөнінде де өз ойын айтады. "Бір жырдың жақсы-жамандығын өлшегенде осы төртіп бойынша, бірінші - шешендік, тәттілік (яғни көркемдік Т.К.) жағына көз жіберу, екінші - анау соңғыларға (яғни пайдалылығына, ықпал, әсер жасауы - Т.К.) назар салу" керек деп біледі. Осы қарапайым пайымдаудың өз мазмұн мен түрдің бірлестігі біріне-бірінің сай болуы керектігін аңғартқандай. Қалай болғанда да жарияланатын шығармаларға осындай эстетикалық талап қойғандығы сөзсіз.

Сәл шәлкем-шалыстығы бар мына сөзі әлгі пікірді қуаттай түседі. "Мен бұл ескі жырлардың тарих жағынан дұрыстығына көз жібермедім, көңіл салмадым. Бәлкім, ол жақтан хата да болса болар. Оңысы маған қажет емес, маған қалғанда жыр біреуді мақтасын, яки жамандасын, бәрібір: тек тілі тәтті, сөзі әсерлі болып әдепке жолақ болмаса, сол жетеді" дегеннің өзінен осы автордың көркемдік мәселесіне айрықша назар аударғанын байқаймыз.

1914 жылы Міржақып Дулатов қазақ мектебінің мұқтажын өтеу үшін "Кираат", яғни әдеби оқу кітабын шығарды. Оған "Мұғалімдерге" деген атпен үлкен дәйектеме жазды. Әлгіше, оқу құралдарына жазылып келе жатқан, әсіресе, Ахаң кітаптарында мәндене түскен кіріспе, алғы сөздердің мәні де, түрі де жаңа сипатқа ие болды. Яғни бұл дәйектемелер негізінен әдістемелік (методикалық) нұсқау түрінде көрініп, ойдың тұпысы кеңілі де, практикалық зәруліктi өтеді, сөйтіп жанр формасын жасады.

"Қазір біздің қазақ халқында оқудың жаңа дәуірі басталған кез. Шын қазақша мектептің керектігін біле бастаған шақ" деп М. Дулатов елді жаңаша оқыту саласында жасалып жатқан қадамдардың жемісі бере бастағанын, жалидизм қазақ үшін төте оқумен араласа жеткендігін баяндады да, әуелі "Сүйікті қазақ мұғалімдері! Міне, сіздер керексінген қазақ тіліндегі оқу кітаптарының бірі - осы кітап. Кемшілігі болса, көрсеткендеріңізге шын көңілімнен ракмет айтамын" деп

мақсатты ойына ойысты. "Енді бұл кирагат кітабын қалай пайдалану, яғни қалай оқыту жайынан кеңеселіқ" (238) деп педагогикалық та, әдістемелік те, эстетикалық та жон-жосықты корсетті, оларды бір-бірінен ажыратпай, тұтас күйінде баяндады.

Қазақ түгіл, татар оқу орындарында да педагогиканың тереңіне бойлай бермейді, көбіне орысша әдістемеге иек артып отырады. Бірінен-бірі туындайтын заңды процесс екенін айтқанда, балаларға әдеби шығармаларды қалай оқыту, тоқыту жөнінде кең толғаныс, творчество психологиясын білгірлікпен ашады.

"Мектеп программасында бірінші орын алған нәрсе—кирагат, баяндап оқу. Соның үшін оқытушы ең әуелі баяндап оқытудың асыл мақсұтын жақсы білері керек" деп бастайды да, сұлдатып, лаңылдатып оқып шыққанға мәз болмай, баланың зердесіне қонуына күш салу, "оқыған нәрсесін бір-біріне үйқастырып ойлауына, оқып шыққаннан кейін жадында ретті һәм толық мағынасымен қалдыруға әдеттендіру керек" деп педагогиканың ең негізгі талабын көлденең тартады. Сапалы оқу-тоқу процесін сөз еткен тұста Міржақып көркем шығарманың қалай туатынын, қалай бейнелейтінін оқушы түгіл мұғалімнің өзі біле бермейтін сәттерін баяндайды. Осы тұста автор өзінің эстетикалық сауаттылығын танытып, әдеби сынның өнімді қаламгері екенін анық аңғартты.

"Әрбір жазылған сөз жазушының сезінуімен, естуімен, көруімен (табиғаттан һәм адамның тұрмысынан) шыққан нәрсе. Өзін қоршап тұрған табиғат һәм тұрмысты сезуі, көруі, жазушының ойында ретке келіп, мағынаға айналғанынан кейін сөз болып сөйленіп, жазу болып жазылып шыққан хикаялар, мысалдар, ертегілер, өлеңдер жазушының ойы, табиғаттың, тұрмыстың көңіліне түскен суреті, соның үшін оқушысы да жазушының сезінгеніндей сезіп, ойлағанындай ойлап һәм сол ойлағанын өз ретімен, өз магынасымен түсінерге һәм жадында қалдырарға керек" деп педагогика мен эстетиканы қосақтап, айрықша білімдарлық танытады да, жазушылық шеберліктің детальдарына, яғни ішкі құпиясына кірер сокпақтарды белгілейді. Бұл енді әлістемелік нұсқаудан нағыз көркемдік талдауға ауысып, қазақ сынының сол кездегі оресіне көрсеткіш боларлық деңгейге көтеріледі...

"Жазушы үлгі ойларын қалай тізді, басқаларға қалай сездіргісі келеді, соның бәріне жазушының өз көзімен қарап, өз ойымен ойлауы керек. Жазушы қайғырса қайғырып, күлсе күлу керек. Оқыған нәрсенің ішкі магынасымен бірге оның

сөзін һәм қалауын есінде қалдыруға керек" дегені әлейінгі нұсқау еместігі жас пен егде оқушылардың қабылдау ерекшелігін әрі қарай талдап кеткенде әбден бадырайып көрінеді. Сондықтан оқушыларды шығарма жазған тұста болсын, оқу кітабын құрастырғанда болсын бала табиғаты мен танымына орайлы. мінсіз. үлгілі де ынғайлы туындылар шығаруға үндейді. "Балалар үлкендердей сынмен оқымайтынын ескертіп, тәуір дүние "өз ұлтының тұрмысынан һәм табиғатынан" жазылғанда ғана "баланың ойына, қанына, сүйегіне ұлт рухы сіңіп, ана тілін анық үйреніп, керекті мағлұмат алып шығады. Мұндай балалар бастауыш мектепті бітіргеннен кейін қай жұрттың мектеп-медресесінде оқыса да, қай жұрттың арасында жүрсе де сүйегіне сіңген ұлт рухы жасымайды. Қайда болса да, тіршілігінде қандай ауырлық, өзгерістер көрсе де ұлт ұлы болып қалады" деген үлкен де дана тұжырым, сөз жоқ, қазақ сынының алтын қорына енетін толғам екенін ауыз толтырып айтуға тиіспіз.

Осындай ұлы мақсатты келістіріп айтып алғаннан, жалпы оқу-өнер мен әдебиеттің қоғамдық-әлеуметтік салмағы мен орнын биікке көтергеннен кейін жастарды тәрбиелеу мәселесіне ат басын бұра келіп, балаларды баяндап оқытудың нақты тәжірибелерін әңгімеледі. Оның үлгісін "оқымысты бала" деген әңгімені талдаумен, яғни мұғалімнің сұрауына оқушының орынсыз жауап беруімен көрсетті. Тәжірибесіз мұғалімдердің жүрер тура жолын сызып, нағыз әдістемелік нұсқау жасады. Кітапта баяндап оқытудың әр қилы амалдарын қолданған уақытта бүкіл класс оқушылары қатысуы, бірін-бірі толықтыруы, өлеңдерді ұғынып, түсініп жаттап алуы міндет екенін ескерте келіп, бұл оқыту әдісінің тағы да "мынандай шарттары бар" анық, айқын оқу, ыңырсымай, сөзді орынсыз созбай, салмақты айтатын орында асықпай, кісі қалай сөйлесе солай оқу керек. Сұрау, таңдану, кідіру белгілерін тиісінше оқып, дауысты көтеретін орында көтеріп, бәсеңдететін орында жай оқу тиіс. Балалар дұрыс оқи алмай қиналған жерде, мұғалім өзі оқып көрсету лайық" (242-бет) деп атап-атап баяндаған нұсқаулың бүгінде қажет екендігін анық байқаймыз.

М.Дулатовтың "Кирагат" оқу кітабына осындай дәйектеме жазуының өзі педагогикалық мақсатты көздегенімен эстетикалық өлшерлерге қол созып, талай шұрайлы ойларды айтуы, жазушылық шеберліктің қыр-сырын аңгартуы, көркемдік таным-білікті қалыптастыруы, сөз жоқ, ғылыми негізі қалың нұсқаулы сын жанрының төл туындысына

айналдырып жібереді де, қазақ сынының жан-жаққа көз тастай бастағанын аңғартады.

Әдеби сынның аукымына кіретін осындай дәйектемелер тек тана түсіндіру, айтып беру мақсатын көздемей, ара-тұра өз ойын, дәлелдеуге ойысатындығын байқатып отырады. Алайда мұның бәрі де дәйектеме-сынның аукымында көрінгенін байқаймыз. Өйткені дәйектеменің қайсыбір түрінде дәлелдеуден гөрі декларативті ой түю басым жатады. Көлбай Тоғысов Ақтамберді мен Көкей қыздың айтысын тамашалай келіп "Қазақтан да неше түрлі орыстың Пушкин, Лермонтов секілді ақындарындай ақын шығуын көрсетеді. Қазақтың оқу оқымаған бір жігіті мен бір қызы ешбір дайындалмай, тойға кезігіп осындай өлең айтса, оқу оқыған Пушкиннен кем болар ма еді?!" деп ой түюінің өзі дәйектеме-сынның декларативті тұжырымға бейімдеу екендігін аңғартса керек.

Сондай-ақ әдебиеттің ішкі әлеміне сүңгып, өткен-кеткенді айтып беруге ғылыми дәлелдемесі жетпей жатқанымен түтіні дұрыс шалқыған ой-пікірлерді көреміз, тіпті өнімді қаламдарда методикалық нұсқаудың өзі дәйектеменің бір түріне айналып кеткенін аңғарамыз. Дәйектемелер социологиялық-эстетикалық сынға барар жолдағы үлкен өнерпаздық өткел болғаны анық.

Сонымен қазақ баспасөзінің туу дәуірінде шыққан көркем шығармалар мен өлең жинақтарына, оқу құралдарына, басқадай кітаптарға жазылған, олардың мән-мақсатын түсіндірген комментарийлердің эстетикалық өрісіне қарап, оларды дәйектеме-сын деп атаған орынды. Ал дәйектеме-сын көркемдік талдауы мен эстетикалық дәлелдеуі, социологиялық түсіндірмелері аралас жүретін мәнді сын мақалаларға, күнды рецензияларға барар жолдағы бір басқыш.

2. АБАЙ ӨНЕРІ-ӨСЕР СЫНҒА ӨРЕЛІ ӨРНЕК

Қазақ әдебиеті сынының туу дәуірінде оның эстетикалық өрісін едәуір биікке көтеруге себепші болған шешуші факторлың бірі - ұлы Абай творчествосы.

Абайдың кемеңгер өнерпаздығы жөнінің зерттелуі, насихатталуы жағынан қазақ әдебиетінде теңдесі жоқ сала екенін ескеріп, біз Абай шығармаларының қазақ тоңкерісіне дейін сын объектісі болуына, ол жөнінде артық-кем

тым ұсақтатып жіберілген. Ең алдымен Абайдың творчестволық бетін айқын танытатын "Халық туралы", "Өлең туралы"", "Замандастар туралы", "Өзі туралы"" деген тақырыптарды айрықша бөліп, ой, насихат, ғашықтық, аңшылық туралы өлеңдерін даралай топтастыру, аудармаларын, поэмаларын бірыңғай орналастыру әбден орынды болған. Ал табиғат лирикаларына жататын "Жазғытұрым", "Жаз", "Күз", "Қыс" өлеңдері топтастырылмайды, "Сегіз аяқ" пен "Аттың сынын" қосар жүйе табылмаған. Сондай-ақ "Сұлу үрғашы туралы" деген "Ғашықтық туралы" бөлімге қоса салуға болатындығын құрастырушылар аңғармаған.

Нақ осы мәселе жөнінде Мұхтар Әуезов "Абайдың шығармалар жинағына Кәкітай өзінше талдау-жіктеу жасаған. "Ой туралы", "Өзі туралы", "Ел (дұрысы: халық - Т.К.) туралы", "Ғашықтық туралы" деген сияқты тақырыптарды бөліп шығарып, әр өлеңнің мазмұнына қарай мөлшермен жіктейді.

Анығында, Абай өзі тірісінде шығармаларын бұлай топтаған жоқ еді. Ақынның тілегінен тыс түрде, редакторлың өзінше бөлшектеуі, редакторлық, ғылымдық дұрыс түрі деуге болмайды. Бұл шартты түрдегі, біраз зорлықпен жасалған жіктеулер. Себебі көбінше Абай өлеңдерінің ішкі мазмұндарына қарасақ, "Ой туралы" деген бөлімде өзі турасындағы сөздер жүреді. "Ақындық (дұрысы: өлең - Т. К.) туралы" деген бөлімінде - ой туралы, "Ғашықтық туралы" деген өлең тобына көңіл күйінің лирикасы да араласып отырады. Сонымен, Кәкітай жасаған жіктеулер дәл, дәлді емес" (20-том, 17-бет) деп жазған болатын. М.Әуезовтің Кәкітай жіктеуіндегі кем-кетікті сынауы орынды екенін ескерткен уақытта, жинақ құрастырудың творчестволық процесс екенін жоққа шығармайды. Абайдың тұңғыш жинағына енген шығармаларды топтауда кем-кетіктер болғанмен, жинақ құрастырушылар Абайдың негізгі ойы мен мақсатын қалың оқушыға белгілі жүйемен жеткізе алған.

Кәкітайдың Абай өлеңдерін тақырыпқа бөліп орналастыруы ғылыми тұрғыдан олпылы-солпылы болса, автордың сыншылық ойының үнталғандығынан айқын хабар береді. Өйткені ақын шығармаларын, оның үстіне тұңғыш рет жарық көрейін деп тұрған Абай жинағын белгілі жүйемен топқа бөлу әшейін техникалық іс емес, творчестволық процесс еді.

Абайдың тұңғыш жинағын құрастыру принциптері жайына аялдауға себеп болған бір жағдай - осы кітапта Кәкітай Ысқақовтың "Абай (Ибраһим) Құнанбайұлының

өмірі" деген мәні жағынан да, көлемі жағынан да төңкеріске дейін шыққан кітаптарда жарияланған дәйектемелерден әлдеқайда үлкен де қомақты мақаласы. Бұл мақаланың мәнділігі естелік дәрежесінде қалып қоймай, Абай творчествосы мен өміріне байланысты проблемалардың бірқылыруын дұрыс баяндауында және эстетикалық талдауының біршама дәйектілігі мен тереңдігінде деп айту керек.

Қазір Абайдың өмірі мен творчествосының қыры мен сыры түгел аян. Зерттеу еңбектері, әсіресе, кемеңгер жазушы М.Әуезовтің "Абай жолы" эпопеясы ұлы дарынның қадір-қасиетін қалың жұртшылыққа әбден танытты. Біз осы ұлы істің ең арғы бастауын сөз қылған уақытта кейбірін қайталауға тура келетінін сезсек те, қазақ әдебиеті сынының туу мәселесі тұрғысынан кейбір мәселелерді айтпай өту мүмкін еместігін ескердік. Өйткені Кәкітайдың мақаласы Абай өмірі мен творчествосының қазіргі уақытта кеңейтіле, дамытыла айтылып жүретін жайларын едәуір қамтыған тұңғыш еңбек екенін айрықша ескерту қажет.

Бұл жөнінде М.Әуезов Абай шығармаларының 1909 жылдан кейінгі (1933 жылға дейінгі) баспаларының қателікемшілігін сынай келіп, "соңғы баспалар Абайдың өмірбаянына ла Кәкітай жазған сөз, деректерден басқа еңбір тың жаңалықтар қосқан жоқ-ты. Сондықтан Абайдың баспаға шығуында тарихтық, бірінші зор еңбек етуші Кәкітай" деп баға берген болатын. Кәкітайдың осы еңбегін С.Мұқанов та зор ілтипатпен атайды.

Кәкітай Ысқақов өзінің осы мақаласында негізінен үш мәселені баяндауды мақсат еткен. Бірінші - Абайдың ата-тегі және оның Абайдың ақындық өнеріне жасаған әсері, екінші - Абайдың әлеуметтік өмірі, үшінші - кемеңгер ақын творчествосының негізгі идеялық-эстетикалық арнасы. Бұлармен қатар сөз арасында естелік сипатында айтылатын деректер де бірқылыру.

Кәкітай Абайдың ата-тегін баяндаған уақытта Ырғызбайдың да, Өскенбайдың да, Құнанбайдың да әлеуметтік өмірге белсене араласып, билік айтқандарына көбірек назар аударады. Әсіресе, Құнанбайдың Қарқаралы округіне аға сұлтан болуын, дін жолын уағыздағанын, қажыға баруын және балаларын орысша оқуға бергендігін бірсыдырғы дәріптей көрсетеді.

Абай 15 жасынан бастап әкесіне үлкен қолғабыс тигізе бастағанын айта келіп, "елдің адамдары не қылса да аталарындай атақты, үлгі аларлық би болады деген, бірақ ондай би болуға заманның өтіп кеткенін қайдан білсін. 20

жасында Абай халық ортасында мәндай, бас шенен болды... халық жайынан бұрынғы әдетті, тұрпты, ескі белгілі билердің қилы іс туралы қылатұғын биліктерін көп білген. Өзінің зейіні артық болған соң кәрі мақалдарды неше түрлі қазақтың білімділері мысал үшін айтқан әңгімелерді бірін ұмытпай біліп алған. Қазақтың ескі заманы болса бұрынғы қазақтың атақты биінің бірі болмағы анық еді" деп жазған.

Сондай-ақ Абайдың шешесі Ұлжанның да бидің тұқымынан екендігін, Қаптай, Тонтайлардың күллігі қалжыңға ұста болғандығын баяндаған уақытта автор, біріншіден, Абайдың ақындық өнерпаздығында осындай нәсілдік сабақтастық бар еді, екіншіден, ата-тегі әпейін қарапайым адамдар емес, билік құрғандар еді, мұндай ортадан өсіп шыққан Абайдың тегін болмағы мүмкін емес деген пікірді айтпақ болған. Кәкітай мақаласының шоқтығын көтеретін мәселелер - Абайдың қоғамдық өмірі мен өнерпаздығына объективті талдау жасауға талаптанған бөлімдері. Кәкітай мақаласында Абайдың 1845 жылы туып, 1904 жылы 23 маусымда дүние салуын, Ахмет Риза медресесінде жүргенде приходская школада 3 ай орысша оқып, 15 жасынан ел ісіне араласуын, қысқасы бүгінде бүкіл халыққа бүге-шігесіне дейін белгілі Абай өмірінің белеңді-белеңді кезеңдерін баяндауы тарих үшін айрықша бағалы деректер болды. "Бұл жөнінде қазақтың мәдениет тарихында, Абай мұрасына ерекше еңбек сіңірген, Абай өзі тәрбиелеп баулыған, жас жұртшылықтың көрнекті өкілі болған Кәкітай Ысқақұлының еңбегін айрықша айту керек" (20-том, 16) деген М.Әуезов пікіріне қосылмасқа болмайды.

"Абайдың өмірбаяны оқушыларға мәлім бола тұрса да, Кәкітай жазған бірді-екілі деректерге назар аударған жөн. Кәкітай Абайдың оқымыстылығын баяндаған уақытта оның мұсылманша білігіне де, орысша біліміне де ден қойып, оларды бір-біріне қарсы қоймай, бірін-бірі толықтырып отыруының арқасында Абай өрен тұлғалы, өз замандастарынан ақылы аскан кемеңгер болып еді деген тұжырым жасаған.

"Уақытында аз да болса ислам діні, ғылымы кіріп келе жатқан жаңа заманның ретіменен Абай, ғараншна, парсыша, түрікше кітаптарды көп оқып, олардың ішіндегі ғылымнан үлкен хабардар болды. Сол талапменен қырда ғараншаға, парсышаға Абайдан артық болатұғын һәш кім болмады. Шала оқыған ғылымы бар қожа-молдалар Абайдан қашып жүруші еді. Өзге жерде отірікті-шынды жұртты аузына қаратып жүргендер Абай алдында наландығы білініп, масқара болып қаламын ба" (1909, 106-бет) деген қаупін айтқан уақытта

Абайдың мұсылманша білімінің молдығын, шығыс ақындарының шығармаларын көп оқығандығын аңғарту мақсатын көздеген.

Абайдың жер аударылып келген Е.П.Михаэлис, С. Гроссен таныс болғандығына айрықша мән береді. Егер олармен таныспаса "Абай әлде бойына біткен өнерін жарыққа шығарын біліпмей кетуге де болатын еді" деп келіп, олардан алған үлгі-онегенің арнасын баяндайды. "Абайдың ғылымға бетін түзеп жібермекке осы кісілер үлкен себеп болған. Абайды орыстың белгілі жазушылары Пушкин, Лермонтов, Некрасов, Толстой, Тургенев, Салтыков, Достоевский, Белинский, Добролюбов, Писарев деген кісілердің шығарған кітаптарымен таныс қылған. Абай өле-өлгенше мейің әкемнен артық жанашырлық қылып, дүниеге көзімді ашқан Михаэлис деп атап отырушы еді.

Абай соңғы замандарында Спансердің "Опытын", Льюистың "Поэтивной пәлсафа", Дрепердің "Европаның ғылымы" туралы жазғанын, Чернышевскийдің заманындағы жазылған статьяларды һәм оның өмірін оқып отырушы еді. Әсіресе, Абай Лермонтовтың жазғанын ұнатушы еді" деп Абайдың әлеуметтік және эстетикалық көзқарасының қалыптасуына шешуші ықпал еткен арнаны айрықша мол да ашық баяндайды. Абайдың ақыл-парасаты, білімі үш арнадан, атап айтқанда, қазақтың көп жылғы өмірінде қалыптасқан билік айту дәстүрінен, сөз өнерінен, екінші — шығыс әлемінен, үшінші - батыс мәдениетінен нәр алып қанағаттанғанын көрсетеді.

Осы тұжырымды толықтыра түсу үшін Кәкітай: "Абай 30 жасында барша халық ортасына атағы жайылып, белгілі болды. Бөтен елдің басты адамдары құда-тамыр болып, жақындық қылып, араздық, жаулық қылмай жүрді. Үрлық қылған кісіге, зорлық қылғандарға жазаны аямай салып, катты қысымшылық көрсетуші еді. Бірақ осы ұрыны катты тиямын дегендіктен қазақтың бұрынғы заманнан барымташыл әдеті қалмағы қиын болып, ел ішінде көп найман дегендер партия қылып, көп әуре қылды" дегенді айрықша атап көрсетті. Ұлы азаматтың иті істі жүзеге асырамын деп жүріп көп дұшпан тауып алғанын, талай қажыр-қайратын орынсыз шығындағанын:

Адам деген даңқым бар,
Адам қылмас халқым бар -

деп қамыққанын айтуды қажет деп тапқан.

Осындай күрделі мәселелерді Кәкітайдың дәлелдеп айтуы,

оқушы сенерліктей, ойланарлықтай етіп баяндауы, нақты мысалдармен нақтылай көрсетуі оның бұл мақаласының құндылығын арттыра түскен. Өз пікірін дәлелдеуге ден қою — сыншыл ойдың қомақтана түскендігін аңғартатын көрініс.

Кәкітай мақаласының ең сүбелі және құнды жағы — Абай өнерпаздығының сырына үңілу, біршама дұрыс талдау жасауы. Абай өлеңдерінің белгілі бір мәселеге байланысы барлығын, өмір болмысының өзінен туындағанын автор нақты мысалдармен көрсете алған. "Жасымда ғылым бар деп ескермедім" дейтін атақты өлеңінің сырын ақтара келіп:

Адамның бір қызығы бала деген,
Баланы оқытуды жек көрмедім.
Баламды медреседе біл деп бердім.
Қызмет қылсын, шен алсын деп бермедім, —

деген шумақты Абай өз балаларының оқуымен, әсіресе, Михайловское Артиллерискоe училищені бітіріп, енді әскери академияға түспек болған Ғабдилрахимнің өмірімен тікелей байланыстыра баяндаған. Абай өленді "пайда үшін емес, халықты ғылымға ұмтылтып, көңіл көзін ашпаққа ғибрат үшін жазғанын" айрықша атап көрсеткен.

Кәкітай Абайдың ақындық өнерді тануы және оған мүлдем ден қоюы жайында дұрыс ой өрбіткен. Абай 14 жасында-ақ өлең шығара бастаса да, оған онша мән бермеген, оған кейбір ақындардың біреуді мақтап пайда табуы және "қазақ ортасында ақындықтың пәлендей қадірі жоқтығын", "тұқымымыздан бақсы, яки ақын шықпайды" деп төрелердің мақтанатыны себепші болғанын дәлелге келтіреді. Орыс әдебиетінің данышпан ұлдарының шығармаларын оқығаннан кейін және қоркемсөздің әлеуметтік мәнін әбден ұққаннан кейін "Абай өзі өлеңінің өнер екенін біліп жаза бастаған соң бұрынғы надандықпен өлеңді өнер орнына жұмсамай, ғибрат үшін айтпай тіленшілік орнына айтқандықтан ақындықтың да, өлеңнің де қазақ ортасында бағасы кемігендігін айтып, өзін олардың айтқанынан басқа" жолмен жүруге ұмтылғанын Кәкітай күр баяндап қоймай, Абайдың "Бұрынғы ескі биді тұрсам барлап" деген атақты өлеңімен дәлелдейді. Абай жолы - халық жолы, прогресс жолы екендігін пайымдайды.

Автор өзінің осы ойын логикалық түйінге жеткізу үшін Абайдың дүниетанымын кеңейткен, ағартушылық-демократтық көзқарасын қалыптастырған орыс мәдениеті екендігін айрықша атайды. "Абайдың өзі Толстой мен Салтыковтың шәкірті еді" деп тұжырымдағаннан кейін,

"орыс ғылымын кітаптан оқығандық Абайдың көңілінлегі ақындығын қозған, Абай өзін қазақтың ғибрат алатұғын ақыны" деп үлкен де құнды қорытынды жасады.

Кәкітай Абайдың ұлы ақын екенін танытпаққа күш жұмсаған. Бұл мақсат ол кезде әбден заңды да еді. Өйткені қазақ даласына Абайдың даңқы жайылғанмен, оның бар творчествосымен қалың көпшілік түгел таныс еді деу қиын. Сондықтан да Кәкітай Абай ақындығына мақаланың әр жерінде саналы түрде әдейі айнала бір соғып отырған. "Абай өзінің тереңнен жазатұғын ақын екенін біліп, елдің ұғымсыздықтан әшейін өлеңнің артық қадірін білмегендігіне ыза болып" шығарған өлеңін де, "өзге алыс ел құмар болып Абайдың өлеңін жаздырып алып, жиылған топта Абайдың насихатын үкса үкпаса да құлақ қойып" тыңдағанын да, "қайран сөзім қор болды тобықтының езіне" деп ызаланғанын да көздеген мақсаттың ауқымына тарта білген.

Кәкітай осы мақаласында Абайдың ұстаздығына да арнайы тоқталған. "Абай жазған өлеңдерінен басқа, әшейін оқығанда өзінің қызықты көріп, көңілі рақат болатұғын сөзін ұғар деген бала-шағасы, ұғыры жаңа талап, байыпты жас жігіттер ортасында өзге ел сөзі, шаруа сөзі сөйленбей, өзінің білгенін, сезгенін айтып, адамның адамшылығы қандай мінезбен түзеледі, қандай қызықпен бұзылады, ғылымды қалай іздеуге керек, өмірді қалай көшірсе жөн болады, қандай ғалымдар өткен, олардың артықша айтқан сөздері қандай - әйтеуірінде түрлі насихат болсын жастарға, ғибрат, адамшылығы түзелер деген сөзді айтып отырудан қанша уақыт болса да еш жалықпай, ынталы көңілмен рақаттанып айтып отырушы еді" деген естелік баяндау Абайдың ақындық тұлғасын әсіресе оның халық ұстазы екендігіне меңзеген. Өзінің осы ойын, көрген-білгенінің сөзі ретінде қалдырмау үшін Кәкітай: "Қанша халық надан болса да Абайдың насихатын көп тыңдап, қасында болған жігіттер өзгелерден бір түрлі медреседен оқыған, ғылым жолындағы кісі сықылды һәр нәрсенің жөнін біліп, жаман-жақсыны көп айырып надандықтан шығып қалушы еді" деп қомақты да дұрыс ой түйеді.

Сонымен қатар, осы мақалада ой орбітуге, пікір тұжырымдауға өзек болар естелік те бар. Олардың ішінде Абайдың өленді кез келген қағазға жаза салатын әдеті, достық пен жолдастыққа үндеген насихаты, жас кезіндегі мінез қылықтары және жоғарыда келтірілген естелік сипаттас кейбір пікірлері кездеседі.

Біз Кәкітай Ысқақовтың бұл мақаласына біркылыру мол тоқтаған уақытта сіз аллымен Абай жөніндегі тұңғыш еңбек

екендігін және екіншіден, осы мақала кейінгі баяндауымыздың негізгі объектісі болатындығын ескердік.

Абайтану ғылымының бүгінгі өркені өскен тұрғысынан қарағанда бұл тұңғыш мақалада бірқыдыру мәселелер жетпей жатқаны, айтылмай қалғаны байқалады, бірақ қазақ әдебиеті сынының таң шапағында туған күнды еңбектен Абайға байланыстының бәрін талап етуге болмайтындығы өзінен-өзі түсінікті. Сондықтан да осы мақаланың тарихи тағдырына назар аударған жөн болмақ.

Көкітайдың бұл мақаласы Абай жинағында 1909 жылы жарияланса да, одан әлдекайда ерте жазылған. Абай дүние салғаннан кейін Көкітай Абайдың өлеңін жинап, кітап етіп бастыру қамына кіріседі. Мақала 1904 жылдың екінші жартысы мен 1905 жылдың алғашқы айларында жазылып, даяр болғаны күмән тудырайды. Өйткені бұл мақала 1905 жылы 27 тамызда Орыстың императорлық география қоғамының Батыс Сібір бөлімінің Семей бөлімшесіне келіп түскен. ("Записки... 1907, 4 және 9-бет). Оны орыс тіліне Ә.Бөкейханов аударып, "Абай (Ибраһим) Құнанбаев (некролог)" деп өзінің атынан 1905 жылы "Семипалатинский листок" газетінде, содан кейін "Запискийдің" 1907 жылғы басылымында жариялаған. Мақаланың ең соңында Абайдың өміріне байланысты деректерді Көкітай Ысқақұлы Құнанбаевтан алдым деп ескерту жасаған.

Біз осы мақаланың орысша және қазақша текстерін салыстырған уақытта болмашы ғана өзгерістері барын көрдік. Орысшасы қазақшасынан бұрын шыққан. Демек, бұл мақаланың авторы кім деген мәселе жауапсыз қалмауға тиіс. Мүмкін, Көкітай орысшадан аударып алған шығар, әлде Бөкейханов Абайдың өмірбаянының деректерін Көкітай берді дегенді айтып, өзі жазып шыққан болар, не Көкітай мақаласын аударып ғана шыққаны автор болуға негіз деп есептеген шығар. Қалай болғанда бүкіл қазақ әдебиеттануында, әсіресе Абайтануда сүбелі орны бар дүниенің ақиқатына жетуге тиіспіз. Өйткені Қазан төңкерісіне дейін Абай жайында жарияланған орысша, қазақша мақалалардың бәрінде де осы "Запискиде" шыққан мақалаға меңзеу жасалады. Соңғы кезде, яғни "Жұлдыз" журналының 1991 жылғы 9 санында орысшадан аударылып жарияланды. Сонда мақаланың шын авторы кім? деген сауал өзінен-өзі туындайды.

Культ заманында жазылған еңбектердің бірде-бірінде бұл мақаланың атын атамақ түгіл, шын сырын анықтауға ешбір жерттеуші назар аударманы. Қ.Жұмалиев "1907 - 1909 жылдар Көкітай Ысқақұлының әуелі орысша, артынан қазақшаға

"Абай Құнанбайұлының өлеңдері" деген кітапта Абайдың өмірбаяны басылды" деп хабарлағанына қарағанда бір шикілліктің барлығын сезген де, Әлихан атымен жүрген мақаланың мән-жайын айқындауға жүрегі дауаламаған. Ол кезде осылай жасауға мәжбүр еткені белгілі, алайда Абайдың кеңес заманына дейін танылуы, даңқы жайылуы, насихатталуы жайындағы мәселені енді айқындау шарт. Қайта құру мен жариялылық заманында ақталған ұлы дарындардың әрбір ісіне зор ілтипат білдіріп, жасаған істерінің қадір-қасиетіне жетуіміз керек. Бірақ бұл ниет бұрынғыдай бірыңғай бұрмалап көрсетуге негізделмей, шындық деңгейінде айтылса ғана мұратқа жеткізбек, өткен өміріміздің ашы ақиқаты болып көрінбек, Қазақстан тәуелсіз ел болғаннан бері тарихи шындықтың қандай күйде болғандығын ашып айтуға мүмкіндік туды. Кеңес заманында қалыптасқан орынсыз қауіптену мен күдіктенушіліктің зияны қаншама мол болғандығы осы мақаланың авторын айқындау барысында айқынырақ көрінуге тиіс.

"Семипалатинский листок" пен "Запискиде" жарияланған мақаланы қазақшаға Т.Жұртбаев аударып, "Жұлдыз" журналының 1991 жылғы 9 санында жарияланды, авторы - Ә.Бөкейханов.

"Сын сапары" (1971) монографиямызда және жоғарыдағы талдауларда мақаланың авторы Көкітай Ысқақұлы екеніне шүбә келтірмедік. Оны дәлелдер материалдарды түгел есепке алу керек.

Ең негізгі дәлел - Қәкітай мақаласынан естелік сипаты бар тұстарынан әдейі молырақ үзінді алдық. Мұндай мақаланы көп жыл Абайдың төңірегінде болған, оның өмірінің бар қалтарысын күнбе-күн көзімен көріп отырған адам ғана жазбақшы. Ал ол адам Көкітай, одан басқа ешкім емес. Ә.Бөкейханов Абай қасында ұзақ жыл болмағаны былай тұрсын, Абаймен жүздеспеген, кездеспеген. Оны осы мақалаға өз жанынан қосқан сөздерінен аңғарамыз. Көкітай "қазақтың ұғымына ыңғайлы деп Абай қазақша өлеңмен Онегинді перевод қылды. Қазақ арасына қатты жайылып кетті. Қазақтар Татьянаның хатын бек жақсы көрді" деп жазғанын орысшаға аударған уақытта Бөкейханов өз жанынан мынадай сөздер қосқан. "Абаем переведен на киргизский язык "Евгений Онегин", особенно в степи популярность пользуется "Письмо Татьяны", для которого тот переводчик сочинил мотив. В 1899 году в Кокенской волости киргизский певец Алылхан предложил послушать "Письмо Татьяны" под аккомпанемент его скрипки. На наше удивление, откуда он знает "Письмо Татьяны" Алылхан

не без гордости указал себя, пояснил, что у русских был такой же, как он, певец - "ахын" Пушкин, который воспел, как Татьяна "сұлу" (красавица) полюбила жигита Онегина, которому и написала письмо. В тот же вечер Алылхан, знающий много оригинальных стихов Абая, спел нам несколько его переводов из Лермонтова, пояснив при этом, что Лермонтов был недоволен жизнью, а Пушкин относился к ней, как мудрец. Впоследствии автору этих строк пришлось убедиться в том, что в киргизской степи в разных уездах "ахыны" знали и распевали на балалайке (домбре) переводы Абая из Пушкина и Лермонтова ("Записки" 1907. III. 5) деп "Татьянаның хатын" қай жерде, қалай естігенін хабарлайды. Абайдың аудармасын естігенін сөз арасына осылайша үйлестіре білген автор, егер Абайды көрсе, онымен дидарласса, сөз жоқ, келістіріп баяндауға дәрмені жетер еді. Бірақ ондай оқиға болмаған.

Аудармада Абайдың қажы-молдалар туралы айтқанын, 1822 жылы Сібір қазақтарын басқару ережесінің жай-күйін баяндауы, Тұрағұлдың Абай шығармаларын бастыруға ниеттеніп жүргенін, бұған өзінің басшылық еткісі келетіндігін, Абайдың жыл мезгілдеріне арнаған өлеңдеріндей өлең жазу Еуропа ақындарына үлкен абырой болатынын айтқан төрт абзац қосымшасы бар. Сонсын Абай өлеңдерінен келтірілген үзінділерге жолма-жол (подстрочный) ауларма беріп отырған.

"Запискиде" жарияланған мақаланың аударма екенін дәлелдеу жағына келгенде, ең алдымен оның структуралық құрылысын салыстырған жөн. Жоғарыда айтылған қосымшалар мен қыстырмаларды есептемегенде бұл мақалалар егіз қозыдай, бірінен-бірі айнымайды. Мақаланың құрылысы таза қалпында сақталған, абзацы абзацына, сөзі сөзіне сай. Сөзіміз нақты болу үшін бірнеше мысалдар келтірейік.

Көкітайдың Абай жинағындағы мақаласы "23 июньде 1904 -жылында туған жері Шыңғыс тауында дүниеден қайтты атақты қазақ ақыны, Шығыс елінің қазағы Абай Құнанбай ұғылы. Кітапта шын аты Ибраһим, бірақ қазақ әдеті бойынша шешесінің еркелетіп қойған Абай атын халық атап кеткендіктен біз де Абай дейміз" деп басталады. Ал "Запискиде" "23 июня 1904 года в Чингизской волости (в горах Чингис) Семипалатинского уезда скончался популярный в родной степи киргизский поэт Абай Кунанбаев. Книжное имя его Ибраһим (Авраам), но киргизская степь, следуя матери поэта, укрепила за ним нежное ласкательное имя Абай, которое и мы сохранили за

ним" деп аударылып, "Семипалатинского уезда", "Авраам" деген анықтаушы сөздер ғана қосылған. Бұдан әрі қарай ата-ана тегі жайындағы баяндаулар толық сақталған.

Мақаланың орта шенінде Көкітай "Абай 14 жасында-ақ біреуді мазақ, яки қалжың қылып, құрбылар ортасында өлең шығара бастаған. Олар жатқа үйреніп айтысын жүрген, бірақ өзі оған өлеңші екенмін деп көңіл қоймаған" деп жатса, оны "в 14 лет Абай сочинял сатирические стихотворения, они заучивались молодежью, но автор не придавал им никакого значения" деп аударған.

Енді бір жерінде "Әсіресе Абай Лермонтовтың жазғанын ұнатушы еді. Бұның өлеңін қазақшаға өлең перевод қылып еді: "Дума", "Кинжа", "Парус" "Молитву" деген һәм гаири (басқа - Т. К.) бәйіттерін переводтап еді" дегенді "Особенно полюбил Абай сочинения Лермонтова, из которых любил делать переводы, между прочим Абай перевел превосходными киргизскими стихами "Думу", "Кинжал", "Парус", "Молитву" и др."- деп кейбір анықтама сөз қосып аударған. Көкітай әр оқиғаға байланысты Абай өзінің өлеңін "Кез келген қағазға жазып тастаушы еді. Әуес қылған жастар алып, таратып кетуші еді. Абайдың халықты сынап шығарған өлеңдері қазақтың қай жеріне болса да жайылды" деп естелік сипатты пікірін баяндаса, "Каждое стихотворение, сказанное или написанное по случаю, на первом попавшемся лоскуте бумаги, разбиралось молодежью заучивалось. Стихи Абая, особенно сатирические, встречаются во всех концах киргизской степи" деп сол естелік күйінде қайталап шығады.

Назар аударатын бір мәселе - Абай өлеңдерінен автордың ой-пікірін дәлелдеуге келтірілген үзінділер болуға тиіс. Бір цитатаған басқаның бәрі бірдей, орысшасында епten қысқартылып, кейбір түста ой сабақталған. Әсіресе, осы арада Абайдың ислам дініне қатынасын да айту лазім. Ол өзінің өлеңінде молдалардың арамзалығы мен алаяқтығын сынап, мұсылмандық жолымен күніне бес уақыт намаз оқуды мінейді. Осы арқылы барлық діни ғұрыпты ұстанатын, әсіресе, отыз күн рамазан айындағы ораза мен тәулігіне бес уақыт намаз оқуға қарсы келеді. "Құнанбайдың отбасындағы діни пікірлер мен ғұрыптар, әкенің үстемдігінің күші - Абайдың ислам әдет-ғұрыптарының бүркеншік қасиеттерін сезінуге жол ашты" (Т. Жұртбаев аудармасы бойынша) деген ойды Көкітай айтпаған, жазбаған. Абайдан жасқанатын шала молда мен қожаларды тілге тиек етіп, Ә.Бөкейханов өз ойын дамыта баяндаған. Діни ортада тәрбиеленген Көкітай айта алмайтын бірқыдыру атеистік, әрі-беріден соң батыстық түсінік-танымды өз жанынан қосқан.

Кәкітай мақаласының естелігі басым ең соңғы тарауы түгелдей аударылмай қысқартылған, себебі ондай сөздерді Абай қасында ұзақ болып, талай мәжілісіне қатысқан адам ғана жазбақ, айтпақ. Абайдың партиялықтан көрген қорлығын, оған деген көзқарасын оның "Өлсем орным қара жер сыз болмай ма?", "Екі күймек бір жанға әділет пе?!" деген өлеңдерімен дәлелдейді де, онан әрі Абай уағыз айтып отырғанда, "бір адам әншейін шаруа жайынан, ел жайынан сөз сөйлесе, бек ренжіп, ашуланып қалушы еді" дегенді аудару орнына авторға біраз ыңғайсыздықтар әкелері сөзсіз. Сондықтан "Абайдың өміріндегі ең жақсы көретіні - таза көңіл мен достық еді" деп "Махаббатсыз дүние бос" деген өлеңімен мақаласын аяқтауы логикалық түйіндеу жағынан дөп бола қоймағанымен естелігі қатарласқан түсты қысқарту қажет болғанын аңғармасқа болмас.

Әдебиетіміздің, әсіресе, әдебиеттану мен сынымыздың тарихында үлкен орны бар еңбектің мән-мағынасын ашу, оны жазған авторды айқындау айрықша қажет. Өйткені қазақ зиялыларының істеген өнегелі іетерін жарқырата көрсетіп, әр адамның мәдениетімізге қосқан олжасын белгілі бір қайраткерге ыңғайлай берсек, онда өрісіміз тарылары сөзсіз. Бұл бір. Екінші, қайраткерлеріміз ақталып, тарихымызға қайтып оралғаннан бері анық-қанығы дүдәмал, күдік тудыратын, анықтауды қажет ететін дүниелердің бәрі сол кісілерге бұйырсын деген түсінік ендеп барады. Қайсыбіреулер көрер көзге шындыққа қиянат жасауда. Қателікке бастар қатерлі жол осы.

Оның шет сілемі осы мақала төңірегінде де бар. Т.Жұртбаев "шындығында, бұл Кәкітайдың әңгімесі бойынша Әлиханның Абай өмірі туралы толықтырылып жазған екінші мақаласы" еді деп ("Жұлдыз", N9 1991, 110-бет) сендіре тұжырымдайды. Ә.Бөкейхановтың ұлы қайраткер, қазақ елі үшін атқарған қызметі орасан зор екендігін қуана айтқан, жазған уақытта тап осы мақала түсында аударма жасағанын көрмеске еш болмайды. Оған талай дәлелдер келтіруге болады, тіпті әрі-беріден соң "Абайдың тәржімә халін жазған да - Кәкітай" ("Қазақ" 18.01.1915) деп өзі мойындағанын естен шығаруға болмайды.

Т.Жұртбаевтың "Записките" жарияланған мақаланы Ә.Бөкейхановтың Абай туралы "толықтырып жазған екінші мақаласы" дегені де томпақтау, өйткені ол 1905 жылы "Семипалатинский листоктың" 27, 29 қазандағы сандарында жарияланғанының қайтадан басылуы ғана. Ал қазақ тіліндегі түпнұсқасы Семей география бөлімшесіне 1905 жылы 27 тамызда келіп түскені тағы да белгілі. 1906 жылы қаңтарда

Ә.Бөкейханов Түзқалада жол үстінде ұсталғанда Абай жинағының қолжазбасы портфелінен шыққаны да рас, өйткені кітап етіп шығару үшін баспасы бар жаққа апара жатқан болатын. Сондықтан иі көңіл емес, тарихи шындық қымбат.

Әлихан Бөкейхановтың қолынан мұндай мақала жазу келетіндігін айта отырып, ұлы адамгершілігіне арнайы назар аудара кеткен абзал. Ол да осы мақалаға тікелей байланысты. Аудармада Абайдың өмірбаян деректерін Кәкітайдан алдым деп ескерткені бар. 1915 жылы Кәкітай дүние салғанда оның есімін бүкіл қазаққа жариялауды парыз санаған адамгершілігін естен шығармай, осы мәселеге қатысы бар ойларды суыртпақтаған жөн. Және қазіргілердің "Кәкітайдың мұндай мақала жазуға өресі жетпейді" дейтін өрескелдеріне Әлихан келісті тоскауыл қояды.

"Кәкітайдың әкесі Ысқақ - ақын Абайдың інісі. Кәкітайды жасынан сүйіп, Абай қасына ертіп бауыраған. Абай қасында жүріп мектеп көрді. Кәкітай орысша оқи да, жаза да білген. Абай білетін Еуропа жазушыларымен Кәкітай таныс еді. Ыждағаттылық арқасында сөзге ұста болды. Топта орысша сөйлеуге қысылмайтын. Сөз білетін еді.

Мен депутат сайланып шыққан жылы Семей қалсының орыстары бізді клубта қонақ қылғанда, орыс шешендеріне Кәкітай жауап та қайырған еді. "Біз Михаэлис пікіріндеміз. Солардың шәкірті Әлиханды сайлағанымыздың себебі осы. Абайдың тәржімә халін жазған да - Кәкітай. Осы екі істенак Кәкітайдың білімі оқушыларға танылып қалар" ("Қазақ", 18.01.1915, "Егеменді Қазақстан" 17.03.1992) дегені, сөз жоқ, адалдықтың белгісі, оның үстіне өмірде ізі қалған адамды жұртқа танытудың, үлгісі болса керек.

Ал енді Абай жинағы жайына келер болсақ, Кәкітаймен 1900 жылы шала-шарпы танысқанын еске алады да "1904 жылы Абай марқұмның өлеңін кітап қылып басындар деп, балаларына хат жаздым. 1905 жылғы шілденің аяғында Кәкітай Абайдың қолжазбасын алып, Омбыдағы маған келді. 1905 жылы жазғытұрғы саясат ісі қалай болғанын біздің "Қазақты" оқушылар біледі. Кәкітай біздің үйде бірер жұма жатты. Абай, Пушкин, Лермонтов сөздерін бірге оқып, мәзмейрам болдық. Анық тапыстық" деп тарихи қызықты деректерді айтып, өзі 1908 жылы абақтыдан шығып, Семейге келгенде соңғы рет "бір түн Қаражан үйінде бірге болып, мені Қарқаралыға Омарбек, Кәкітай шығарып салып, қош айтысқан жерде күшақтап жыласты. Мен қасарысып, буындырған күсаны сыртқа шығармадым. Бекер жыламаған екенмін... Қош қарағым, достым, Кәкіш" деуі, сөз жоқ,

кіршіксіз көңілді көрсететінін, екіншіден, қазақ әдебиетінде көрініс бастаған азасөз-естеліктің бір түрі болғанын да аңғаруға тиіспіз. Түптеп келгенде, азасөз сын жанрынан алшақ жатпайды.

Сонымен осы деректер мен дәлелдер мақаланың алғашқы авторы Кәкітай екендігіне ешшүбә тудырмайды. Оның үстіне Кәкітай стилі әрине таза қазақылығымен, өзіндік оралыммен көрінгенін ескерген шығарып тастауға болмайды. Ал енді ол орыс тіліне аударылғанда стильдік жағынан мүлде басқаша сипат алғанымен, ойды жүйелеп баяндауы, бір пікірді екіншімен жалғастыруы, оны өлең үзінділермен бекітуі, бүкіл структуралық құрылысының сақталуы тағы бар. Ал енді орыстадан 1991 жылы қайтадан қазақшаға аударылғанда тіпті мүлде жаңа сипат, тілдік өзгешелік тауып, алғашқы түпнұсқадан алшақтап кеткенін көреміз. Аударма процесінде мұндай бола беретін құбылыс екенін айтқанда, соңғы қазақша аударма Ә.Бөкейханов мақаласы деуге негіз бола алмайды. Өйткені мақаладағы жалпы ой ағыны, олардың түзілуі, әсіресе, Абайдың төңірегінде болған, оның өмірін көп жыл көзінен өткізген ғана адам жаза алатындығын Кәкітай пайдасына ойыстырары сөзсіз.

"Запискиде" жарияланған мақаланы Кәкітайдікі деп табу қытымыр заманда Абайтану ғылымына біркыдыру жаңалық әкелгенін естен шығаруға болмайды. Өйткені XX ғасырдың басында жарияланған мақаланың нақты авторын анықтау тарихи шындық үшін, ғылым үшін айрықша қажет болса, екіншіден, Абай жөніндегі әрбір дерекке баға жетпейтінін ең уақытта ұмытпаған жөн. Тіпті М.Әуезовтің өзі де "Запискидегі" мақаланы атаусыз қалдыруға мәжбүр болғаны тарихқа белгілі.

Кәкітайдың осы мақаласы "Қазақ" газетінде жарияланған бірнеше мақалаға арқау болғанын, яғни Абайдың ғұмырнамалық деректері содан бастау алғанын көреміз. Әрине, тасқа басылып шыққаннан кейін оны қай автор болса да пайдалануға ерікті екені, әрине ыңғайы бар жерде авторы елеусіз қалмауға тиіс екендігі тағы бар.

"Қазақ" газетінде жарияланған мақалаларда Абайдың ұлылығын тануда және елге насихаттауда біркыдыру ірі қадамдар жасалған кезде Абай даңқы жайылуы жайында болсын, Абай жаңашылдығын тануда болсын артық-кем айтылған пікірлер кездескені назар аудармасқа болмайды. Абай жөнінде классикалық мақала жазған А.Байтұрсынов, Абайдың қайтыс болғанына 10 жыл толуына арнаған М.Дулатов мақаласы болсын, әр қилы әңгіме ыңғайында Абайға ілгінат біліріліетін материалдар болсын "Абайды біз

ашып жұртқа танытып отырмыз" деген ойдың секеттейтіні болмағанмен, түсіндірер түстары да жоқ емес. Әйтпесе "туғанын, жасағанын, өлгенін өз елі тобықтыдан басқа қалың қазақтың көп жері білмей де қалды. Абай сөзі өзі өлгеннен кейін бес жыл өткенде басылды. Абай кітабы басылғаннан соң да елге көп тарай алмады", ("Қазақ", 23.06.1914) деп Абай даңқын тар шеңбермен өлшеулі тарихи шындық қолтамайды.

Қазақ әдебиеттану ғылымында Абай даңқының жайылуы мен өнерпаздығының танылуы жөнінде көптеген құнды деректер бар. Олардың біразы оқушыға мәлім.

М.Әуезовтің "Революциядан бұрын Абай жөнінде еш нәрсе жазылмады, айтылмады деуге болмайды. Абайды танудың басы, алғашқы адымдары революциядан бұрын басталған. Бұл жөнінде Абайдың, еңбектері үш түрлі боп жайылып тарағанын ескеру керек.

Бірінші жол - баспа арқылы тарауы; екіншісі - халық арасына ауызша жатталып, үнмен аралас тарауы үшіншісі - қолжазба түрінде әр көлемді жинақтар болып, көшіріліп тарауы" (20-том, 16) деп тұжыра және ғылыми тұрғыдан дәл айтқан ойының бірінші бабына, яғни баспасөз арқылы таралу жолына ғана назар аударсақ, біраз шындықты көреміз. Және бұл дұдамал күдік тудырмайтын ең өнімді де тарихи шындықпен айқын дәлелденетін жол.

Абайдың аты қазақ баспасөзі бетінде түңғыш "Дала уәлаяты газетінде"" аталғаны және "Айқап" журналының бетінен емін-еркін орын алғаны оқушыларға белгілі. Орыс және қазақ тілінде Абай және оның ұлы өнері туралы айтылған пікірлер "Қазақ" газетіндегі ойды қолтамайды.

Әзірге белгілі болған деректерге қарағанда, Абайдың аты ағылшын тілінде 1891 жылы Лондонда шыққан Джорж Кеннанның "Сібір және жер аудару" деген кітабында аталды. Бұл кітап 1905 жылғы революция түсында орыс журналдарына аударылып, жеке кітап болып басылып шықты. Семей кітапханасын пайдаланып жүрген қазақ зиялысы - Абай Құнанбаев бұл еңбектерде экзотикалық тұрғыдан баяндалып, Қазақстанда талай рет насихатталып келе жатқан дерек болғандықтан Абай даңқының шетелге жайылуының бір көрінісі ретінде аталуға тиіс.

Қазақ туралы жазылған кітаптардың, газет-журналдардағы мақалалары мен заметкаларының көрсеткішінде А.Алекторов Абайдың "Дала уәлаятының газетінде" 1889 жылы жарияланған "Күлембайға" деген өлеңіне мынадай түсіндірме берген: "В стихотворной форме неизвестный автор (Абайдың

қолы қойылмаған той - Т.К.) бичует за безделие и незаконные поступки; между прочим он говорит:

Вы, простофили, имеете мало ума,
А таким быть управителем трудно,
Если же вы не способны к делу,
Зачем тогда стремились на должности?

Все стихотворение проникнуто в некотором роде гражданскою скорбью" деп Абай өлеңіне баға бергенін де естен шығара алмаймыз.

Ә.Маргұлан мен М.Сильченконың орыс географиялық қоғамының этнография бөлімінің архивіне И.Н.Кутацев тапсырған материалдардың ішінде Абайдың 7 өлеңі жатқанын анықтауы да айта кететін факті.

Абайдың аты аталуы, өлеңінің архивте сақталуы сияқты деректер қаншама мәнді болса да, Абайдың өнерпаздығы жайлы тереңнен толғаған, қазақ әдебиетінде жаңа бағытты бастағанын жазған бір еңбекке айрықша тоқталу керек.

1903 жылы П.П.Семенов пен В.И.Ламанскийдің басқаруымен "Россия. Полное географическое описание нашего отечества. Настольная и дорожная книга для русских людей" деген жалпы атаумен шыққан еңбектің 18 томы түгелдей қазақ өлкесіне арналды. Оның "халқы" дейтін екінші бөлімнің төртінші тарауы "Историческая судьба Киргизского края и культурные его успехи" деп аталады. Бұл тараудың авторлары - А.Н.Седельников, А.Н.Бөкейханов пен С.Д.Чазов. Ал бесінші - "распределение населения Киргизского края по территории, его этнографический состав, быт и культура" деген тараудың авторы жалғыз А.Н.Седельников. Әдебиетке, әсіресе Абайға байланысты пікір осы тарауда айтылғандықтан Ә.Бөкейхановтың қатынасы болуы қай дәрежеде екенін аңғаруға тиісіз.

Тарау авторы, яғни А.Н.Седельников: "среди тюрков, кочующих в Азии, киргиз-казахи - наиболее культурный народ, и несомненно, что ему предстоит лучшее будущее: количество его увеличивается, и он оказывается восприимчивым и культурным приобретениям.

О сравнительной культурности киргиз-казахов можно судить отчасти по характеру языка, по способности и форме излогать свои мысли, по богатству народной литературы и, наконец, по состоянию развития искусств" деген толымды ой айтып, талай қызықты деректер келтіріп, бақылаулар жасайды. Өз ойын логикалық жүйемен орбіткенде халық творчествосының бай екенлігін "Қозы Көрпеш - Баян сұлу"

сияқты лиро-эпосты қызыға баяндап, Аягөз маңында ескерткіш салғанын айтып, жазба әдебиетке көңіл бөледі. Сол кезде жиі аталған күні бүгінге дейін қазақтар көңіл аудармай келе жатқан Ногайбайды және оның ізін қуушыларды ("певцов народного горя, выразителей нужд и положения беднейшей части киргизов-джатаков"), Шортанбайдың "Зар заманын" атай отырып, жазба әдебиеттің соңғы кездегі биігі ретінде Абайға тоқталады. "Наконец, как представителя нового течения в киргизской поэзии следует назвать Кномбая (в Семипалатинске), - автора много стихотворении, изящных по форме и поэтических по содержанию (особенно описания природы)" деп Абайдың көзі тірісінде тұңғыш рет ғылыми мәнді қорытынды жасаған болатын.

Ал енді осы "Кномбай" - Абай ма дегенге келсек, автор мынадай мағлұматтар келтіреді. "Этому же автору принадлежать хорошие переводы "Евгения Онегина" и многих стихотворении Лермонтова (который оказался наиболее понятным для киргиз), таким образом у семипалатинских "уленши" (певцов) можно слышать напр.: "Письмо Татьяны", распеваемое, конечно, своей мотив" (204-бет). Әрине Абайдың өнерпаздығын, әдебиетке әкелген жаңалығын дәл бағдарлаған уақытта Ә.Бөкейхановтың ауызекі кеңесі болған да шығар. Өйткені 2-бөлімді бірге жазысқан авторлардың бір-бірімен ақылдаспауы мүмкін емес. Абай 1904 жылы дүниеден өткенде шығармасын жинап, жариялау жөнінде ойы осы кезден тұтануы да ғажап емес. Әйтеуір Абайдың творчестволық тағдырына Ә.Бөкейхановтың қамқоршы жанашыр болғаны даусыз.

1909 жылы Уфа қаласындағы "Шарық" баспасында Омбы қазағы Зейнелғабиден бин Ялкаж Мұқмырақ Әлжауари (яғни Зейнелғабиден Әмрин) құрастырған "Насихат қазақия" атты кітаптың "Әдебиет қазақия, яки қазақтың тіл өнері" деген бөлімінде "сөзге ұсталық әр халықта мақтаулы болғаны сықылды, өлеңшілік те құрметсіз, қадірсіз емес. Гарантардың Лібиі, русларының Пушкині кияметкеше халық тілінде сөйленіп, тарихта жазылды... Басқа халықта болған сықылды қазақтарда да бар...

Енді милләт бақшасын ғылым мағариф пенен зейнеттеп (қадірлеп), теңдік сарайында шешендерімізді сөйлестіріп, өлеңшілерімізді озыстырсақ, мәжілісіміз - гүлді, сөзіміз - нұлды болар еді.

Жалғыз-ақ шешендік байлаусыз, дәмсіз, көпке пайдасыз құргақ ұғымнан болғаны сықылды, мақтаулы өлеңшілік те біреуді мақтап-малақтауменен, біреуді сақтап-жақтауменен

болмайды, бәлки шешеннің тілі, шеберлің қолы ортақ болсын. Өлеңнің іші алтын, сырты күміс болып, үлгі өрнекпенен болсын" деп өзінің әдебиет жайындағы көзқарасын баяндайды да, "Жақұт қазақ әдебиеті" деген тақырыпша қойып, Абайдың "Өлең сөздің патшасы сөз сарасы" деген шығармасын толық келтіреді. "Тобықты Ыбырай марқұмның сөздерінен" деген бөлімде "Қартайсаң қайғы ойлайсың,, үйқың серпек", "Бай алады кезінде көп берем деп" шығармаларын даралап алған уақытта, ақындық туынды осындай болсын деген эстетикалық талабын айтпақ болған.

Қазақ баспасөзінің жаңдана түсуінің арқасында Абайдың аты қазақ даласынан тысқары аймақтарға да тарай бастады. Оның бір көрінісі Д.Кеннан кітабы болса, енді М.Мырзахметов "Абай туралы жаңа деректер" деген мақаласында "Абай шығармаларының ревелюциядан бұрын Таһридің аударуымен Иранда басылуы, Шәдінің Абай шығармасына өлеңмен түсінік жазуы, "Шора" журналына 1908 жылы Абайдың философиясы туралы зерттеу мақаланың түсуі" ("К.Ә." 12.10. 1962) деген деректер айтып отыр. Соңғы екі фактіні бірқылыру зерттеушілерге азды-көпті мәлім болса, Абай шығармаларының Иранда шығуы нақты деректермен дәлелдей түсуді қажет ететін жаңалық.

Осы ретте, татар, башқұрт ақын-жазушыларының Абай жайында айтқан пікірлерін зор ілтипатпен атау парыз. Татар ғалымы, филология ғылымының докторы Хатип Усманов өзінің "Егіз жырлар" атты мақаласында башқұрт ақыны Шаихзада Бабич 1913 жылы "Мен Құнанбаев жырларынан керім әсемдікті, абзал сұлулықты көрем де, рақат сезімге боленем, мен оның орнын татар ақыны Тоқай мен араб ақыны Имраилькаис тұрған биікке апарып қойдым" ("Қ.Ә." 26.10.1962) деп жазған екен деп хабарлады.

Татардың қайсыбір ауыздықпен алысқандары қазақ әдебиетін татар әдебиетіне бағындырамыз деп шу көтеріп, әлек болып жатқан уақытта татардың классик жазушысы Ибраһим Ғалимжанов: "қазақ әдәбияты инде болған бір факт. Бөтен қазақ сахарасына әдеби азық булып ве жирлар, бизнен хәзерге шағыйрләремездән күп әләк яшап, киң далада авазы яңғыраған Ибраһим Құнанбайлар, соңғы Сәдуллиннар... - гамум ән қазақ телендә баш көтерген әдәбият хәзәр инкар итәрга мөмкин булмаған бір фактдыр" ("Ан", N5, 1916) деп жазған болатын.

Абай өнерпаздығының танылуы мен даңқының жайылуында айрықша атап өтетін жыл - 1914 жыл. Данышпан ақынның туғыш жинағының қазақ еліне кең таралуына

және дүние салғанына 10 жыл толуына байланысты газет-журналдарда бірқылыру мақалалалар жарияланды. Арнайы әдеби кештер ұйымдастырылды. Соның ішінде орыс география қоғамының Батыс Сібір бөлімінің Семей бөлімшесінің ұлы ақынға көрсеткен ілтипатын айрықша атаған орынды.

1913 жылдың желтоқсанында Абайдың ең жақын досы Евгений Петрович Михаэлис дүние салғанда "Запискидің" VII санында жарияланған қысқаша қазанамада Михаэлис "открыл за Иртышом большой поэтический самородок в лице Ибрагима (Абай) Кунанбаева. Заметив живой ум, большую любознательность Абая, Михаэлис серьезно занялся его воспитанием.

По указанию Евгений Петровича Абай перечитал русских классиков - Пушкина, Лермонтова, Некрасова, Тургенева, Достоевского и др., познакомился с сочинениями Спенсера, Льюиса и Дрэпера.

Абай прекрасно потом понял, чем он был обязан Евгению Петровичу и с трогательной благодарностью воспоминал о нем до конца своей жизни: Открыл мои глаза Г. Михаэлис - обыкновенно говаривал Абай" делінсе, 1914 жылғы VIII шығуы түгелдей Михаэлистің өмірі мен қызметіне арналғанда "Его талант со всей силой проявился в делом ряде поэтических произведений; которые захватывали степь, и сделали имя Абая весьма популярным" деп жазуы Абай даңқын Тобықтының тар көлеміне шектеуге болмайтынын көрсетсе керек.

Семей бөлімшесінің қазақ мәдениеті тарихында істеген бага жетпес еңбегі көбіне Абайға байланысты десек те артық болмас, өйткені 1914 жылы 26 қаңтарда данышпан ақынды еске түсіру кешін өткізді. Өзінің осы дәстүрін берік сақтаған бөлім 1924 жылы да Абайдың қайтыс болғанына 20 жыл толуын атап өтті.

1914 жылы Абайға арналған кеш қазақ тарихында бұдан бұрын болып көрмеген мәдени оқиға екенін айрықша айту керек. Сондықтан да "Айқап" журналының "Біз өзіміз істеуге тиісті болған бір істі бізге орыстар істеп берді. Аланқа аты мәлім атақты ақын әм философ Ибраһим Құнанбаевтың өлгеніне биыл он жыл толады, ілгері басқан жұрт бұндай қалірлі адамдарының атағын шығару үшін талай белгі істеген болар еді" (N4, 1914) деп өкініш білдіре жазуында үлкен мән бар екенін аңғармасқа болмайды.

Абайдың шығармаларын насихаттау, халыққа таныту ісінде қазақтың тұңғыш журналисі Нәзипа Құлжановаңың еңбегі айрықша. Осы еске түсіру кешінде баяндама жасаған

Нәзипа "Абайды туғызған қазақ даласы тағы да талай Абай секілді, бәлки онан да артық данышпандар туғызар" дегенде тыңдаушы қазақтардың жүйкесі босап, көзіне жас алғандары да болды. (Байғүс қазақ қамкөңілді ғой). Нәзипа ханымның орысша таза сөйлеуіне орыстар таң қалды дегенді айта келіп "Айқап" тілшісі "Абайдың қадірі халыққа зор екен, Абайдың өлеңі оқылғанда талай қазақтың көзінен жас моллиреді. Абай секілді сұңқардың орны бос қалмас деп үміт етеміз" деп қорытынды жасаған.

Осы кеш жайында "Қазақ" газетінде де хабар жарияланды. Тілші "Атақты ақынымыз марқұм Абай Құнанбайұлы турасында баяндама оқылады деген хабар халық арасына бұрынырақ таралған себепті, жұрт ол күнді асыққандай күтіп тұрды" деп хабарлай келіп, бұл жағрафия жамиғатының кеші халықты сүйсіндіріп, көңілін ашты. "Бізде де Абайдай данышпан адам туады екен-ау, атағы қазақ түгіл орысқа да шығып, өзі өлсе де терең ойларын, қымбат сөздерін, түрленген күйлерін жұртына мирас қылып, артына қалдырғандай" деп жұрт шаттанды" (21.02.1.914) деп тілші Абай жөніндегі халық пікірін көлемі жинақы, мәні қомақты сөздермен бітірген.

Абайдың данқының жайылуын Мәскеудегі Лазарев Шығыс тілдері институтының академик А.Н.Веселовскийдің 70 жылдығына арнап 1914 жылы шығарған "Әлшариқат" жинағындағы материалдармен көрсете кеткен жөн.

Абайдың өмірбаянын жазып, шығармаларының мән мақсатын орыс оқушы қауымына түсіндірген Нух, Рамазанов "в нем ярко олицетворяется переломная пора в духовной жизни киргизского народа. Первый из киргизов испытал он на себя силу русской школы, а знакомство с политическими ссыльными в 80-х годах расширило его умственный горизонт - он горячо полюбил русскую литературу" (224-бет) деп Абайдың ақындық арнасының ең мәнді жағын ашып алады да, Пушкин шығармаларының әшкереленіп рухы оған жақын да қонымды болғандығын, Крылов мысалдары Абай сөзінің мәнділігін, әсерлілігін арттыра түскендігін, өзінің тамаша шығармаларымен халықтың қалаулысына айналғандығын баяндай келіп, Абай шығармаларының таралуы жайында "стихотворения Кунанбаева путем устной передачи и переписывания распространяются среди киргизов, живущих за пределами его волости" деп ел аралап жүрген ақындар мен өнерлі жастардың еңбегін дұрыс көрсетеді.

Н.Рамазановтың мына баяндауы да елеусіз қалмауға тиіс. Өйткені авторлың Абай өлеңдерін талай тыңдап, гибрат алғаны байқалады, сонымен қатар Абай өлеңдерінің мәні

мен мазмұнына, көркемдік қасиетіне орынды пікір айта алған. "Стихи Абая особенно привлекали слушателей по содержанию, они все взяты из жизни народа и художественны по форме.

Когда певец начинает петь насмешливые стихи Абая, слушатели оживают: они находят у себя или у другого те или другие недостатки, остроумно подмеченные Абаем.

Постепенно веселый смех умолкает, слушатель задумывается" (226-бет) деген пікірдің шындықтан туғандығы бір болса, екіншіден, автордың сыншылық көзқарасының құнарлы екендігін де аңғартады. Абай өлеңдерінде мазмұн мен түрдің тұтастығына ой жіберуі, қазақ тұрмысының шындығын көркем бейнелегендігін айтуы, ойдың оқушыға әсер етуін баяндауы әншейін ғана айтыла салмағанын Н.Рамазановтың: "В стихах Абая нет лишних слов, как у других киргизских поэтов, которые в погоне за рифмой загромаждают тему стихотворения вставочными эпизодами и мотивами (такие стихи Абай называет стихами в заплатках). У Абая слова на своем месте: каждое слово имеет свой глубокий смысл. Киргизы прекрасно понимают достоинства его произведений, поэтому слушают с интересом, хотя Абай безпощадно высмеивает и порицает их, иногда даже проклинает за безпечный образ жизни" (227) деп білімдарлықпен айтқан пікірі автордың эстетикалық талап-талғамының жетілгенін де, сыншылық ойының қомақтылығын да көрсетеді. Сонымен қатар осы айтылған ойлар А.Байтұрсыновтың "Қазақ" газетіндегі мақаласында "Абайдың терең пікірлі сөздерін қарапайым жұрттың көбі ұға алмай ауырсынады. Абайдың өлеңдерін мың қайтара оқып, жаттап алып жүрген адамдардың да Абайдың кейбір өлеңдерінің мағынасын түсінін жетпей жүргендерін байқағаным бар, құты осының мағынасы не деп сұрағандары да бар" деген пікірге біршама жауап болуға да жарайды.

Осымен қатар Ахаңның осы классикалық мақаласында теориялық тұргыдан түсіндіретін бір кисын бар. Абай әрі жазушы, әрі сыншы, әрі шебер болғандықтан қазақ поэзиясына көп жаңалық қосты. "Абайда өлең сөздің неше түрлі үлгісі, өрнегі табылады. Ол өрнектерді ойдан шығармай, орыстан алса да, орыс өлеңдерінің өрнектері қазақ тіліне жарайтындығын бастап көрсеткені де зор көсемдік" деп Абай жаңашылдығының төркінін дәл басады, оны ұлы жаңалыққа, көсемдікке теңейді де, "Абай өлең жақсы болуға керек шарттардың бәрін білген. Сондықтан өлең қай тарапынан болса да толық. Жалғыз-ақ міні бар. Ол мін - өлең бунақтары тексерілін орнына қойылмағандық. Оны оқығанда я үйге

салып айтқанда кемшілігі зор болады. Дауыстың ағынын бұзып, өлеңнің ажарын кетіреді, мысалы, тоселіп желіп келе жатып, шоқытып кеткен сиякты. Бұл кемшілікті түзетуге болады. Өлеңнің үш буынды бунақтары мен төрт буынды бунақтары алмасып кеткен жерлерін алып, өз орындарына қойса түзеледі. Мұнан басқа өлеңдерінде мін бар деп өз басым айта алмаймын" (219-бет) деген кемеңгер байқампаздық, эстетикалық білімдарлық сөз жоқ, қанатын қомдаған қазақ әдебиеті сыны үшін ұлы олжа, мақтан тұтар ғылыми тұжырым екендігін алдымен айтып алу шарт. Өйткені мұндай пікірді сонау заман түгіл, әжептәуір жетілін қалдық деп жүрген дәуірле де келістіріп айтып, түсіндіріп жүргеніміздің өзі неген-саяқ. Өлең құрылысы, оның ішкі ұйымдасу шарттары, дыбыстың әуезділігі тұрғысынан келгенде бұл тамаша теориялық қисынды Ахаң "Әдебиет танытқышта" әрі нақтылай дәлелдей түскен. Ол ойларын жалпы "Өлең шығару" бөлімінің "Өлең ақындары" деп аталатын тарауында ауысып түскен бунақтардың өлең ағынына, әуезділігіне тигізетін зиянын айтқанда "бұл кемшіліктен қазақ ақындарының көбінің-ақ сөзі аман емес. Әсіресе, Абай өлеңдерінде көбірек ұшырайды. Мұндай кемшілігі бар өлеңдерді сол күйінде өзгертпей үнге қосуға болмайды" (389-бет) деп 1913 жылғы пікірін монографиялық еңбегінде онан әрі қоюлата түсті.

Алайда Ахаңның бүкіл теориялық негіздеуіне қарсы болмаған күннің өзінде, бір ғана жайды ескертпей болмас. Дауыс ырғағын өзгерту, өлең ағынын құбылту, әуезділікке екпін түсіру тек бунақтардың алмасып кетуінен емес, автордың алдына қойған мақсатынан туғаны аян. Орыс өлеңдеріндегі тоникалық жүйенің әсерін Ахаң көре білсе де, өлең өрнегіне келгенде есепке алғысы келмейді. Тамаша білімдарлықпен "орыс өлеңдерінің өрнектері қазақ тіліне жарайтындығын" Абай дәлелдеп, көсемдік жасады деп отырса да, екі өлең жүйесінің, яғни тоника мен силлабиканың өзіндік ерекшеліктерін санатқа алуға ниеттенбегені байқалады. Бірнеше рет бунақ тұрақтылығын әнге қосу қажеттігін қайталап айта беруі силлабикалық өлең жүйесінің негізгі талабынан туған да, тоникадағы дауыс ырғағының рөлі айрықша зор екені ескерілмеген. Тоникадағы интонациялық принцип дауыс екпінін құбылтып отыруды талап етеді. Ондай өлеңдер тақпақтан айтуды, ұрандатуды қалайды. Абай өзінің диірменінен үнтақтап шығарғанда бұлардың қосындысы былайғы жұртқа біліне қоймайды. Бұл процесс ақындарда, әсіресе, төңкерісті жақтағандарда көбейіп, қазіргі қазақ поэзиясында сезілмейтін күйге жетіп отыр.

Н.Рамазановтың бұл мақаласы төңкеріске дейінгі Абайтануға қосылған шоқтығы биік құнарлы еңбек болғаны осындай онімді ойларға өзек бола алғанынан да аңғарылса керек.

"Әлшарықат" жинағына Сатылған Сабатаев аударған "Жаз", Н.Рамазанов аударған "Ауылдың жаны терең сай", "Ызалы қол, улы сия, өткір тіл", "Өлсем орным қара жер сыз болмай ма" өлеңдері поэзиялық қасиетін жоғалтпай бүкіл ресейлік оқушы қауымға жетті. Орыс тілінде Абай жайында айтылған ой-пікірлерді В.Н.Белослюдовтың Абай музейіне тапсырған қолжазбаларынан да, сондай-ақ 1915 жылы Томскі қаласында шығатын "Сибирский студент" журналындағы "О киргизской поэзии" деген үлкен мақаласынан да көреміз. Бұл мақаланың авторы қазақ поэзиясының әргі-бергісімен таныс сиякты. Жанақ пен Орынбайдың, Шоже мен Әріптің, Біржан мен Сараның аттарын атап қана қоймай, әрқайсысының еңбектері жайында, сондай-ақ қазақтың бай ауыз әдебиетінің үлгілері туралы өз ойын тартынбай айтқанынан байқаймыз.

Шоқан Уәлихановтың асқан ғалымдығына, Ыбырай Алтынсариннің ағартушылық қызметі мен ақындығына айрықша ілтипат көрсетіп, Абайды "Великий киргизский поэт" деп табады да, "Абай открыл богатства родного языка простыми словами, понятными каждому, излагал основные идеи философии" (N3 - 4) деп қазақ тілін білетіндігін аңғартады. Соның арқасында қазақ поэзиясының, оның ішінде ұлы ақын творчествосының көп ориенталистердің көзіне түсе қоймайтын ішкі мәселелеріне үңіліп, құнды пікірлер айтқан.

Абай жөнінде 1917 жылға дейін айтылған-жазылған пікірлер біркыдыру, біз олардың ішінен тек негізгілерін ғана іріктеп алдық та, Абай творчествосының насихатталуы мен танылуы процесінің қандай арналармен жүргендігін аңғартуды көздедік.

Әбіш Жиреншиннің деректеріне қарағанда 1917 жылы Абайдың өлеңдері Самат Әбішұлы Нұржановтың құрастыруымен "Абай термесі" деген атпен Орынборда шыққан көрінеді. Семейде "Абай" атты журнал шығуына байланысты Абай творчествосын насихаттаудың жаңа кезеңі басталды. Енді тек үгіттік тұрғыдан емес, ғылыми игерудің алғашқы нышаналары көрініс бастағанда, замана қысастығына кезікті. Алайда Абайтану процесі күшейіп, ғылым саласына айнала бастады. Ал 1918 жылы жабылған "Абай" журналы енді қайтадан шыға бастады.

Сонымен, кемеңгер акын творчествосының танылу,

насихаттаду, Абай дақпының жайылу жайы басқа бетінде жарияланған осыншама материалдар Абай дақпы Тобықтының төңірегіне ғана, әрі кетсе Семей мен Ақмола облыстарына ғана белгілі еді деген пікірлердің шындықтан алыс жатқандығын көрсетеді.

Егер әрбір өнерпаз тұлғаның еңбегі мен дақпының баспасөз бетіне түсуін есепке алатын болсақ, онда төңкеріске дейін Шоқан мен Ыбырайдан кейін Абайды ғана айта аламыз. Бұлар бүкіл қазақ даласына әрі ғалым-саяхатшы, әрі аскан педагог, әрі данышпан ақын бейнесінде танылды да, аратүра орыс тілінде, қала берді шетел тілдерінде аттары аталып, өздерінің географиялық шеңберін кеңейткен болатын.

Баспасөз бетінде Абай жайында, оның шығармалары туралы арнайы пікірлер айтылып, қорытындылар жасалуы - кемеңгер өнерпаздың танылу және дақпы жайылуының ең негізгі жолы. Сонымен қатар, осы жолға жанамалап қосылатын екі соқпақ бар. Оның бірі Абай шығармаларынан үзінділер алу, цитат келтіру, ал екіншісі - Абайды ақындықтың атасы тұтып, оған өзінің ілтипатын білдіретін өлең-жырларын арнау жолдары.

Бірінші жанама жол жайында онша көп деректердің қажеті шамалы. 1909 жылдан кейінгі қазақ баспасөздерінде Абай өлеңін өзі айтайын деп отырған мәселеге эпиграф қылып алу, сондай-ақ өз ойын дәлелдеу үшін мысал етіп алу өте жиі кездесетін құбылыс. 1912 жылы Молдағали Жолдыбаев Шаймерден Әлжановтың "Жұртқа қайтсең жағасың" деген мақаласына жауап жазған уақытта орысша оқығандар туралы айтпақ ойын Абайдың "Интернатта оқып жүр талай қазақ баласы" дегенінен едәуір үзінді алып дәлелдеген.

Қазан төңкерісіне дейінгі қазақ баспасөзінің бетінде Абай өлеңінен көбірек цитат алмаған өнерпаз болған емес. Әдебиет жайлы мақалада, хат-хабарда ғана емес, саяси-шаруашылық, әлеуметтік мәселелерге арналған мақалаларда Абай шығармаларынан үзінді алып, цитаттар келтіру объективті түрде Абайдың творчествосын насихаттаумен, Абайдың дақпын жаюмен пара-пар. Ал Абайды насихаттаудың екінші жанама жолы әлгіден сәл өзгешелеу. Мұнда кездейсоқтықтан гөрі саналылық басым. Өйткені өзінің қадір тұтқан адамына арнайы өлең шығару, біріншіден, саналы шығармашылық процесс, екіншіден оны насихаттаудың бірден-бір ұтымды жолы, поэтикалық жолы. Революцияға дейін шыққан кітаптарда, газет-журналдарда Абайға әдейі арналған өлеңдер де, сондай-ақ өзінің ақындық жолында Абайдай өнерпаз болуды армандаған шумақтар да едәуір кездеседі. Олардың

бәрін бірдей тізе бермеу үшін тек негізгілерін ғана пайдаланған жөн.

Әрине, басқа бетін көрмей кеткен, өзінің ағайын-туыстары шығарған, тіпті әрі-беріден соң жоқтау түріндегі өлеңдердің болғаны тарихқа белгілі бола тұрса да, әдебиетте өз орны болғандардан біраз шумақтар келтірген орынды, өйткені онда таным-білік әрі жоғары деңгейде, әрі саналы қадам басым.

1912 жылы қазақ поэзиясына жарық жұлдыз болуды армандаған Мағжан Жұмабаев "Шолпан" атты өлеңдер жинағын шығарды. Сонда сыйынған пірінің бірі - Абай болды.

Шын хакім, сөзің асыл - бага жетпес,
Бір созің мың жыл жүрсе дәмі кетпес.
Қарадан хәкім болған сендей жанның
Әлемнің құлағынан үні кетпес!..

Ай, жыл өтер, дүние көшін тартар,
Өлтірін талай жанды жүгін артар.
Көз ашып, жұртың ояу болған сайын,
Хәкім ата, тыныш бол, қадірің артар! —

деп зор сенім білдірген еді.

1914 жылы Абайдың дүние салғанына 10 жыл толғанда "Абай кітабына" деген атпен "Уақ" деп қол қойылған өлең жарияланды. Авторы кім екенін анықтай алмағанымызбен, алдыңғы ойдың үрдісімен шыққан шумақты оқығанымыз жөн.

Күнінде жүз оқысаң жалықпайсың,
Көз талды, шаршадым деп талықпайсың.
Бір созін бір созінен артық көріп,
Құмар боп қайта-қайта аныктайсың.
Бойды ертіп, буынды алып магынасы,
Тұрганда оған нағып қамықпайсың,
Созі рас, созі таза, созі ақыл,
Көңілге бір жері жок жабыспайтын.
Қазакта мұнан артық сөз шыққан жок,
Багалап мынау не деп пар ұстайтын...
Жол тауып, жоба тауып, жолдас тауып.
Халқының жонын ізден табыспайтын.
Есіл ер бұл заманда болмады-ау деп,
Қазакта кабырға жок қайыспайтын.

Сөкеннің 1914 жылы шыққан "Өткен күндер" жинағында "Ақын" атты өлеңі Абайға арналып:

Саналы көзі ашыққа сөзің алтын,
Санасызға жел сөз - соққан салқын.
Ойында санасыздың еш нәрсе жоқ
Ілгері бассын деген қазақ халқын.

деген мәнді ой-пікірлер айтылуының өзі көп мәселені аңғартса керек.

Абайдың халықты жақтап, әділет үшін күресі жайында Шәкәрімнің талай шығарма арнағаны, оның ішінде "Қалқаман - Мамыр" дастаны мен "Қазақ айнасы" жинағында аталғанына арнайы тоқталмай, Тайыр Жомартбаевқа көшсек:

Бос жүрген атаң-бабаң не қалдырды,
Өмірі өткен қар жамылып, төсенің саз
Кешегі үлгі шашқан хакім Абай,
Оның да сөзін ұғып қалғандар аз.

деп қапаланғанын айтпасқа шарамыз қалмайды. Осы шумақтың өзі-ақ оқушының көңілін алаң қылатыны, Абай не жазып кетті екен деп іздестіруге себепші болатыны ақиқат.

Қалың көпшілікке Абайдың кім екенін таныту даңқын жаюда мынадай өлеңдердің септігі де аз тимеген. Б.Айтқожаұлының 1915 жылғы "Шын мақсұдтар" жинағында:

Жазылған кітаптары жүр шашылып,
Қанжардай жүрекке тік шаншылып.
Үй басы ізден жүріп беріп кетті,
Ескер деп осынымды қол тапсырып.

Енді ойласақ мақсұты - елдің қамы,
Қара қазан, сар бала тандағаны.
Сұрамай білің кету мүмкін емес,
Іші ұзын, сырты қысқа мағыналы.

деген өлеңдер Абайдың ұлы өнерін, асыл арманы мен мұратын мойындаудың белгісі болса, екінші жағынан, Абай даңқын жаюдың негізгі тәсілі болды. Осындайлардың бәрінен хабардар болған және Абай творчествосын жетік білген

Көлбай Тоғысовтың "Абайды Пушкиннен кем деп айтуға бола ма?" деген риторикалық сауалының өзі сол кезеңде жария болған пікірлердің түйіндемесі сияқты.

Сөйтіп Абай творчествосы және оның өнегелі өмірі Қазан төңкерісіне дейін орыс, қазақ тілінде жарияланған арнайы мақалалар мен еңбектер арқылы қазақ еліне жария болды. Осы негізгі арнаға жанама соқпақтар - әлеуметтік, қоғамдық, шаруашылық, оқу-ағарту мәселелеріне арналған еңбектерде Абай өлеңін цитатқа алу және ұлы ақынға арнап өлең шығару жолдары да тоғысып жатты.

Абай өнерпаздығына, даңқына мүмкін қадерінше мол тоқтағанда, ең алдымен сынның қанағатануына, айтарының нақтылануына, баяндаудан гөрі дәлелдеуге ұмтылуына үлкен өнер, ұлы дарын ғана жол ашатындығын көрсету бір болса, екіншіден, жоғарыда әдейі ұзақ-ұзақ келтірілген үзінділер қазақ сынының зор екпінмен көрінгенін және көпшілік көзінен тыс қалып келе жатқандығын аңғарту мақсаты жеңе берді. Оның үстіне жазба әдебиет пен сынның творчестволық арақатынасын сөз еткен уақытта мұндай материалдардың бәрін пайдалану қажет. Өйткені теория жүзінде айтылатын қағидалардан бұрынғыдай мысал іздеп, құрақ-жамау жасаудан безу үшін ұлттық таным-біліктен туған материалдарды көрсету абзал. Ол тың деректерді оқушылардың өзінше пайымдауына жол ашады, танытқыштық (познавательный) сипатын күшейте түседі. Сондықтан өз топырағында туған қисындар өз шындығына үйлескенде ғана өміршең болмақ.

Қазақ әдебиеті сынының туу, жанрлық сипат ала бастауын әңгімелеген уақытта оның қайнар көзі, творчестволық арғы арнасы болған ауыз әдебиетінің тамаша үлгілерінде, әсіресе, ақындар айтысында халықтың эстетикалық таным-үсінігін танытатын көркемдік құбылыстар мол екенін аңғарамыз. Айтылар ой, қорытар пікір, берер баға сөз өнерінің қалыр-қасиетіне, өнерпаздық дарын қуатына жүйелі талдау жасамайтын, бірақ сыпайылық ой-пікірдің, көзқарастың, көркемдік таным-біліктің сілемдерін танытып отыратын халықтық эстетиканы ешуақытта санаттан шығарып тастай алмайды. Көне дәуірдің сүбелі ойлары да ескерілмек.

Қазақтың сыпайылық ойының оянып, туа бастау шағында ұлы ағартушы-демократымыз Шоқан, Ыбырай және Абай қоғамдық сананың үш мәнді саласы бойынша ой өрбіткені мәлім. Шоқан Уәлиханов өзінің әдебиет жайындағы ой-пікірлерін ғылыми арнамен, Ыбырай Алтынсарин педагогикалық жүйемен баяндаса, Абай Құнанбаев

эстетикалық танымменен түжырымдады. Демек, қанатын қомдап, үшуға талпынған сәби сынға бұл үш сала, яғни ғылыми, педагогикалық және эстетикалық баяндаулар мен танымдар үлкен таяныш болып, оның алар қамалдарын, асар асуларын бірсыдырғы дәл белгіледі. Келешектегі социологиялық-эстетикалық ойлардың озық та мәнді, өрелі де биік деңгейіне жол-жоба көрсетті.

Сынның негізгі көрінер арнасы - газет пен журнал. Сын жанрының табиғаты көбінесе өзінің кезеңдік сипатына орай әлеумет көңіліне ой салып отырған көркем туындының мән-жайын оқушы қауымға түсіндіру міндетімен қатар, сол шығарманы жазған авторға мүмкін қадірінше көмектесу, жәрдемдесу мақсатын көздейді.

Сыншылық пікір өзінің осы қасиетіне сай уақыт жағынан оңша алшақтыққа ұрынбайды. Оқушының ойына нәр берген, ойландырып-толғандырып отырған шығарманы сын ертеңге қалдырмай, бүгін айтады. Сонда ғана ол әдебиеттің даму барысына әсер етеді. Ал сынның сол күні айтқан түжырымы өміршең бе, жоқ болмаса бір күндік ғана ма және қандай эстетикалық талап-талғам тұрғысынан жазылды, - ол мүлде басқа мәселе. Өйткені әр кезеңнің талабы мен түсінігі әр қилы. Бірақ та сол сын пікірлер мерзімді баспасөздерде хатталып, ара-тұра кітап беттерінде жариялануы да мүмкін. Қалай болғанда да, Пушкин айтқандай, сынның өресі сол кезеңдегі әдебиеттің деңгейінен шығандап кетпейді.

Демек қазақ баспасөзінде жарияланған сыни материалдар мен мақалалар өзінің эстетикалық деңгейі жағынан да, баяндау тұрпаты жағынан да дәлелдеудің терендігі мен саяздығы жағынан да мансұқ етілмеуге тиіс. Өйткені қазақтың қоғамдық өмірінің көгінде пайда болған баспасөз орындары, әсіресе, "Түркістан уәлаятының" және "Дала уәлаятының" газеттері халықтың әлеуметтік сана-сезімін ояту бағытында бірқыдыру еңбек етсе, екінші жағынан, әдебиет сынының туына дайындық жасады. Бұл кезеңдегі әдеби сын элементтері әлі де болса жалпы әлеуметтік, қоғамдық мәселелермен баттаса айтылып, өзіне мәнді арна табуға ынғайы барын аңғартты. Сондықтан қазақ сынының эстетикалық дәрежесі оңша көтеріңкі талапқа жауап беріп, өрелі биіктен шыға қоймаса да, өзінің жанрлық сипатын "Айқап" журналынан, әсіресе "Қазақ" газетінен таныды.

Қазақ әдебиеті сынының туу процесін кейінгі кезге сүйреушілердің ойынша сын қомақты формада көрінуге, ал газет-журналдарда жарияланғандар тек сын элементі болып есептелуге тиіс. Бұл тарихи шындықпен, көркемдік

танымменен санаспай, өзгелердің үлгілеріне мәлис қараудан туған түсінік. "Орыс сынының тарихында" ой өрбітуге себепші болған әдебиет сынының алғашқы нұсқалары "тірнектеп" жинағаны және оған қайтадан өмір беру үшін кесек-кесек үзінділерді әдейі көбірек келтіріп отырғаны тегін емес, үлгілік таным-білікті нақты көрсету мақсатын көздеген.

Ұсақтан іріге, саннан сапаға көшу жолындағы сыни пікір тап мына материалдан басталады деп айту қиын. Аздың көпке, мәнсіздің мәнділе айналуы көбіне жинақтай, топтай білгенде ғана анық көрінеді. Бұл арада жеке-дара бір түлғаның (сынының) айқын көрінуі қажетті болғанымен де, әр адамның айтқанынан құралатын сыни пікірді мансұқ етуге, елемеуге еш болмайды. Өркені өскен сын тарихтары осыны көрсетеді, ұқтырады.

Қазақ сынының туу кезеңдерінде сынды өзінің негізгі кәсібі еткен дарынның болмауы әрине эстетикалық таным-біліктің қалыптасуына әсерін тигізді. Алайда, бұл міндетті көбіне ақын-жазушылардың атқарғанын, тіпті кейде кездейсоқ адамдардың пікір айтқанын көрмесе болмайды. Бұл процесс сынның туу кезеңіне ғана емес, тіпті қалыптасу дәуіріне тән сипат.

Сондықтан "ұсақ-түйек" деп есептелетін сын материалдары да, әдебиетке ат ізін салған-салмағандардың айтқан пікірлері де сын жанрының туу шағында мүмкін қадірінше ескерілуге тиіс. Бірімен-бірі сабақтасып жатқан осы мәселені айтқан уақытта, кезінде жазылған, оқушы ойын оятуға да, ақын-жазушыларға да септігі тиген материалдардың өнерпаздық ықпалы да әр қилы болғанын естен шығармаған абзал.

Әдебиетке өзінің үлесін қосқан ірі дарындардың бір кезде жазғандары қалай болған күнде де атаусыз қалмайды, тіпті жинақталып басылып шығады. Ал енді кейбіреулердің жазғандары сол күйінде қалып қояды да, арнайы зерттегендердің ғана көзіне түсуі мүмкін. Себебі біраз материалдардың қайтадан сол күйінде жарық көре қоюы екіталай болса, екінші жағынан бұрын "жоқ" делінің келгенді "бар" деу үшін көптеген нақты деректермен дәлелдеу қажеттігі тағы бар.

Сонымен қазақ сыны Қазан төңкерісіне дейін туып, дүниеге келді. Рас, қазақ сыны өзінің эстетикалық талап-талғамы, көркемдік өресі жағынан төленділей биіктен табыла қоймағанымен де, өзінің сипатына сай қазақ әдебиетінің көптеген өнерпаздық мәселелерін көтеріп, жазушы мен оқушының творчестволық байланысын орната білді.

Қазақ әдебиеті сыны өзінің эстетикалық дәрежесі жағынан сонша биіктен табылмай жатқанымен, өзінің жанрлық ерекшеліктерін айқын танытты. Сынның туу дәуірінде, әрине, оның бастапқы қарапайым түрлері басым болды. Қазақ әдебиеті сынының алғашқы нұсқалары қазіргі уақытта қаншама қорағытау болып көрінсе де, өзінің жанрлық сипатын сақтады да, қалың оқушыға жаңа кітаптың шыққандығын хабарлайтын жарнама-сын мен шығарманың мазмұнын қысқаша баяндайтын аннотациядан бастады. Шығарманың оқушыға әсер еткенін аңғартатын және оның тілек-талабын хабарлайтын оқушы хаты да көрініс берді.

Қазақ тілінде 1917 жылға дейін шыққан кітаптардың басым көпшілігіне сыни ой-пікірі бар дәйектемелер жазылды. Онда шығарманың қандай себептен жазылғаны, қандай тарихи шындыққа негізделгені, шығарма авторының кім екендігі, қандай мақсат көздегені жайында, мол дерек-ақпар берген алғы не соңғы сөздер дәйектеме-сынды туырды. Дәйектеме-сын пәлендей талдау жасай қоймағанмен, шығарманың оқиғасын, мәнін, жазылу себебін түсіндіруге, айтып беруге ұмтылатындықтан аннотация мен рецензияның аралығындағы құбылыс. Сынның осы түрлерінің игерілу барысында оқушы мен жазушы арасына творчестволық дәнекер болатын рецензиялар көбіне көркем шығарманы насихаттау мақсатымен көрінді. Шығармаға қойылар талап, берер баға, айтар сын осы насихаттау ниетінің төңірегінен өрбіді. Шындықтың сырын ашып алуға жәрдемі тиетін айтыс мақаласы (полемика) да сынның қанаттану шағын танытты.

Ал сын жанрының "физиономиялық" ерекшелігін айқындайтын публицистикалық сын, проблемалық мақала және шолу (обзор) нақты творчестволық тұлғаның өмірі мен өнерпаздығын хабарлап, ішінара талдау жасайтын ғұмырнама, баяндама, сын мақала жазылып, халықтың эстетикалық талап-талғамын жетілдіру бағытында қызмет атқарды. Ал әдебиеттану ғылымының аукымына кіретін **зерттеу мақала** (исследовательская статья) мен **хрестоматия** құрастыру, **әдістемелік нұсқаулар** қазақ әдебиеті сынының туу дәуірінде көрініп, үлкен олжа салды.

Сонымен қазақ сыны Қазан төңкерісіне дейін дүниеге келді және өзінің жанрлық сипатымен көрінді. Өзінің табиғи даму жолымен бір белестен екінші белеске көтерілген уақытта уақыт екпінінің тигізген салқыны аз емес.

Қазақ сынының жанрлық тұрғыдан қалыптасу дәуірі бұрын-соңды болып көрмеген әлеуметтік жағдайда өтті. Жаңа заманда тек эстетикалық талап-талғам емес, бүкіл социологиялық таным-біліктің өзі таптық түсініктің аясында

көрінуге тиіс болып, көркемдік критерийлердің ыспана-мұраттары өзгеріп сала берді. Соның өзінде де қазақ әдебиеті өзінің жоғын жоқтайтын, арманын айтатын сыны бар екенін медеу тұтты.

МАЗМҰНЫ

Кіріспе 3

ҚАЗАҚТЫҢ СЫНИ ОЙ-ПІКІРІНІҢ ОЯНУЫ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТ СЫНЫНЫҢ ТУУЫ

Бірінші тарау. Әдеби сын арналары.....6
1. Халықтық эстетика 6
2. Көне дәуірдегі сүбелі ойлар 18
3. Қазақтың ұлы ағартушы-демократтарының сыни ойлары 34

Екінші тарау. Баспасөз және сын.....51
1. Оянған ойға кең өріс 51
2. "Айқап" журналы мен "Қазақ" газетінің әдебиет сынын тудырудағы тарихи маңызы.....66

Үшінші тарау. Жазба әдебиет және сын 134
1. Дәйектеме-сын.....135
2. Абай өнері - өсер сынға өрелі өрнек.....154

Учебное пособие

ГУРСЫНБЕК КАКИШЕВ

ИСТОРИЯ КАЗАХСКОЙ ЛИТЕРАТУРНОЙ КРИТИКИ
I-раздел
(На казахском языке)

Редакторы **А. Естеп**
Техникалық редакторы **Т. Суранова**
Компьютерде беттеген **Л.Нұрболатқызы**

Басуға 13.02.2003 қол қойылды. Пішімі 84x108 1/32. Офсеттік қағаз. Шартты баспа табағы 9,9. Есептік баспа табағы 10,2.

Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінің "Білім" баспасы, 480009, Алматы қаласы, Абай даңғылы, 143-үй, телефон 53-89-84.